

## ШӘКӘРІМ

ғылыми-танымдық журнал

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылдың 3 наурызында қайта тіркеліп, № 9940-Ж куәлігі берілген. 2005 жылдан шыға бастады.

## БАС РЕДАКТОР

**Әмірбеков Шәріпбек Ағабайұлы**  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры,  
саяси ғылымдарының докторы,  
профессор

## БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

**Шаңбай Тұрдықұл Қасенұлы**  
Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

**Бужигитова Гүлжан Нұрбекқызы**  
Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының жетекші маманы

## КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОРЛАР

**Өтепбаев Нұрбұлан**  
Семей мемлекеттік педагогикалық институты,  
Бейнелеу өнері кафедрасының профессоры

**Құтпанова Зарина**  
Алаштану ғылыми-зерттеу орталығының жетекші маманы

© Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2011

© Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы, 2011

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы**  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Дербісәлі Әбсаттар қажы**  
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

**Мағауин Мұхтар Мұқанұлы**  
Қазақстанның халық жазушысы, әдебиетші ғалым

**Есім Ғарифолла**  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, сенатор

**Қасқабасов Сейіт Асқарұлы**  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры

**Мырзахметұлы Мекемтас**  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Абайтану орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

**Әбдіғазизұлы Балтабай**  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, қазақ филологиясы факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор

**Еспенбетов Арап Сләмұлы**  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, гуманитарлық факультеттің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор

**Ескендіров Мейір Ғариполлаұлы**  
Семей мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Рақымжанов Бақытжан**  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
философия ғылымдарының кандидаты

**Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлы**  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы

**Әубәкір Жандос Мағазбекұлы**  
Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының директоры, филология ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ШӘКӘРІМТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Шәкәрім. Ғылыми-танымдық журнал.

МАЗМҰНЫ

Шәріпбек Әмірбеков. Құттықтау сөз.....	3
--	---

УАҚЫТ ТАҚЫРЫБЫ

Шәріпбек Әмірбеков. Шәкәрім және тәуелсіздік идеясы.....	4
--	---

ШӘКӘРІМТАНУ

Қинаят Шаяхметұлы. Шәкәрім сөзі және қазақ әдеби тілі.....	8
Айгуль Исмакова. Творчество Шакарима и XXI век.....	13
Гүлнар Исмакова. Шәкәрімнің саяси-құқықтық көзқарасы және қазіргі заман.....	19
Мұратбек Кенемолдин. Шәкәрім айтқан, қазақ оқығандары.....	23
Нұргүл Ағалиева. Шәкәрім өлеңдерінің жанрлық сипаты.....	27

АЛАШТАНУ

Мәмбет Қойгелді. И.Сталин және Қазақстан.....	29
Қинаят Шаяхметұлы. Алаш мұраты және мемлекеттік тіл мәселесі.....	36
Ербол Тілешов. Ер дана.....	39
Ербол Тілешов. Алаш зиялылары және үміт тілі.....	43
Гульнар Мусабалина. Роль Алашордынской интеллигенции в общественно-политической жизни Казахстана в начале XX века .....	47
Әбдікәкімов Мұхтар. Тарихтың қысқаша тарихы.....	50

ХАН АЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ

Ерлан Сыдықов. Тәуелсіз қазақ елі - түркі руханиятының ұйытқысы.....	53
Сұлтан Жанболатов. Түрік тілдері мен жазуы:алаңға толы.....	55
Арап Еспенбетов. Ұлтты оятқан поэзия.....	58
Айдын Жүнісхан. I мыңжылдықтағы Алтай - Тарбағатай өңірлерінің бұғытастары.....	61
Тұрдықұл Шаңбай. Үкөк - мәдени субстанциялық феномен.....	64

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

Сағымбай Жұмағұл. Ғабит Мүсірепов Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасы хақында.....	71
Бауыржан Ердембеков. Әдеби орта және Абай.....	74
Фарида Жақсыбаева. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы мақтап сөйлеу актілерінің прагматикалық ерекшеліктері.....	80
Қаныш Бибекөв. Абай шығармашылығындағы мәтін түзу мәселесі.....	83
Айжан Аманжол. Художественный перевод как часть историко-литературного наследия (на опыте перевода «Белых ночей» Ф.М.Достоевского).....	87

МӘДЕНИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ

Ғарифолла Есім. Абай рухани әлемінің кеңістігі.....	91
Бақытжан Рақымжанов. Шәкәрімнің үш анығы. ....	93
Бақытжан Рақымжанов. Шәкәрім сынаған «затшылдық ғылым» қандай ғылым.....	99
Тұрдықұл Шаңбай. Шәкәрім танымдығы ұғым мәдениеті, .....	103
Руфина Шарипова. Роль духовного наставника Хакима Абая в философском становлении Шакарима.....	106

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Мұхит Әбікенов. Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы болжам және болжау концептілерінің қолданылу ерекшеліктері.....	109
Галина Колмогорова. Экологический подход к вопросу формирования социально успешной личности.....	112

РЕЦЕНЗИЯ

Арап Еспенбетов. Ой өзегі - Алаш әдебиеттануы.....	115
Тұрдықұл Шаңбай. Хакімдік таным болмысы .....	119

## **ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті жанындағы Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы соңғы он жылда ғалымдардың Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын кешенді әрі жүйелі түрде зерттеуіне координаторлық басшылық жасай отырып, шәкәрімтану ғылымының қалыптасуына нәтижелі үлес қосты десек артық айтқандық емес. Мәселен, «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясы, еліміздегі жеке тұлғаға арналған тұңғыш сериялық ғылыми жинақ - «Шәкәрімтану мәселелерінің» 6 томы, «Шәкәрім әлемі» сериясы бойынша Ғарифолла Есімнің «Наука совести», Ерлан Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда», Балтабай Әбдіғазидың «Шәкәрім әлемі», Тұрдықұл Шаңбайдың «Ұғым мәдениеті» еңбектерінің жарық көруі соған айқын дәлел. Шәкәрімтану ғылымы туралы сөз - Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығымен қатар айтылатын деңгейге жеттік. Жыл сайын, дәстүрлі республикалық ғылыми-практикалық конференция «Шәкәрім оқулары» өтеді. Республикалық ғылыми-танымдық «Шәкәрім» журналы ғалымдар пікір алмасар, іргелі ой айтылар салмақты ғылыми басылымға айналды.*

*Қадірлі Оқырман! Сіздерді Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесімен құттықтай отырып, «Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналының болашақта да алар белесі биік бола бересін демекпіз.*

ШӘРІПБЕК ӘМІРБЕКОВ, саяси ғылымдарының докторы, профессор,  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры,  
«Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналының бас редакторы

## УАҚЫТ ТАҚЫРЫБЫ

*ӘМІРБЕКОВ ШӘРІПБЕК, саяси ғылымдарының докторы, профессор. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры, «Шәкәрім» журналының Бас редакторы. Посткеңестік республикалардағы саяси жүйелердің қалыптасуы мен дамуын жан-жақты зерттеген ғалым. Жүзге жуық ғылыми еңбектердің, бірнеше монографиялардың авторы. Ғалымның «Шәкәрім және тәуелсіздік идеясы» атты мақаласы Шәкәрім шығармалары мен еңбектері аясындағы адам болмысындағы еркіндік аңсарына, Ел тәуелсіздігі құрметіне арналған.*

### ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

*Қазақстан Республикасының 20 жылдығына арналады.*

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауы мына жолдармен басталады: «Биыл - біз үшін ерекше қастерлі жыл. Біз ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына қадам бастық. Бодан жұртты бүгінгідей бостан күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық. Естеріңізде болар, 1997 жылғы халыққа алғашқы Жолдауымда мен былай деген едім: «2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады». Осы сөздерге кезінде күмән келтіргендер аз болған жоқ». Бұл айтылған терең ой жай ғана шындық емес, нағыз ақиқат екенін адамзат бүгінде көріп, біліп отыр. Елбасы өзі армандаған идеяға халқын өз межесінен жиырма жыл бұрын жеткізді. Кешегі тәуелсіздік идеясы - бүгінгі Қазақ Елі десек еш артық айтқандық емес.

Ал, осы тәуелсіздік идеясына философиялық рефлексия тұрғысынан ой жүгіртсек, қазақтың қаншама даңқты тұлғаларының тежеусіз, тоқтаусыз ұмтылыста болғанын көреміз. Ұлттық санада тәуелсіздіктің ұрығы бір сәтте өлген емес. Енді осы тәуелсіздік идеясының көрінісіне Қазақ Елі тәуелсіздік алған жылдары аты мен заты, яғни, шығармалары мен еңбектері жарқырап көрінген тұлғалардың ішінен Шәкәрім танымы контекстінде тоқталып өткенді ретті көріп отырмыз. Шындығында, қазақ танымының тәуелсіздігі соншалықты еркін көрініс тапқан ірі тұлғаның бірі, осы - Шәкәрім болды. Қандай аласапыран заманда өмір сүрсе де, ол - ойлау еркіндігінен айрылмады. Жалаң, жасанды идеологияның етегінде кетпеді, барлығын ойлы ақылмен өлшеуді ұсынды. «Пайғамбар қыл ақылды» деп ойлау еркіндігін, сана тәуелсіздігін бірінші орынға қойды. Тәуелсіз, еркін ойлы тұлғаның басты парызы Еліне, халқына қызмет ету

екенін мейлінше терең насихаттады. Шәкәрімнің «Адамдық борышың» деген өлеңі мына жолдармен басталады: «Адамдық борышың - Халқыңа еңбек қыл. Ақ жолдан айнымай, Ар сақта, оны біл». Халқына еңбек қылу адамдық борыштың ең үлкені екен. Егер де біз ақын осылай айтты екен деп қысқа қайыра салсақ, ой толық ашылмайды. Халқына еңбек қылу адамдық борышың, ал, сол борыш арға негізделу керек, ақ жолда, яғни, әділдікке негізделу керек. Сонда ғана ол мәнді әрі мәңгілік болмақ. Шәкәрім танымы бойынша әділет сол мәңгіліктің бір тірегі. Ол былай дейді: «Екі өмірге де керекті іс - ұждан. Ұждан дегеніміз - ынсап, әділет, мейірім». Ұжданның үш тірегінің бірі ретінде әділетті алған. Шәкәрімнің насихаты жалаң емес, қашанда терең ойға негізделіп отырады. Шәкәрім өз ойын рухқа суарып отыратыны бар. Мәселен, осы жоғарыда аталған өлеңінде: «Барынды, Нәрінді, Тірлікте бергейсің. Фибрат алар артыңа із қалдырсаң - Шын бақыт, Осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің!» - дейді. Мәңгіліктің кредосын даналықпен анық әрі қанық етіп жеткізген. Шәкәрімдегі тәуелсіздік идеясы - тұтас адамзат баласының, әрі, жеке адамның дұрыс өмір сүруі. Ол жайында, Шәкәрім кемеліне келіп, даналыққа жеткен шағында жазған «Жетпіс екі жасымда» деген қара сөзінде былай дейді: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі - адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ». Адамзат баласының тыныштық өмір сүруін ойлап небір хақим, әулие, ғұламалар ізденіске түскен. Ойшыл ретінде терең таныммен теориялық тұжырым ғана жасап отырмаған, өз заманындағы өзгерістерге де үн қосып отырған. Адам баласында үміт оты қашанда ең соңында өшеді. XX ғасырдың басындағы адамзат қоғамындағы орын алған аласапыранды Шәкәрім көрді. Ол - сол аласапыран

## УАҚЫТ ТАҚЫРЫБЫ

негізінде туындаған жаңа қоғамдық өзгерістерге үлкен үмітпен қарады. Осындай кезеңде шабытты көңілмен жазылған шығармаларының бірі «Бостандық таңы атты» деп аталады. Онда ақын: «Бостандық таңы атты, қазағым көріндер, Арға ие басшының соңынан еріндер. Таң артынан хақиқат күн шығады, Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер». Бостандықты тәуелсіздіктің негізгі тірегі деп ұққан Шәкәрім соған елінің дайын болуын қалайды, соған үндеу тастап шақырады. Көңілдегі қуаныштың астарында алаң да жоқ емес. Осы шығармасындағы мына жолдар оны айқын байқатады: «Бірлік пен талапты еңбекке салыңдар, өнерлі елдерден өнеге алыңдар. Күндестіктің өзімшіл көзін құртып, Ұмтылып, ерікті ел болып қалыңдар». Тәуелсіздік, ол - тек қана еркіндік емес, ол, әлемдік аренадағы бәйгеге дайындық, яғни, үлкен жауапкершілік. Бірлік идеясы - бүгінгі тәуелсіз Қазақ Елінде Қазақстан Халықтары Ассамблеясы аясында үлкен жетістікке жетті. Қазірде әлемдік қауымдастық бұл институттың қуатын арнайы зерттей бастауы соның айғағы. Олар бұл феноменді ақылға салып, таразылап байқап, одан үйренуге дайын екендерін де айтып отыр. Шәкәрім не мәселені ақылға салу керектігін жүйелі түрде айтып отырған. Оның атакты философиялық трактаты «Үш анықтың» негізгі концепциясы мына жолдарда көрініс тапқан: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...». Ақылдың статусын пайғамбар деңгейіне көтерген Шәкәрім, адамзат ақиқаттың өзін ақыл көзімен көретінін айтып отыр. Бұл - терең таным.

Кеңестік кезеңде қазақтың дара да дана тұлғаларының көбінің аты атаусыз қалып, олардың шығармалары мен еңбектері қапаста ұсталғаны белгілі. Тек, Қазақ Елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана көптеген құндылықтар халқына қайтып оралды. Басқасын айтпағанда, Елбасының басшылығымен отанымызда «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында іргелі жұмыстардың атқарылғаны белгілі. Шәкәрімнің аты осы жылдары жарқырап көрінгенімен, жиырмасыншы ғасырдың басында ел ішінде беделі зор еді. Оған дәлел ретінде, Шәкәрімнің көзі тірісінде «Айқап» журналында Сабыржан Ғаббасов: «Өлгеніне бірнеше жыл болған Құнанбай мырза менен Абай марқұмды жұрттың жадына қадірлі ақсақал Шаһкәрім Құдайберді баласы да түсіреді. Бұл адамның жазған кітаптарын алып қарай бастағанда, бұл кітап жазушы ақсақалдың үлкен әкесі марқұм қажы Құнанбай болғанда, ағасы Абай қандай болған деп ойға алынады... Бұл күнде миллетіне қаламымен қызмет қылып жатқан құрметті, аса қадірлі Шаһкәрім күміс ер-тоқым, күміс белдік, жуан құр құрсаққа мас болып, қажы деген сөзге төбесі көкке жеткендей болып жүргендерге үлкен-ақ үлгі боларлық... Шаһкәрім сияқты ақсақалдарымыздың ғұмырына берекет беріп, оқыған жастарымызға Шаһкәрімдей болуға нәсіп етсін», - деп жазған еді. Осы бір мақаладан алынған шағын үзіндіде сыйымдылығы жағынан терең мазмұнды ой жатыр. Шәкәрім көзі тірісінде елге аса

қадірлі Қажы атанған. Бұл, Қажы деп халықтың айтуы мен, жоғарыда мысалға келтіріліген «қажекендердің» арасы жер мен көктей. Автор алдымен Құнанбай қажы мен хакім Абайдың ел ішіндегі беделін айтып келіп, Шәкәрімге түсуінде үлкен мән бар. Ол, шын мағынасындағы тәрбие мәселесі. Шыққан жерінің салмақтылығы. Ол салмақ, елдік пен ақылдың, парасат пен пайымның ұйыған жері дегенге саяды. Қазақтың бойында бар дәстүрдің жалғастығы да осы жерде байқалған. Шәкәрімнің ел арасында беделді болуы, тек қана ғылымы ғана емес, көп жылдар билікте болғанда адал жолды таңдауға деген ұмтылысы да негіз болған. Шәкәрім болыс болған жылдары империялық саясаттың қазақ қамын ойламайтынын терең сезінген. Оны өзінің «Би хәм билік туралы» деген мақаласында осы мәселеге терең талдау жасайды: «Қазақтың дауын орыс судьясы бітіргенінің қолайсыздығын біз айтпасақ та, тамам қазақ біледі. Мысалы, қазақ көтере алмастай шығын, оның үстіне әдет-рәсімге теріс болып, көп қиыншылық, залал болмақ. Билік туралы қазақтың ескі жолы жоқ емес, қазылған қара жолдай жолы бар. Бірақ ол жолы ұмытылған. Себебі көбінесе орыс заңына қарағандықтан болған. Мысалы, сайлау туралы заң пара, жақындықпен би болуға ыңғайлы болып, кім болса сол би болып, аузына не келсе соны айтқан. Және бір себебі жазылмай қалғандықтан. Ол ескі жолдың көбі осы күнге қолайлы. Бұрынғы ережелер де көбінесе сол жолға сүйеніп айтылған. Соларды тексеріп, қолайлысын алып, осы күнгі өмірге келісімсізін түзетіп, бір жоба жол қылып жазса, қазаққа сонан қолайлы жол болмас еді. Оны жазу қазақтың ескі құлақты кемеңгерлері мен оқымысты жастарының ақылдасуымен табылады. Өзге жұрт қазақ жайын қанша білемін десе де, анық жете білмейді». Осы келтірілген үзіндіде тәуелсіздік идеясы тура мағынасында нұрын шашып тұр. Шәкәрімнің тұжырымында анық байқалғаны, өзге жұрт қазақ жайын қанша білемін десе де, анық жете білмейтінін нақтылы айтуында. Бодандық жүйесінің бүкіл болмысын ашып берген. Шәкәрім жақсы жол ескі мен жаңаның ақылдасуынан болады дейді. Империяның жүйесінен аттап кетіп отыр. Кезіндегі, Қазақ хандығы жағдайындағы сот жүйесі мен болашақ оқыған тәуелсіз санадағы жастардың ой-түйіні біріккен жерінен Шәкәрім үміт етеді. Бұл кең ойлаған, елдің елдігін ойлаған тұлғаның терең тұжырымдамасы. Шәкәрім елдік мәселесін, тәуелсіздік идеясын тек шығармаларында терең жырлауымен қатар, елдің саяси ахуалына дер кезінде үн қосып отырған. Ол Орынборда өткен съезге қатысты «Жалпы қазақ съезі» деген мақала жазып, ол 1917 жылы ақпан айында «Сарыарқа» газетінде жарық көрген. Онда Шәкәрім былай дейді: «Өткен июль жұлдызының 21-де басталып, Орынборда барша он болыс қазақтың съезі болып, 26-да тарқады. Бұл съезд барша қазақ боп бас қосқан алаш ұлына зарын өткізген, сағынтып, көз етін сарғайтқан кеңес еді. Біз алаш болып, ақыл біріктіріп, іс қылмақ түгіл, азып-тозып, бір ауыл ақылымызды бір

## УАҚЫТ ТАҚЫРЫБЫ

жерге қосудан да қалған ел едік һәм ескі хукімет кезінде бас қосу еркімізден де шығып кетіп еді... Қазақ боп бас қосқандағы мақсат - бет пен ниетті қазақ боп біріктірсек, саны бар сапасы жоқ болмай, күшейіп көркейерміз дегендік». Шәкәрім «бір жерге қосудан да қалған ел едік» дейді, тәуелсіздікке деген аңсар бар. Шәкәрім осы «Сарыарқа» газетінде 1917 жылы тамыз айында жарық көрген «Қазақ қалыптары» деген мақаласында қазаққа қаратып былай дейді: «Ау, қазақтың баласы! Кеше ерік қолға тимей тұрғанда, жоқтың жомартсынғаны сықылды «Әттең, дүние-ай! Бас қосуға ерік тисе, басқаша қазына жиюға жол болса» деп, бармағын шайнап, халықтың көгермегеніне қоң етінде мейірім жоқсып жүретінім қайда?!» Ел есебінде бола алмай, езіліп қараңғы шұқырда қамалып, қас пен досты айыра алмай қалғаныңа жігерленіп, мына алдымыздағы земствоға елге пайдасы тиерлік білімді адамдарыңды кіргізіп, елге қайтсе ғылым сіңіретілік ел болуды ойлайсыңдар ма?. Қазақ елінің тағдыры аса бір от оранған заманда тістегеннің аузында кетпес үшін қайрат қылып, бос сөзден нақты істің мың есе артықтығын Шәкәрім осылай өткір қойып айтқан. «Әттең, дүние-ай!» деген жалаң арманнан, нақты іске көшуге бағыттайды. Шәкәрімнің осы мақаласында тәуелсіздік идеясын ту еткен елдік танымы ерекше көрініс тапқан. Онда Шәкәрім былай дейді: «Міне, мемлекет негізін құратын кеңеске(учредительное собрание) екі жүз мыңнан бір кісі сайлансын деген зор бәйгенің сауыны да айтылып қалды. Бұл той - мемлекеттегі неше түрлі халықтың бағы бәйгеге тігілген той. Сол сан халықтың ішінде біздің Алаш ұранды қазақ та бар. Ал, алаштың баласы! Сайларыңда ел сыналатын, сайланған соң ер сыналатын зор жұмысты қалай өткізер екенсіңдер?... Бұл сапарда алар олжа да, шығар зиян да бір елге, я бір топқа тимейді. Барша алаштың тілеуі ортақ болған соң, «қарыс - алыс, сүйем - жуықты» қойып, адал кірісуіміз жөн. Ел һешкімнің алды-артына қарамай, баяғы «алаштың аты озғанша, ауылдастың тайы озсынға» салса, бүгінгі барша жанға түскен жарық сәуледен құр қалып, жұрт қатарына кіре алмай, құлдықта қалып һәм кейінгі үрім-бұтағымыздың көз жасына қаламыз». Шәкәрімнің тек шығармашылықпен айналысып ел тағдырынан сырт қалмағанын, қайта белсене, бел шешіп кіріскенін көреміз.

Тәуелсіздік идеясы, еркін ел болу мақсаты Шәкәрім шығармашылығында тек қана насихат, алға ұмтылыс мағынасында көрініс таппайды. Шәкәрімдегі өткір сын да уытты. Жоғарыда келтірірілген мақалаларында ғана емес, оның көркем шығармаларында да сын аса өткір. Ақын қаһарланса, күн күркіреп, жаңбыр жауардай күйге түседі. Сын түзелмей, мін түзелмейтіні белгілі. Ол, өзінің осы ойын «Ашу мен ынсап» деген шығармасында анық аңғартқан: «Білгенімді жазушы ем, Бекем буып белімді. Мінін айтып қазушы ем, Түзетпек боп елімді». Белді бекем буып, талмай еңбек еткен тұлға елін түзеу үшін

мінін терең қазатынын ашып айтқан. Елдік деңгейде сын айту биік тұлғанын пайымына жарасады. Шәкәрім алдымен сынды өзіне қаратып айтады, яғни, өзіне де сын айтады. Өзіне қаратып сын айту бірегей тұлғаның болмысы. Осындай терең ой ақынның «Өзіме» деген өлеңінде сентенциялық түйінді сауалға айналған: «Досың қайсы, қимастай елің қайсы? Ел салмағын көтерер бәлің қайсы?». Досың қайсы? - десе, досыңды көрсете аласың ба? Әйтпесе, мынау менің елім дейтіндей, қимастай елің қайсы?, - десе, көрсете аласың ба? - дейді. Үлкен сауалдар. Ал, осы үлкен сауалдардың, ең қаһарлысы, ең жауаптысы: «Ел салмағын көтерер бәлің қайсы?». Елін сүйгіш, бүгінгі тілмен айтқанда патриот дайындау деген өте жиі айтылады. Айта салу оңай, мәселе одан да тереңде жатыр. Алдымен, елін сүйгішті дайындамас бұрын, өзіңде «Ел салмағын көтерер бел бар ма?». Осы тұрғыдан келгенде патриот дайындау дегеніңіз, өзіңнің ел салмағын көтерер бәлің болуы керек. Тәуелсіздік идеясы тәуелсіздік келген соң тоқырап қалмайды, қайта адам жаңарып, тазарып отыруы тиіс дегенді Шәкәрім ұдайы айтады. Мәселен, ол өзінің «Бір Аллаға сиынған адам өлмес» деген өлеңінде қазаққа қаратып мынадай сын айтады: «Адалға орын емес қазақ іші, Тәтті ғұмыр сүре алмас таза кісі. Өзін асырар қазақтың өнері жоқ, Бірін-бірі талайды - бар жұмысы». Бұл, қазақты жек көргеннен шыққан ой ма? Әрине, жоқ. Шәкәрімнің насихаты құрғақ үгіт емес, адамның сапалы түзелуі. Және, бұл ойды ол шығармаларында ұдайы дамыта жалғастырып отырады. Мысалы, ақынның «Партия адамдары» деген өлеңінде адам бойындағы, оның ішінде қазақтың бойындағы адамдықтан шығаратын кемшіліктер бұлтарптастай етіп сынға алынады: «Біздің қазақ әркімді қылар мазақ, Дәп жүр ме екен «өзімнің бойым таза-ақ», Осы жұрттың, байқаңыз беті қалай, Қайда қаңғып барады осы қазақ?». Шәкәрімді тұтас халықтың алған беті аландатады. Әркімді мазақ қылғанша, алдымен өзіңді түзе дейді. Шәкәрімді һакім Абайдың бас шәкірті дейміз. Һакім Абайдың қара сөзінде де қазақты қатты сынайтұғын бар ғой. Сынау, ол - мінеу емес. Дұрыс жолға түссін деген адал ниет. Шәкәрімнің лирикасы осындай философиялық сауал қойуымен де дараланып, ерекшеленіп тұрады. «Қайда қаңғып барады осы қазақ?», - дейді Шәкәрім. Сондай-ақ, «осы жұрттың беті қалай, байқаңыз», - деп, өзіне және басқаға сауал тастайды. Қазіргі кезде, қазақ қоғамын ерсілі-қарсылы жауапсыз сынаушылар көп. Сынамасын демейсің. Ал, сынадың екен, өзің білген жолыңды көрсет. Онымен бөліс, терең ойыңды айт, тәуелсіздікке тірек болатын. Әйтпесе, жалпы жылаңқылық, әйтеуір сынау қазаққа да, өзгеге де, өзіңе де абырой әпермесі анық. Шәкәрім, қазақты сынады, сынап отырып өз жолын да ұсынады. Сырт көз болып қалмайды, қоғам өмірінің бел ортасында жүреді. Шәкәрімнің танымында, қазақтың болашағының бір тірегі - ғылым. Ғылымды өз шығармаларында Шәкәрім жүйелі түрде насихаттайды.

## УАҚЫТ ТАҚЫРЫБЫ

Оған бір дәлел ретінде - «Сен ғылымға болсаң ынтық» деген өлеңіне назар аударайық: «Сен ғылымға болсаң ынтық, Бұл сөзімді әбден ұқ. Білгеніңнің жақсысын қыл, Білмегеніңді біле бер». Осындағы терең ой «Білгеніңнің жақсысын қыл». Адам көп нәрсені білуі мүмкін. Соның қайсысы еліңе пайда әкеледі, адамзатқа зияны жоқ, соны қыл дейді. Білдім, толдым, болдым деу де күпірлік, яғни, білмегеніңді біле бер. Шәкәрімнің өзі айтатын, жаралыс басы - қозғалыс деп. Біл, білгеніңді үйрет, өзің тағы да үйрен, яғни мәңгілік қозғалыс. Адам бойындағы адамдық қасиет қоймаға салып қоятын материалдық құндылық емес, керісінше, адам өз бойындағы білімін адамзатқа шашқан сайын ол нұрланып байи бермек. Аталған шығармасында Шәкәрім осындай түйін айтады: «Қай ғылымды білсеңіз де, Қазір оны елге жай. Құр ішінде кеткенінше, Пайдалансын өзгелер». Бұл - Шәкәрімнің өмірлік концепциясының басты тіректерінің бірі. Шәкәрімнің ойы көп қатпарлы. Ол жеке адамды ғана сынап қоймайды, тұтас халыққа да ескерту айтатын кездері мол.

Шәкәрім осы мағынада былай дейді: «Ей, көп халық, көп халық, Көп те болсаң, шөп халық. Партияшылды құтыртпа, «Мен - сендікпін» деп, халық». Бұл, ірі тұлға айта алатын сөз. Сендерге де көп нәрсе байланысты. Жеке адамға кінә арта берме, сайлаудағы - тандау сенің еркің. Соны дұрыс пайдалан, «партия құған, өңкей қыртқа» айналма дейді. Сол партияшылдардың, ұраншылдардың халыққа қанша азап әкелгенін Шәкәрім «Жапанда жалғыз жаттым елден безіп» деген философиялық өлеңінде терең ашып көрсеткен: «Атадан қалған ақ сауыт, Арамға әбден былғанды. Басшысы жоқ сорлы елдің, малы мен басы ылғанды». Шәкәрімнің осындағы «Атадан қалған ақ сауыт» деп отырғаны, бабаларымыздың рухты кезеңін, ұлы даладағы Тұран атты алып елдің көп ғасырлар өмір сүргеніне меңзеп отыр. Бүгінгі күннің өзінде ұлттық құндылықтардан ажырап қалушылық абырой бермесі қоғамда бой көрсетіп қалады. Басшыны тыңдамау, парияшыл «шөп халыққа» айналуының түбі құрдым екенін ескерткен. Шәкәрімнің адам ретінде, ірі тұлға ретіндегі өмірлік концепциясын «Адамдық борыш, ар үшін» деген шығармасынан анық байқаймыз: «Адамдық борыш, ар үшін, Барша адамзат қамы үшін, Серт бергем еңбек етем деп, Алдағы атар таң үшін».

Болашақтан жақсылық күту, сол барын салу әрбір тұлғаның отаншыл кредосы болуы керек. Шәкәрімнің қай еңбегін, қай көркем шығармасын алсақ та, онда елдік сана мен адамдық қадір-қасиет алдыңғы қатарда тұрады. Тәуелсіздік идеясы - Шәкәрім танымында елдің қамын ойлаған тұлға бейнесімен астасып жатады. Шәкәрім соларды іздеу керектігін ескертеді.

Ол үшін не істеу керек, кімнен сақтанып, кімді қолдау керек дегенге жоғарыда аталған «Есте болсын!» еңбегінде терең талдап жол сілтейді: «Қай облыс, ел болса да оқымаған адам сайламайды, оқығанды сайлайды - бұған инанамын. Бірақ бүркіттің бәрі түлкі алмайды, сол сықылды оқығандардың да айырмасы бар. Талай оқығандарымыздың бұрын кімнен туғанын білдірмей жүріп, дәл Николай тақтан түскен күні алаштан туа қап жүргендері бар; яки басына келер абырой мен пайданы көздеп, құйрықты жұлдыздың сәулесін таң екен деп талпынып қап, қанат, құйрығын отқа шалдырған соң, артынан «елім бар еді-ау» деп ескеріп, пайдасын тигізбек түгіл, елдің қалтасын тінтуге салынып кеткендер де бар; жалындаған жас талаппен, кір шалмаған ақ жүрекпен жанның бәрін бауырына балап, һеш жаннан көңілі қайтпаған, қабығынан жана ашылған жас талапкерлер де бар; бастай алмайтын немесе басшыға еріп қостай алмайтын күншілдер де бар; жасынан жұртым дегенде жанын пидә қып еңбекке еті ауырмай, достығын қастыққа балап қарсы айтып, бетке ұрған елден беті ауырмай, жарық күннің туары жан біткенге жасырын күнде маңдай теріне табылған жарты нанды ауқат қып, мал, мансапқа қызықпай, қараңғыда қайрат қылған ерлер де бар».

Шәкәрім елдік сана туралы осы еңбегінде терең талдау жасағанын байқаймыз. Ел басқару ісіне, елі үшін жанымен күйген, тағдырын соған балаған адамдарды қою керек екенін айтқан. Елдің қамын қиын кезеңде ойлаған тұлғалар ел басқару ісіне араласу керек екенін жан-жақты талдап, саралап берген. Бұл - Шәкәрімнің саяси танымының тереңдігі мен биіктігінің көрінісі. Шәкәрімнің еңбектері мен шығармалары тәуелсіздік жылдары жүйелі түрде зерттеле бастады. Бұл, әрине, қуанарлық жай. Дегенмен, Шәкәрім мұрасын насихаттағанда елдік негізде, оның қайраткерлік тұлғасымен аастыра зерттеген абзал.



## ШӘКӘРІМТАНУ

**ҚИНАЯТ ШАЯХМЕТҰЛЫ, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, КСРО азарту ісінің үздігі, Қазақ Білім академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымының кандидаты, профессор. 250-ден астам ғылыми-теориялық, ғылыми-көпшілік және оқу-әдістемелік жарияланымдардың иесі. «Қазіргі қазақ тілі», «Шартарап», тағы басқа монографиялардың авторы. Лингвист-ғалым, тәжірибелі педагог Қинаят Шаяхметұлының «Шәкірім сөзі және қазақ әдеби тілі» атты мақаласында қазақ әдеби тілінің құнарлануына Шәкірім сөзінің қосқан үлесі жан-жақты талданады.**

### ШӘКӘРІМ СӨЗІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

Қазақ әдеби тілінің жаңа, жазба, ұлттық сипатқа иеленіп, түбегейлі тың сапамен құнарлануы Абайдың кеменгерлік шығармашылығы арқылы жүзеге аскандығы - әмбеге аян ақиқат. Қазақтың ақындық тіл арнасын толайым реформалап, поэтикалық әлуегін таңғажайып дәрежеде ашып көрсеткен Абай өз миссиясының маңызын өзі танытып, жеріне жеткізе айтқан: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел». Бұған қоса Абайдың абайлығын кімге болса да мойындататын шұрайлы да шырайлы нәтиже - оның толассыз сабақтастықты, үзіліссіз үдерісті кейінгілерге ықпалдандырғандығы. Абай мектебінің мұндай пәрменді әсері тікелей контакт арқылы да, типологиялық шарт-жағдаяттар арқылы да сан талай талантқа игі шарапатын тигізді. Мәселенің осы бір бұрылысында әрдайым ескерілуі қажет жай бар. Ол - әдебиетті көркем әдебиетті қана құбылыс ретінде түсінушілік, әдеби тіл мен көркем әдебиет тілін баспа-бас баламалық қалыпқа түсірушілік. Дұрысына келсек, көркем әдебиет тілі - әдеби тілдің қырық-елу стильдік тармақтарының бірі ғана. Бірегейі екендігі және рас. Алайда, тек қана көркем әдебиет тілі арқылы, әлгі аталған мөлшердегі тармақтар түгел көрінбейінше, тіл әдебиетке жетпейді, ұлттық мәніне иелене алмайды. Себебі - ұлттық мән біртұтас мемлекеттік құрылым дегенмен тең. Ендеше мемлекет ауқымындағы қатынастардың күллісіне тіл толымды түрде жарамдылығын көрсетуі тиіс. Сонда оның мемлекеттік мәртебесі де шынайы, де-факто (тек де-юре емес), жүзеге асады.

Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ тілінің өміршеңдігін Абай поэзияда ғана емес, философияда, тарихта, этикада, эстетикада, теологияда, педагогикада,

психологияда, музыкада, әлеуметтануда, кәсіби шаруашылықтық тұтынымда, тұрмыстық салаларда терең және нәзік шеберлікпен байыптады. Басқаша айтқанда, әдеби тілдің көркемдік стильден басқа да тармақтарына кең өрістілік дарытты, іркіліссіз дамуға бейімділік бетін айқындады. Әмбебап ұлы тұлғаның классиктік қуат-қайраты тілді жалпыхалықтық негізде демократияландыру мен оның қадір-қасиетін аялау методологиясын орнықтырды. Лингвоонтогенездік, глоттогенездік ыңғайдан, сондай-ақ теософиялық сенім биігінен «Әуелі аят, хадис - сөздің басы, Қызықты қисынымен болмаса сөз, Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы» деген даналық тұжырым жасады.

Шәкірімнің дүниетанымдық және шығармашылық көзқарастарының да өзегі осындай тұжырым екендігі айдан анық. «Сөз - құдайдан шыққан бу» дейді Шәкірім. Ал «Ажалсыз әскер» өлеңінде өлместік кепілі ұрпаққа қалған сөздің құдіреті екендігін мәлімдейді: «Шын патша мен емес не уайымсыз, Ғаскерім - өлеңім мен сөздерім». Сөйтіп, әлгі өлеңді нәзиралық үндестікте жазуға түпнұсқа болған мәтіннің авторы Физулимен, сондай-ақ ежелгі римдік Гораций, парсылық Сағди, орыс Пушкин, украин Шевченко тағы басқа солар сияқты әлемдік алыптармен қатарластығын танытады. Осы асыл дән әлденеше мәрте мәртебеленеді. Мысалы: *Тілдің ізін еш нәрсе жоғалтпайды, Мен өлсем де сөз тірі, тек жатпайды.*

Шәкірттік кезеңін жеңіл де жедел өткен Шәкірім Абайдың бағдартүзегіш туын нық ұстаумен бірге, эпигондық көлеңкеде қалмай, өзінің дербес тұлғалық жалауын да тікті. Дәстүр жалғастығын қамтамасыз етті. Ақын, тарихшы, философ, композитор, дінтанушы,



## ШӘКӘРІМТАНУ

лингвист, журналист ретінде сөз арқылы еңбек етті. Сөздің жан-жақты және жүйелі қолданылу тәжірибесінен өнеге берді.

Поэзиясына назар салайық. Шәкәрімнің «Ескі ақындық» атты өлені бар. Әрбір құндылық өзіне лайықты бейнесін тауып, тиісті бағасын алатындығына күмәнданбасак, бұл өлеңді, Шәкәрімше айтқанда, «тесіле тексеріп», үңіле үйрену үшін нұсқаулық шағын трактат деудің қисыны аз емес. Поэзия туралы Әлішер Науайы, Захириддин Бабыр, Николо Буало жазған ғылыми зерттеулер белгілі. Веселовский, Потебня, Виноградов, Жирмунский, Тынянов, Шкловский, Якобсон, Эйхенбаум, Тимофеев, Томашевский, Холшевников, Байтұрсынов, Исмаилов, Жұмалиев, Ахметов, Хамраев, Қабдолов т.б. мамандардың еңбектері де жұртшылықтың жадында екенін ешкім бекерлемейді. Шәкәрімнің осы туындысында да өлең туралы теориялық жинақы пікір білдірілген. (Бір қызығы: Сәбит Мұқанов 1934 жылы Қазақстан жазушыларының бірінші съезінде поэзия туралы баяндама жасап, дәл осы өлеңнің идеясын негізге алған. Шәкәрімнің Сәбитке хаты арқылы ой түюге болады. Көкейге қонған сөз реминисценцияланып шыққан).

Нақтылап айтқанда, өлеңді түрлендіру, пішіндеу жөнінде әрі салмақты, әрі тартымды уәждеме қорытылған. Қазақтың байырғы өлең өрнектерін, жыраулардың ерлік, елдік толғауларын, түркілік, араб-парсылық поэзиядағы үздік үлгілерді меңзеп, ескі ақындық тағлымын нық дәлелдейді. Ескі ақындықта құланның жүйткіп жортуы, тұлпардың танбас шабысы, ақбөкеннің сар желісі, қыранның аспанға оқтай атылып, самғап қалықтауы, жел-құйынның ұйтқуы, сұрапыл дауылдың соғуы, қар мен бұршақтың бұрқырауы, нөсер жауынның сел боп төгілуі, судың арқырап ағуы әралуан деңгейде құбылған әуен екпінімен жаңғырады. Уәзін, ырғақ, тармақ, бунақ, шумақ солай құлпыра өзгеруі абзал деген ойға ден қойғызады.

Осы ұстанымды Шәкәрімнің өзі біршама көлемде сәтімен іске асырған. «Оятқан мені ерте Шығыс жыр» дегені жайдан-жай емес. (Жол-жөнекей: Пушкиннің «Восточный слог был для меня образцом» дегені ше?).

Мысалы, *мұстахзад* бойынша шумақтаумен бес өлең («Арақ, мастық, жар, жан, шатақ. Иманның шешуі», «Тауық неге шақырар сағат сайын», «Ақыл құсы адаспай аспандаса», «Кәрілік - шал деген бір ат қылғандай», «Мұнды шал»), *мұхаммаспен* үш өлең («Қош, жұртым», «Жаралыс басы - қозғалыс», «Тіршілік, жан туралы»), қыта бойынша бір өлең («Ақылдан бойға сыр тарап»), *мұрабба* бойынша он бес өлең («Қырық жылдан өтіп жасым», «Өмір сырын көздесен», «Жүректен аққан қанымнан», «Өмірдің ұнап ойыны», «Жар көрмеген надандар», «Бейісте бар сұлу

жар», «Мен қорқамын, қорқамын», «Шошыма, достым, сөзімнен», «Иманым», «Жарымды жаным сүйді, сүйе алмай тәнім күйді», «Көңіл», «Жылым - қой, жұлдызым - июль», «Бостандық туы жарқырап», «Ескіден қалған сөз теріп», «Адамның ең жақсысы») және 142 шумақтық «Мұтылғанның өмірі» поэмасы жазылған. Бір өлең - «Қалжыңшыл қылжақбас» ащы сатиралық мазмұнда, бірақ ғазал пішінінде жазылған. Редиф - эпифорасына дейін дәлме-дәлдікте.

Мұрабамен өлең жазу осыдан мың жыл бұрын әдепкі жағдай болған. Махмұт Қашқаридың үш томдық «Түркі сөздерінің жинағы» атты еңбегінде мысалға келтірілген өлеңдік мәтіндердің жетпіс пайызы осы мұрабба түрінде шумақталған. Демек, Шәкәрімнің мұраббаға басымдық беруіне де дәстүрлік жол бастаған.

Шәкәрім дағдылы қара өлең мен халықтық жырды әрлеп-өңдеп, сыр мен сымбатын арттырғанға қоса, модернизациялауға да батыл қадам басты. Бүгінгі дүниежүзілік поэзияның беделді үні болып есептелетін «еркін өлең» (верлибр), полиметрикалық (көп өлшемді) өлең, дисметрикалық (ақ өлең) өлең үлгілеріне ұйтқылық қалыптамадағы он үш өлең жазды. («Ойдан шығарылған бар түрлі әндерім», «Қорқыттың сарыны», «Қорқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де...», «Сәлем, Әбдіғали бауырым, жалғызға», «Адамның еркі қайда деп ақылдан сұрағаным», «Ақылдың берген жауабы», «Адамдық борышың», «Таң» журналына жаңа әнмен байғазы», «Таң» журналына тағы бір әнмен байғазы», «Шын сырым», «...ға жауап», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Бостандық таңы атты»).

Қазақ өлеңінің құрылысын осылай жетілдіріп игіліктендіруде де Шәкәрім Абайдың нағыз мирасқоры екендігін, мұрагерлік бақытқа жеткендігін дәлелдеді. (Абай он жеті өлеңді *қыта* бойынша, екі өлеңді *мұрабба* бойынша, бір өлеңді *қасыда* бойынша, бір өлеңді *мұрабба* мен *мұхаммас* тоғысында, бір өлеңді қыта мен *қасыда* тоғысында, бір өлеңді *мұрабба* мен *мұстахзад* үлгісінде, жеті өлеңді *мұстахзад* бойынша жазған).

Зиялы, зияткер ақын болғандықтан, Шәкәрім поэзиясында оймен атқарылатын танымдық үдеріс және түйсік-сезіммен атқарылатын танымдық үдеріс таразы басын теңестіретін шамада десек, жаңсақтық емес шығар. Ұйғару-топшылау, толғам-пайымдау, түйіндеу-тұжырымдау арқылы ақиқат болмыстың сәулеленуі ұғым мәдениетіне тәуелді. Сондықтан Шәкәрімнің өлеңдері мен поэмаларында моральдық-этикалық талаптардың Ар ілімі аясындағы адам өмірі үшін жан бұйрығына, ішкі ізгі императивке айналуы басымырақ. Мұндай гуманистік қамқор сананың мән-мазмұны адамның қоғамдық-әлеуметтік ортада дұрыс бағдар жасау қабілетін жетілдіреді, іс-әрекетінде реттеліп тәртіптелген парадигманы үстем етеді.

## ШӘКӘРІМТАНУ

Олай болса, автордың тіл пайдалануы, сөз қолдануы бағытындағы өзіндік ерекшеліктері де сол парадигмаға сәйкеседі. Атап айтқанда, *жан, тән, көңіл, рух, ар, ұят, ұждан, ақыл, ой, сана, сезім, түйсік, парыз, борыш, намыс, жігер, қайрат, ынсап, қанағат, ындын, нәпсі, қайырым, рахым, мейірім, залым, әділ, зұлым, адал, алал, халал, абырой, сабыр, талап, арам, харам, өтірік, шын, дос, қас, тату, араз, жақын, дұшпан, ым-ымбал, іс-әрекет* т.б. лексемалар мәгіндік бүтіннің берік арқауын, мықты тінін, үзілмес ұзақ желісін құрайды. Осы доминанттық бірліктердің төңірегінде шексіз-шектеусіз шырқөбелек айналыспен калейдоскоптық қозғалысқа түсетін қаншама сөз - Шәкәрім «патшалығындағы ажалсыз әскердің сарбаздары».

Алматыдағы «Жазушы» баспасы 1988 жылы шығарған «Шәкәрім. Шығармалары» атты бір томдыққа 36500-дей өлеңдік сөзқолданыс, 18600-дей қарасөздік сөзқолданыс, «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми-әдеби орталығы 1991 жылы жарыққа шығарған «Үш анық» трактатында 7020 сөзқолданыс, «Қазақстан» және «Сана» баспасы арқылы 1991 жылы жарияланған «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» атты зерттеуінде 5880 сөзқолданыс, жиыны 68000 сөзқолданыс қамтылған деп шамалаймыз. Анық лингвостатистикалық дерек бола жатар. Міне, осыншама сөзді меңгеріп, басқарып мәтінге қосуды саралап ұйымдастыру - жалғыз кісінің еңбегі. Сөз эстетикасының мәшһүр білгірі М.М.Бахтиннің тамаша тұжырымы еске түседі: «барша сөз атаулыдан кәсіптік, жанрлық, белгілі бір кісілік, ұрпақтық, жас мөлшеріндік, күндік және сағаттық иіс аңқиды». («Вопросы литературы и эстетики», М., 1975, стр. 106). Демек, жаңағы алпыс сегіз мың сөзді жалпыхалықтық тілден алған Шәкәрім өз «інісін сіндіріп» жеке орбитаға шығарған. Шәкәрім сөзі - осы. Ол - өз сөзінің иесі. Екі сөздің басын қосып сөйлей алмайтын немесе екі сөздің басын құрап жаза алмайтын тырбаңбайлар мен тарбаңбайлар, әрине, шығармашылық тұлға бола алмайды.

Енді Шәкәрімнің прозасына көңіл аударайық. Өңгімелер, тәмсілдік хикаялар, «Әділ-Мәрия» романы. Тағы да қаншама сөз көркемдік стиль заңдылықтарымен үйлесім тауып тізілген. Пейзаждық суреттер тау мен суға тіл бітірген. Қарасөздік алты шумақтан, 145 сөзден тұратын күрделі синтаксистік бүтін жасап, бүгінгі құрмалас сөйлемнің эталонындай, Толстой мен Гогольдің, Әуезов пен Аймауытовтың мәнерін көрсеткен жерлері де бар.

Кейіпкерлер диалогтары мен монологтары ешбір жасандылықсыз, психологиялық себептестік орайында оқырманды ойға шомдырып, тебірендіреді. Автордың сөзге билік жүргізушілік дарыны тәнті етеді.

Тарихтық, шежірелік, дін қағидаларындық, пәлсафалық, көсемсөздік мәтіндерде де сөз жұмсаудың шарттары бұзылған жері жоқ. Ғылым тілі туралы тұңғыш пікір білдірушілердің бірі болған Шәкәрім терминология саласында да салиқалы қызмет етіп, баянды жұмыс тындырған.

Сөйтіп, тұтастай алғанда, Шәкәрімнің көркем және ғылыми шығармашылық еңбектеріндегі стильдік сөзқолданыс нәтижелері мен поэтикалық-сөзеспеттік көріністері қазақ әдеби тілін балшырынмен нәрлендіріп, сындарлы да сіндірілі құрылым бірліктерімен байытты. Сондай кейбір тұстарға көз тоқтатайық. Әдейілеп таңдап, іріктеп сұрыптамай-ақ, кез келген паракқа бөгеліп оқи берейік:

*Келді, кетті,*

*Толды, семді,*

*Өзгеленді бұл ғалам.*

Жеті-ақ сөзді бір десте етіп, бес етістікпен кестелеп, адамзат өркениетінің тарихи эволюциясын динамикалық серпінмен сипаттап берген. Ұтымды және әсерлі.

*Шал Антон бишік бұлғап, божы қақты,*

*Сар желді күрмедегі ат, шеткі ат шапты, ...*

*Ат пыр-пыр, арба күр-күр, қоңырау шылдыр,*

*Тау, ағаш кейін қалып қақты бұлдыр.*

*Түпсіз ой, түссіз қиял неше мыңдап,*

*Бірі бүйт, бірі сүйт деп тұрды ымдап.*

*Тұңғыық, тұманданған алдыңғы өмір*

*Тұрғанын біліп болмас не дайындап.*

Мұнда да әсіреқызыл әсем сөздерсіз қарапайым тіршіліктің заттық, қимылдық, үн-дыбыстық табиғи таңбалары көркем әуезді экспресемалар шоғын құраған. Талғамның эстетикалық жұмбақ күйге жетуі десе болар. Сөз жаңарған дәуірдің шыңынан қаратобырлық далақбайларға құлаққағыс ететіні кездейсоқтық дейсіз бе:

*Қазақтың жайы белгілі,*

*Өлеңі өңкей құрама,*

*Байқадың зой ендігі,*

*Оны менен сұрама.*

*«Ауылым қонды Нұраға,*

*Мінген атым сұр ала»,*

*Керексіз сөзбен бұрала,*

*Қазақ сүйтпей тұра ма?*

Грамматика поэзиясы десек те, поэзия грамматикасы десек те, осы үш шумақтағы тіл шеберлігі ешкімді бей-жай қалдырмас. Тақырыптық талдаулар үшін түпсіз қазына. Тағы бір-екі шумақ оқиық:

*а)Қызырдың мәңгі суын сия қылып,*

*Тамам түнді сауыт қып қойсам құйып,*

*Осы дүние тозғанша жазсам дағы*

*Бітіре алман ерніңнің сырын біліп.*

## ШӘКӘРІМТАНУ

ә) *Ақыл құсы адаспай аспандаса,  
Әлемде нәрсе болмас көзден таса...  
Жер жүзіне қып-қызыл гүл бітірем,  
Көзімнен қанды жасым сорғаласа.*

Грамматикалық санат түрленістері коннотативтік арнаға өзінен-өзі оп-оңай лықсып толқып кетпеді ме? Сондай-ақ:

Аң көрген лашын бастанып;  
Түздегі қу бас жақтанып;

Сөзәспет жайы әйтеуір қозғалған соң Шәкәрім қолтаңбасына тән синтаксистік амалдардың бірін атап өтейік. Лингвостилистикалық материал ретінде халық шығармашылығынан танымал болған қос тағанды түйдекті тіркес немесе «фразалық қос сөз» Шәкәрім қолданысында елеулі дәрежедегі жиілікпен көзге түседі. Мысалы: *достыңыз зор, дұшпаның қор; айтпай біліп, ашпай көріп; беті тұнық, асты ылай; көзге жылпың, сыртқа қылпың; жаман айла, жат мінез; от жағып, өрт шығару; қасықтай қар, тобықтай тоң; жаудырап көзі, тамшылап сөзі; жыны айта ма, шыны айта ма; досы - мал, дұшпаны - адам; көп бергенге қонып, аз бергенге түстеніп; көзі нұр, көңілі майда; көзге сеніп, ойға сенбей; құлағы тас, жүрегі мұз; көзге күңгірт, ойда бар; тозбас өмір, таймас бақ; жауға қатын, жақынға жалмауыз; жауға батыл, жақынға әдепті; сырты пішеп, ішінде ені; сырты - адам, іші - шошқа; жаны - сөз, тәні - ақша; жан - өзің, дене - киім; сыртың - бал, ішің - зәр; көзі бар, миы бос; неге айтты, не деп айтты; нені айтты, неге айтты; жан - қожса, тән - терезе;*

Бейнелі күйге, келтірінді мәнге өзі ауыстырып көшірген тіркестер де сирек ұшыраспайды. Мысалы: *ақыл құсы, ақыл көзі, көңіл көзі, ой көзі, жүрек көзі, жаду көз, нәпсі көзі, бояулы дін, сау ақыл, еркін ақыл, азат ақыл, жанды ақыл, таза ақыл* т.б.

Халықтық байырғы айтылым түйдектерді безендіргіш бөлшек етіп жұмсайды: *жүген ұстау, бұйда созу, тұғырдан түсу, қайғы тарту, аузымен құс тістеген, тізгін беру, аттың майын беру, мысы құру, дымын шығармау, мат болу, жым болу* т.б.

Мақал-мәтелдерді қажеттілігіне қарай, шым-шымдап қолданады, төпей бермейді: *Көппен көрген ұлы той; Жаман айтпай жақсы жоқ; Есің барда, елің тап; Сүйек қайда көп болса, ит сонда; Ел құлағы елу; Еркек тоқты құрбандық; Фольклорлық клишелер мен штамптарға әуес болмаудың өзі - нағыз туындыгерлік қасиет. Өзінікін өзі жасау - классиктік мұрат. Дайынды сол күйінде ала салмай, өз өлшеміне салып қайта жасау да - соның бір көрінісі. Мысалы: *Мін түзелмей, түзелмес ел жұмысы; Дерт жасырған ажалсыз өлер; Байдың малы болады бір борандық; Көлеңкеге қарап пішкен тон жараспайды; Молданың ісін қылма, айтқанын қыл;**

Фоностилистикалық жұптарды мақсатты түрде пайдаланған: *дұшпан//дұспан, пейіл//бейіл, пейіш//бейіс, дос//дост, тақ//тақыт, бақ//бақыт, әділ//ғаділ, әділет//ғаділет, әскер//ғаскер, тозақ//дозақ, пәле//бәле, мақсат//мақсұт, зальм//зәлім, галым//әлім, гашық//асық, адал//алал//халал, пұшпақ//бұшпақ, қоңды//қоңлы, мұңды//мұңлы, айла//хайла* т.б.

Авторлық сөзжасам фактілері де кездеседі. Мысалы: «*бойкүйезді*» есте тұтып, стильдік туынды нұсқа береді - «*ойкүйез*». Сондай-ақ: *түскер* (экстрасенс мағынасында), *шірік аяқ тақ* - жалған дүние, *шын үй* - о дүние, *үйге қайту* - о дүниеге аттану; Тарихи түбір етістік «*ұна*» мен оның өзгелік етіс түрі синкретті тұлға қалпында ұдайылықпен жұмсалуды, сондай-ақ «*мұту*», «*мұтылған*», «*неген*» сияқты ауызекі сөйлеудің жергілікті ерекшеліктерінің мәтіндік ортадағы еркіндігі - елеусіз қалдыруға болмайтын фактілер. Тарихи лексема «*тыңшы*» қазіргіше «*тыңдаушы*» екені мәтіндік қоршауда аңғарылады.

Этноментальдық лексика аясындағы сөздер Шәкәрім тарапынан мейлінше мол энциклопедиялық қолданысқа түскен. Мысалы:

а) *Бұл жонды Үшбозша деп атайтыны -  
Жайлаған Бозшаның үш немересі.*

*Солардың осы үш өзен мекендері,  
Жаз жайлап, сән-салтанат құрған жері.  
Бұл жерден өзі кетіп, аты қалған  
Құр, Балға, Қаранай деп сонан бері.*

ә) *Әжесі күндігін мойнына салып тұрып: «А,  
құдай, жалғызымның жолын қыла гөр!» - деп  
зарлағанда, сол үйде жыламаған жан қалмады.*

б) *Өлім естірткеннен соңғы жай бәріңізге  
белгілі. Жылау басталған кезде қатындар Мәрияның  
өрүлі қара шашын тарқатып, маңдайынан үш елідей  
ақ шүберекті тартып, шаршысын шорт байлап, ақ  
бүркейді жамылтып, теріс қаратып, бүйірін  
таянтты да қойды.*

в) *Қазақтың «Ұлыстың ұлы күні» дейтін, күн  
мен түн теңелген наурыз да жетті. Сол күні Әділдің  
қырқын да берді. Ол күнді «Наурыз - жаңа жылдың  
басы» деп, Әділдің үйі қазан толтырып ас асса да,  
«бәлекет кетсін» деп, далаға апарып от жағып,  
кетік, ескі ыдыстарды отқа өртейтін ешкім болмады.  
Неге десеңіз, «бәле кетсін» деп бақ сұрап, оны  
қылатын Әділ жоқ.*

Жалпыхалықтық лексиканың барлық қабат-қаттауларынан жұмсалмаған сөз кемде-кем: салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық, отбасылық, некелік, әменгерлік, қалыңмалдық, көп әйел алушылық, жетім-

## ШӘКӘРІМТАНУ

жесірлік, өгейлік, ағайындық, құда-жекжаттық, аңшылық, бақсылық, дін-шариғаттық, билер кесімдік (бітім, айыппұл, құн), флора-фауналық, киім-кешектік, құрал-саймандық, ас-тағамдық, ойын-сауықтық т.б. атаулар. Ауызекі сөйлеу екінімен грамматикалық өзгерім көрсеткіштерінің қысқартылып нөлдену орындарынан да қашқақтамайды. Мысалы: *қанжарың(ды) бер; дертім(ді) бас; жәрдемің(ді) тигізсеңші; Байқошқар(ға) барам; өлтір, қаным(ды) сорғалат; киімің(ді) жөндеп кие алмай;*

Кірме сөздерді жатырқамай барынша жеткілікті пайдаланған. Мысалы, дәл қазіргідей: *психолог, философ, телепат, электрон, радио, спиритуализм, факиризм, папирос, порым, почта, фанатик, бомба, динамит, университет, банкрот, билет, магнит, фонарь, нота, мода, цифр, ноль, орган, шар, кабак, миллион, барабан, апелляция, минут, секунд, резеңке, вокзал, калош, газет т.б.* Кейбір сөздердің ауысып, бір кейіпке еніп, кірмелік стандарты тұрақтана қоймағандығы, қабылдау түсінігі бекімегендігі салдарынан *член, заседатель, документ, словарь, перевод, расход, отпуск, закон, дознание, план, сукно, протокол, чиновник, повестка, жалуна, пушка, стена, т.б.* сөздер осылай жұмсалған. Бірен-саран кірме сөздерге өз тарапынан балама ілестіріп бажайлайды: *тройка - үш ат жеккен.* Кей сөздің түпнұсқадағы бұлжымастық дәлелі кімге болсын белгілі: *алтарь* осылай алынбай, *михраб* делінсе, күпірлік болар еді.

Шартты түрдегі авторлық тәржіме фактілеріне немқұрайды қарауға болмайды. Әдеби тіл тарихы үшін даму саты-баспалдағы естен шықпауға тиіс. Мысалы: *денешіл* материалист шенінде, *пәншіл* метафизик шенінде. Кезеңдік метаморфоза.

Шәкәрімнің сөзқолданысының жауһар кесектері - дара, дербес авторлық сентенциялар. Мәселен, мыналардай: *Жас көңілде жарық бар; Түптіге ұмтыл, тұрақты істерді қыл; Дәлелсіз сөз - соққан жел, ұшқан тозаң; Сөнген ойды жандыруға жан берерлік сөз керек; Есті адам тілін тыя алады, бірақ ешкім ойын тыя алмайды.*

*Әкең түгіл арғы атаң айтса дағы,  
Білімі жоқ наданның тілін алма!  
Кім айтса да сынамай қойма, жаным,  
Ақылыңа сынатып ойла, жаным,  
Пәленшекем айтқан сөз дұрыс қой деп,  
Жүректің таразысын жойма, жаным.*

(Есіңізде:

*Ақсақал айтты, бай айтты,*

*Кім болса, мейлі, сол айтты*

*Ақыл сенбей сенбеңіз*

*Бір іске кез келсеңіз.*

*Абай.)*

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: қазақ әдеби тілінің даму тарихында Шәкәрім шығармашылығының маңызы айрықша зор. Уақыт ілгерілеген сайын бұл қасиет ұлғайып арта береді. Себебі - ауыздан шыққан сөз құлаққа ғана жетеді, көңілден (жүректен) шыққан сөз шартарапқа жетеді.



*ИСМАКОВА АЙГУЛЬ, доктор филологических наук, профессор. Главный редактор журнала «Ар ілімі», заведующая отделом теории литературы и методологии литературоведения, Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Министерства образования и науки Республики Казахстан. Автор более 300 научных статей по проблемам теории литературы, истории мировой и казахской литературы и современной литературной критики. В статье «Творчество Шакарима и XXI век» анализируется роман «Әділ - Мария».*

## ТВОРЧЕСТВО ШАКАРИМА И XXI ВЕК

В литературоведении последние исследования не перечеркивают предыдущие. Творчество Ш.Кудайбердиева, относящееся к началу XX века, было репрессировано, а возвращено в научный оборот только в конце XX века. Он был убит в 1931-ом, а тело захоронено спустя тридцать лет. Виной ему ставилось родственная связь с Абаем и не восторженное восприятие советской власти. Его наследию принадлежат исследования А.Байтурсынова, Ш.К.Сатпаевой, З.Ахметова, С.Кирабаева, Б.Абдигазиева и др.

Ученик и последователь Абая Кунанбаева Шакарим продолжил философско-этические стороны классического наследия. Человек и его отношение к Всевышнему или отсутствие этих высоких взаимоотношений были объектом исследования художественной литературы во все времена.

Как мы сегодня понимаем это наследие, насколько востребованы нынче ответы Шакарима на вечные вопросы нашего бытия? Достаточно ли он исследован литературоведами, историками, философами и теологами?

Всем известный наш современник ученый, известный физик, профессор Сергей Петрович Капица на основании своих исследований пришел к выводу, что историческое время сегодня неумолимо сжимается, а демографический рост человечества подходит к концу. Ученый считает, что грядут великие перемены. При этом он имеет свою концепцию истории человечества. Словом, человечество сейчас проходит этап, подобного которому не было на протяжении всей его истории.

С точки зрения физика - историка констатация может быть верная. Но вопросы окружающей нас природы, общества и места человека в нем явились объектом исследования всей мировой литературы.

В этой связи Шакарим в романе «Әділ-Мария» - «қайғылы роман» - «трагический роман» (написанном в начале XX века, но опубликованным только в 1988 г.) говорит о том же, что и наш современник.

Роман начинается с обращения к Древним горам Шингистау: «Кәрі Шыңғыс тау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайыпқырандарды қолыңнан жөнелтің!». (с. 493). «О, старый Шыңгистау! Чего только ты не видел с тех пор, как человек появился на земле. Чингисхана, Тимура и многих подобных храбрецов ты проводил своей рукой».

Горы Шингистау в романе выступают как метафора вечности. Такого лирического обращения еще не было в казахской прозе! При этом диалог с героем зависит от психологического состояния героя, от его настроения.

Горы Шингистау выступит как парадигма большого вечного времени - истории человечества, о чем говорит наш современник.

Прежде в казахской прозе пейзаж вспоминался в связи с психологическим состоянием героя, в зависимости от его настроения. У Ш.Кудайбердиева горы Шингистау являются реальным участником романтических событий. При этом они близки повествователю, потому тот обращается к ним на ты: горы Шингистау выступают как парадигма большого вечного времени: «Сенде талай адамның құмары қанып,

## ШӘКӘРІМТАНУ

куанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына жетті. Талай бакытсыздың жарық күндей үміті үзіліп те кетті. Сенде неше түрлі ел дәурен сүріп, аң аулап, мал да бакты. Сенде талай-талай сабаздың қаны судай да ақты». «На склонах твоих исполнились желания многих людей, многие радовались, озарились их сердца, но были и потухшие здесь. Многие горящие сердца дошли до своей цели. Последние надежды многих несчастных потухли здесь. Возле тебя прожили радостно разные народы, они охотились, разводили скот. Твои склоны, как водой обагрены и кровью многих полководцев». Повторы слов усиливают лирический настрой. Но повествователь далек от праздных воспоминаний прошлого. Уже в следующих строках он меняет тон: «Ай мен күндей ажарлы сұлу, қыршын жастарды да, арыстан жүректі айнымас батырды да, әлемнен озған алаяқ, аузынан бал тамған шешен билерді де жерошақтай жер қазып, үңірейтіп, бауырыңа көміп жатсаң да, бақайыңан келмей, түк көрмегендей-ақ, маңқиып тұра бересің ау!». «Ты похоронил на своей груди в яме размером для котла самых видных и красивых, как луна и солнце, молодых юнцов, бесстрашных батыров со львиным сердцем, а также известных во всем мире проходимцев и сладкоречивых ораторов-биев. А сегодня ты стоишь, словно ничего не помнишь, все тебе нипочем». Теперь повествователь, чтобы быть более объективным, цитирует своего героя, передавая это в форме прямой речи. «Онымен де қоймай, қысқа күнгі күн шығыстан ұзақ күнгі күн батысқа қарай керегедей жайылған кең қолтығыңды ашып, үңірейтіп: «Кел, кел! Тағы да менің қолтығыма кіріп, біресе рахат, біресе бейнет көріп, аз күн арпалысып өтетіңіз келіңдер! - деп үнсіз дауысыңмен шақырып тұратыңды қайтемің!». «Вместе с этим ты, широко раскрыв свои плечи, словно стены юрты, расставив их в короткий день с востока, а в длинный день на запад, ты словно беззвучным голосом зовешь к себе: «Иди, иди! Войди в меня, чтобы познать радость и печаль, придите те, кто хочет испытать мгновения и радость борьбы». Слова «біресе рахат, біресе бейнет» (то радость, то печаль) воспринимаются как установка о самой жизни, изменчивой и быстротечной. «Үнсіз дауысыңмен» - молчаливым голосом, такую лирическую антитезу мог употребить только поэт для эмоциональной характеристики внутреннего могущества своего собеседника. Поэтические антитезы и лирические инверсии пронизывают не только монологи героев, но особым образом организуют пространство романа.

В романе Ш.Кудайбердиева подключенность системы «автор - герой - читатель» определяет иной психологический настрой обычных на первый взгляд

событий. Художественность в этом случае обеспечивается особым взаимоотношением между собой этих трех участников повествования. Повествователь не только ведет рассказ, но и сам размышляет, удивляется, радуется и горюет вместе с героями. При этом у него есть особый собеседник, вечный свидетель событий - это горы Шынгистау. На самом деле, этот персонаж нужен повествователю для еще одного видения событий, их проверки другим измерением, позволяющим осознавать вечное и преходящее в мире и в конкретной человеческой судьбе. Одно сменяется другим, нет ничего постоянного, кроме солнца, этих гор, луны и вечного неба. Поэтому учет разных точек зрения «вечных» участников всех жизненных событий в романе, вместе с голосом повествователя, осуществляет нетрадиционное художественное освоение обычных жизненных событий. Всем этим произведение Ш.Кудайбердиева отличается от прозы тех времен.

Особенность этой прозы еще и в том, что повествователь ориентируется в двух направлениях: по отношению к горам Шынгистау как очевидцу событий и по отношению к предмету высказывания, к героям. Слова в романе Ш.Кудайбердиева - это выражение и продукт эстетического взаимодействия трех: говорящего (автора), слушателя (читателя), и того, о ком (или о чем) говорят (героя). Повествователь вместе с Шынгистау наблюдает весеннюю откочевку на джайляу. При этом он не только напоминает о том или ином факте, но и вспоминает его слова. Поэтому горы не просто заговорили «своим» языком, но и организовали свою точку зрения, свою эстетическую зону: «Сонда сен, кәрі Шыңғыстау, көшкен елге қара құжыр қабағыңмен ашулана қарап: «Ала қыстай мені» ығымды қорғалап, қыстан аман шығып, бүгін иесіз тастап кеткенін қарашы!... Қап бәлем... қайта бір келерсің», - дегендей үнсіз едің-ау! Жотадағы биіктерін: «Батыр-ау, мыналар қайда барады? Ана біреулер не қылып жатыр?» - дегендей алдындағы аласа төбелерден аса қарап, кейбір биіктерден созылған жота қыр алдыңғы төбенің иығынан тартқан ана биіктің қолы сияқтанып; «Былай тұршы! Еңкейе берші!» - деген сияқтанып...» (с.494). «И тогда ты древний Шынгистау, сердито исподлобья глядел на откочевывающих и словно говорил: «Всю зиму вы искали защиты у меня, выжили благодаря мне, а сегодня покидаете меня, оставив меня одного. Ну, ничего, вернетесь еще ко мне. В этих раздумьях ты был молчалив. Верхние вершины твои словно говорили: «О батыр, куда они направились? Чем эти люди заняты?» - так говорили они выглядывая из-за твоих холмов, другие вершины смотрели словно из-за плеч твоих холмов, напоминая руки вершин: «Отойдите,

## ШӘКӘРІМТАНУ

наклонитесь...».

Повествователь объективен в том, как он передает разные «речи» гор, не привязывая их к своему состоянию. Но интонационно, выслушав своего героя, он выражает свое, неоднозначное отношение к нему. Как правило, начинаются они со слов: «Сонда сен, кәрі Шыңғыстау!». «И тогда ты древний Шынгистау!». И далее «Батыр-ау, ел қарасы көріне ме? Ел қайтып қонып қалған ба? - дегендей бағанағыдан гөрі жылы жүзбен жымыңдап, сағымданып, жайдары желің жаңа шыққан жасыл көдені бұлаңдатып, қайың мен теректің жапырағын сылдырлатып жайқалтып, төскейдегі елге атой бергенде: «Мұнда, мұнда!» Бергел, бергел! - деп шақырғандай болдың-ау...» (с. 494). «О батыр, виден ли народ, неужели народ опять вернулся сюда?» - говорил ты с улыбкой приветливее чем прежде, радостный ветерок играл с зеленой травой, играя шумно на листьях берез и тополей и словно призывал народ в лощинах: «Сюда, сюда, поспешите!...». Слова персонажа переданы не только в его прямой речи, но и обрамлены окружающим его предметным миром. Перед нами не голый монолог, а подготовленный, характерологический, со всеми его поэтическими инверсиями и лирическими повторами. Слова Шынгистау подготовлены и оформлены во времени и в пространстве, что обеспечивает их мотивированность и уместность.

Вместе с Шынгистау в романе имеет место и изображение традиционного, но неповторимого чисто Шакаримовского пейзажа. Весенняя майская звездная ночь предваряет события в романе. Строки эти в устах повествователя напоминают лирическое стихотворение: «Май, май! Әттең, май жұлдызы-ай! Сен жан-жануарлардың қайғысын ұмытқызып, бейіш ауасын жұтқызып, қабағын ашқызып, үмітін ілгері басқызып, тозбас өмір, таймас бақ бергендей алдайтының-ай!». «Май, май! Ах эта майская звезда! Ты заставляешь всему живому забыть печали, словно вдыхаешь в них райский воздух, заставляешь их радоваться. Но ты и обманываешь их, обещая им вечную жизнь, непреходящее благо и исполнение их надежд». Но здесь же это поэтическое восхищение разрастается до ее сравнения в большом времени. В этом отличие стиля Ш.Кудайбердиева. Об этом второе предложение: «Жайқалған жасыл шөпті қуартатын, жалбыраған жапырақ пен жайнаған гүлдерді жанынан айырылтып ұшыратын күз болатындай-ақ, мұқым Шыңғыс даласымен қар астында қалып, қайғылы ақ бүркейін жамылып, жорғалаған жыландай аққан мөлдір сулар, мұнан былай рахат-қуаныштан үміт үзген мұңлы жүректей мұз болып қататын қыс болатындай-ақ, сен, май, әттең, май! Жан жануардың, адамзаттың да артын ұмыттырып, алдын ойлатпайсың-ау!» (с. 494). «Май, ах

май! Словно не бывает осени, заставляющей иссохнуть зеленую траву и разлететься листьям и цветам, отрывая их с корнем. Будто не бывает суровой зимы, покрывающей долины Шынгистау белым одеянием, а прозрачные воды, словно устремленные ввысь змеи, напоминающие гарцующих юнцов на конях; и обреченные обледенеть, как безнадежно горестные сердца, впредь не знающие радостей. Только ты можешь заставить человечество и все живое забыть свое прошлое, не давая времени задуматься о будущем». Такого лирического отступления в казахской прозе ранее просто не было. Но это не просто восхищение летней природой! Ш.Кудайбердиеву удалось в двух предложениях, где нет ни одного лишнего сравнения, создать эмоциональный настрой, психологически подготовленный монолог. Не случайным оказалось увлечение Л.Н.Толстым. Такую подробность детализации движения чувств можно встретить в сложных моментах «Войны и мира». Стихи в прозе в данном случае играют еще специальную сюжеторазвивающую роль в романе Ш.Кудайбердиева.

Приведенные выше «размышления» Шынгистау и Адила - это изображение внутренней речи персонажей. Логическую же внутреннюю речь Ш.Кудайбердиев превратил в особое, невиданно сильное средство анализа, обладающее как бы непосредственной достоверностью, - человек анализирует сам себя, для большей ясности прибегая к расчлененным формулировкам. Эти слова в полный мере можно отнести к отдельным фрагментам монологов в романе Ш.Кудайбердиева. Конечно, не он первый открыл противоречия душевной и социальной жизни. Они известны были раньше и только меняли формы проявления.

Финал романа трагичен, Еркінбек убивает Адила и Марию. Происходит это не как в сказке, а во вполне реальной драматической жизненной ситуации. Так распадается любовный треугольник, в которой победу одерживает отвергнутый Еркінбек.

Роман Ш.Кудайбердиева определенным образом закрепил в себе художественные достижения казахской прозы 20-х годов. Писатель в этом произведении сумел удачно применить некоторые художественные приемы поэтических жанров.

О чем все-таки хотел сказать поэт в своем «Трагическом романе?» Да, это очередная история «любовного треугольника». Но сколько теперь рассуждений о смысле жизни человеческой, о вечном и преходящем под вечной луной и голубым небом? Писатель показал борьбу двух сил - непрочность, уязвимость человеческих чувств и беспощадность оскорбленного самолюбия власть имущего, любой

ценой жаждущего расправы с непокорными. Поэтому писатель не оплакивает своих возлюбленных, он просто показывает психологию простого казахского юноши, сумевшего достойно выйти из потока постигших его жизненных бед.

Перед нами действительно романная жанровая форма. Герои в начале и в финале - это качественно разные люди. Они успевают не только физически пережить события одного года, но и эмоционально переживают радости, печали и горе. Ш.Кудайбердиев в традиционном сюжете сумел реализовать философское осмысление жизни. Как мы уже отмечали, именно он впервые сделал горы Шынгистау реальным литературным персонажем, не частью пейзажа, как это было прежде.

Аналитический метод - это средство исследования человеческих слабостей, конфликтов, пороков. Ш.Кудайбердиев перенес это на исследование добра и зла, устанавливая его уровни, определяя, до какой степени человек может быть способен их творить. Все это подчинено исследованию разного поведения человека. Речь идет не о поверхностном разговоре, а о показе внутренних связей, сцеплений, объясняющих все это. Эта проза ориентирована на круг ценностей, не «социологизированного», а частного человека. Такая литература уже тогда была альтернативна соцреалистической, не случайно она обрывается в 1930-е годы.

Приход Шакарима в поэзию был благословлен высоким наставником (отец поэта приходился старшим братом Абаю Кунанбаеву, рано осиротевший мальчик находился на его воспитании). Знание языков (арабского, персидского, русского) позволило Шакариму заниматься, помимо литературы, историей и философией. Ему была знакома современная философия Запада и Востока. Взгляды О.Конта, А.Шопенгауэра не только были понятны поэту, но становились предметом его размышлений. Расцвет поэтического творчества Шакарима совпал с уходом из жизни его учителя. Основными литературными трудами его являются: поэмы «Калкаман - Мамыр» (1912), «Енлик - Кебек» (1912), «Лейла - Мажнун» (1923), «Нартайлак - Айсулу» (1929), «Жизнь забытого»; прозаические произведения «Әділ - Мария», цикл рассказов «Сад роз» и «Шын бақтың айнасы» («Зеркало счастья», 1918). Явлением казахской интеллектуальной мысли представляются его научно-философские трактаты: «Түркі қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» («Родословная казахских ханов» и «Катехезис мусульман») <sup>1</sup>. Шакарим

осуществил также художественно-поэтический перевод на казахский язык повестей А.С.Пушкина «Дубровский» и «Метель», рассказов Л.Н.Толстого, романа Г.Бичер-Стоу «Хижина дядя Тома», поэзии К.Хафиза и Физули. Вслед за своим учителем, Шакарим развивает в поэзии сознание нового лирического героя, стремящегося к нравственному и духовному самосовершенствованию. Поэтому не удивительно, что в лирике поэта нет социальной дифференциации на богатых и бедных. Ему важно высветить общечеловеческие пороки и общечеловеческие ценности. Осуждая невежество и лень, поэт не только создает образы этих типов людей, но и поднимается до обличения недостатков всего общества (в стихотворениях «Хвала и порицание», «Критика и зависть», «Исповедь» и другие). Через все творчество Шакарима прослеживается его внутренняя тема - проблема сложных взаимоотношений личности и общества. Не случайно его привлекают произведения А.С.Пушкина и Л.Н.Толстого. Фактом жанрового переосмысления представляется уже упомянутый стихотворный перевод повести «Дубровский» на казахский язык. Шакариму был близок бунтарский дух повести А.С.Пушкина - сопротивление личности установившимся социальным догмам общества. Л.Н.Толстой близок поэту не только своим творчеством, но и жизненными поступками, поиском и утверждением человеческих ценностей и философским отношением к религии.

Трагическое положение казахского народа, находящегося под колониаторским гнетом царизма отражено в стихах «Казахи», «О бедные казахи», «Плохи казахи»... Поэт, разрабатывая эту волнующую его тему, поднимается в своих поэмах до осмысления проблемы бытия и места человека в нем. Герои поэм Шакарима часто конкретные исторические личности. Но историческая фабула оживает в его поэмах: автор поэм часто предоставляет слово самим персонажам, приближая этим их проблемы к себе и читателю, показывая драматизм происходящих событий.

Трагедия влюбленных убеждает читателя в виновности общества перед человеком. Поэт выявляет уродливость социальных устоев того времени, которые являются губительными для нормальной человеческой жизни (конфликт между личностью и религиозными догмами - в «Калкаман - Мамыре», личности и родовых традиций - в «Енлик - Кебек»). Герои поэм, каждый по-своему, стремятся к справедливому исходу событий. В «Калкаман - Мамыре» повествуется о трагической любви Мамыр и юноши Калкамана, которые находятся в дальней родственной связи. Но их соединению противостоят родовые запреты.

<sup>1</sup>Абдыгазиев Б. Асыл арна.А., 1992



## ШӘКӘРІМТАНУ

В поэмах Шакарима нет четко выраженных положительных и отрицательных персонажей. Его герои, осмысливающие происходящее, имеют каждый свой голос, свой ход мыслей. Таковы образы Анет Бабы и Кокеная. Событийный уровень «Енлик - Кебек» напоминает предыдущую поэму. Но любовная драма теперь осложнена социально. Раздор из-за земли между родами Тобыкты и Матай как бы предопределяет трагический исход событий. Любви героев, ни в чем не виновных перед сородичами, противостоит социальная жестокость, система сложившихся до них общественных отношений. Перед нами не фабула легенды о трагической любви Енлик и Кебек, а сложный внутренний мир героев, их переживания и чувства.

«Его историко-философские «Шежире» («Летопись»), «Катехезис мусульман», «Трагический роман», цикл рассказов «Бәйшешек бақшасы» и др. безусловно приблизили рождение казахской художественной прозы», - считает в этой связи литературовед Ш.К.Сатпаева<sup>2</sup>. Сегодня это однозначно и неоспоримо.

Стремление философски осмыслить явления действительности и напряженный анализ стали отличительной чертой прозаического стиля Ш.Кудайбердиева. Это сделало возможным впоследствии переход к реалистическому детерменизму - к анализу человека в его социальной обусловленности, осуществившемуся позже в прозе Ж.Аймауытова, М.Ауэзова. Подобное развитие стиля восходило к Абаю, продолжая собой линию особого специфического отношения литературы к действительности. При этом важна интерпретация личного опыта, а не его правдивая жизненная копия.

Если стили М.Дулатова и А.Байтурсынова выражают всю меру придавленности человека обществом с его политическим и социальным аппаратом, то стиль Ш.Кудайбердиева выражает прежде всего мощь стихийного течения народной жизни. Синтез этих двух стихий произошел в стилях Ж.Аймауытова и М.Ауэзова, выражая напряжение и духовные поиски казахской демократической интеллигенции.

Величие этих писателей в том, что они средствами искусства решали действительно главную и трудную художественную задачу эпохи, заключающуюся в способности духовной победы над унижающими человеческое достоинство социальными анахронизмами.

В целом художественные миры, созданные прозаиками первой трети XX века, возникли на основе

разработки каждым из них одной из сторон жизни того времени. Поэтому мы вправе говорить о «казахах Аймауытова», отличающихся от «казахов Шакарима». В произведениях Ш.Кудайбердиева выступили вперед такие черты художественной гармонии, как ясность, мудрая уравновешенность, сдержанность, сопряжение самых различных сторон действительности. Объясняется это особым качеством его стиля, которому присущи рефлексия, раздумье. Это размышления над противоречиями жизни, над всем плохим и хорошим в ней, над пошлостью и счастьем, над равнодушием и свободой духа, над личностью и массой, над движением жизни в целом. Не случайно именно он явился первым переводчиком произведений Л.Н.Толстого, известного мастера психологической прозы.

Прозаический цикл Ш.Кудайбердиева «Бәйшешек бақшасы» - «Сад роз» представляет собой отдельные рассказы, имеющие самостоятельную тему и завершенность<sup>3</sup>. Первый рассказ повествует об Атымтае Жомарте (щедром), устраивавшем по пятницам (как это принято у мусульман) благотворительные обеды в честь знатных людей. Случайно на одном из таких застолий оказывается бедняк, не привыкший к лстивым, восхваляющим Атымтай речам его гостей. Обратив внимание на молчаливого гостя, все решают выслушать именно его. Нейтральный повествователь речь персонажа излагает в стихотворной форме, лаконично и точно передавая суть его суждений. «В чем щедрость хозяина?» - вопрошает гость. Нуждаются ли это гости в хлебе насущном как истинно обиженные судьбой слепые, хромые, вдовы или сироты? Последние скупые слова повествователя констатируют, что после этих слов бедняк быстро удалился, а Атымтай с тех пор стал устраивать угощения для действительно нуждающихся в этом. В одном из последних рассказов повествователь опять возвращается к этой теме. Теперь развиваются дальнейшие взаимоотношения в позиции «Атымтай и бедняк». Накормив городских нищих и сирот, Атымтай устремляется в степь. Встретив плохо одетого человека, Атымтай сообщает ему о благотворительности. Мысли героев переданы в прямой речи. Из короткого диалога двух персонажей мы вместе с повествователем узнаем об их разных отношениях к пониманию человеческой помощи и милосердия. Бедняк сообщает встречному о том, что честному человеку, способному и привыкшему своим трудом содержать семью, такая благотворительность не нужна, скорее она его может испортить. Далее он говорит о том, что сегодня

<sup>2</sup>Предисловие книге: Шәкәрім. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988.15-6.

<sup>3</sup>Здесь и далее по книге: Шәкәрім. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988.

## ШӘКӘРІМТАНУ

теперь собирает для хромого старика, нуждающегося в этом. «Дені сау адамды Атымтай асырап, тіленшілікке салып жібермесін. Кем-кетікке қарасын! Атымтай малмен мырзалық қылады, мен еңбек, терімен мырзалық қыламын, қайсымыз мырза екенімізді Атымтай өзі сынасын - депті» (с. 490). «Накормив здорового человека, как бы Атымтай не сделал его просителем. Лучше пусть он поможет обездоленным сиротам. Если Атымтай оказывает щедрость, раздаривая скот, то я своим трудом, потом трудовым стараюсь быть щедрым. Пусть Атымтай сам решит, кто из нас более щедрее». Выслушав это, повествователь и сам умолкает, предоставляя читателям самим додумать, в чем смысл этого диалога и кто из героев прав. В этом, очевидно, суть философских рассказов, после чтения которых еще долго думаешь о их содержании-морали. Но это не притча, не миф, а художественный рассказ. В пределах двух-трех абзацев Ш.Кудайбердиев мастерски разворачивает сентенцию об очередном морально-нравственном опыте. Повествователь часто не просто констатирует события, но и сам рассуждает вместе с героем.

В следующей притче явно усложнение структуры повествования. В одном сложном предложении писатель не только сравнивает, но и красиво противопоставляет вечные понятия прекрасного и безобразного, неповторимые в своих проявлениях. Но здесь же содержится установка писателя о стиле: «... кейде қыс айының декабрінде жайлаған жасыл гүлді қуартатұғын, талай-талай жүректердің тамырының жүзінің нұрымен билеп соқтыратын сұлуларды солған жемістей суалатын баянсыз өмірдің бақытсыздық мұңдарын сипаттаса, сол айтылған сөз, салған ән қуаныштың да, қайғының да өзіне лайықты сөз ұнаулы үнмен айтылса, дүниеде осыдан жақсы жанға жайлы әдемілік, жарасымдылық бар ма екен?» (с. 485). «... Изображение трагических, мрачных состояний жизни, когда словно в декабре увядает только что распустившийся цветок, или когда красавицы, некогда своим лучистым взглядом заставлявшие биться многие сердца, высыхают, словно засохший плод. Все сказанные при этом слова и спетые песни должны быть соответственны состоянию радости или горя с характерной для этого интонацией, приятной для восприятия. Есть ли на свете красота и гармония для души лучше, чем все это?». В подчеркнутых нами словах писатель будто выделил свое понимание гармонии стиля и соответствующие этому формы его воплощения: идет ли речь об изображении счастья или горя, все должно быть уместно и красиво. В этих строках

повествователь предваряет формулу-содержание предстоящей притчи: «Бет сұлулығы - тән сыйы болса, дауыс пен сөз сұлулығы - жан сый ғой, әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екенінде дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз». «Красота лица - это подарок плоти. Красота голоса и слов - это подарок души. Бесспорно, подарок души лучше, чем подарок плоти. Красоту тела различит каждый. Но мало тех, кто различит красоту слова и звуков». Внешнюю красоту разглядит каждый, но не всякий может различить красоту духовную, выражающуюся в голосе и словах человека.

Затем повествователь нейтрально сообщает о некоем ловчем, посадившем в одну клетку соловья и ворона. Понимающий толк в птицах прохожий советует ловчему рассадить птиц отдельно, создать условия для каждого из них: ворону подкинуть мертвечину, а соловья посадить в цветущую зелень. Вместе с ловчим повествователь создает эти условия и наблюдает за дальнейшими действиями птиц. Повествователь вместе с соловьем горестно оплакивает воспоминания о былой красоте прошедшей жизни. Он же видит скупые рациональные движения ворона, который, прокаркав пару раз, радостно накинулся на корм. Тот же повествователь терпеливо выслушивает слова ловчего в прямой речи, по-своему истолковавшего реакцию птиц: для него ворон показался благодарнее, чем маленький соловей, который, ни к чему не притронувшись, так измучился в своем грустном пении, что при громком вороньем каркании не стало слышно его тонкого писка. «Дауысы зордың пайдасы зор, мәселен, есек адамның көп жұмысын бітіреді, - депті» (с. 486). «У кого голос громок, тот больше пользы приносит, к примеру, осел выполняет много дел за человека». В последнем предложении повествователь не просто возмущен мнением героя, но потрясен его пониманием, его упрощенческим обывательским отношением к жизни. «Былғаныш наданнан таза ғалым қандай жиренсе, таза ғалымнан надандар сондай жиренетіні анық?». «Как невеждой брезгует настоящий ученый, так и от настоящего ученого бегут невежественные глупцы - идиоты». Так в пределах короткого рассказа писатель демонстрирует разные точки зрения, полярные в своем значении. Писателю важны не сами события, а их осмысление, не описание фактов, а их осознание в художественном произведении. Все это требовало специальных средств выражения художественности.



## ШӘКӘРІМТАНУ

*ИСКАКОВА ГҮЛНАР, саяси ғылымдарының докторы, профессор. Семей мемлекеттік педагогикалық институтының оқу және әдістеме жұмыстары бойынша проректоры. Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен тарих, саясаттану және құқық салаларын қамтиды. Екі монографияның, елуден астам іргелі ғылыми мақалалардың авторы. Ғалымның «Шәкәрімнің саяси-құқықтық көзқарасы және қазіргі заман» мақаласында жеке тұлғаның саяси-құқықтық көзқарасы қазіргі заман контекстінде қарастырылған.*

### ШӘКӘРІМНІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Қазақтың белгілі ақыны, ойшыл-философы Шәкәрімнің рухани мұрасы өте бай әрі құдіретті. Шәкәрімнің шығармаларының құдіреті сонда – ол философия, тарих, әдебиет мәселелерін қарастырумен шектеліп қалмай, ерекше дүниетанымы арқылы адамзаттың, мемлекеттің, саясаттың, құқықтық, ең бастысы, адам құқығы мәселелерінің даму үрдісін терең ой елегізінен өткізеді.

Баршамызға белгілі себептермен Шәкәрім шығармашылығы ұзақ уақыт бойына «тұмшаланып» келді. Тек 1958 жылы КСРО Прокуратурасы Шәкәрім Құдайбердиевті ресми тұрғыдан ақтағаннан кейін ғана оның есімін қайта жаңғырту үрдісі біртіндеп болса да қолға алынды. Оқырмандар ең алғаш рет Шәкәрім шығармашылығымен 1959 жылы танысуға мүмкіндік алды. Сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде ұлы ойшылдың іріктеліп алынған сегіз өлеңі жария етілді. Шәкәрімнің шын мәніндегі толық ақталуы 1988 жылы ғана жүзеге асырылды.

Қазақ ойшылының қоғам, құқық және адам құқығы жөніндегі көзқарасы қандай? Оның қазіргі заманмен үндестігі қандай? Шәкәрім идеалындағы мемлекет - саяси білікті және республикалық басқару түріндегі мемлекет, онда жалпыхалықтық сайлау құқығы, сөз бостандығы, теңдік, әділеттілік берік орын алуы, әрі жыныстық белгісі бойынша бөлектеу, әлеуметтік және лауазымдық санатына орай шектеу болмауы шарт.

Шәкәрім шығармаларында бостандық, еркіндік ұғымы, адамдардың бақытты өмір сүру құқығы, мемлекеттің соған сәйкес тиісті жағдайларды туындатуы туралы мәселелер ерекше орын алады. Әсіресе, ақын өлеңдерінде адамдардың игілікті еңбек етуі, соның

негізінде бейбітшілік пен қоғамдық тұрақтылық туындайтыны баса айтылады.

«Бостандық таңы атты» атты туындысында ақын:  
Бостандық таңы атты, қазағым, көріндер,  
Арға ие басшының соңынан еріндер,  
Таң артынан хақиқат күн шығады,  
Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер, - дейді (1)

Шәкәрім өз шығармаларында адамзаттың бақытты, теңдік жағдайында әділетті өмір сүру құқығын қорғады, мемлекет халық үшін еркін өмір сүретін, жасампаз еңбекпен шұғылданатын жағдай жасауы, ең маңыздысы, бейбітшілік пен қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге борышты деп ұқты:

Ар түзер адамның адамдық санасын,  
Ақ жеңіп шығады, арамның қарасын.  
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,  
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын.

Мемлекет заң шығарушы көз, қағида жасаушы фактор ғана емес, солай құрылған және қызмет ететін, сондай-ақ құқығы шектеулі саяси нысана да. Шәкәрім мемлекетті қоғамның барлық топтарының мүддесін қорғаушы, ал үкіметті қол астындағы адамдарды «әділетті және бәріне ортақ заңдармен», яғни, бәрінің заң алдында теңдігін білдіретін заңдармен қамтамасыз ететін орган ретінде таниды. Мемлекет пен құқықты салыстырар болсақ, құқық алғашқы болып табылады. Д.Локк құқықты барша мемлекеттік институттардан жоғары қойған. Құқық түрлі әлеуметтік мүдделерді келістіруші құрал, саяси келісім мен әлеуметтік тұрақтылыққа жетудің басты факторы болып табылады.

Саяси қатынастардың реттеушісі бола отырып, заң құқықтық болуы тиіс. Заң нормалары негізгі

## ШӘКӘРІМТАНУ

құқықтар мен адам еркіндігіне нұсқан келтірмеуі керек, бұл «заңнамалар мен адами құқығының байланыстылығы принципі ретінде конституциялық тұрғыдан бекітіледі», ал «заңдардың мазмұны мен қолданылуы формалды теңдік принципіне сәйкес келуі керек» (2.67-б). Шәкәрім пікірінше, заңдар халықтың еркі мен мүддесін білдіруі тиіс.

Құқық және адам құқығы - бір-бірінен бөлінбейтін біртұтас дүниелер, ал ажыратылмайтын адам құқығы мәселесі ұлттық заңнамалар мен кез келген демократиялық мемлекеттің ұлттық құқықтық жүйесінің мағыналы ядросы болуы тиіс. Заңның құқықтық сипатымен бірге құқықтың шығу тегі де болуы керек, яғни заңды қабылдау рәсімі де, жоғарғы заң шығарушы органдарды түзу үрдісі де заңды болмағы керек. Құқықты актілердің әрекеті таралатын субъектілердің қатарында мемлекеттің өзі де бар, оның өзі шығарған актілерді ескермеуге құқығы жоқ. Мемлекет ажыратылмайтын адам құқығы төңірегіндегі мәселелерге араласпауы тиіс. Ол үшін мемлекет пен қоғамның құқық пен азаматтардың еркіндігінің саяси құқықтық құрылысын бекітетін негізгі заң - Конституцияны (Ата Заңды) қабылдау арқылы мемлекетті шектеудің саяси құқықтық шарттарын жасау қажет.

Заңдар мемлекеттің даму өрісі ғана емес, халықтың өзіндік сипаты, мәдениеті, ұлттың дәстүрлері мен менталитетін де бейнелеуі тиіс. Гегель: «адам табиғаты мен оның еркіндік туралы түсінігіне сәйкес келетін заңдар мен мемлекеттік құрылыстар ғана ақылға қонымды болатынын» - атап айтқан болатын (3. 98-б.). Әрбір нақты халықтың заңдарында сол халықтың қасиетіне сәйкес өзіндік ерекшелік болады. Ш.Монтескьенің пікірінше, «бір халықтың заңдары екінші бір халық үшін өте сирек жайларда ғана жарамды болуы мүмкін» (4.289-б.). Сондықтан әрбір мемлекет, соның ішінде Қазақстан Республикасы да, қазіргі заман дамуы беталысымен қатар Қазақстан халқының сипаты мен оның рухани дамуының қажеттіліктерін бейнелейтін өз саяси-құқықтық жүйесін, өзінің ұлттық заңнамаларын қалыптастыруда.

Саясат – әр адамның мүддесін қамтитын сала. Саясаттың пайда болуы оның түрлі топтардың мүдделерін келістіре алатын, қоғамның бүтіндігін қамтамасыз ете алатын, әлеуметтік өзара қарым-қатынастарды реттей алатын мүмкіндіктерімен байланысты. Саясаттың көпқырлы мазмұнына сәйкес оған берілетін түсіндірмелердің де көптігіне қарамастан, ол маңызды белгілерге де ие: саясат биліктік қарым-қатынастың кеңістігі болып табылады, қоғамдық өмірді ұйымдастырудың тәсілі және мемлекет және оның институттары арқылы түрлі топтардың мүдделерін ортақ мүдделерге келістіру негізінде қоғамдық қатынастарды

басқарудың ерекше типі болып табылады. А.Соловьеваның көзқарасы бойынша, қоғамдық дамудың әрбір ірі тарихи кезеңінде саясат билік институттарының композициясын үнемі қайта құрып отырды, өзінің қасиеттері мен сапаларын көрсете отырып, бұқаралық шешім қабылдау формалары мен тетіктерін, заңдарды бекітудің және билік тұрақтылығын қамтамасыз етудің тәсілдерін жетілдіріп отырған (5. 67-б.). Саясаттың кейбір тұжырымдамалары саясат пен мемлекет құқықтан, ең алдымен бұқаралық құқықты, заңдарды және мемлекет қызметін негіз еткен адамның табиғи құқығынан туындаған деп қарайды. (мысалы: Дж.Локктың, И.Канттың және т.б. «Қоғамдық келісім» теориясы).

Саясат билік және оның институттарын құрумен байланысты, бірақ ол тек қана билікпен шектелмейді: саясат негізінде дара, топтық және қоғамдық мүдделер жатыр. Демократиялық мемлекеттердің тәжірибесі құқық және адам бостандығы сияқты маңызды қажеттіліктерді мемлекет оның институттары қамтамасыз ететін көрсетіп отыр, ал азаматтар саяси партиялар мен арнайы құрылған қоғамдық ұйымдар арқылы өздерінің мүдделері мен қажеттіліктерін жеткізеді.

Шәкәрімнің шығармашылық мұраларына назар аударып отырып, сайлау мәселелері мен сайлау жүйелеріне қатысты мәселелерге деген көзқарасына тоқталмай болмайды, ол бұларды шындық және демократиялық тұрғыдан көргісі келді. Шәкәрім өзі (1911 жылы) Аягөздің болысы, 1917 жылы Семей уезінің земствосына Шыңғыс болысынан депутат болып сайланғаны белгілі. Ақынның «Партия адамдары», «Тағы да сорлы қазақ», «Партия қуған өңкей қырт» және т.б. сатиралық өлеңдерінде қазақ жерінде болыстарды сайлау қалай жүргізілетіні туралы шынайы бейнеленеді:

Партия қуған өңкей қырт,  
Жазылмайтын ол қыл құрт.  
Мен тартам ел қайғысын,  
Әкімі – залым, биі – өңгірт.  
Сұркия тілін жалдайды,  
Момын мен аңқауды алдайды,  
Қанды қақпан бар құрған,  
Түсірер болса қандайды.

Биліктің өкілетті органдары туралы сөз еткенде Шәкәрім «әділ де ізгі заңдар» жасап, қабылдай алатын адал, ақылды, дұрыс ниетті адамдардың сайлау қажеттігін баса айтады.

Жарияланған адам құқығы мен еркіндік жүзеге асыруға ұмтылған қоғамда құқық пен саясат өзара қалай әрекеттесуі керек? Канттың ойынша, құқық саясатқа қарағанда алғашқы болып табылады. Ол «барлық саямат құқық алдында тізесін бүгуі тиіс» деп жазды, құқық «ақыр соңында жоғарғы билікке» жетуі тиіс және

## ШӘКӘРІМТАНУ

саясатты шектейді (8, 11-б.). Саясат ақыр соңында құқыққа сай болмақ.

Авторитарлық жүйеде азаматтар билікті асыра пайдаланудың алдын алу мүмкіндігінен айырылған, қоғамдық мүдделерді саяси жеткізу институттары шектеулі. Ал әр түрлі мүдделерді күшпен басу үлкен қоғамдық қақтығыстардың туындауына алып келеді (мысалы, Қырғызстан). Түрлі мүдделерді шектеу мен күшпен басу тоталитарлық жүйеде астыртын әрекет жасайтын оппозицияның пайда болуына әкеледі (мысалы, Өзбекстан). Билік мұндайда оппозициямен күресте құқықтық емес ( кейде жазалаушы да) әдістерді қолданады. Мұндай жағдайдағы саяси өмір биліктің өзі мен саяси жүйенің тұрақсыздығына апаратын үлкен тайталас болып табылады.

Адам құқығы туралы баршаға ортақ Декларация мен демократиялық конституцияларды қабылдағаннан бергі кезеңде адам құқығы мен бостандығын сақтау осы заманғы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттарының маңызды өлшеміне айналды. Өкінішке орай, барлық мемлекеттер бұл өлшемдерді басшылыққа ала бермейді. Мысалы, Өзбекстан мен Беларусь әлі күнге мемлекеттік өмірде «еріген» қоғам ретінде танылады. Олардағы заңдардың мазмұнында адам құқығы мен бостандығы құндылығынан гөрі мемлекеттік мүдде жоғары тұрады. Нәтижесінде азаматтар мемлекеттік биліктің айтқандарын орындауға құлықсыз, саяси шешімдер қабылдауда, соның ішінде сайлау кезінде де салғырт болып отыр. Азаматтардың қоғам мен мемлекетті басқаруға кең түрде қатыспауы, өз кезегінде, олардың патриоттық, азаматтық сезімдері және мемлекеттік билік органдары тарапынан өз бостандығына жасалған өрескел заң бұзушылықтарға жауап қату мүмкіндіктерін төмендетеді.

Түрлі субъектілердің саяси еркін құқықтың негізгі ұстанымдарымен, адамның баянды құқығы мен бостандығы идеясымен келістіретін азаматтық қоғам мемлекет пен оның заңдарына заңдылық бере түседі. Азаматтық қоғаммен құқықтық мемлекет тығыз байланысты, соңғысы алғашқысының саяси-құқықтық рәсімделуі болып табылады. Плюралистік демократияның қазіргі заманғы тұжырымдамалары, құқықтық мемлекеттің түрлі белгілері мен оны қалыптастырудың жолдары туралы қарастыра келіп, құқықтық мемлекет өзін құқықтан шектеудің формасы деген тұжырымға келіп отыр, өйткені либерализм мемлекеттің өзін адам құқығы мен бостандығын бұзуы мүмкін өте күшті құқық субъектісі деп таниды. Либералдық теория бойынша, құқықтық мемлекет - заң қабылдаушы өкілетті орган тарапынан сол заңдардың орындалуын бақылау құқығы берілген мемлекет. Шәкәрімнің бұл қағидасы Парламант тарапынан

қабылданған заңдардың орындалуын сақтауды бақылаудың конституциялық тетігі әлі бекітілмеген қазіргі Қазақстан қоғамы үшін де аса өзекті.

Шәкәрім өз өлеңдерінде қазақ даласындағы ортағасырлық патриархалдық тәртіпке қарсы шыға отырып, қазақ қоғамындағы билікке талас, руаралық алауыздықты сынға алады:

Арамдық, аразды түбімен жойындар

Өтірік, өсекті біржола қойындар.

Намыс, жігер, бойыңа жиып қайрат,

Қажымай адалдық жағында болындар... ( 1 )

Әртүрлі сатиралық шығармаларында («Шаруа мен ысырап», «Құмарлық», «Мақтау мен сөгіс», «Хайуан мен ақымақтар», «Қулар», «Ақылшы иорғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене» және т.б.). Шәкәрім қазақ қоғамындағы өтірік, екіжүзділік, зұлымдық, т.б. көре отырып, мансап, байлық үшін әртүрлі әдістері арқылы билікке ұмтылған «алдамшы, пайдасыз сағым қуғындарды» сынайды. ( 6 )

Нақты азаматтық ұстанымы бар Шәкәрім «Алаш» партиясының көшбасшыларының көптеген көзқарастарымен пікірлес болған, өзі де сол партияға кірген, бұл оның шығармаларына өзіндік әсер еткені байқалады. Ақын алашордалықтардың құрылтайына өлең арнады және қызыл әскерлермен соғыста қайтыс болған Алаш орда сарбаздарын жерлеуге арнайы қатысқан. Бұл туралы 1918 жылы «Абай» журналында «Алғашқы құрбандық» атты мақалада жарияланды. 1917 жылғы төңкерісті Шәкәрім қуана қарсы алды, қазақ қоғамында оң өзгерістер болады деп есептеді. Бұл ақынның сол кезде жарық көрген баспасөз беттерінде жарияланған өлеңдерінен анық көрінеді. Дегенмен 30-жылғы сталиндік кертартпа саясат Шәкәрімнің қазақ даласындағы шыншыл қоғам құру туралы үмітін үзді, дана ойшылдың жеке және қоғамдық өмірдің мәнін ұғыну үшін қоғамнан оңашалануына әкеп соқты.

Шәкәрім Абайдан кейін адам тұрмысының мәні мен маңызын өзінше түсінуге тырысты, нағыз адам мен қоғам үлгісі қандай болмағын іздеді, ұждан туралы ілімді дамытты («72 жасымда» философиялық прозасында). Нағыз адам, Шәкәрім ойынша, таза ақылға, («Адам немене?» өлеңінде), ал халық - шын, нұрлы ақылға ие болуы керек. Өзінің адам, ақын ретіндегі орнын Шәкәрім қоғамға қызмет көрсету деп түсінеді:

Мен өлсем, ұрпағым, артымда қаларсың

Тілеген мақсұтты өмірден аларсың.

Есіңе алып келгенде қабырыма,

Шаттықпен шалқытып әніме саларсың!

Дана ойшыл, өз шығармаларында «адам» және «халық» туралы жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінерліктей өте кең түсінік береді:

Таласпай бөліссе, табиғат байлығын,

## ШӘКӘРІМТАНУ

Қара жер тойғызар адамның барлығын  
Махаббатпен бірлесіп, еңбек қылған  
Өмірдің көреді бакытты, сайлығын  
Бұл өмір таусылмас, жаңарар адамзат,  
Арам ой ұмытылып, зорлықшыл болар мат.  
Адал етсең, еңбектің жемісін жеп,  
Шалқыған ел-жұрттым, боларсың көңіл шат.

Шәкәрім «адам ойының барлық жетістігі адамзаттың қажеттілігі мен мүддесіне бағытталуы тиіс» деген айда.

Демократиялық қоғамда институттық жүйе өздерінің арнайы функцияларын жүзеге асыратын үкімет пен саяси партиялардан тұрады. Егер саяси партиялар әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қолдап, саяси плюрализмді жүзеге асырса, мемлекет жалпы мүдделерді қолдай отырып, әлеуметтік топтар арасындағы келісімді қамтамасыз етеді. Мемлекет билігі немесе оған ықпал жасауға ұмтылған саяси процеске қатысушылардың қорлары бірдей емес, сондықтан бұл күресте олардың мүмкіндіктері де тең емес. Сол себепті саясатта барлық саяси процеске қатысушыларға бірдей және барлығы қолданатын ереже - құқық енгізу керек. Демократиялық заңнамалары және дамыған демократиялық институттары бар елдерде, соңғы жылдардың тәжірибесі көрсетіп отырғандай, мемлекеттік билік әлі де мықты әлеуметтік және саяси күш болып қалып отыр (Мысалы, Европа мемлекеттері).

Өзін өзі және өз абыройын сақтап қалу үшін мемлекет, қандай да институттық жүйе түрінде болмасын, өзін баршаға ортақ мүдделердің қорғаушысы ретінде көрсетіп, ұстанған саясатын әділет, шындық т.б. с.с. ұждандық ұғымдармен нығайта түседі. «Шын саясат алдын ала моральға ант бермей, бір де бір қадам жасай алмайды... Үстемдік етуші билік үшін қаншалықты қымбатқа түссе де, адам құқығы қасиетті саналуға тиіс», – деп жазған болатын Кант (7, с.139). Билік органдары тарапынан қабылданатын барлық шешімдердің рухани-адамгершілік тұрғыдан негізделіп отырылатыны сондықтан.

Өкінішке орай, өткен және қазіргі саясатта да моральдық құндылықтар мен принциптерді бағаламау кездеседі. Қазіргі геосаясаттың шындығында бұл қоғамдық өмірдің көптеген салаларын милитариландырудан, терроризм мен зорлық-зомбылықтың өсуінен, әлемдік саясатта да, жеке мемлекеттерде де күшке табынушылықтан байқалады. Заңды мемлекетті «еркіндік», «азаматтық қоғам», «адамның құқығы» т.б. сөздер арқылы сипаттауға болады. Мысалы, Б.Кестяковский құқықтық мемлекеттің негізін шектеулі үкіметтен көрген. Сөйтіп, құқықтық мемлекеттің басты қағидасы – адамның бас бостандығы мен олардың құқықтары болып табылады. Мемлекет адамның бас бостандығы мен құқығын қорғап, әділдік жаққа тұрады. Заңды мемлекет, Г.Ақмамбетованың

пікірінше, адамның құқығын қорғауға міндетті, өйткені біз тұратын қоғам тарихи мүмкіндіктерінен азаматтық қоғамға өтеді. (3). Заңды мемлекетте мемлекет пен жеке тұлғаның қатынасы жайлы сұрақ сол тұлғаның құқығына сай шешілуі тиіс. Заңды мемлекет дегеніміз – тек ұйымдар мен адамның құқығын қорғаушы ғана емес, ол саяси үкіметтік ұйымдардың тәжірибеден өтуші және құқық пен бостандықты қамтамасыз етуші, сонымен қатар адам құқығының жүзеге асуын бас бостандығын, азаматтығын қорғаушы. Заңды мемлекеттің басты қағидалары жоғары құқық пен ондағы басты заң болып табылады. Бұнда дамыған саяси-құқықтық институттардың жеткілікті болуы, көп партиялы саясаттық жүйенің болуы, мықты парламенттің, еркін БАҚ, дамыған жергілікті өзін-өзі басқару т.б. болуы маңызды.

Бүгінгі таңда азаматтар мемлекеттік билікке өте жоғары талаптар қояда, бұл талаптардың өсуіне байланысты мемлекет басқару реформасы бойынша шешім қабылдайды. Дегенмен кейбір мемлекеттер экономикалық еркіндікті шегеріп қалуға тырысады, бірақ барлық маңызды деген әлеуметтік және саяси процестерді өз назарынан тыс қалдырмайды. Бұнда саяси жүйе мен дамыған институттардың қатысуы және де мемлекеттік институттарға деген сенім жетіспейді. Азаматтық қоғамда және азаматтық бақылауы бар мемлекетте ешқашан адамның құқығы мен бостандығы жайлы мәселе туындамайды. Демократиялық қоғамға деген Шәкәрімнің көзқарасы, әділдік, теңдік, азаматтық сияқты ойлары жаңа ғасырда шешімін таба алмай жүрген сауалдарға жауап бола алады.

### Әдебиеттер :

1. Шәкәрім. Бостандық таңы атты. // Шәкәрім. Таңдамалы. Семей-Новосибирск. «Талер-Пресс», 2007. 100б.
2. Матюхин А.А. Государство в сфере права: институциональный подход. - Алматы: ВШП «Эдилет», 2000-596 б.
3. Гегель Г.В.Ф. Философия права. Мысль, 1990. -324 б. Монтескье Ш. О духе законов. Избранные произведения. М.: Госполитиздат, 1995. -288-289б.
4. Соловьев А.И. Политический облик постсовременности: очевидность явления // Общественные науки и современность. 2001. №5 63-67 б.
5. Құдайбердиев Ш. Шығармалар. А. 1988-105б.
6. Кант И. Сочинения на немецком и русском языках. М., 1967. 237-б.
7. Кант И. Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане. К вечному миру. Алматы: Научные труды «Эдилет», 1999-113 б.
8. Г.Г. Ақмамбетов Особенности формирования гражданского общества в Казахстане // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. 1994-№3 10-17 б.

## ШӘКӘРІМТАНУ

*МҰРАТБЕК КЕНЕМОЛДИН, тарихшы-ғалым, «Абай» республикалық тәуелсіз фольклорлық-этнографиялық, әдеби-көркем журналының бөлім меңгерушісі. Алашорда мәселесіне, Шәкәрім мұрасының тарихи-құжаттық негізіне арналған ғылыми-танымдық мақалалардың авторы. Ғалымның Шәкәрім биографиясына қатысты архивтік деректерге сүйенген бірнеше мақаласы «Абай», «Шәкәрім» журналдарында тағы басқа мерзімдік басылымдарда жарық көрген. Автордың «Шәкәрім айтқан, қазақ оқығандары...» танымдық мақаласын оқырман назарына ұсынамыз.*

### ШӘКӘРІМ АЙТҚАН, ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫ...

Шынында, олар кімдер еді? Олар негізінен XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында патшалық Ресейдің Петербург, Мәскеу, Саратов, Омбы, Томск, Орынбор, Уфа, Қазан, сондай-ақ шет елдің Каир, Стамбұл, Варшава тәрізді үлкенді-кішілі қалаларында жоғары зайырлы және діни, арнайы кәсіптік орта оқу орындарын бітірген алғашқы қазақ оқығандары болатын. Жалпы қазақ қоғамында тұңғыш ұлттық интеллигенция мен саяси элитаның құрылып қалыптасуы да, тағдыр жазып тікелей солардың пешенесіне бұйырған-тын. Бірақ та бұл тарихи миссияны атқару оңайға түскен жоқ. Қазақ оқығандары отаршыл Ресейдегі үш дүбірлі саяси оқиғаны - 1905 жылғы бірінші орыс революциясы мен 1917 жылғы ақпан, қазан революцияларын, оған қоса кеңес өкіметі кезіндегі сталиндік қуғын-сүргінді бастан өткерді. Сол уақыттағы орыс қоғамында және күллі түрік мұсылман әлемінде болып жатқан саяси толқулар мен әлеуметтік сілкіністер олардың прогрессивтік көзқарастағы ұлттық интеллигенция ретінде қалыптасу үрдісін тездетті. XX ғасыр басында қазақ оқығандары саяси белсенді әлеуметтік топ болып өсіп қалыптасты.

Алаштанушы ғалымдар өз зерттеулерінде алғаш қазақ оқығандары 1905 жылы «Қарқаралы» петициясын қабылдауға байланысты бас біріктіріп, самодержавиелік билікке қарсы ашық саяси наразылық білдірді, ең бастысы – бірінші орыс революциясының нәтижесінде Алаш қозғалысы пайда болды деп жазады. Ал осы саяси оқиға туралы, аталмыш петиция авторларының бірі, Алаш қозғалысының басшысы Әлихан Бөкейханов «Киргизы» атты очеркінде:

«Весной 1905 года, с наступлением привольной жизни, в степи на летних стоянках начались съезды, на которых обсуждались местные нужды и нужды всей киргизской народности. Все больше степные ярмарки

этого года стали ареной киргизских политических съездов, где киргизы обсуждали и подписывали, поданные потом Высочайшее имя, петиции. На этих же съездах были избраны делегаты, уполномоченные лично подать эти петиции. Религиозные и земельные вопросы стояли у киргиз впереди вопросов политической свободы.

В составлении петиции принимали участие, с одной стороны, интеллигенция, воспитанная на русской литературе, верующая в европейскую культуру, видящая счастье родины в здоровом претворении плодов западной культуры и считавшая религиозные вопросы второстепенными, при наличии обещанной 17 апреля свободы веротерпимости. С другой стороны, выступала и интеллигенция, воспитавшаяся в духе восточной ортодоксии и национально-религиозной исключительности. Эта последняя выдвигала религию на первый план: в мусульманской схоластике она видела и продолжает видеть науку, который никто и никогда превзойдет; киргизский народ, и вообще магометан, она ставит выше всех народов, искренне и сознательно отождествляя религиозное единство с единством национальным. Если провести некоторую аналогию с русской интеллигенцией, то можно было бы назвать западниками, а вторую тюркофилами и поборниками панисламизма» – дейді.

Бұдан сол уақытта-ақ қазақ қоғамында ұлттық интеллигенцияның екі топқа, яғни - орыс мектептерінен оқып, орыс әдебиеті қайнарларынан тәлім алған, батыс мәдениетін көксейтін батысшылдар және шығыстық діни ілім мен әдет-ғұрыптың негізінде тәрбиеленіп мұсылмандық жолды ұстанған түрікшілдер және панисламистер болып бөлінгені байқалады. (Сталиндік қуғын-сүргін жылдары қазақ оқығандарын алашордашылар деп айыптаумен қоса пантюркистер

## ШӘКӘРІМТАНУ

және панисламистер деп каралаушықта жиі белең алды). Батысшылдық бағытты жақтағандар Алаш қозғалысының басшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың соңына ергендер болды. Олар негізінен «Қазақ» газетінің айналасына бірікті. Екінші топтың өкілдері Тройцк қаласында Мұхаметжан Сералиннің редакторлығымен шығатын «Айқап» журналының маңайына топтасты. Осы шығыстық ортодоксальдық ағымды қолдаушылар қатарында Ақмола облысының ауқатты бай адамы, жергілікті жерде мұсылман мектебін ашқан, I және II Мемлекеттік Думаның депутаты Шәймерден Қосшығұлов, Астрахань губерниясының ірі жер иеленушісі, I Мемлекеттік Думаның депутаты Дәуіт Ноян Тұндыт, Семей облысының бай-көпесі, Сейтен әкімшілігінің болысы, II Мемлекеттік Думаның депутаты Темірғали Нүрекенов, Сырдария облысының ауқатты байы, бастауыш білімді, II Мемлекеттік Думаның депутаты Тілеулі Аллабергенев сияқты басқадай белгілі дала ақсүйектері болғанын айта кеткен орынды. Дегенмен, «Айқап» журналы және «Қазақ» газеті басшылығының ұлт бостандығы және теңдігіне қатысты ұстанған саяси бағыттары мен көзқарастарында айтарлықтай алшақтықтар болмаса да, діни мәселелерде кейбір түсініспеушіліктер бой көрсетпей қалмады. Оны «Айқаптың» №14 санындағы Сералы хәм жолдастары хатына жауап жазған Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі «Мұсылман сиезі», «Он төрт тоғыз бола ма?» мақалаларынан айқын аңғарамыз. Өз кезінде бұл екі топтың арасындағы айтыс-тартысқа басу айтқан аузы дуалы ақсақалдың бірі Шәкерім Құдайбердіұлы болатын. Мәселен, ғұлама ақын 1913 жылдың 16 маусымында «Қазақ» газетінде баспасөзге жазылу мәселесі төңірегіндегі дау-дамайға байланысты барша қазақ ағайындарға арнаған шағын хабарында: «Білімсіз ел жас бала сықылды: бір жаңа нәрсе көрінсе, бұрынғыны тастап соған ұмтылмақшы. Біздің қазақ «Қазақ» газетасы шыққан соң «Айқап» журналын тастап кетеме деп кәдік көремін. Тамам қырғыз хәм қазаққа бір журнал, бір газета көптік қылмас, екеуінде алу керек!» десе, 1915 жылғы «Айқап» журналының №6 санындағы «Сөз таласы» мақаласында зиялы қауымды: «Бұрынғы құр сөз болып қалған желбуаз сөзбен, былтыр жаз туған мұсылман сьезі туралы «Айқап» пен «Қазақ» тағы жазған талас сөздерді көріп өттік. Басқа желбуаз тұсындағы таласқа - біз бір азғана насихат (өсиет) өлең жазып едік, уақыт өтіп басылмай қалды. Енді бұл мұсылман сьезі туралы сөз басталғаннан-ақ алдыңғының аяғын құшарын білсек те, аяқталмай тұрып сөз жазбадық. Міне, енді жазамыз - тым болмаса келер іске пайдасы болар ма екен деп.

«Айқапқа» жазғандар да, «Қазаққа» жазған Ғалихан да талас сынды көптің сынын салып отыр, ол жақсы-ақ. Бірақ кекеп, кекетіп сөзін жазған жарай ма?

Менің ойымша: кекеу, сөгic - тіл қаруы. Оның жарасы тез жазыла қоймас. Жауап қайырып,

қарсыласарлық үлкен кісі түгіл, жас баланы да ұрып, кекеп-зекіріп тыю зиян шығармай ма?..

«Ауыздан шыққан сөз - атқан оқ». Оны пәленше жеңіліп қалды деп қайтып ала алмайсыздар, онан басқасы бар ма? Кекеу кек шақырып, кек партия шақырып, партия елдің елдігін жоғалтады. Менің білгенім сол-ақ. Бұл сөзімнен бар елдің мінін көрсең де айтпа дейді деп ұқпаңыз. Мінезмеген түзелмейді. Бірақ улап, найзалап мінеме деймін» - деп ұлттық татулық пен бірлікке шақырады. Ал енді ұлы ойшылдың «Айқап» журналында қазақ оқығандарына қаратып «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» деп айтатын биік адамгершілік, философиялық сауалдары ұлтты ұлағаттылыққа тәрбиелейтін мәңгілік рухани құндылықтар болып табылады.

XX ғасыр басында патшалық Ресейде осындай екі түрлі білім ошақтарынан, әлеуметтік-мәдени ортадан тәлім-тәрбие алып шыққан қазақ оқығандарын ең алдымен ұлт теңдігі және бостандығы, түптеп келгенде тәуелсіз қазақ автономиясын құру тәрізді ұлы мұраттар біріктірді. Олар негізінен батыс пен шығыстың әдебиеттерінен сусындап, ұлттық рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген білімді азаматтар болды. Мысалы, Алаштың үні атанған «Қазақ» газеті редакциясының басқармасы «Ғалия» медресесінің 10 жылдығына арнаған мақаласында: «Ғалия» ашылғаннан бері оқып шыққан жастардың дәл саны бізге мағұлм емес, бірақ аз еместігі анық. Басқаларды қойып-ақ жалғыз қазақтан оқығандарды алғанда да, «Ғалияда» ең аз деген жылында 30-40-тан қазақ балалары кем болған емес. Олардың қайсысы қалай оқып, қандай біліммен шыққанын түгел білсек те, бірақ бәрі де «ұлттым», «ұлттым» деп, жұртын аузынан тастамай шығатыны анық мағұлм. Жасасын «Ғалия»! Жасасын «Ғалияны» ашып, тәрбиелеп, рухты жастар шығарушылар!» - деп үлкен ризашылық білдіреді. [Қазақ, 1916 жыл] Кезінде бұл жоғары діни оқу орнын Мағжан Жұмабаев, Біләл Сүлеев, Мұстақым Малдыбаев, Ахмет Маметов, Мәннан Тұрғанбаев, Жиенғали Тілепбергенев тәрізді бірқатар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері бітірді. Олар аталмыш медресе қабырғасында жүріп «Садақ» қолжазба журналын шығарды, сол арқылы халқын білім мен өнерге үндеді.

Алайда, осы алғашқы қазақ оқығандарынан басқа, кеңестік дәуірде ұлттық интеллигенцияның коммунистік көзқараста тәрбиеленген жаңа бір буыны өсіп қалыптасқанын айтуға тиіспіз. Өкінішке қарай кеңестік саясат оларды әлеуметтік-таптық тұрғыда бір-біріне қарсы қоюға барынша тырысып бақты. Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу кезеңдері туралы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов 1926 жылдың 2 маусымындағы «Советская степь» газетінің №123 санында басылған «Из прошлого казахской национальной интеллигенции» мақаласында сонау 1905 жылдың өзінде-ақ Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының отарлық езгіге қарсы



## ШӘКӘРІМТАНУ

«Қарқаралы» петициясын қабылдап, Ресейдегі ең ірі саяси күш болып саналатын кадет партиясының қазақ бөлімшесін құрғанын, одан кейінгі уақыттарда «Серке», «Айқап», «Қазақ» газет-журналдары арқылы халықты білім мен мәдениетке үндеп, ұлттық сана сезімін оятуға ұмтылғанын айтады. Және де батысшылар туралы: «С 1913 г. по 1916 г. движение казахской националистической интеллигенции ширится и получает известное оформление путем организации повсеместно разных культурных кружков и т.п. После Февральской революции эта националистическая интеллигенция организуется уже в политическую партию «Алаш», а газета «Казах» становится главным органом этой партии. К этому времени, кроме газеты «Казах», появляются и другие газеты и журналы, из которых можно отметить следующие: «Сары-Арка» (Семипалатинск), «Бирлик туы» (Ташкент) - главный орган туркестанского отделения «Алаш-Орды», начатый Чокаевым, «Уран» (Астрахань), «Жас азамат» (Петропавловск) и «Абай» (Семипалатинск). Все эти газеты и журналы придерживались линии газеты «Казах» и были ее отделениями» дейді. Бұл арада алғашқы қазақ оқығандарын «ұлтшыл буржуазияшыл интеллигенция» немесе «алашордашыл, байшыл интеллигенция» деп ресми түрде атау кеңестік заманда тағылған саяси айыптаулар болды. 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессиялау кезінде мұндай қатал айыптауға іліккендер «халық жауы» ретінде аяусыз атылып тасталып отырды. 1930 жылдардан КСРО Қылмыстық істер Кодексінің 56 және 58 баптарының тармақтары бойынша арнайы «халық жауы» деген саяси термин кеңінен қолданыла бастады.

Егерде тарихи деректерге жүгінсек, осы Алаш ұлт-азаттық қозғалысының негізгі саяси жетекші күші қазақ оқығандары екенін көреміз. Әрине, олар әлеуметтік шыққан тегі жағынан әртүрлі топтың өкілдерін құрады. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында «Ұлы қазақтар!» дейтін бұл Алашорда қайраткерлері, ақиқатында, «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді». Мысалға Алашорда үкіметінің құрамын алып қарайық. Бәрі де жоғары білімді заңгер, экономист, мұғалім, дәрігер секілді тағы басқадай мамандар-тын. Бір атап өтерлігі, олар жай ғана қарапайым мамандық иелері емес, сол уақыттағы сарабал саясаткерлер, топ бастаған көсем-шешендер және айтулы ақын-жазушылар, ғалымдар еді. Айталық, «Ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов (оқымысты-ғалым, Ресей Конституциялық демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, I және II Мемлекеттік Думаның депутаты), Ахмет Байтұрсынов (ақын, аудармашы, лингвист, «Қазақ»

газетінің редакторы), Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтер және басқалары – негізінен Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы мен Орынбор жоғары оқу орындары, училищелерінің түлектері. Көрнекті мемлекет қайраткері, математика профессоры, Алаш қозғалысына қатысушы Әлімхан Ермековтың деректеріне қарағанда, Әлихан Бөкейханов Ленинмен бірге Санкт-Петербург университетінің заң факультетін өз бетінше бітірген, бірнеше шет тілін білген, сөйтіп жиырма төрт жасында жоғары білімі жөніндегі екі дипломға (бірі Орман институты) ие болған керемет білімді жас, Санкт-Петербургтегі марксизм теориясын терең білетіндердің бірі ретінде атағы шыққан». [Аққұлұлы С. Алаш-Орда қасіреті. «Юридическая газета». №33-36, 1995]

Алаш тілегіндегі Шәкерім Құдайбердіұлы да өз дәуірінің ұлы тұлғасы болды. Арнайы оқу орнын бітірмесе де, ғұлама ақын араб, түрік, парсы және орыс тілдерін жетік білді. Данышпан ағасы Абайдың ақылымен білім іздеп Араб еліне барған сапарында әуелі түріктің астанасы Стамбұлдың кітапханаларында он үш күн грек және батыс ойшылдары, сондай-ақ шығыс әдебиеті жауһарларымен танысып, өзін толғандырған діни әрі заманауи сауалдарға жауап іздеді. Сол жолғы жинақтаған білім-ілімін елге келген соң Алаш игілігіне жаратып, бірқатар аса құнды әдеби мұралар қалдырған болатын. Осы орайда өткен ғасырдың алғашқы ширегінде Семейде Алашорда үкіметі тұсында ұлтына қалтқысыз қызмет еткен қазақ оқығандарына тоқталып өтсек деймін.

Семей, ол уақытта да қазіргідей ұлы Абай мен оның дарынды шәкірттері, қазақтың тұңғыш шығыстанушы ғалымы Шоқан Уәлиханов, орыстың көрнекті ағартушы-демократтары Ф.Достоевский, Н.Долгополов, Е.Михаэлис, Н.Коншин, Б.Герасимов және тағы басқалардың ұлағатты ізі қалған үлкен мәдени-рухани орталық еді. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов 1917 жылғы төңкерістер кезіне дейін-ақ «Қазақ» газетіндегі «Оқушыға жәрдем қауымы» мақаласында еліміздің келешегі оқыған білімді жастарға жер-жерде арнайы көмек көрсететін Жәрдем қауымдарын құру керектігін айта келіп, «Менің білуімше, ондай қалалар Семей, Троицкі, Оренбург. Оренбургта іргелі қазақ аз. Мұндағы қазақтың бәрі оқудағы жастар. Закон жолында бұлар қауымға ағза бола алмайды. Қауым басқарушы 4-5 кісі де Оренбургта табылар ма екен. Ахмет, Міржақып, бір-екі переводчик болмаса, Оренбургта оқушылардан басқа қазақ жоқ. Ахмет, Міржақыпқа газета да жетер. Оренбург бұлай болған соң анау айтылған екі қала қалады. Бұлардың аталмыш қауымның бас басқармасын ашуға қолайлысы Семей. Мұнда қазақ та, басқа мұсылмандар да көп, оқыған басшы боларлық жігіттердің де басы құралулы. Оқудағы жастарға Жәрдем қауымын ашуды

## ШӘКӘРІМТАНУ

Семей жігіттері ізденіп ашқаны жөн» деп жазған екен.

Әлекең айтқандай, шын мәнінде ұлы төңкерістер қарсаңында ғұлама Шәкерім бастаған данышпан Абайдың зиялы балалары Кәкітай, Турағұл және Әнияр Молдабаев, Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Жақып Ақбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтар, Сәбит Дөнентаев, Мұстақым Малдыбаев, Тайыр Жомартбаев, Халел Ғаббасов, Биахмет Сәрсенов, Әлімхан Ермеков, Ахметжан Қозыбағаров тәрізді тағы басқа қазақ оқығандары осы қасиетті Семей қаласында бас қосып шоғырланған еді. Сол себепті, 1917 жылдың желтоқсан айының соңында Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезінің бірден жаңа құрылған «Алашорда үкіметінің уақытша тұрағы Семей қаласы болсын» деп қаулы қабылдауы тегін болмаса керек. Азаматтық қарсыласу жылдары мұнда Алашорда үкіметі жұмыс істеп, бұрынғы Заречная слободка елді мекені Алаш қаласы болып аталды. Ал осы Алаш қаласында Семей уездік Земствосы, Алаш қалалық Думасы, Алаш қалалық Кеңесі тәрізді қоғамдық-саяси мекемелермен қатар «Абай» журналы және «Сарыарқа» газетінде көптеген білімді қазақ оқығандары халық игілігіне адал қызмет етті. Семей қазақ педагогикалық училищесі (бұрынғы мұғалімдер семинариясының негізінде), ауыл шаруашылығы техникумы, Алаш бастауыш мектептері секілді бірнеше жаңа оқу ошақтары ашылып, ұлттық білім беру жүйесінің берік іргетасы қаланды. Әйгілі тіл ғалымы-әдебиетші Ахмет Байтұрсыновтың өзі бас болып, Алаштың бір топ зиялылары қазақ оқулықтарын жазып шығарды. Сауатсыздықты жою жұмыстарына жұмыла қатысып, қараңғы халықтың санасын оятты. Ұлт мүддесіне қатысты мұндай істерден, жалпы Алашым деген көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың бірде-бірі шет қалмады. Мысалы, Алашорда үкіметіне Жақия қажы Бейсекұлы, Мұхаметхан Сейітқұлов,

Қаражан Үкібаев, Ике Әділов, Беккожа Құлғарин, Ахмәди Оңалбаев, Жанғали Алдоңғаров сынды Семейдің ауқатты адамдары үнемі материалдық-рухани жағынан қолдап көмектесіп тұрды. Алаш оқығандарының айырықша еңбегі 1920 жылы тамызда Қазақ АКСР-ін құруға белсене қатысуы болды. Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ оқығандары дербес ұлттық мәдени автономияға қол жеткізе алмаса да, қазақтың алғашқы кеңестік үкіметін құруға негіз қалап берді.

Осы қазақ оқығандары кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде Алаш ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқандықтары үшін жаппай қуғынға ұшырады. Алашорда басшысы Әлихан Бөкейханов айдауылмен Мәскеуге үй қамаққа әкетіліп, ғұлама ақын Шәкерім Шыңғыстауда жазықсыз атылды. Жалпы, сол кездегі зиялы қазақ оқығандары 1927 жылдан басталып, 1930 жылдармен жалғасқан, ақырында 1937-1938 жылдармен келіп аяқталған сталиндік үш бірдей қанды қырғынды бастан кешті. Басқаны былай қойып, тек 1938 жылдың 25 ақпанынан 13 наурызына дейінгі екі аптаның ішінде елімізде Қазақстан НКВД-сының жанындағы үштіктің шешімімен 631 адам ату жазасына кесілді. Олардың арасында Санжар Асфендияров, Сүлеймен Есқараев, Құдайберген Жұбанов, Темірбек Жүргенов, Сейітқали Мендешев, Айтмұхамет Мусин, Жанайдар Сәдуақасов, Сәкен Сейфуллин, Қайсар Тәштитов, Ғаббас Тоғжанов, Сұлтан Есқалиев, Ілияс Жансүгіров, Жұмат Шанин, Хамза Жүсіпбеков тәрізді қазақтың бетке ұстар атпал азаматтары болды. Сталиндік қырғынның соңғы бір жылының өзінде-ақ, іс жүзінде Қазақстан үкіметі барша игі жақсыларынан түгелдей дерлік айырылып қалды. Сол сияқты Шәкерім қажы айтқан Алашорда үкіметі тұсындағы Семей зиялыларының тағдыры да осылайша қайғылы аяқталды.



## ШӘКӘРІМТАНУ



*АҒАЛИЕВА НҰРГҰЛ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Павлодар қаласындағы Инновациялық Еуразия Ұлттық Университетінің аға оқытушысы. Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен қазақ әдебиетінің тарихы, шәкәрімтану мәселелеріне арналған. Ғалым Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы жылда өткізетін дәстүрлі республикалық ғылыми-практикалық конференция «Шәкәрім оқуларына» қатысып, өз ойларын ортаға салып келеді. Автордың «Шәкәрім өлеңдерінің жанрлық сипаты» мақаласы поэзияның жанр мәселесіне арналған.*

### ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Шәкәрімнің өлеңдері жанрлық-көркемдік табиғаты жағынан жан-жақты болып келеді. Ақын қазақ поэзиясының жанрлық түрін дамыта жаңа бағыттар ашқан. Шәкәрім өлеңдерінің жанрлық түрлерін атап айтсақ, мысалы табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, элеуметтік лирика, азаматтық лирика, сондай-ақ, философиялық лирика болып бөлінеді. Ақынның өлеңдерін айқын бір жанрға жатқызғанымызбен, онда басқа да жанрлық түрлердің көрініс табуы мүмкін. Ол суреткердің қалам қарымын байқатады. Мысалы, Шәкәрімнің «Жаз ауысып, күз болды...» - деп басталатын бес шумақты өлеңіне назар аударайық. Өлеңде күзгі мезгіл бейнеленген:

Жаз ауысып, күз болды,  
Өлемді басты басқа түр.  
Шөп қуарып, гүл солды,  
Мұнайып, кейіп бұлбұл жүр.

Осы жолдар күздің келгенінен хабар беріп тұр. Шәкәрім «Өлемді басты басқа түр» дейді. Сарғайды, немесе, тағы басқа деп детальға тоқталмайды. Басқа түрге енді дейді, сол арқылы мың сан өзгерісті жеткізіп тұр. Күз Шәкәрім лирикасында өзгеріске ғана назар аударылмаған, одан терең мағына берген. Күзді тамашалау жоқ, оның артындағы қыстың ызғарын сездіру бар. «Шөп қуарып, гүл солды» дейді. Тіршіліктің бір айналымы өз циклін тоқтатқанын ескертеді. Бұлбұлдың «кейіп, мұнайуы» сонда жатыр. Таңғы мезгілде оны гүлдің хош иісі қарсы алмайды. Ақын келесі шумақта ойын одан ары қарай тереңдетіп әкетеді:

Жан-жануар жабығып,  
Жердің жүзі өңсіз, сұр.  
Қабағы түсіп, қамығып,

Бәрі өлімді күтіп тұр.

Күз осы өлеңде өмір мен өлімнің арасындағы аралық кезең ретінде суреттелген. Өлең жанрлық табиғаты жағынан табиғат лирикасына жатады. Дегенмен, философиялық сарын да жоқ емес. Сол сарынның түйіні үшінші шумақта шешімін тапқан:

Мейлі жәндік, мейлі шөп,  
Тіршіліктің бәрі бір,  
Өмір үш-ақ буын боп:  
Қуан - суал - көрге кір.

Табиғат лирикасындағы философиялық сарын дегенде осы өмір мен өлім туралы мәселені айтып отырмыз. Сондықтан өмір сыры, табиғат тылсымы құпиясы көп ерекше әлем, терең оймен тыңдамасаң оның мәнін ешқашан түсінбейсің дегенге саяды. Осы ой келесі шумақтарда кең таратылып, анық айтылған:

Мисыз құлақ тындаса,  
Мылжындаған бұл бір жыр.  
Ақылға салып шындаса,  
Ашылды, міне, анық сыр.  
Өлемнің сыры ашылса,  
Асқақтамай бойың бұр,  
Аптыққан жүрек басылса,  
Араққа мас бол, жатпа, тұр!...

Ақын күздегі мезгілдің бейнесін ашу үшін тілдік жағынан келгенде -ып, -іп жұрнақты көсемше тұлғасымен берген етістікті тіркестер арқылы жұмсайды. Мысалы, жаз ауысып, шөп қуарып, бұлбұл мұнайып, жан-жануар жабығып, қабағы түсіп, қамығып. Ақын мисыз құлақ, мылжындаған жыр тәрізді ауыспалы мағынада келген зат есімді тіркестерді айтар ойына сәйкес қолданған. Сол сияқты ақылға салып шындау,

## ШӘКӘРІМТАНУ

әлемнің сыры ашылу, аптыққан жүрек басылу тәрізді экспрессивтік бояуы қалың нағыз ауыспалы мағынада жұмсалған егістік тіркестерді пайдаланған. Суреткер өмірдің өзі үш-ақ буыннан тұратындығын беру үшін қуан - суал - көрге кір түрінде келген егістіктің формаларын пайдаланған. Шәкәрімнің өлеңдерінің жанрлық диапазоны кең екенін лириканың жанрлық түрлерінің барлығында қалам тербегені көрсетеді. Мысалы, Шәкәрімнің «Дін» деген өлеңі бар. Ақынның осы өлеңі «Жер жүзіне қарасам...» деген жолдармен басталады. Біз, бұл өлеңді жанрлық табиғаты жағынан діни лирика деп танимыз.

Жер жүзіне қарасам,  
Неше түрлі халық бар.  
Дін, иманын санасам.  
Мыңнан артық анық бар.

Жер бетінде діннің көптігі өлеңге арқау болған. Өлең он бір шумақтан тұрады. Шәкәрім өлеңінде діннің көптігі, оның Адам баласының өміріндегі орны туралы ой толғайды. Егер анық білмесе адамзаттың адасатынын атап айтқан. Мәселен, Жаратушыны Жар деп алып оны танып түсінудің қиын екенін өлеңмен жеткізген:

Жардың шашы сансыз көп,  
Ол санауға келмей тұр.  
Анық нұры осы деп,  
Әркім бір тал ұстап ұстап жүр.

Міне соны Шәкәрім көркем сөз өнері тілімен ерекше бейнелеп берген. Адамның, адамзаттың осы жолдағы ізденісін «жас қозының» қимылына ұқсатып, дәл бейнелеген: «Жас қозыдай болып тұр, Білсек мұның мысалы, Қолтық, шабын түртіп жүр, Анық соған ұқсады». Жаратушының барлығы хақиқат, соған жету жолы тарамдалып кеткенін бейнелеген: «Хақиқаттың тарауы, Түгел жетпей қалмайды. әртүрлі боп қарауы, Көбі анықтай алмайды». Осы өлеңді Шәкәрімнің: «Ақ жүректі ертерек, Ескер-дағы қыл әдет!», – деп терең түйінмен аяқтайды. Шәкәрімнің «Талап деген бір жүйрік ат секілді», деген он үш шумақты өлеңі бар. Бұл өлең жанрлық табиғаты жағынан философиялық лирикаға жатады. Өлеңге ақын «Талап пен ақыл» деген тақырып қойған. Шәкәрім өлеңінде адамның көптеген қасиеттерін осы талаптан өрістеткен. Ақын талаптың сипаты ақылмен астасқанда толық ашылатынын бейнелеген. Ақылсыз талап бас білмес тұлпар сынды. Шәкәрім осы өлеңі:

Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,  
Бабын таппай мінгенді қылар жынды.  
Тауға ұра ма басынды, тасқа ұра ма,  
Ал енді оған кісі қайтп мінді?

Құр талап аз екен, оған бабын тауып мінген жөн.  
Енді талаптың бабын таппасаң «мінгенді қылар жынды» дейді. Талап ақылдың айтқанымен жүрсе тауға да, тасқа да ұрынбасы анық. Әйтпесе, «тауға ұра ма басынды, тасқа ұра ма» әйтеуір жынды қылары анық. Ал жаңағы айтқан ақылға сүйенсе, онда талапқа алынбас қамал жоқ:

Талап шықса ақылға мініп алып,  
Жақсы, жаман - бәріне бірдей салып.  
Анық ақыл адымын аштырмайды,  
Еш нәрсе одан құтылмас жетпей қалып.

Талап шәкірт болса, ақыл ұстаз, сенімді өмірлік серігі. Шәкәрім талапқа алты түрлі нокта тағады:

Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық  
Талапқа алты түрлі нокта тақтық.  
Алтауының ішінде ынсап әділ,  
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық.

Шәкәрім осы өлеңінде ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық сияқты адам бойындағы ізгі қасиеттерге сипаттама беріп шығады. Соның ішіндегі ең әділі Ынсап деп өзгесінің тізгінін соған ұстататынын айтады. Сол ынсаптың болмысын былай бейнейледі:

Ынсап деген аспайды, кем қалмайды,  
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды.

Шәкәрім осы философиялық лирикасында адамның адамдық қасиетін талап арқылы келіп ашқан. Адамның әрбір асыл қасиетін поэтикалық тілмен бейнелеген. Мәселен, рақымнан қаттылық шықпайды, ар деген – адамшылық дейді, одан намысты өрістетеді. Осылайша адамның асыл қасиеттерін бейнелеген. Адамның адамдық бейнесін айқындайтын осы ізгі қасиеттер екенін, олай болмағанда дүниенің бүлінетінін Шәкәрім өлеңнің түйін шумағында қортындылап берген:

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,  
Анық төмен болмай ма хайуаннан.  
Ынсап, рақым, ар, ұят табылмаса,  
Өлген артық дүниені былғағаннан!

Шәкәрімнің философиялық лирикасының түйін үкімі осы. Шәкәрім көркем поэзияда адам бойындағы түрлі қасиеттерін ұғым-бейнеге түрінде суреттеп, ұлттық сөз өнерінде философиялық лирика жанрын жаңа өрістерге шығарды.



*МӘМБЕТ ҚОЙГЕЛДІ, көрнекті ғалым, алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан тарихшылар қауымдастығының төрағасы. Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ тарихы мен мәдениеті кафедрасының меңгерушісі. Қазақ интеллигенциясының XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси қызметін зерттеумен шұғылданады. Алаш қозғалысы тарихына Отандық ғалымда жаңа көзқарас қалыптастырды. 500 жуық ғылымтанымдық мақалалардың, оннан астам іргелі ғылыми еңбектер мен монографиялардың авторы. Ғалымның «И.Сталин және Қазақстан» атты мақаласын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.*

### И.СТАЛИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Жаңа ғана саяси билікке келген большевиктер партиясының алып империядағы ұлтаралық қатынастарды шешу әрекетін келген балташының күйімен салыстыруға болар еді. «Лес рубят - щепки летят»\*. «Ағашты шапқанда, жаңқасы ұшады» деген. Кеңес Үкіметінің құрамында Ұлт істері бойынша комиссариаттың белгіленіп, оның басшылығына грузин И.В.Джугашвили - Сталиннің тағайындалуы большевиктердің көпұлтты мемлекеттегі ұлтаралық қатынасты игеріп, бір ізге салуға ұмтылысының болатын көрінісі В.И. Ленин енді ғана Ұлтхалкомдағы Комиссарлық қызметін бастаған И.Сталинді ауыстыра алатын басқа адам жоқ деп білді. Сөйтіп Кеңестер Үкіметінің ұлт саясатының мазмұны мен бағыт-бағдарын, жұмыс механизмін анықтау көзінде ұлт істері бойынша комиссар И.Сталин тұрды. Кейінірек бұл комиссариат оның ұсынысымен жойылғанымен, И.Сталин өмірінің соңына дейін бұл саясатты бағыттауды өз қолынан шығарған емес.

Басқаша айтқанда, кеңес үкіметінің ұлт ісіндегі саясатының «архитекторы», яғни теориялық негіздері мен практикалық мазмұнын анықтаушы И.Сталин болды деп айтуға негіз жеткілікті.

Большевиктер партиясы билікке империядағы ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеу сәтінде келді. Ал қазақ қоғамындағы бұл қозғалыстың негізінде жер үшін күрес, яғни орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы қазақтарды құнарлы жерлерінен ығыстыруды тоқтату және ұлтқа өзін - өзі басқару мүмкіндігін беру сияқты іргелі талап-тілектер жатты. Анығырақ айтқанда, мұндағы азаттық қозғалыс таптық мазмұн емес, ұлттық сипат алды.

Билікке келген большевиктер партиясының ұлт мәселесінде нанымды бағдарламалық ұстанымы болған емес. Партия көсемі В.И. Ленин билік үшін күрес барысында Ресейді «халықтар абақтысына» теңеп, отарлық тәуелділіктегі аз ұлттардың өздерін - өздері билеу құқын мойындайтындықтарын ашық мәлімдеді. Өмірлік тәжірибе көрсетіп бергеніндей бұл саяси билікті алғанға дейін айтылған уәде еді, ал билікті алғаннан соң ұлттардың өздерін-өздері билеу құқы оның тек еңбекші бұқара бөлігіне ғана тиесілі «құқық» болып шықты.

Сонымен бірге большевиктік басшылықтың империя құрамындағы ұлттардың өз мемлекеттігін құра алу құқына қатынасы да біркелкі болған жоқ. Мәселен, ол октябрь революциясы жеңген бетте Польша пен Финляндияның мемлекеттік тәуелсіздігін бірден мойындады. 1922 жылы Кеңестік Республикалар Одағы құрылғанда Украина, Белоруссия және Кавказ сырты республикаларына федеративтік негізде одақ құрамына ену құқы берілсе, мұндай құқық татар, башқұрт, Орта Азия халықтарына берілмеді. Олар автономиялық құрылымдар түрінде Ресей Федерациясының құрамына еруге тиіс болды. И.Сталин тікелей В.И. Лениннің қолдауымен міне осы саяси курсты теориялық тұрғыдан негіздеуші және оны практикалық жағынан өмірлік шындыққа айналдыру ісін тікелей жүргізуші тұлға міндетін өз мойнына алды.

Кеңес үкіметінің ұлт істері бойынша комиссары қызметіндегі И. Сталиннің Қазақ қоғамына қатысты істермен жақынырақ таныса бастауы 1918 жылдың наурыз айынан басталады. Осы жылдың наурыз айының ортасында Алашорда үкіметінің тапсырмасымен Кеңес үкіметі басшыларына 2-ші жалпықазақ съезінің

## АЛАШТАНУ

шешімдерін жеткізу үшін Оралдан Мәскеуге Халел және Жаханша Досмұхамедовтар келеді. Азамат соғысының босағасында тұрған Кеңес Үкіметіне қазақ автономияшыларымен ымыраға келу аса маңызды еді. В.И. Лениннің тапсыруы бойынша И.Сталин 19 наурыз күні Семеймен (Алашорда) телеграф арқылы хабарласып, Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Халел Ғаббасовпен келіссөз жүргізеді. Кеңес Үкіметін атынан сөйлеген И. Сталин 2-ші жалпықазақ съезі қабылдаған шешім мен «Ресей халықтарының құқығы туралы декларацияның» (1917 ж. 3 қарашада қабылданған) өзара үндес екендігін мәлімдеп, осы жағдай Кеңес өкіметіне Алашорданы мойындауға негіз болатындығын білдіріп, өз ретінде Алашорданың Кеңес өкіметін мойындауын талап етеді. Алашорда Кеңесі Сталиннің ұсынысын талқылап, 1918 жылы 21 наурызда «Совет өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі» ретінде мойындайтындығын білдіріп, өз ретінде «жалпықазақ -қырғыз съезінің қаулысы бойынша тоқтаусыз Алаш автономиясын» жариялайтындығын мәлімдейді (1).

Міне осы берген жауабында Алашорда Кеңесі Алаш автономиясы құрамына енетін облыстар мен уездерді атайды. Қазақ мемлекетінің территориялық ауқымын анықтау ісінде бұл құжаттың маңызы зор еді. Сондай - ақ жауап тексінде Алашорда өкіметі тек қазақ ұлтының ғана емес, барлық қазақстандықтардың өкіметі болатындығы, соған байланысты оның құрамына «қазақтан басқа халықтардан, көбінен көп, азынан аз он кісі» сайланып кіретіндігі, ал «Алаш автономиясында заң шығаратын һәм» ел билейтін үкімет Алашорда» болатындығы, құрылтай жиналысы шақырылып биліктің сипаты анықталғанға дейін советтер Алашордаға «жәрдемші» есебінде міндет атқаратындығы айтылады (2).

Кеңес Өкіметі Алашорданың бұл аталған және басқа саяси ұстанымдарына байланысты ұсыныстарына алғашында түсінгендік танытқанымен, ал іс жүзінде оларды қабыл алды ма? Әрине, қабыл алған жоқ. Өйткені Алашорда ұсыныстарын қабыл алу шын мәнінде қазақ елінің ұлттық мемлекеттілік құру құқын мойындаумен бірдей еді.

Осы жылдың 28 науырызы күні Мәскеуден Семейдегі Қазақ комитетіне И. Сталин мен мұсылмандар ісі бойынша комиссар М. Вахитов қол қойған жеделхат келіп жетеді. Хатта Мәскеудегі Ұлт істері Халық Комиссариаты жанынан қазақ бөлімі ашылатындығы, міне бөлімде қызмет атқаруға өкілдер жіберу ісі алғашында Алашорда үкіметіне жүктелгендігін 29 наурыз күні Семейге Х. және Ж.Досмұхамбетовтар да растайды (3).

Тарихи деректер Кеңес өкіметіне Алашорда

өкіметімен ара қатынасын араға 5-6 күн салып-ақ түбегейлі өзгеріске ұшырағандығын айғақтайды. Мұндай бетбұрыстың себебін түсінуге болады. В.Ленин мен И.Сталин басқарған билікке қазақ еліндегі басшылықты «буржуазиялық-ұлтшылдарға» беруге болмайтын еді. Ұлт істері бойынша комиссар И. Сталиннің ендігі уақытта ықыласы қазақ ұлт-азаттық шынайы қозғалысының еркін білдіруші Алашорда өкіметіне емес, азаттық қозғалыстан мүлдем алыстағы, тіптен оның басшыларымен дұрдараз Ә. Жанкелдин, К.Тоғысов, М. Тұнғачин сияқты кісілерге ауды.

И.Сталин 1918 жылы 7 сәуірде Кеңес өкіметінің Торғай облысындағы комиссары Ә.Жанкелдинге жолдаған жеделхатында орталық биліктің бұл ұстанымын былайша негіздеді: «Буржуазиялық-ұлтшылдық ұстанымындағы топтар автономияны өз бұқарасын қанау құралына айналдыру үшін талап етіп отыр. Сондықтан да олар орталық кеңестің билікті мойындаумен бір мезгілде жергілікті советтерді мойындағылары жоқ және ішкі істеріне араласуға қарсы». (4)

Орталық билікке Қазақстанды басқару ісіне кімдердің керек екендігін жақсы түсіне қойған Ә.Жанкелдин алаштық топқа қарсы күресте өзіне одақтас бола алады деген үмітпен бұрынғы Торғай облыстық губернаторы жанындағы татар және қазақ басылымдары бойынша цензор қызметін атқарған Мұхамедияр Тұнғачинді Мәскеудегі қазақ бөлімінің меңгерушісі қызметіне ұсынған еді. Бұл ұсынысты қабыл алған И.Сталин 1918 ж. 11 мамырдағы бұйрығымен М.Тұнғачинді Ұлт істері бойынша Халық Комиссариаты жанындағы Қазақ бөліміне меңгеруші етіп тағайындады (5).

Бұл арада И.Сталин М.Тұнғачиннің сұлтандық шыққан тегі, атқарған шенеуніктің қызметі соншалықты қызықтыра қойған жоқ еді.

И.Сталиннің қазақ азаттық қозғалысына қарсы ұстанымын тағы да бір мынадай фактіге байланысты айтып өткен артық емес. Қазақ арасында өзінің күмәнді әрекеттерімен аты шыққан Көлбай Тоғысов 1918 жылы 21 сәуірде В.Ленин мен И.Сталин атына жолдаған жеделхатында «Совет үкіметінің платформасында тұрған және онымен қол ұстасып келе жатқан» «Үш жүз» деген социалистік бағыттағы партия құрғандығын, оның «кадет Бөкейханов басқаратын буржуазиялық «Алаш» партиясына қарсы» екендігін білдіреді (6).

И.Сталин тез арада Ә.Жанкелдинді телефонға шақырып: «Менімен Көлбай Тоғысов сөйлесті, ол «Үш жүз» газетінің редакторы, сонымен бірге алашордашылар партиясына қарсы «Үш жүз» партиясын құрушы.

Осы партия бізге жақынырақ деп ойлаймын. Онымен байланысып, бұл өзі қандай партия және

## АЛАШТАНУ

Тоғысовтың кім екенін білген жөн. Егер бұл партия шынымен, де Алашордаға қарсы әрекет жасап, бізге жақындығын танытып отырса, онда оны өзімізге тарту керек» деген ұсыныс жасайды (7).

Ал шын мәнінде қазақ қоғамы мойындаған «Үш жүз» партиясы туралы айтуқыи еді. 1917 жылдың соңында болып өткен Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттар сайлау барысында «Үш жүз» атынан түскен кандидаттар Алаш партиясы атынан ұсынылғандардан анағұрлым өз дауыс жинап, ойсырай жеңілген еді.

Қорыта айтқанда, кеңестік орталық билік, оның ұлт істері бойынша комиссары 1918 жылдан бастап-ақ «буржуазиялық-ұлтшылдармен» күрес ұранын жамылғы етіп, шын мәнінде қазақ ұлт - азаттық қозғалысын басып жаншу жолына түсті. Ал бұл жолда олар «шайтанмен» болса да тіл табысуға даярлықтарын байқатты.

В.И.Ленин мен Сталин өкіметінің бұл ашық жүргізіп отырған ұстанымының әділетсіздігін тура түсініп, оған қарсылығын ашық білдірген тұлғалар орыс демократиясының арасында да аз емес-тін. Сондай билік үшін қолайсыз тұлғалардың бірі Тимофей Иванович Седельников (1876-1930) болды. Шыққан тегі - Орынбор қазағы, мамандығы - жер өлшеуші Т.И.Седельников 1905 жылы «Борьба за землю в Киргизской степи и колонизационная политика правительства» аталатын еңбек жазып, онда өкіметтің қоныстандыру саясатын ымырасыз сынға алып, сол үшін «сенімсіз» ретінде танылып, артын ала Мемлекеттік думаға депутат болып сайланып, думада ол сібірлік депутаттардың қолдауымен қазақ жерін қарқынды отарлауға байланысты жергілікті халықтың жер тапшылығына ұшырап отырғандығын баяндап, 53 депутаттың қолы қойған мәлімдемені Дума төрағасына тапсырады (8).

Т.Седельников орыс отаршыларына ұнай қоймайтын бұл ымырасыз мінезін кеңестік билік тұсында да байқатады. 1920 жылы Қазақстандағы жоғарғы билік Қазақ әскери-революциялық комитетінің мүшесі бола жүріп ол орыс «бонапартизміне»\* ымырасыздық танытып, нақты іс-әрекеттерімен көзге түседі. Түрлі басқосулар мен ресми жиындарда сөз алған ол жергілікті халықты «ұлы орыс шовинизмі мен империализміне» төзбеуге, оларға қарсы соққы беруге шақырады.

Мұнымен шектелмей Т.И.Седельников 1920 жылы сәуірде В.И.Ленинге «Қазақ Республикасы және қазақ кедейі жөнінде» аталатын атакты хатын жолдайды. Хатында ол «бұрын әрбір губернатор немесе крестьян начальнигінің жергілікті халықтың атынан өкіметтің ұстанымы шеңберінен шықпайтын» арыз-тілектер жолдайтын «өз башқұрттары» мен «өз қырғыздары» болушы еді. Осы «үйреншікті құбылыс» сәл өзгерістермен енді біздің де жергілікті партиялық және советтік

мекемелерімізге жаңғыра бастады. Ал «сенімсіздер» бұрын да қудаланатын, қазір де қудалануда. Егер сен интернационалист болсаң онда орысша ойлап, орысша жазуға міндеттісің, ал партияда жоқ ұлтшылдармен достық құруға ешқандай да құқық жоқ (9).

Міне, осы Т.Седельников В.И.Ленинді Қазақстандағы билікке халыққа және атқарылып жатқан іске жаны ашымайтын «алаяқтарды» тартпай, «халықты тонамайтын интеллигенттерге жол ашуға» шақырды.(10) Өзі А.Байтұрсыновпен бірігіп Қазәскерревкомының қызметіндегі Қазақ ісіне қатысты кемшіліктермен ымырасыз күрес жүргізді.

Т.Седельниковтың мұндай ұлыорыстық шовинизмге қарсы әрекетін Қазақ өлкелік РКП (б) бюросының президиумы өз отырысында арнайы талқыға салып, мынадай баға береді:

1. «Өзінің барлық сөйлеген сөздерінде Седельников таза қазақ ұлтшылдығы тұрғысынан коммунистерге қарсы демократтық үгіт жүргізуде».

2. Партия өкілдері мен жергілікті партия ұйымдарына ұлыорыстық шовинизм мен империалистік ұстанымда тұрсындар деген айып тағып қазақтарды орыстарға қарсы қойып, сол арқылы ұлттық сезімді қоздырып, тіптен кейбір коммунистер «қазақ өшу жолында тұрған ұлт» деп айтты-мыс деген сөз таратуда.

3. Міне осы үгітті жүргізу ісінде ол қазақ ұлтшылдарына және Алашорда өкілдеріне сүйенеді, олармен тұрақты түрде кеңестер өткізеді... Қазіргі уақытта осы мазмұндағы фактілер біраз жиналған және оның Алашордалық ұлтшыл-қазақ тобының жетекшісі ретінде коммунистік ұйымдарға қатынасы біржола анықталып отыр. (11)

Қазақ өлкелік партия ұйымының бюросы Т.Седельниковтың бұл қазақшыл ұстанымын айыптап, мынадай мазмұндағы қаулы қабылдайды.

1. «Т.Седельниковтың үстінен партиялық бақылау орнату қажет деп тағылсын».

2. Орынбор губкомы мен өлкелік партия комитеті бюросы президиумының бірлескен мәжілісі шақырылып, онда Седельниковтан түсінік беру талап етілсін...

3. Седельниковке губком бюросының және ұйымдастыру бюросы президиумының рұқсатынсыз өз бетінше партия және жалпы саяси жиналыстарда сөйлеуге тиым салынсын».(12)

Т.Седельниковтың Қазәскерревком құрамындағы қызметін біржақты қазақ ұлтшылдығы тұрғысынан қарауға негіз жоқ-тын. Мәселен, ол 1920 жылы 26 сәуір күні «жалпы қазақ съезін шақыру туралы» мәселе қараған. Қазревком отырысында Бақытжан Қаратаевқа байланысты сот ісін қозғап, оны

## АЛАШТАНУ

тұтқынға алып, соттап және жер аударуды» талап етеді. (13) Б.Қаратаевтың Қазревком құрамында қалу-қалмауы шешілгенге дейін бұл билік орнының жұмысына қатынаса алмайтындығын мәлімдейді.

Т.Седельниковтың бұл ұсынысын А.Байтұрсынов қолдайды. Осы мәселеге байланысты РКП(б) Қазақ өлкелік ұйымдастыру бюросы өз қаулысында Б.Қаратаев ісі туралы төтеннен мәселе көтергені үшін Т.Седельниковқа қатаң ескерту жасап, оны қолдағаны үшін А.Байтұрсыновты да тәртіпке шақырады. (14)

1920 жылы 26 сәуір кешіндегі Б.Қаратаевқа байланысты Қазревком отырысындағы жанжал кеңестік биліктің қазақ қоғамына байланысты өзара қайшы екіжақты ұстанымының бетпе-бет келуінің көрінісі еді. Оның бір жағында орталықтың «сенімді» өкілдері А.Авдеев, Н.Кулаков сындай-ақ жеке бас мүддесі үшін ревком құрамындағы коммунистер мен ымыраға келуге әзір Б.Қаратаев тұрса, екінші жағында жалпы қазақ ұстанымын соңына дейін қорғап, сол үшін де ревкомның құрамынан кетуге әзір Т.Седельников пен А.Байтұрсынов тұрды.

Осы арада көңіл аударуға лайық нәрсе басында И.Сталин тұрған орталық билік Қазревкомдағы А.Байтұрсынов пен оның патшалық кезеңнен бергі қарсыласы Б.Қаратаев арасындағы егес те соңғысы жағын қолдады.

Қазэскерревкомның 1920 жылы 4 мамырдағы (№24 хаттама) шешімі мен Т.Седельников бұл билік орнының құрамындағы қызметінен босатылды. (15) Қазэскерревкомының бұл шешімі Мәскеудегі халком кеңесі бекітті. (16) Сонымен бірге, Т.Седельниковтың Қазревкомның мүшесі Б.Қаратаевты «пара алғандығы және қызметін асыра пайдаланғандығы үшін» жауапқа тарту туралы ұсынысы кешігіңкіреп болса да орындалған еді. Осы жылғы 28 шілдеде Жымпиты ревкомының шешімімен Б.Қаратаев тұтқынға алынды. (17)

Сонымен азамат соғысы жағдайында қазақ ұлт-азаттық қозғалысымен ымыраға баруға мәжбүр болған. Кеңес үкіметі Қазэскерревкомының құрамына А.Байтұрсыновты төрағаның орынбасары ретінде енгізе отырып, сонымен бірге мүшелікке кезінде қозғалысқа қарсы ұстанымымен танылған М.Тұнғачин және Б.Қаратаев сияқты кісілерді алуы әрине кездейсоқ емес-тін. Мұндай шешімнің арғы жағында қазақ ұлт-азаттық қозғалысын біртіндеп әлсіретіп, ең ақыры біржола сөндіру мұраты жатты.

Сонымен бірге, осы мезгілде-ақ ұлттық мүддеге қарсы түрлі ағым және күштердің өзара мақсатты жұмыс істеу әдіс-айласы да қалыптаса бастаған еді. Мәселен Б.Қаратаев Т.Седельниковтың жалпы қазақ съезін шақыруға байланысты ережесін «ұлтшылдық сипатта жазылған, советтік биліктің ұстанымына қайшы

келетін» құжат ретінде бағаласа, (18) өз кезегінде Қазэскерревкомының мүшелері А.Авдеев пен Н.Кулаков Мәскеудегі С.Пестковскийге жолдаған хаттарында Т.Седельников пен, А.Байтұрсыновқа қарсы ұстанымдағы Б.Қаратаевты «сенімді» коммунист ретінде мінездеме берді. (19)

Кеңестік биліктің ұстанымын ымырасыз сынға алған А.Байтұрсыновтың хатында Т.Седельниковтың В.И.Ленинге жолдаған хатымен бір мезгілде жазылып, сондай-ақ мазмұн жағынан онымен үндес еді\*. А.Байтұрсынов хатында Қазақстанға байланысты орталық биліктің принциптік мәні бар екі кемшілігін көрсетті: 1) Қазақстанды басқару үшін жіберілген орталықтың өкілдігінің белгілі бір көзқарасы, соған сәйкес жұмыс жоспары жоқ, мұндай жағдай қазақ шындығына қатысты ұстаным мен жоспардың орталықтың өзінде болмауына байланысты; 2) орталықтың жіберген өкілдігі мен жергілікті халықтың арасында өзара сенім жоқ.

Осы жағдайды баяндай келіп, ол қазақтарды бұрынғы патшалық билік тұсындағыдай орталық тағайындаған генерал-губернаторлар арқылы емес, өз елінің мүддесін жеке басының қамына айырбастамайтын, ел сеніміндегі шынайы коммунистер мен ұлт зиялылары арқылы басқаруды ұсынды. (20)

Т.Седельниковтың айтылған сын ескертпелері сияқты, А.Байтұрсыновтың да бұл ұсыныстары ескерусіз қалды.

Алғашқы жылдардан бастап - ақ Мәскеулік Орталық Қазақстанды ерекше назарда ұстады. Оған себепші болған қазақ жерінің аса зор экономикалық потенциалы еді. КСРО-ның экономикалық мүмкіндігі өскен сайын одақтағы Ресей Федерациясы, Украина республикалары сияқты Қазақстанның да үлес салмағы арта түсті. Соған байланысты Орталық Қазақстандағы саяси биліктің ұшын жергілікті халықтың өкіліне емес, өзі тағайындаған наместниктері арқылы қолында ұстады. Ал кеңестік кезеңде саяси билік Республикадағы коммунистік ұйымның бірінші хатшысына тиесілі болды.

Кеңестік жетпіс жылдан астам мезгілде Қазақстандағы саяси биліктің басында қазақ ұлтының өкілдері (М.Мырзағалиев, Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Н.Назарбаев) 34 жыл шамасында отырған. Қазақстанды осы уақыт басқарған жиырма басшының төртеуі ғана қазақ халқының өкілдері болды.

Міне осы кеңестік кезеңде Қазақстанды басқарған төрт қазақ басшыларының біреуінің ғана, яғни Жұмабай Шаяхметовтың басшылық қызметі И.Сталин билігіне тұс келеді екен. Бұл арада әрине, Ж.Шаяхметовтың біраз уақыт (1928-1938) ОГПУ-НКВД жүйесінде белсенді қызмет атқарғандығы есепке алынғандығы ақиқат.



## АЛАШТАНУ

Ондай болмаған күнде И.Сталин Ж.Шаяхметовты Қазақстандағы ең жоғарғы саяси басшылыққа жібермеген болар еді.

Жалпы И.Сталин билігі тұсында қазақ саяси басқарушы тобы арасында республикадағы ең жоғарғы саяси билік басында болуға лайық қайраткерлер аз болған жоқ, олар сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да жеткілікті деңгейде еді. Қазақ ұлтының ұлттық жаңғыру кезеңін басынан кешіргендігі оның бүтіндей бір саяси қайраткерлер шоғырын тарих сахнасында шығарғандығынан анық байқалды.

Империя көлемінде қазақ интеллектуалдары кеңестік кезеңге дейін-ақ поляк, татар, грузин сияқты ұлттардың зиялылары қатарында жүрді, ұлттың күн тәртібінде тұрған ең өзекті мәселелерін теориялық тұрғыдан қорытып, мемлекеттік дума сияқты саяси билік мінберінен қоя білді. Жоғарғы саясатта жүрген И.Сталиннің қазақ зиялыларының мұндай саяси белсенді қызметінен хабарсыз болуы әрине мүмкін емес-тін. Осы ретте оның алаштың ұстанымдағы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Досмұхамедовтармен түрлі себептерге байланысты жүздескендігін, кеңестік ұстанымдағы Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, С.Асфендияров Ж.Мыңбаев сияқты қайраткерлерді қызмет бабында қабылдап, түрлі мәселелерге байланысты пікір алысып тұрғандығын ескерген жөн. Яғни, И.Сталин Октябрь революциясы жеңісі қарсаңындағы империядағы жалпымұсылман және жалпымұсылмандық қозғалыстар арнасындағы қазақ азаттық қозғалысының қарым-қабілетінен жақсы хабардар болғандықтан да пассионарлық ұстанымдағы қазақ басшыларын тежеп ұстауды, сондай-ақ олардың арасындағы ерекше ықпалдыларын тіптен Қазақстандағы саяси басшылыққа жібермеуге баса назар аударды дей тұжырым жасауға негіз жеткілікті.

Татар тарихшысы Б.Сұлтанбеков 1923 жылы тікелей Сталиннің тапсырмасы бойынша басталып кеткен «Сұлтанғалиевтың ісіне» байланысты Орталықтағы «ең жоғарғы билік Сұлтанғалиев ісін ұлттық республикалардың, ең алдымен мұсылмандардың, жетекші тұлғаларын «ықтырып», «жуасытып» алу үшін пайдалану жөнінде шешім қабылданға ұқсайды» 21) деген тұжырымы шындыққа жақын. Өйткені М.Сұлтанғалиев «ісін» қарауға арнайы шақырылған РКП ОК-нің ұлттық республикалар мен обылыстардың жауапты қызметкерлерінің төртінші кеңесіне (Мәскеу, 1923, 9-12 маусым) одақтағы барлық ұлттық республикалар мен обылыстардан 58 адам (олардың 24 ОК-тің мүшелері мен оған кандидаттар) сондай-ақ РКП (б) ОК Саяси бюросының мүшелері мен оған кандидат 11 адамның (сырқат Лениннен және Совнарком төрағасы Рыковтан басқа) 9-ы түгел қатынасады. 22)

Кеңесте Сұлтанғалиев ісі бойынша баяндама жасаған Құйбышевтың айтуына қарағанда Сұлтанғалиевке таңылған айып оның басмашылар қозғалысына қосылып кеткен Заки Валидовпен байланыс орнатуға бағытталған әрекеті еді. 23)

Кеңесте Сұлтанғалиев ісін талқылау барысында келтірілген материалдар ГПУ-дың Х.Петерс басқаратын Шығыс бөлімінің барлық мұсылман республикалары басшылары үстінен (оның ішінде ОК мүшелері, үкімет басшылары да бар) құпия чекистік бақылау орнатылғанын анық байқатқан еді. И. Сталиннің тікелей тапсырмасы бойынша жүргізілген бұл операция «2-ші парламент» аталынды. 24) Құпия «тыңшылар» арқылы алынып ең жоғарғы басшылыққа беріліп отырған бұл мәлеметтердің ішінде бақылаудағы қайраткерлердің жеке адами қатынастары, басқа жағдайда айтылмайтын сөздері, интимдік фактілер де молынан табылатын еді. Баяндамашыдан соң бірінші болып сөз алған Т.Рысқұлов кезінде М.Сұлтанғалиевтен бір емес екі бірдей хат алғанын жасырған жоқ, айтты. Ол хаттарда соншалықты көңіл аударарлық та ештеме жоқ екендігін баяндады. 25) Сонымен бірге ол саясатшылдыққа салынып шығыс республикаларында қалыптасқан нақты жағдайдан жалтарып, З.Валидов пен М.Сұлтанғалиевті айыптауға көшкен жоқ, қайта ол өзіне тән турашылдықпен бұл екі қайраткердің көңіл-күйіне негіз боларлық өмірлік себептердің бар екендігіне назар аударды: «Елдің шығыс бөлігіндегі жағдайға келсек, біз қоғамның шаруалар бөлігін өзімізге біржола қарата алған жоқпыз, өйткені оған жер бермедік. Теміржолда істейтін шығыстық бұқара халық орыс жұмысшыларымен тең жағдайда емес».

«Жетісу облысындағы қырғыз кедейлері жерсіз күйде қалып, олардың үстінен 125 десятина жері бар және 15 батрак жұмсап отырған орыс кулагының жұдырығы төніп тұрғанда ол қырғызға интернационализм деген жақсы нәрсе, сондықтан да совет өкіметіне жақын болған жөн деп қанша айтсам да ол бәрі бір совет билігін әлгі кулактың билігі ретінде қабылдайды». 26)

Қазақстан сияқты республикада ұлтаралық қатынастың шиеленісуіне негіз болып отырған шынайы жағдайға көңіл аударуды талап еткен. Т.Рысқұловтың бұл пікіріне И.Сталин бастаған орталықтағы басшылық құлақ аспады. Керісінше И.Сталин Т.Рысқұловтың "жіберілген қателіктері үшін" кешірім сұрайтындығына сенімді болды. И.Сталин жауап сөзінде «Мен Рысқұловты тыңдадым, оған байланысты мынаны айтуым қажет. Оның сөзі жүректен шыққан сөз емес, шындықтан жалтарудың көрінісі, жалпы оның сөзі ауыр әсер қалдырады... Сөз сұлтанғалиевшілдікпен идеялық, идеологиялық байланыс жөнінде болып отыр. Ал Рысқұловтың Сұлтанғалиевпен ондай байланысы

болды, бұл анық, оны Рысқұловтың өзі де жоққа шығара алмайды», - деді. 27)

И.Сталиннің түсінігінше Түркістан республикасында Т.Рысқұлов сияқты ұлтшылдық ұстанымында тұрған қайраткерлер қатарында С.Қожанов пен А.Икрамов та бар еді. Сондықтан да сөзінде олардың атына арнап «бұлардың екеуі де бүгінгі Түркістан мен патшалық Түркістанның арасында ешқандай да айырмашылық жоқ, тек маңдайшадағы жазу ғана өзгерген, ол Түркістан сол патша тұсында қандай болса қазір де сол күйінде деген пікірде.

Ал егер Түркістан шыныменде патшалық тұсындағыдай отарлық тәуелділікте қалса, онда басшылардыкі тура олай болса, Сұлтанғалиевті біз соттамауымыз керек, керісінше совет жағдайында отарлық тәртіпке ымырашылдық танытқанымыз үшін ол бізді соттауы керек. Егер осының бәрі де рас болса, онда сіздердің өздеріңіздің басшыларға неге қосылып кетпегендіктеріңізді түсіне алмадым?», - деген ойын айтты. 28)

М.Сұлтанғалиевтің абақтыға жабылуы, кейін зерттеушілер бір ауыздан мойындағандай, кеңестік саяси элитаға қарсы жүргізілген репрессиялық шаралардың басы еді. М.Сұлтанғалиевпен жеңіл «есеп айырысқан» И.Сталин өз «күшін» сезіне бастаған еді. Сұлтанғалиевті көпе-көркеу «құрбандыққа» бере салғандықтарын Троцкий, Каменев және олардың сыбайластары кешігіп түсінді. Ендігі кезек кеңестік шындыққа қатысты ашық сыни ұстанымдағы Тұрар Рысқұлов сияқты қайраткерлердікі еді.

Сонымен, жоғарыда баяндалған фактілер кеңестік биліктің бастапқы кезеңде қазақ ұлт-азаттық қозғалысын ашықтан-ашық басып тастау ұстанымында болғандығынан жеткілікті дәрежеде түсінік береді. Биліктің осы ұстанымы кейінгі кезеңдерде өз жалғасын тапты.

Міне, осындай жоғарғы басшылық арасында қалыптасқан ауыр саяси жағдайда Т.Рысқұловтың И.Сталинге жолдаған хаты (1924 ж. сәуір) өмірге келеді.

Бұл құжатты баяндалған фактілерге сол мезгілдегі империядағы саяси оқиғалар мен процестер ағымында караған кісіге мынадай жағдайды ескеру қиынға түспеген болар еді. Біріншіден, хат жазылған 1924 жылы Алашорданың саяси күрес сахнасынан біржола ысырылғандығы тарихтан мәлім. Кеңестік биліктің енді қайтып алаштықтармен өзара ымыраға келу қаперінде де жоқ болатын. Соған байланысты, хатта С. Қожанов сияқты қайраткердің алаштықтармен жақындығына қатысты белгілі бір саяси мақсатта берілгендігін аңғару қиынға түспейді.

Екіншіден, Т.Рысқұловтың И.Сталинге жазған бұл хаты оның саясаттағы соңғы сөзі және ұстанымы емес-тін.

1926 жылы 12 және 14 қараша күндері Мәскеуде Т. Рысқұловтың ұсынысы және басқаруымен болып өткен РСФСР құрамындағы ұлт республикалары мен обылыстарының басшылары (барлығы 49 адам) қатынасқан кеңес өтеді. Ол тарихқа «Рысқұлов кеңесі» болып енді. 31) Кеңеске қатынасқан ОАК мүшелері Кеңестік биліктің ұлттық мемлекеттік құрылымдарға жүргізіп отырған саясатын қатаң сынға алып, кеңестік бұл мәселеге байланысты ұсыныстары мен кезекті 5-нші одақтың ұлттық кеңесті шақыру жөніндегі талабын И. Сталинге табыс етеді. 32)

Кезектен тыс және И. Сталиннің келісімінсіз өткізілген бұл кеңес Т.Рысқұлов бастаған қайраткерлердің сталиндік тоталитарлық режим орнатқан тәртіпке азаматтық қарсылығы болатын. Бұл факті зертеуші мамандар тарапынан осы мазмұнда бағаланған.

\*Т.Седельников орыс «бонапартизмi» деп кеше ғана азамат соғысында революция жеңісін қорғап, енді бейбіт құрылыста өзінің кәсіби даярлығын танытудың орнына «революционер» атағын жамылып, қазақ қоғамын ықтыруға тырысқан кеудемсоқтардың ұстанымын атаған.

\*\*\*Т.И.Седельников хатын «1920 жылғы 23 сәуір, Орынбор қаласы» деп белгілесе, А. Байтұрсынов өз хатын «Мәскеу қаласы, 1920 жылы 17 мамыр» деп белгілеген.

#### Әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 2008, 460-461 б.б.
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты редакторы М.Қ. Қойгелдиев. А., 2004, 1т. 472-482 б.б.
3. «Сарыарқа» газеті, 1918, №35
4. Голощекин Ф.И. Десять лет пройденных и предстоящие задачи. Алма-Ата, 1930, с. 8.
5. Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов М. Казахский революционный комитет. А., 1981, с. 28.
6. Қараңыз: 1917 год. В Казахстане. А., 1977, с.201.
7. Әліби Жанкелдин. Документтер мен материалдар. А., 1975, 47-48 б.б.
8. Қойгелдиев М. Аталған еңбек, 117-150 б.б.
9. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар, 3 т., 1-кітап, 40 б.
10. Сонда, 45 б.
11. Сонда, 45-47 б.б.
12. Сонда 46 б.
13. Протоколы революционного комитета по управлению казахским краем (1919-1920 г.г.). Сборник документов. А., 1993, 96-98 б.б.
14. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар, 3 т., 1-кітап, 46-47 б.б.
15. Протоколы революционного комитета ..., С. 104
16. Сонда, 106 б.
17. Сонда, 118-119 б.б.

18. Сонда, 99 б.
19. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар, 3 т., 1-кітап, 48 б.
20. ҚРПА., 811 қ., 20 т., 568 іс, 46-48 п.п.; История Казахстана. Хрестоматия, Сост.: И. Козыбаев, М. Козыбаев, А., 1994, С.103-107; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар, 3 т., 1-кітап, 59-64 б.б.
21. Тайны национальной политики ЦК РКП. «четвертое совещание ЦК РКП с ответственными работниками национальных республик и областей в г.Москве 9-12 июня 1923 г.». Стенографический отчет. М., 1992, С.6-8
22. Сонда, С.8
23. Сонда С.5
24. Сонда, С.6
25. Сонда, 23-26 б.б.
26. Сонда, 26 б.
27. Сталин И. Сочинения. Т.5., С.304-305
28. Сонда, С.306-307
29. Әнуар Паша - Исмаил Әнуар (1881-1922), 1921-1922 жылдары өз еркімен келіп, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатынасып, жетекші роль атқарған Түркияның мемлекет қайраткері.



*ҚИНАЯТ ШАЯХМЕТҰЛЫ, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, КСРО ағарту ісінің үздігі, Қазақ Білім академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымының кандидаты, профессор. 250-ден астам ғылыми-теориялық, ғылыми-көпшілік және оқу-әдістемелік жарияланымдардың иесі. «Қазіргі қазақ тілі», «Шартарап», тағы басқа монографиялардың авторы. Ғалым Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесіне орай Семейде 2011 жылы өткен «Алаш мұраты және мемлекеттік тіл» атты республикалық конференцияның пленарлық мәжілісінде бас баяндамашы болды. Қазақтың қамы терең байқалған баяндаманың негізгі нұсқасын оқырман қауым назарына ұсынып отырмыз.*

## АЛАШ МҰРАТЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қоғамдық-саяси қозғалыстан «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметіне айналған заманалық құбылыстық қасиетін лайықты түрде тану кезеңіне жетіп отырмыз. Түпкілікті мүддесі бойынша, тұғырнамалық мақсат - мұраты бойынша елдік дербестікті көздеген отаншыл - алашшыл топтың дәуірлік іс-әрекеттерімен қаһармандық қызметтері бүгінгіге ұласа жалғасқандығының жарқын көріністерін ұлықтаймыз.

Тарихи тағдырында «мың өліп, мың тірілген» қазақтың «енді өлмеске» мың бірінші тірілуі - егемендік пен тәуелсіздікке ие болып, жаңа мемлекет құруы. Бақыт ұғымын абсолютті толық дәрежеде білдіретін бұл бостандықтың баяндылығын қамтамасыз ету - имани ізгі тілек. Сол тілектің жүзеге асуы жолында жанқиярлық жүрек лүпілі әркімді жетелейтін күн туды.

Еліміздің қазіргі даму кезеңінде кезегі келген келелі іс - руханият әлемі, мәдениет мүддесі. «Әуелі экономика, сонан соң басқасы» деген жаңа заман үрдісіне сәйкесетін жағдайға Отанымыз еңселеніп, еркін тыныстарлық қуатпен жетіп отыр. Ендігі міндеттердің ең негізгілерінің негізгісі, аса маңыздыларының маңыздысы - қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін қамтамасыз ету.

Өндірісті өрлетіп, шаруашылықты шалқытып, пайдалы кәсіпке кәнігіленіп, «болдым-толдым» дейтіндей жағдайға жетудің шешуші шарты - біртұтас ұлттық лингвосоциум қалыптастыру. Қазақ ұлтының этнобірлігін, сондай-ақ жалпы қазақстандық жұрттың рухани бүтіндігі мен жоғары саяси - әлеуметтік санасын, терең отаншылдық сезімін берік бекітпейінше, ілгерішілдік аңсары толымды болмақ емес. «Бар қазақ - бір қазақ» болуына қоса, «барша қазақстандық та - сол қазақ» болуға тиіс.

Уақыттың осындай терең талабына сайма - сай жауап беру, қоғамның өмірлік сұранысын тудыру және оны барынша қанағаттандыру - әрбір ұжымдағы лауазымды басшының, іс тегігін қолына ұстаған жетекші маманның, қатардағы қарапайым пенденің қастерлі де

абыройлы міндеті, Отан алдындағы қасиетті парызы, Атазандық азаматтық борышы.

Оны әрдайым ойдағыдай орындау, әрине, бүгінгідей өте күрделі жағдайда оңай емес. Әмбеге аян көңілсіз хал, әлбетте, себепсіз қалыптасқан жоқ. Ондаған жылдар бойы арнаулы кәсіби орта білім де, салалық жоғары білім де қазақ тілінде берілмеді. Тілдің **қарым-қатынастық /коммуникативтік/** қызмет арналары азайып, қолданыс аясы тарыла берді. Күнкөрістік есеп көрсеткіштері бойынша ана тілінен орыс тілінің артықшылықтары өскен үстінде өсе түсті. Соны неғұрлым жетік игеріп меңгеру тұрмыстық және мансаптық деңгейлерді көтерудің сенімді мүмкіндігіне айналды. Нәтижесінде, этностың өз ана тілінде ойлауы мен ойды жарыққа шығару қабілеті төмендеді, рухани тоқырау, өзін - өзі жатсыну, өзіне - өзі бөтендікпен қарау, маргиналдану етек алып ұлғая бастады. Үлкендер мен ересектердің психологиясын жасөспірімдер әлденеше есе күшейген күйде қабылдап, ана тілінен біржола қол үзерліктей қашықтауға дағдыланды. Ұлттық негізінен жирене безіну бүркемеленусіз ашық көрініске айналды. Тегінен түңілушілік мәніндегі нигилизм кәдімгілік жағдай дәрежесінде орнығуға бет алды. Қазақ мектебінің оқушылары сабақ шеңберінде ғана ана тілінің туған перзентіне ұқсағандай қалпында көрінеді де, үзіліске қоңырау соғылысымен ана тіліне жатбауыр өгей балаға айналып шыға келеді, орысшалық «рахатына» енеді. Сөйтіп қазақ тілінің ұрпақаралық нәрлендіргіш, дәнекерлестіргіш /аккумулятивтік/ қызметі қатты әлсіреді. Мәңгірттену қатері төніп, апаттық қауіп тақалды. Тумысы жөнінен қазақ болып саналатындардың қырық пайызы қазақтілді еместігі туралы кең тараған жағымсыз дерек - осы құбылыстың айғағы. Кейде осы цифр тым асыра көрсетілгендей күдік-күмән білдіру кездесіп қалады. Анығында, ешқандай дүдәмалдық жоқ, керісінше, оған қарама - қарсы, қырық емес, тіпті, алпыс -жетпіс пайыз дегеннің растығы әлдеқайда басым. Бұл сөзіміз

субъективті көңілдің көбігі еместігін зор мәртебелі бір құжаттағы дерекпен бекітемін. 2007 жылғы мамырдың 8-і күні Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс үйінде Біріккен Ұлттар ұйымы мен ЮНЕСКО-ға «Тамырсыздық қатерінің тұжырымдамасы» туралы үндеу қабылданды. Сонда былай делінген: «Бүгінгі қазақтардың 60 пайызы күнделікті өмірдегі қарым-қатынастарында, көшеде, жұмыста және тіпті отбасында өз балаларымен ана тілінде сөйлеспейді». («Рух-дария», 2007, маусым). Енді қайтпек керек, не істеу қажет? Оқу - әдістемелік құралдардың жетіспеушілігін желеу етіп, қазақ тілін оқып үйренудегі басты кедергі ретінде сілтеме жасау бірталайға созылып еді. Қазір ол қиындық күн тәртібінен түсті. Әралуан оқулық, сөздік, тілашар нұсқаларының жалпы жиынтығы үш миллион данадан астам таралыммен жарық көрген. Әдістемелік мәселелердің де мүдделі шешімі бағытында ізденістер жоқ емес. Алайда пәрменділік сезілмейді. Атазаңға сәйкестендірілген Тіл туралы заң күшіне енуі әзірше сөз жүзінде қалып келеді, іс жүзінде барлығы бәз - баяғы күйінде. Жаңарған қалыптағы Тіл заңы болмай жатыр. «Бәрібір ештеңе өзгермейді де жаңармайды, билік тобындағылар оң қабақ танытпайды, бейіл бермейді». Кейіген, назаланған, кіжінген, торыққан көңіл үні бірсарынды.

Дегенмен, кешелі-бүгінді ес жиғызарлық серпін танытып, екпінді әрекеттерге ұйытқы болу байқалып жүргені де рас. «Е, бәрекелді!» дегізерлік ақыл-ой әрдайым Елбасымыз тарапынан білдірілуде. Сол кісінің сөздері жүзеге асатындай тұста тұрмыз. Бұл - зор ғанибет. Үмітті дәуірдің, иелері - жастар. «Болашақ» бағдарламасы аңсарлы келешекті қамтамасыз ету үшін қазақ баласы қазақ екендігін сезінетін кезең келді. Жастық шақтың ең асыл қасиеті жігерлілік, намысшылдық. Жігерлі, намысшыл жас ұғынғаннан қорытынды жасайды. «Қайран тіл, қайран сөз, Наданға қадірсіз» деген Абайдың қамырық қасіреттенген үні намыс қайрауға тиіс. Надан болуды қаламайтын көңіл толқыны бар ма, жоқ па? Қайғының зоры осы сұрақта. «Жаным-арымның садағасы» деген бабалар қағидасы күңгірттене көмескіленбесе, кісілігіміз нарық буымен маужырап қалғымаса, зеректігіміз пұлтапқыштыққа толайым бағышталып кетпесе, бөгде ортаның да өнегелі үрдісін саралап талдап, тағлымдансақ керек.

Ақпарат тасқыны арқылы әркім хабардар: еврей жұрты ұлттық тұтастық жолында тірі тілі идишті тастап, өлі тілі ивритті мемлекеттік мәртебеге көтерді, оны саналы түрде саналы қалыпта қамтамасыз етті. Түріктер түркілену үдерісін сәтті жүргізді.

Тарихқа ден қойып, тағлымданарлық мұндай мысалдар әр елдің өткен жолында баршылық. Тауқыметті еңсеріп, санатқа қосылғандардың сондай тағдырларынан сабақ алу әбден - ақ игілікті әрекет болар еді. Мәселен, нормандықтар билігі кезінде және содан кейін тіпті он тоғызыншы ғасырға дейін, ағылшын тілі дөрөкі саналып, игі жақсылары өз тілдерін менсінбей, француз тілін ресми тіл еткен. Ал қазір сол ағылшын тілі дүниежүзілік бірінші тіл дәрежесіне жетті. Геосаяси беталысты сергек сезініп,

біздің жұрт та жас кәрісі түгелдей ыждағаттылық көрсетіп, жаппай тегіс ағылшыншаға кірісіп кетті. Бұл ешкімді кінәләу, айыптау емес. Жалпы, көптілдікті залалды-зиянды дейтін пиғыл жоқ. Қазақтың, сондай-ақ татардың да, башқұрттың да ортақ ақыны, үштілді Ақмолда баяғыда айтқан: «Хал жетсе, әрбір пәнді көрген жақсы, Кемелдер қатарына кірген жақсы, Орысша оқып білу өз алдына, Хал жетсе, французша да білген жақсы». Барлық гәп тек қана сол игілік үшін қазақ тілін құрбандыққа шалмауда, үштілдікке «иә» мен «жоқ» байыптылықпен таразылануында, қазақ тілінің келешегін батыл да сенімді түрде әлемдік, халықаралық өлшемге үйлестіре қарауда. Қазақ елінде қазақ тілінің үстемдік құзырын қамтамасыз етуде.

***«Жаһандық тіл» деген дәріптемеге бөленген ағылшын тілінің тағдырына да шек-шүбә жоқ емес. Неліктен қазақ тілінің келешегін сол дәрежеде көруге құлықсызбыз?***

Орыс жұрты бір кезде нақ біздегідей хал кешкен. Әлемдік поэзияның ұлы классиктерінің бірі А.С.Пушкин өзінің әйгілі жыр - романында өнегелі - үлгілі деген ақсүйек әулеттен шыққан Татьяна туралы «Ол орысша шала білген, Журналымызды оқымаған, Ана тілінде мүдіретін, Сөйлей алмай күрмелетін, Жазатұғын французша» деп, мейлінше әділ, қылп еткізбес турашыл қаламын батыл батыра басып, іркіліссіз ашық мәлімдейді. Шетелдік салтқа бас ұрып, француздану масқарасына ұшыраған бейшаралықты жасырмай бейнелеген.

Мәскеу университетінде барлық пән орыс тілінде жүргізілу мүмкіндігі дау-дамайға, талас-тартысқа түскен. Тартыс - айтыстан жаны жараланған Двигубский деген профессор былай деп жазған: «бүкіл Европада тек Ресей ғана өз тілін мақтаным етпейді. Орыс тілін орыстардың өздері құрмет тұтпайынша жағдай оңалмайды». Орыс тілінде ғылым жасап, орыс тілінде білім беру мүмкіндігін дәлелдеп, орыс тілінде тұңғыш алгебра оқулығын жазған - осы адам. Осындай отаншылдардың жанқиярлық еңбектері арқылы орыс тілінде оқыту мен тәрбиелеу кәдімгілік құбылысқа айналып, орыстар орыстығына жетті.

Қазақ тілінің өміршеңдік қуатына дәркүмән көңілмен бей-жай қарайтын, ғылым-білімнің күрделі үрдістерін жүргізуге қазақ тілі жарамсыз деп панданатындар орыс тілінде оқытудың осындай тарихын білмеулері - бейшаралық. Сорға қарай, мұндайлар үлкен шоғырға айналды. Олардың Данте, Науайы, Галилей, Бруно, Коперниктер ана тілінде ғылым жасау үшін күрескендерінен хабарлары жоқ. Қазіргі заманғы атақты физик, дәлді ғылымдарды, жаратылыстану пәндерін ана тілінде оқытудың күрескері Сатиендра Натх Бос бенгал тілінде кванттық физикадан студенттерге дәріс оқып, ғылыми еңбектер жазғандығы да ойландырмайды. Тіліміз шеккен тарихи қасыреттің мұндай айғақты зардаптары аз емес. Қазақ профессоры әлі күнге қазақ студенттеріне орысша дәріс оқиды.

Ахмет Байтұрсын, Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Қошқе Кемеңгерұлы, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан

## АЛАШТАНУ

Жұмабаев, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Даниял Ысқақов, Міржақып Дулатов, Күдері Жұмақан тағы басқа алаштық тұлғалар жан алып, жан берген сұрапыл арпалыста жүріп, қазақ тілінің теориясы мен әдістемесін, пәндік оқулықтарын, салалық сөздіктерін жасап, қалыптастырды, қазіргінің іргетасын нық-берік орнықтырды. Бұл өнеге-үлгіге назар аудармаған пенделікке не шара?

Даңқты ғұлама тарихшы Ключевскийдің мына бір пікірі де қазақтардың қазіргі екіұдай жағдайында өмірлік тағлымды мәнге иеленетіндігі күмәнсіз. Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романында суреттелген орыс зиялылары мен олардың әкелері арасындағы айырмашылықтар туралы, ұрпақтардың рухани сапалы да саналы өзгешелігі туралы ол былай деген: «Әкелері жан-тәндерімен француздануға құштар орыстар еді, олардың тәрбиесімен французданған балалары жан-тәндерімен қайта орыс болуға құштар».

Біздің елдік негізімізді сақтауға құштарлық - қазақ тіліне құштарлық. Жас ұрпаққа тілек - осы.

Құлдық сананың құрсауын бұзу үшін, үмітті ұмтылды пен сенімді серпіліс жасау үшін Ахмет Байтұрсыновтың осыдан бір ғасырға жуық бұрын жазылған мына сөздерін, анттай адал, серттей сергек тұжырымын қайталай оқып, мазмұнына зер салайық: «Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз, қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араби, фарси сөздері көп кірген тіл. Орысша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, орысша жазғанымыз оңай дейді... Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, ақтығында қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, сонан соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлтақтамай осы бастан істің басын тура жіберу үшін анықтап ашатын бір нәрсе мынау: қазақ тілін сақтау керек пе, болмаса орысша болсын, басқаша болсын сөйлеуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса жоғала берсін дейміз бе?». Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтудан гөрі әл-дәрменін құртып, мүшкілдендіретін «жан алқымға келгендей» жағдайды бейнелеген бұл сөздің дәлме-дәл үйлесімділігі ғажаптандырмай ма?

Тағы бір пікірді жадымызда жаңғыртсақ. Атап айтқанда, ғұлама Мәшһүр Жүсіптің мынадай сөздерін: «Сарттан оқығаны сарт тіліне еліктеді. Ноғайдан оқығаны ноғай тіліне еліктеді. Орыстан оқығаны орыс тіліне еліктеді. Өзінің тілінен айырылып қалды.

Қатын ешкімнен оқыған жоқ. Бұрынғы ескі қазақ тілі қатында қалды. «Ана тілі» дегеннің мәнісі осы».

Гендерлік саясаттың ұраншылары осы сөздің мәнінен бірдеңе сезер ме екен?! Қазақ қызы, қазақ әйелі бола тұрып, қазақша сөйлей алмайтындығына ой

жүгіртпеу не екенін олар біле ме екен? Біледі. Біле тұра мойындамайды. Трагедия осында!

Әлеуметтік тілтану қағидасы бойынша хұқықтық мәдениет - социумға сын. Демек, мемлекеттік мәртебесі заңмен бекіген тілдің өміршеңдік мәселесі ең алдымен хұқықтық мәдениеттің бұқаралық санада үстемдік алу шамасына қарай айқындалады. Заңның әрбір азаматқа міндеттілігі тұрғысынан ақиқат нәтиже білінеді.

Стратегиялық дамудың басымдық мәндегі салаларының қатарында қазақ тіліне шұғыл бетбұрыс жасалуы үшін Елбасының жылма-жылғы Жолдауларындағы, БАҚ өкілдерімен сұхбаттарындағы, шетелдік инвесторлармен кездесуіндегі және Қазақстан халқы ассамблеясының сессияларындағы сөздерінде берілген тұжырым-нұсқаулары айрықша қуат дарығатыны күмәнсіз. Қазақстан жастарының альянсы, конгресі және басқа ондаған ұйымдарының отансүйгіштік леп пен тегеуін танытулары үшін қолайлы ахуал қалыптасып отыр. «Ел оңсын десең, әуелі өзінді оңда» деген Сұлтанмахмұт сөзі әрбір жігіт пен қыздың көкейінде күмбірлеп тұрса, көсегіміз көгеруі шүбәсіз ғой. Әсіресе, мемлекеттік билік баспалдақтарымен көтерілу жолында дайындалатын жастардың қазақшаға қандай екендіктері ерекше назарға алынуы қажет-ақ.

Байырғы ұлттың жастары алдыңғы аға-көкелері мен әпке-тәтелерінің лажсыз қателіктеріне ұрынбай, қазақ тіліне перзенттік іңкәрлік танытып, қазақтануға құштар болса игі! Үштілдіктің де шешуші алғышарты - осы.

Ал басқа ұлттардың жастары жалпықазақстандық тұтастық үшін ортақ патриоттық сезімдерін бекемдеп, мемлекеттік тілді Атазаң талаптары тұрғысынан құрмет тұтып, оны қалыпты қатынас кәдесіне жарайтын шамада тез игеруге кірісулері керек. Осындай азаматтық парызды республикалық жастар ұйымының алқа мәжілісінде 1957 жылы сөз сөйлеген Мұхтар Әуезов бүгінгі өрендерге ескертіп тікелей айтқандай екен: «Отан деген ұғым - біздер үшін айқын ақиқат. Отан өзің туған қала, өзің оқыған мектеп, қысқасы, өзің өмір азаматы боп қалыптасуға әсер жасаған орта. Ендеше солар жайлы білу ауа мен судай қажет нәрсе. Осыдан кейін орыс студенттеріне айтарым мынау: егер сендер өздерің жүрген ортада, өздерің тұратын қалада, өз республикада, біздің Қазақстанда жасалған мәдени байлықтарға қызықпайтын болсаңыздар, ол - кешірілмес күнә. Мәдениет үстіне мәдениет, білім үстіне білім жалғай түскілерің келсе, ең бастысы, ұлы достығымызды әрі тереңдете бергілерің келсе, сендер қазақ тілін білуге, Қазақстан тарихын білуге тиістісіңдер. Қазір нақ осыған ұмтылатын шақтарың». Жарты ғасыр бұрын айтылған осы сөз - бүгін де көкейкесті сөз, адал тілек, ақ бата.

Түйіп айтқанда, отаншылдық тұрғысында «Мен жастарға сенемін!» деген Мағжан сөзін мың мәрте қайталаймыз, шын сеніммен нық қайталаймыз: қазақ елінің болашағы қазақ тілінде екендігіндей, қазақ тілінің болашағы қазақ жастарында. Солар арқылы біртұтас қазақтық та, қазақстандық та лингвосоциум қалыптасуы тиіс.

**ЕРБОЛ ТІЛЕШОВ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Астана қаласындағы «Руханият» орталығының директоры. Қазақтың Абай атындағы Ұлттық педагогика университетін бітірген. Әдебиеттану және эстетика, әдебиет теориясы мен әдебиеттану методологиясы мәселелеріне арналған іргелі мақалалардың, «Суреткер және көркемдік әдіс» атты Мағжанның поэтикасына арналған монографияның авторы. Ғалымның «Ер дана» және «Алаш зиялылары және ұлт тілі» атты мақалалары танымдық тереңдігімен, стильдік даралығымен ерекшеленеді.**

## ЕР ДАНА

Ұлттың бүгінгі барына бойлау үшін өре мен қабілет қажет, ал халқының асылы мен жасығын ажыратуға, бағзысы мен болашағын салмақтауға кемел ойдың шалқар иесі болу шарт. Әсіресе, тұтас ұлтқа санаткер атану үшін айбынды пікір, батылдықтың көрігіне суарылған алдаспан ақыл керек-ақ. Асқан даналық пен алдаспан ақыл тұтасқан тұстан ұлтын өре мен өрге бастар көсем ұл тұмақ.

Алдаспан ақыл - Қазтуғаннан бастап Махамбетке дейінгі қазақ көркем сөзінің бейнесі мен бедерін нұсқалаған қасиет. Бұл - жойқын жорықтар мен кекті күрестерден, қарсылық пен қасарыстан туған алмас поэзия. Кернеген кектің, ақысын алуға арбасқан абыройдың тумасы. Оның жалындылығына күмән араластырмағаныңызбен, бұл дәстүрлі поэзия - көркемөнер үшін мұрат саналатын адам мен әлеуметтің ішкі, тысқы табиғатының тамыршысы болды деп және айта алмаспыз. Шешендік сөздің шыңына шыққан пәлсапалық қазақ ойы - кемелділігі көріктілігінде, көркемдігі тереңдігінде тұнған, ғибраты мен өсиетшілдігі өнерлі өлеңге оранған, сезімшіл ақын, бейнелі ой боп өрілген алаш сөзі - Абайдың өнерпаздығы жүзінде данышпандық пен ақындық тізе қосқанын алғаш айғақтады. Абай сөзі - ұлттың мұраты мен мұңын қалай бейнелеудің жаңа жолын, соны сапарын хәм өміршең өрісін нұсқады. Осы жол, осы сапар, осы өріс - оның өзінен соңғы өрелі ұландар шарлайтын өңір, шырқайтын биік болды. Бүгіндері әдеби мектеп деп ғұлама төңірегіне Шәкәрімді, Көкбайды, Әріпті, Әсетті, әдеби дәстүр деп Ахметті, Мағжанды, Сұлтанмахмұтты, Сәбит Дөнентаев пен Спандияр Көбеевті және бұлардан соңғы ақындарды

атап жүргеніміз аян. Осы жолмен желдіртсек, онда атасының емес, Құнанбайдың емес, Алаштың Абайы әлденеше сырлы сөз иесіне жоралы жол, олжалы сапар боларлық бағыт сілтеді. Осы ыңғайдан келгенде, Абай - ескі мен жаңаны жалғастырушы. Оны кемеңгердің өзі де сезінген, бізден бұрын Абай кәусарының дәмін татқандар айтқан.

Абайдың гуманизмі, ойшылдығы, қайраткерлігі айналып соққанда, бір арнада тоғысып, ортақ қайнардан бастау алады. Ол - жаратушы Алла тағалам кеудесіне құйған адамшылық ниет, ғаделет сезім. Әлбетте, алдымен Абай - ақын, ақын болғанда, музасы жанап өткен құбылыстың тереңі мен тылсымына, ауқымы мен айдынына еркін бойлаған суреткер ақын. Суреткердің өнернамасы - өзінің «Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» дегенінен де ауқымды. Сондығынан да оны тек ұстаздық, ағартушылық рөлінде ұстау үнемі дұрыстыққа шыға бермейді. Сондай-ақ, Абайды А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.Крылов т.б. орыс қаламгерлеріне шәкірт ету былай тұрсын, тіптен аталғандардың ешқайсысының қаламгерлік бағыт-бағдарына, шығармашылық бейне-тұлғасына жуықтастыру мүмкін емес. Өйткені, ілімі-білімі, қала-астанасы, мұражай-кітапханасы, патша-губернаторы, салтанатты Суздалі мен суық Сібірі бар орыс қаламгерлері алдында тұрған міндет пен қазақ ақыны алдындағы мұрат, әлбетте, бірдей емес, олай болуы еш мүмкін де емес еді. Алаштың кемеңгер ақыны атқарған ақындық, ойшылдық, хакімдік міндеттерді орыс ақын-жазушылары жұмыла көтерсе, тарих тәлкегінен өркениетке қара жаяу жүріп беттеген, аттыларға кегі кеткен қазақ сахарасында соның баршасын дана Абай

## АЛАШТАНУ

атқарды. Пушкин тілінің байлығы мен оралымдылығы, Лермонтовтың заманына қарсылықты тәкаппар да бекзат поэзиясы, Некрасовтың әлеуметшілдігі, Крыловтың уытты кекесіні, Гогольдің ащы әжуасы - бәрі-баршасы Абай шығармашылығының пафосы мен мазмұнынан табылып жатты. Бірақ ол қазақ ақынының орыс әдебиетінен алған тәлімінен дарыған қасиет емес, Алаштың рухани табиғаты тудырған, дала шындығы шыңдаған төл қасиет. Бұған қоса, Л.Толстой жеткен асқан ойшылдық пен гуманистік асқар да - Абай бағындырған жеке. Ал, төл әдебиетке қарата айтсақ, жыраулардағы ерлік пен елдік, Махамбеттегі батылдық пен бірбеткейлік, Дулат пен Мұраттағы отаршылдыққа қарсылықтан туған консервативті идея, Шортанбайдағы дін, сал-серілердегі махаббат пен сұлулыққа ынтызарлық, айтыс ақындарындағы елішілік құбылыстар - осылардың қай-қайсысы да Абайда кездеседі. Бірақ кездеседі деген сөз кеменгер суреткер олардың барлығын түгендеп, ат қойып, айдар тағып адақтап шықты деген тұжырым емес. Абай - қазақ қоғамындағы жаңағы тарихи әлеуметтік құбылыстар мен адами қатынастардың тереңіне үңіліп, поэтикалық ұстанымына орай, бірін көбірек, енді бірін азырақ жыр етті һәм өз заманының көкжиегіне қарай отырып, тілек, болжал түрінде емес, нағызшылдық, көркемдік, саралаушылық сарында, түйіп айтқанда, өзінше, Абайша терең түйсікпен өрнектеді. Өзі бейнелеген далалық өмірдің заманауи жағдаяттарының ішіне еніп, өзегін танып, демімен тыныстап, қылышы мен қобызы, найзасы мен наркескені, дабылшысы мен дабырашысы болмай-ақ, данағөй тамыршысы болды да Алаш сөзінің сырлы сертіне жетті. Ол - өзінен кейінгі ұрпағы сүйсіне татар ата сөзінің құдыреті. Қазақ сөзінің құдыреті мен кереметін ендігі жерде ешкім де жете алмас тамсанарлық, талпынарлық асқарға оздырды. Абай биігі. Бұл биіктің қадір-қасиеті - мәңгілік байрақ болар баяндылығында ғана емес, оның мәні - есіңе ес, түйсігіне түйсік қосар, сөйтіп рухани дән боларлық мәңгілік құнарында. Жыры жасампаз, өлеңі өміршең тұлғаның өнерпаздық өнегесі, кісілік ғибраты - өзінен кейін іле-шала Шәкәрім, Ахаң, Сұлтанмахмұттар болып сәуле таратып еді, одан беріде Қасым, Мұқағали музасына дем бүркіп, енді міне, дүние дидарын еркін бағамдаған зерделі қазаққа нұрын шашуда.

Қазақ поэзиясында, жалпы қазақтың дүниеауи танымында адам болмысы мейлінше жалпылық тұрғыда безбенделіп, осыған тартылып адам - батыр, адам - би, адам - жарлы, адам - хан, адам - пенде, адам - ақымақ, адам - көпшілік деген сияқты бейімде бейнеленді. Онда да адам әрекетінің қилы уәждері, ішкі сыры, кім екендігі, кім болмағы және қайда бармағы - жалпы қазақ баласының тұлабойлық қасиеттері өзінің

тап басып танушысын күтуде еді. Адам болғанда - қазақ баласы. Абай осы қазақ баласының мінез бітімін айта отырып, оны жалпыадамзаттық ізгіліктің биігінде тұрып мәністеді. Әлгіндей шырқау биікке көтерілген суреткер, әлбетте, халқының күнделікті үйреншікті, талпынысы кем, бұлжымас қарекетіне, талапсыздау күйбең тіршілікке байланған майда мақсатына, одан өрістеген мінезіне оң ниет білдіре алмасы хақ еді. Абай шыққан кісілік мұнарасы - ақынды өлең шығарушы көп ақынның біріне емес, ой көгіне жеткен, шайырлығы адами тілектердің тілінде ғана сөйлейтін, ойы мен лебізі, сөзі мен кестесі келіскен дана суреткер етті. Ендігі тұста адамның би мен батыр болмағының, бай мен жарлы болмағының, талапсыз, жалқау болмағының мәнісі Абайдың рухани таразысына тартылады. Бұл безбеннің бұлжымас өлшемі - иман, хақиқат, шапқат, адамшылық, ғаделет сезім, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, талап, ар мен ұят... Ал оның құтысы - сырлы, бейнелі, тапқыр сөз, үйлесімділік пен жарастыққа тартылған татымды лұғат.

Қазақ сөз өнері, қажет десеңіз, жалпы қазақ ойы - Абай поэзиясы болып адамға бет бұрды. Адам болғанда жекелеген адам, болмаса белгілі бір әлеуметтік топ емес, тұтас халыққа бұрылды. Сөйте отырып, ол жалпы қоғамдық қарым-қатынастарды баян етуші кейпінде қалған жоқ, адам болмысының ішкі иірімдеріне бойлады. Нәтижесінде, жалқы мен жалпының, бөлшек пен бүтіннің даралығы мен ортақтастығын айыра отырып, жалғыз бен көптің мінезіндегі, харекетіндегі ниет пен пиғылдың сырын аңдады. Сөйтіп, ол жекені айтсын, көпті айтсын, айналып келгенде, адамның адам болмағының жолын меңзеді. Ақын үшін ел билеушіні сынау болмаса мадақтау, әйелдің қандай болмағын айту, бай мен кедейдің, ру мен рудың егесін, ағайынның бақастығын өлеңге қосу, сұлудың сымбатын жырлау, жалаң насихат тарату мақсат болмаған. Абай түйсінген өнер мұраты басқада. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», адамсүйгіштіктің орасан зор ұранын тастаған ақын қасиет пен пенделік қайшылықтарының тұңғиығын шарлайды. Ақынның осындай суреткерлік ұстанымы - оны ренессанстық тұлға етеді. Сөз өнерінің болсын, қоғам ойдың болсын, адамға қарай бет бұруы - ұлттың есейе бастауының бұлтартпас нышаны. Мұндай рухани есею - сананың жаңғыруына бастайды. Жаңғыру тұтас ұлт өкілдерінің бір сәтте, бір мезгілде пәтуәласуымен емес, алдымен, дананың дәрменімен паш етілді. Данышпан суреткердің өнернамасының алтын өзегі болған адамсүйгіштік аңсарын - гуманистік идеалдың көркем мазмұнға айналуы дейміз. Батыс дүниесінде ол итальян Данте, испан Сервантес, француз Рабле сияқты ерен тұлғалардан тараған. Олар еуропалық



## АЛАШТАНУ

Ренессанстың іргесін бекітіп, мұнарасын көтерді. Адамзат баласына солар соққан мұнара әлі көрініп тұр. Қазақ Ренессансының басы - Ибраһим Құнанбайұлы. Абай керегесін керіп, уығын шаншып, шаңырағын көтерген ақ боз үй Алаш жерінің қай қиырынан да менмұндалап тұр. Абайдың осы ақ ордасы - Алаш руханияты әлемдік өреге жақындаған сайын биіктей түспек, сонысымен қазақты дүниенің төрт бұрышына таныта түспек. Осы мәртебелі мұраттың іске асуы - бүгінгі ұрпақтың, келешек өреннің дарыны мен қарымына байланысты. Ақын ата, абыз ақсақал, кеменгер хакім айтарын айтып кетті. Қалғаны жаңа ғасырлардағы қазақ баласының діні мен тіліне, беріктігіне байлаулы болмақ. Осы «алдыңғы екеу» болмаса, аспанға ұшумен, қала салумен, бәленбай тілде сөйлеумен бүгінгі темірді жүргізген, шынылы үйді тұрғызған, сымсыз сөйлестірген зымыран заманды таңқалдыра алмайсыз. Себебі, ұлттың шынайы ұлт екендігін - жер байлығы емес, өзгеге ысырылып төрін беруге бейім тұратын тым «сыпайыгершілігі» емес, сырттың мақсатты мақтауы емес, ең алдымен, басқа ешбір халыққа ұқсамайтын ерекше ділі айқындамақ. Ділге берік ұлт - азат ұлт. Ділі тәуелсіз ұлттың ғана ұрпағы - шын тәуелсіз. Өйткені, тәуелсіз діл - тәуелсіз сананың жемісі. Қазақ елі үшін шекараны арымен қорғар, шаруаны ұятымен атқарар саналы ұрпақ көбейген сайын тәуелсіздік нығаймақ. Өзгенің дағдысына әуес, аузынан бөтеннің сөзі шығар, атақонысы ауылға үрке қарар, Америкаға аңсары ауған ұрпақтың пиғылында күмән бар. Құдай бетін аулақ қылсын деп тілейік, біздікі бүгінгі ахуалдың жайы, бағыт оң болғай.

Қазақ Ренессансының атасы Абай болса, абайлық жаңғырудың қайнар көзі - мұсылман діні, исламдық дүниетаным мен мәдениет. Олай деуіміздің басты әрі бұлжымас куәсі - ақынның шығармаларындағы иманға суарылған өрісті ойлар. Осыдан шығып адамды ардақтауда Абайды иманшыл мұсылман перзенті дейміз. Өзінің алдындағы өлең ұстағандардың ерекшілігі де - хақиқат ілімін терең меңгере отырып, оны бейнелі сөздің асыл кестесімен көмкеруінде. Абай - сөз жоқ, діндар адам. Құнанбайдың Меккеге сапар шегуіне асып туған оқымысты баласының да үлкен, шешуші ықпал жасағаны - жалпы аға сұлтан әулетіндегі діндарлық, біздің болжауымызша, «Абай жолының» ызғарлы заман жазғызбаған беттерінен болса керек.

Әр адам мінездің, әсіресе, шығармашылық тұлға - қазақ айтатын кесек мінездің құтысы. Майда мінез бен ақындық қабілет, қабілет болғанда орасан дарын - жарасым табуы бек неғайбыл. Шабыттай адуын, найзағайдай қуатты, бірде тастай берік, бірде гүлдей нәзік, жақсылыққа жайлау, жамандыққа қытымыр қаңтар, қатпары сан тарау, кесек мінез ақындықтың

алғышарты болмаса да, өлеңнің өзгеден алабөтен өріміне өзек болар дінгек. Мінез - жігердің кескіні. Жігері - болат, еркі - құрыш адам ғана тұтас ұлтқа тұтқа болмақ. Абайды данышпан десек, ақын десек, ұлтқа рухани аталыққа жеткен Алаштың ең ардақты абызы десек, оның өнерпаздығы мен ақылпаздығының құнары болған осы қайратты мінезі жөнінде сөз бастап, ой қайыруымыз керек-ақ. Әсіресе, «Қалың елім, қазағым...» деп күрсіне күңіренген жырлар тумас та еді. Ол болмаса, тұрмысы бақуат, ағайыны мол, «жалғыздық көрер жері жоқ», атасы бек Абайдың ақын емес, шонжар болып, би болып қалуы әбден ықтимал еді. Ақын болған күннің өзінде ескі сүрлеуге елтіген жүз бен мыңның бірі, асып кетсе, өлеңшінің тәуірі ғана болар еді. Алайда, Алла тағалам Абайға зор дарынмен бірге қайратты ақыл, жігерлі мінез, нұрлы жүрек сыйлапты.

Абайдың дарын қуатына серік те болған, тірек те болған табиғи мінезінің сырына үңілсек, әсіресе, оның үш қайнарын атап беру қажет болмақ. Біріншіден, ол өмір сүрген кең даланың көшпенді тірлігінің аясындағы, беделі зор әулеттің алақаны - болашағынан үміт күттірген тумасынан зерек ұлды бұла етіп өсіріп, батыл мінезін қалыптады; екіншіден, Абай заманында сан ғасырлардан бері желі тартып келе жатқан ұлы даланың шешендік өнері сарқылмаған еді. Болашақ ақын шешендердің тапқыр, келісімді сөз кестелерімен бірге, олардың батыл, турашыл мінездерін де көріп өсті және оған әкесінің баулуымен билікке араласқанын, өзінің болыс болғандығын, айтулы алқалы жиында төбе би болғандығын қосыңыз; үшіншіден, ол жыраулардан мирас болып қалған шыншыл, қаймықпас далалық поэзияның өкілдерін де көрді. Зерек ұлан осының барлығын ой таразысына салып, асылы мен батылын санасына сіңірді.

Құнанбай сияқты апайтөс дала билеушісінің бел баласының жастайынан ел ішіндегі күнделікті болып жататын дау-дамайларға төрелік етуі, кесімді билік айтуы - шешендік лебізбен білдірілетін заманның зерделі өренінің бойына атадан да ерекше батыл мінез қондырды. Бұл мінез кітаптан емес, көшпенді ортаның дәстүрлі салтынан сіңген табиғи қасиет еді. Абай кейінгі қала ақындары сияқты қоғамдық ортаға я болмаса қызметке байлаулы емес болатын. Өзінің орыс замандастары сияқты Петербор мен Мәскеудің қалыпқа түскен, белгілі бір нормаларын сақтауға тиісті тіршілігінен де алыс еді. Сахараның еркін тұрмысын кешкен, ешкімге де, ештеңеге де тәуелді емес, ірі әулеттің өкілі Абайдың өлеңге шындап бет бұрғанынша еркін мінезі қалыптасты. Өжет сөздің ұстасы - Абайды ойшыл ақын дей отырып, басым жағдайда оның ерен мінездің, батыр ойдың иесі болғандығын елеп ескере бермейміз. Әлгіндей ерендік пен батылдыққа шалқар ақыл

## АЛАШТАНУ

қосылғанда Ер дана тұмақ. Алаштың Ер данасы. Ер дананың келбетін «Мақсұтым - тіл ұстартып, өнер шашпақ» - дегенімен бірге, суреткердің:

Қыранша қарап қырымға,  
Мұң мен зарды қолға алар.  
Кектеніп надан зұлымға,  
Шиыршық атар, толғанар.

Ызалы жүрек, долы қол,  
Улы сия, ащы тіл  
Не жазып кетсе жайы сол,  
Жек көрсендер, өзің біл -

деп қайратқа мінген бейнесінен де танымыз. Абайдың өлеңдегі төл бейнесінен - сыншыл қарттың өткір жанарын, әділетсіздікті аяусыз әшкерелер айбынды дидарын, көзбен көріп, көңілмен таныған кем-кетікке кейіген кейпін аңғарамыз. Көшпенді өмірдің асқақтатыла мадақ етілетін батылдығы мен тапқырлығын, терең толғап, кесек бейнелі сөйлеу әдетін

және Шығыс әлемінің өркениетін өсірген ислам дінінің имани мазмұнын санасында сабақтастырған Абай Алаштың асыл сөзінің қуатты, нәрлі қырларын тапты. Сонау балауса шағынан санасына сіңген, жүрегіне ұялатқан Абайдың туа бітті турашылдығы ғәделетті сезімге ұласып, оның шайырлығы мен хакімдігінің алтын өзегін құрады. Дала мінезді бұла ой өмірден өлеңге ауысты. Алайда, бұл толғауға түсіп жорта жөнелетін ағынды жыр да, ұйқасты қолай көретін, тапқақтата кететін шешендік те, жомартты мақтаған, сараңды даттаған арнау да емес еді. Абай өнері - адамға, әлеуметке жаңа көзбен, тың оймен қараған жаңаша поэтикалық көзқарас болатын. Абайдың «тәуекел мен батыр ойының» артында қашан да замана шындығына үкімші хакім тұрады. Сондықтан да біз Абайды ең дарынды ақын дейтін болсақ, онда басқа кез келген ақынға қона кетер бұл атақ - оған аздық етер еді. Өйткені, Абай - қазақ үшін ақындықтан да жоғары, өлеңге сыйып болмайтын дана ақылдың, кесек ер тұлғаның өзі. Ер дана.



## АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТІЛІ

Ұлттың бойында сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзіне өзек еткені бүгінде көбімізге белгілі. Құдайға тәуба, Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден «Алаш» сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Яғни, Алланың алқауымен қазақ баласының жаны мен жүрегіне, ойы мен пікіріне, санасы мен сезіміне «Алаш» ұғымы уақыт өткен сайын бойлай түсуде. *«Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сүйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп отыр»* - делініпті «Алаш» партиясы құрылған Бірінші жалпықазақ сиезі жөнінде жазылған «Қазақ» газетіндегі сүйінші мақалада. Сонау ХХ ғасырдың басында елдің еркіндігі үшін күрескен ерлер қалаған осы қасиетті сөз тәуелсіздігіне жеткен қазақ баласына да соншалықты қымбат, аяулы ұғымға айналуда. Бұл - санамыздың жаңғыруы, тарихи тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі.

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық хәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері - бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы - олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Соған орай, Алаштың тілдік мұрасын сан тарапты құбылыс деп бағалай келе, оны бірнеше аспектіде сипаттаудың мүмкіндіктері бар.

*Біріншіден*, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады. Оның себебіне үңілсек, онда Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдауы аса қисынды еді. Қандай ғылым болса да, әлбетте, белгілі бір қолданбалы, жүзелік сипаттан өрістейді. Осы тұрғыдан келгенде, Ахаңның тіл

саласындағы еңбектері, кейінірек жазылған Халел Досмұхамедұлының, Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының еңбектері алдымен оқытуға, білім беруге арналған дүниелер болатын. Айталық, Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралдары», «Тіл құралдары», Телжан Шонанұлының «Оқу құралдары», Елдес Омарұлының оқу-әдістемелік мақалалары осыны аңғартады. Әсіресе, тіліміздің жазу үлгісінің, емлесінің қалыптасуындағы Алаш зиялыларының орны алабөтен. Алаш оқымыстыларының қазақ тіл білімі тарихындағы орнын 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі де байқатты. Осы алқалы, тарихи жағынан маңызды ғылыми жиындағы А.Байтұрсынұлының, Е.Омарұлының, Н.Төреқұлұлының, баяндамалары, Т.Шонанұлының, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедұлының, М.Тұрғанбайұлының, М.Саматұлының сөйлеген сөздері, ой-пікірлері тілтану ғылымының күрделі мәселелерін шешуде алаштықтардың қаншалықты үлкен еңбек сіңіргендіктерін айғақтады. Осы сиезде, негізінен, әліпби, жазу ережелері тақырыптары баса көтерілгенімен, олар сан алуан мәселелер төңірегінде сөз қозғауға өрісті ой тудырды. Осындай білімпаздар сиезі, біздің пайымдауымызша, бүгін де қажет сияқты. Себебі емледе болсын, терминологияда болсын, ономастика саласында болсын тілші ғалымдармен бірге басқа ғылым саласы өкілдерімен бірге ақылдасып ортақ уәжге келерлік мәселелер баршылық. Алаш оқымыстылары қалыптастырған қазақ тіл білімі Ахаңның, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-тілдік мектебін қалыптастырды. Бұл мектеп ілгеріде есімдері аталған тілтанушыларды өсірді, бұдан кейінгі кезеңде Ахаңның көзін көрген өнегесін алған қаншама ғалымдар қалыптасса, совет заманындағы қазақ тіл білімі де Ахаңның ізімен жүрді, оның атын ағай алмаса да, еңбектерін пайдаланды. Енді тәуелсіздік алған заманда тағы да Ахаң өзінің ұстаздық мінберіне барша тұлғасымен көтерілді.

*Екіншіден*, Алаш қаламгерлері ХІХ ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды. Бастапқыда Шортанбай Қанайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Әбубәкір Кердері және тағы да басқа исламдық ағартушылық ағымның өкілдері шығармашылығында, сәл кейінірек тұтастай түрде Ыбырай Алтынсарин, Абай өнернамасында қалыптаса бастаған жазба әдебиетін іргелендірді. А.Байтұрсынұлы, Ғ.Қараш, М.Дулатов, С.Торайғыров, Б.Серкебаев шығармаларындағы жазба реалистік дәстүр, М.Жұмабаев, Б.Күлеев поэзиясындағы романтикалық жазба дәстүр мәдениетті жазба әдебиетінің қалыптасқандығын байқатса, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтердің көркем прозасы классикалық жазба әдебиетінің зор үлгілері болды. Әңгіме, повесть, роман,

поэма, баллада, драма сияқты жанрлардың түгенденуі де ұлттық жазба әдебиетіміздің қалыптасу кезеңінен даму биігіне қарышты қадам жасағандығын әйгіледі. Қазіргі кезде ғалымдар тарапынан «Алаш әдебиеті», «Алаш ұранды әдебиет» делініп жүрген әдебиет идеялық жағынан да, тақырыптық жағынан да, тілдік-стильдік жағынан да, жанрлық жағынан да, бейнелілік жағынан да ауызша дамыған сөз өнеріміздің жазба әдебиетке тән деңгейге көтерілуіне өлшеусіз үлес қосты. Бұл тіліміздің бойындағы мүмкіндіктерді барынша көрсетуге, көркем әдебиет стилінің дамуына жағдай жасады. Алаш әдебиеті арқылы ұлттық сөз өнеріміз жаңа деңгейге көтеріле отырып, тіліміздің байлығы мен оралымдылығын, мағыналылығын, әлеуетінің мол екендігін паш етті. Сайып келгенде, Алаш қозғалысының өзі сол қаламгерлердің шығармашылық жолын айқындады. М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов сияқты ұлы қаламгерлердің қалыптасуына шешуші ықпал етті. Бұған қоса Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мақалаларынан басталып, «Әдебиет танытқышқа», «Әдебиет тарихына» ұласқан әдебиеттану ғылымының қалыптасуы да Алаш қаламгерлерінің жазба әдебиетімізді дамытқанын, ғылыми-эстетикалық тілдің де негізін қалағандығын паш етті. Қалам ұстаған Алаш азаматтарының әдеби тілімізге жасаған осы тарихи еңбегі қазақ тілінің кейінгі өрістеу жолдарын айқындаған өнегелі, өміршең дәстүр болды. Жазба әдебиетіміздің тарихындағы алаштық кезеңді зерттеуде қазақ лексикасының зор мүмкіндіктерін айқындайтын мысалдар жеткілікті. Сөз қолдану, ұғымды беру, тың сөз тіркестерін жасау, бейнелілік тудыру, тілдік стильдік мүмкіндіктерін ашу, құбылысты суреттеу - олардың ұлттық ойлаудың биігіне жеткендігін, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың рухани игіліктерін ізденгіштікпен зерделегенін байқатады. Алаш қайраткерлері мен қаламгерлерінің бұл жоралы жолы із-түссіз кеткен жоқ. Оның тамаша дәстүрлері өзінен соңғы советшіл әдебиеттен көрініс тауып жатты. Алаш әдебиетінің рухы Мұхтар Әуезов сияқты данышпан жазушыны қалыптастырды, ол рух Бауыржан Момышұлын, Ілияс Есенберлинді, Мұхтар Мағауинды тағы да қаншама қазақтың ұлыларын ұлтты сүю мен ұлтқа қызмет етудің жоралы дәстүріне баулыды.

*Үшіншіден*, Алаш зиялылары XX ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Бұл алаштықтар тарапынан тілдің саяси, әлеуметтік маңызын, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі орнын сезініп, оған тұңғыш рет берілген толымды баға болатын. Бұл да тәлімі тарихи деуге татитын Алаштың орасан өнегесі болатын. Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген,

көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарады, солай бағалады да. Хандық мемлекет тұсында тіл билік пен шешендіктің, көсемдіктің, өнебойы отаршылдықта өткен XIX ғасырда қарсылық пен сынның құралы болса, Алаш қозғалысы тұсында тілге ең алғаш рет ұлтты тұтастырушылық ірі қызмет жүктелді. Яғни, қазақ тілі қалың ел, ордалы жұрттың тілі ретінде сақталуы керек, сақтала тұрып ұлттың ұлттығын да сақтауы тиісті деп бағаланды. А.Байтұрсынұлы *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл»* - деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да тіл екендігін алғаш аңғартты. Ахаңның осы сөзіне орайлас пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Айталық, Ғұмар Қараштың: *«Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз»*, Мұстафа Шоқайдың: *«Ұлттық рухтың негізі - ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын»*, Халел Досмұхамедұлының: *«Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл - сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл - күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қата. Бұл оқығандардың нәм оқушылардың есінен шықпауы керек»*, Мағжан Жұмабаевтың: *«Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт - тілі болу»* дегендері біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Егер біздің тіліміз егемен елдің, дербес мемлекеттің мемлекеттік тілі екендігін, осы мәртебелі тіліміздің өзінің тұғырына толық қонбай жатқанын ескерсек, Алаш зиялылары өсиетінің бағасы да, маңызы да еселеп артатындығына ден қоямыз. Бұл бағыттағы өрісті ойлардың сілемі қалың оқырман қауымға әлі де мәлім бола қоймаған Ғ.Қараштың «Ұлт нәм туған тіл», М.Тұрғанбаевтың «Қазақ тілін іске асыру» мақалаларынан айрықша аңғарылады. Ұлттық руханияттың өзегі ана тіл екендігін рухани-мәдени тарихымызда алғаш білдіргендер алаштықтар болды. Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастыра отырып, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орнына да ерекше назар аударды. Сондықтан да өз ана тілінде сөйлеу, тілін білу - ұлттық іргелі мәселе екендігін Алаш зиялылары сол кезеңнің өзінде-ақ жақсы ұғынғаны олардың еңбектерінен бедерлене байқалып жүрді. Бұл орайда тағы да бір мәселені айта кеткеніміз жөн. Қазіргі кезде ана тіліміз - қазақ тілі туралы әдеби шығармалар өрісті тақырыптардың біріне айналып отырса, олардың алғашқы үлгілерін дүниеге келтірген де Алаш қаламгерлері болатын. А.Байтұрсынұлының «Туған тілім», М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С.Торайғыровтың «Туған тіліме» өлеңдері - жалпы қазақ әдебиетіндегі тіл туралы жазылған ең бастапқы көркем туындылар еді.

## АЛАШТАНУ

Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы көкейкесті ойлары, рухани күресі азаттық алған бүгінгі қазаққа да жолбасшылық етуде.

Төртіншіден, Алаш қозғалысы тұсында шын мәніндегі ұлттық қазақ баспасөзі қалыптасты. Бұл құбылыс тиісінше әдеби тіліміздің көсемсөз жанрын дүниеге әкелді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров және тағы да басқа Алаш қаламгерлерінің ХХ ғасырдың алғашқы жылдарындағы публицистикалық еңбектерін тізбелемегеннің өзінде, «Қазақ» газеті сияқты ұлттың ұлы басылымының өзі публицистикалық стильдің, жалпы әдеби тілдің қалыптасуына өлшеусіз мол үлес қосты. «Қазақ» газеті бетінде жарияланған алуан материалдар сол кезеңнің тынысын, қозғалыстың барысын ғана куәландырып қоймай, сонымен бірге әдеби тіліміздің де өсу қарқынын аңғартты. Бұл газет ұлт көсемсөзінің ғана емес, тіліміздің маржан қорының қойнауында өнген әдебиетіміздің де, сонысымен тіліміздің де айшықты көркемдігін, бай бейнелілігін ашты. Сондықтан да заңғар Әуезов: *«Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын - «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905-ші жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді»* деген еді. Ұлттың шаруасын айтқан «Қазақ» газетінің өзі де, байқап қарасақ, әдеби тілдік жағынан жылдан жылға өскені байқалады. Әсіресе, газет бетіндегі әдеби тіл тармақтарының саралана көрінуі, қазақ тілінің бай мүмкіндіктерінің тараулана байқалуы газеттің 1917 жылғы сандарынан айрықша көрініс береді. М.Дулатовтың «Тарихи жыл» мақаласы, Ә.Бөкейхан, М.Шоқай, М.Дулатов тарапынан жарияланған «Алаш ұлына» атты үндеу-мақала, И.Әлімбаевтің «Қазақ халқының тұңғыш сиезі», Ә.Бөкейханның «Қазақ сиезі», «Алаштың талапты азаматына», редакцияның «Алаш партиясы» және тағы да басқа публицистикалық туындыларда ұлт баспасөзі деңгейінің артқандығы, публицистикалық стильдің ширағандығы кеңінен байқалды. Алаштың рухани көсемі Аханның еңбегімен, жігерімен дүниеге келген «Қазақ» газетімен бірге, Түркістан көсемі Мұстафа Шоқай шығарған «Бірлік туы» және Алаштың астанасы Семей қаласында Райымжан Мәрсекөв, Халел Ғаббасовтар шығарушылары болған «Сарыарқа» газеттері публицистикалық тіліміздің айрықша дамуына іргелі үлестерін қосты. Сөйтіп, қазақ публицистикалық тілі мен стилі Алаш қозғалысы тұсында аяқтанды деп айта аламыз.

*Бесіншіден*, Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр салаларға арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және

ғылыми-көпшілік стильдерін қалыптастырды. Айталық, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы ғылыми шығармалары, А.Байтұрсынұлының 1912 жылдан бастап 1928-1929 жылдарға дейін жазылып, жарияланған оқулықтары, оқу құралдары, ғылыми мақалалары, Х.Досмұхамедұлының медицина, биология, тілтану саласындағы ғылыми еңбектері, М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері, М.Дулатовтың тілтану, әдебиеттану, математика саласындағы ғылыми шығармашылығы, Ж.Аймауытовтың психология, әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістері, М.Жұмабаевтың педагогика, әдебиеттану саласындағы еңбектері, Т.Шонанұлының тілтану, әдістемеге арналған оқу құралдары мен зерттеулері, сондай-ақ Ә.Ермековтің, М.Тұрғанбаевтың, Е.Омарұлының, С.Асфендиярұлының, М.Бұралқиевтың, Қ.Кемеңгерұлының, С.Сәдуақасовтың ғылыми еңбектері ғылым тілінің, қазақ терминологиясының қалыптасуында айрықша белес болды. Қазақ тілінің әліпбиін, емлесін жасаумен, ішкі заңдылықтарын ғылыми дәйектеумен бірге Алаш зиялылары тіліміздің тазалығы, мәдениеті үшін де күресті. Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», М.Дулатовтың «Қазақ тілінің мұңы», Н.Төрөқұлұлының «Ауропа сөздері» т.б. еңбектерде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл табиғатының бұзылмауы, сөзжасам т.с.с. мәселелер айтылып, қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тіл тазалығы, сөз мәдениеті тақырыбында бүгінде өзектілігін жоймаған ойлар өрістетілді. Алаш оқымыстылары бастаған осы ғылыми дәстүр совет тұсында қанша мансұқталғанымен, бәрібір қазақтың ғылыми алқабына себілген дән болып көктеп шықты, өз жемісін берді, бүгінгі бізге де қуатты азық болуда. Әсіресе, Алаш асылдары қалыптастырған ғылыми терминология әлденеше ғылым саласында бекіді. Олардың терминжасаудағы қағидаттары, қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін қолдану әдістері мен дағдылары қазіргі қазақ терминологиясының мектебі іспетті. Алаш санаткерлері қалыптастырған осы терминологиялық қор, біздің ойымызша, ғылыми тұрғыдан қорытылуы қажет, соған орай оның қағидаттары мен тұжырымдары осы саладағы барлық мамандарға жеткізілуі тиісті. Сонда біз қазіргі термин саласындағы көптеген, жиі айтылып қалып жүрген ала-құлалықтардан арылмақпыз. Сондай-ақ, Алаш ғалымдарының сан салалы ғылыми тәжірибелеріне жалпы таза ғылыми деңгейде лайықты баға беретін де уақыт келді деп ойлаймыз. Әрине, ғылыми мұраны зерттеу, зерделеу жұмыстары сонау 1980 жылдардың соңында, 90 жылдардың басында қолға алынған. Сан мақалалар жазылды, ғылыми деңгейі әртүрлі диссертациялар қорғалды, енді оларды қорыту, жаңа ғылыми бағыттарды айқындау сәті туған сияқты.

*Алтыншыдан*, Алаш қаламгерлерінің аударма саласындағы алуан еңбектерінің нәтижесінде қазақ

## АЛАШТАНУ

аудармасының негізі жасалды. Бұл арада Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы және тағы басқалар жасаған көркем аудармалар, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, Т.Шонанұлы және тағы басқа қаламгерлер жасаған ғылыми аудармалар, сондай-ақ әлеуметтану, саясаттану, философия салаларынан жасалған ғылыми аудармалар, әлбетте, саны жағынан да, түрі жағынан да өзіне дейінгі кезеңдерге қарағанда өсу болатын.

*Жетіншіден*, Алаш қайраткерлері жалпылай келгенде, Алаш қозғалысының барысында, негізінен алғанда, облыстық қазақ комитеттерінің, Алаш партиясының құрылуы тұсында, Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездері кезінде, Алашорда үкіметінің қызмет етуі кезеңінде тіліміздегі ресми-іскери стильді қалыптастыра бастады. Алаш автономиясы құрылып, Алашорда үкіметі оның облыстардағы, уездердегі комитеттерінің жұмыс атқару шағында аталған стильдің сандаған үлгілері пайда болғаны белгілі. Бұл қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуының алғашқы үлгісі еді.

Міне, біз негізгі жеті себебін жіктеген қазақ тілінің Алаш қозғалысы тұсындағы өрістеу бағыттары өз кезеңінің ғана емес, бұдан соңғы жылдарда да дәстүр жайған, өнегелі өріс болған құбылыс, жанды үдеріс болатын. Алаш зиялыларының қазақ тіліне жасаған зор, тіпті ұлы еңбектері қай жағынан алсаңыз да тарихи миссия. Оның серпіні бүгінгі біздің күнделікті еңбектеріміздің екпініне ұласуы қажет хәм міндетті деп ойлаймыз. Бізге Алаш зиялыларының тілдік мұрасы осыны үндейді. Ол ұланғайыр мұрамен танысу, білу, біздің ойымызша, бастапқы қадам ғана. Алаштың аяулы азаматтарының еңбегіне лайықты баға беріп қана

қоймай, оны жүзеге асырудың жолдарын да ойластырып, әрекет жасағанымыз абзал. Көрнекті алаштанушы Мәмбет Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ: *«Халықтың өткен өмірі жалтықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады. Онсыз өткен тарих қысыр әңгіме ғана. Егер біз Алаш қозғалысын ұлт тарихында ерекше орны бар құбылыс ретінде ғана бағалаумен шектелсек, онда біз оны түсіне алмаған ұрпақ болып шығар едік. Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытылып жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені Алаш халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген - ұлттық идея. Алаш - ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш - ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті»*. Бұл Алаш мұрасы мен мұратын танудың терең толғамы. Біз бабаларымыздың күресі мен өсиетін бойымызға сіңіруде, олардың бүгінгі күнімізбен тікелей сабақтас құндылық екендігін әрқашан сезінуіміз қажет. Осы тамырластық сезім бүгінгі қазақтың азаттығына, ел болуына, ел болу үшін, басқа да мемлекеттік атрибуттармен, істермен бірге ұлт тілінің мерейін асыратын, отаршылдық қалдықтарымен күресетін баянды шаруаларға жұмылдыруы шарт хәм міндетті. Бағзы бабалардың да, абыз Абайдың да, Алаш зиялыларының да аманаты осында.





**МУСАБАЛИНА ГУЛЬНАРА**, доктор исторических наук, заведующая кафедрой истории Казахстана Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева. Научные интересы связаны с актуальными проблемами отечественной истории. Ее исследовательские работы выполняются на стыке таких отраслей исторической науки, как политическая и социальная история, а также этнология. Как исследователь одной из самых сложных страниц истории колонизации Казахстана, она неоднократно принимала участие в международных, республиканских и региональных конференциях ученых.

### **РОЛЬ АЛАШОРДЫНСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

В настоящее время одной из самых сложных и острых проблем, изучаемых отечественной исторической наукой, является вопрос обобщения исторического прошлого, идейно-политической и социально-культурной деятельности казахской интеллигенции, ее места и роли в общественно-политической жизни страны в переломное время. В этом смысле начало XX века занимает в истории Казахстана особое место, так как являясь национальной окраиной царской России, Казахстан входил в сферу непосредственных имперских интересов, получивших воплощение в широкомасштабных мероприятиях по его реформированию, когда сама логика принимаемых реформ с поражающей достоверностью исторического факта раскрыв магистральные направления колониально-захватнических устремлений Российской империи относительно азиатского направления ее новой государственной политики, стала закономерной предтечей возникновения на политической арене Казахстана первой четверти XX века передовой алашордынской интеллигенции, которая, начав свою деятельность «с культурного просветительства и оппозиционного либерализма» и своевременно отказавшись от последнего, «ускорила в своем развитии до политической организации с четкими национально-государственными демократическими приоритетами»[1].

В целях освоения богатейшего по своим природно-экономическим ресурсам Степного края царское правительство, как известно, разработало специальную программу по его исследованию, которая включала в себя следующие мероприятия: организацию научных экспедиций, открытие научных отделений РГО и статистических комитетов, создание печатных органов, первых краеведческих, медицинских и других

всевозможных обществ. Для осуществления намеченного, как требовали того колониальные устремления царизма, необходимо было с наибольшей пользой задействовать весь резерв интеллектуальных сил, поэтому во всех просветительских мероприятиях были максимально задействованы и политические ссыльные.

Активное участие в проводимых мероприятиях принимала и казахская интеллигенция, начиная еще с Чокана Валиханова, Абая Кунанбаева и Ибрая Алтынсарина - первой «когорты казахских просветителей», которые в своей общественно-научной деятельности и творчестве опирались на просветительские идеи передовой русской общественной мысли, передовой русской культуры, навсегда став идеалом и путеводной звездой для всего последующего поколения национальной интеллигенции, включая и алашордынцев.

Вспомним, что Ч.Валиханов был действительным членом Императорского Русского географического общества (ИРГО), Абай принимал участие в работе Семипалатинского областного Статистического комитета, открывшегося благодаря усилиям политического ссыльного Е.П. Михаэлиса в 1883 г., И.Алтынсарин был член-корреспондентом Оренбургского отделения географического общества. А если говорить об Алихане Букейханове - теоретике и лидере национально-освободительного движения Алаш, организаторе первой политической партии «Алаш», то он начинал свою деятельность с участия в работе западно-сибирского краеведческого общества, проводя кропотливую работу по сбору, систематизации и публикации материалов по истории края. В работе данного общества в свое время принимал участие и Ч. Валиханов - ближайший

друг известного исследователя Азии Г.М. Потанина, который «постоянно проявлял интерес к инородцам, знал их быт, нравы и всячески способствовал сохранению их самобытной культуры», уже в период революционных «бурь и тревог» возглавит зародившееся еще в 60-е годы XIX века национальное движение сибирских областников - сибирское областничество, также ставившее целью отделение Сибири, создание своей автономии. Отстаивая интересы представителей национальных окраин, он политически убежденно будет поддерживать алашордынцев, «публично выступив за предоставление казахам автономии» [2].

Вся научно-просветительская деятельность алашордынской интеллигенции в начале XX века, как уже сказано, была полностью созвучна с идеями и мыслями их великих предшественников. В условиях тотальной колонизации края в историческом контексте конца XIX века, когда полным ходом осуществлялась набиравшая обороты переселенческая политика, подавлялись мельчайшие проявления недовольства, первые очаги национально-освободительного движения и шло укрепление колониальной администрации края, усиление всех вертикалей власти, еще только нарождавшаяся алашордынская интеллигенция вместе с прогрессивно настроенными представителями русской интеллигенции, искренне сочувствовавшими демократическим ценностям казахского народа, принимали деятельное участие в работе научных обществ, внося свой посильный вклад в развитие культуры и образования Степи. Они занимались наукой, литературным творчеством и вели активную общественно-политическую жизнь, полноправно участвуя в государственных и общественно-политических структурах Российской империи, которая, безусловно, нуждалась на тот момент в особо одаренных и высокообразованных этноинтеллектуалах, их знаниях и эрудиции.

Так, приглашенный в 1896 году для работы в составе экспедиции под руководством Н.А.Щербины Алихан Букейханов, например, подготовил «Примечание» к солидному 13-томному научному изданию «Материалы по киргизскому землепользованию...», подробно описав общинно-аульные группы, родовые схемы, точные границы естественно-исторических районов, составив таблицы и схемы перекочевок и алфавитный указатель к 6-му тому данного издания. Аналогичную работу проделал А.Букейханов и к «Материалам...» по Павлодарскому, Семипалатинскому уездам Семипалатинской области и Омскому уезду Акмолинской области [3] (Галиев).

А несколько ранее в разделе «Распределение населения киргизского (казахского) края по территории, его этнографический состав, быт и культура», написанному к другому 18-томному собранию под общим названием «Россия. Полное географическое

описание нашего края», А.Букейханов, давая общую характеристику культуры нашего народа, высоко оценивает Абая, как «представителя нового течения» в казахской поэзии и, знакомя русского читателя с его творчеством, подчеркивает свое идейное родство с поэтом, «поскольку поколение интеллигентов-казахов начала XX века, работавших за государственное самоопределение казахского народа, стремилось к широкому освоению культурного наследия прошлого как стимул к пробуждению и развитию национального самосознания простого народа» [4].

Мощным средством пробуждения национального самосознания станет в это время печать. Со второй половины XIX века впервые начнут выходить в свет такие просветительские издания на казахском языке, как «Туркестан уалаятынын газетты», «Дала уалаятынын газетты», а затем и своевременно созданная А.Байтурсуновым общенациональная общественно-политическая газета «Казах», которая станет рупором политической программы А. Букейханова. На ее страницах найдут освещение общественно-политические и правовые идеи деятелей движения Алаш, их мысли о судьбе казахской нации, ее государственности, о праве нации на самоуправление, о национальном равноправии, свободе и независимости, идеи демократии, межнационального согласия и толерантности - идеи, нашедшие свое достойное воплощение в условиях современного независимого Казахстана. То есть, вся система взглядов алашордынской интеллигенции на прошлое, настоящее и будущее Казахстана найдет путь к сердцам соотечественников через публикации в печати. Много научных трудов будет издано ими по проблемам языка и литературы, истории, педагогике, математике, экономике и праву.

Знаковое сочетание в Алихане Букейханове ученого-интеллектуала и видного общественного деятеля позволили ему понять и предугадать многие закономерности и противоречия эпохи. Несмотря на «полифонический хаос социальных отношений» общероссийского свойства, полное отсутствие каких бы то ни было ориентиров в выборе средств политической борьбы, уже сформировавшаяся и окрепшая в водовороте событий общественно-политического характера казахская политическая интеллигенция Алаш-Орды, представлявшая цвет нации, во главе с идейным вдохновителем и лидером движения Алаш А.Букейхановым внесла неоценимый вклад в решение сложнейших и однозначно политически острых на тот момент вопросов, связанных с судьбой родного народа, подготовив законопроект о типе национально-государственного образования казахов, его месте на евразийском геополитическом пространстве, объединенном Российской империей, а после ее развала представления алашордынцев «о полномочиях и статусе складывались уже по мере



## АЛАШТАНУ

развития политической ситуации и под ее непосредственным воздействием, сохраняя при этом идею модерного национального, но не моноэтнического государства» [5].

Автономия будет провозглашена на втором всеказахском курултае в декабре 1917 года по инициативе А. Букейханова, так как лишь только «после свержения самодержавия в Азиатской России, как и по всей стране, началось создание различного рода национальных объединений (комитетов) и национально-партийных формирований» [2].

Таким образом, алашордынская интеллигенция, как их духовные предшественники- «прародители», сумели не только предугадать наиболее приемлемый в исторически сложившихся условиях путь развития - автономизм, но и единственно верно и исторически оправданно сориентировать свой народ на его духовные истоки, самобытную культуру, сохранение традиций и обычаев предков.

Чувство глубокого патриотизма и любви к Родине, почти врожденное чувство истории, свойственное всем алашордынцам и их идейному лидеру и вдохновителю Алихану Букейханову, умевшему думать за многих и при этом думать исторически масштабно и далеко на перспективу, его искреннее стремление понять и предугадать все закономерности смены культур, строя не могли, конечно же, уберечь его и его соратников от ошибок, вполне объяснимых и оправдываемых в историческом контексте переломной эпохи, которые были связаны с их подпольной деятельностью в борьбе с наступавшим советским режимом, связью с представителями антисоветской эмиграции, троцкистской оппозиции и правыми. Однако, вскрывая эти ошибки, не следует забывать о необходимости цивилизованного подхода к пониманию очевидности того, что это была одна из крайних форм сопротивления в период бездорожья, когда в гражданской войне, развязанной большевиками, они, ориентируясь на сибирское областничество, оказались не только «по ту сторону баррикад» вместе с сибирскими правителями

почти до конца 1919 года, но и «оказались один на один с упрочившей свои позиции новой властью» и вынуждены были «пойти на единственно приемлемое, хотя и чрезвычайно тяжелое решение - войти в соглашение с идейными и политическими противниками в обмен на декларированное обещание сохранения национальной автономии» [4].

В отличие от движения сибирских областников, так и не сумевших в исторически сложившихся условиях создать единую общесибирскую организацию, общественно-политическое движение Алаш, в числе лидеров и активных участников которого были выдающиеся представители науки и культуры, опираясь на идеи своих «духовных» прародителей, великих своих предшественников, сумели создать первую в истории Казахстана политическую партию «Алаш», правительство Алаш-Орда и добиться национально-государственного самоопределения - автономии, пролонгировав взгляды сибирских автономистов (областников) в историческом контексте начала XX века.

### Литература:

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. - Алматы: «Атамұра», 2000. - С.665-666.
2. Ламин В.А., Шиловский М.В. «Сибирские автономисты (областники) и деятели «Алаш-Орды» // Материалы международной научно-практической конференции «Влияние идей движения «Алаш» на Евразийском пространстве: история и современность». - С.27
3. Галиев В.З. Общественная деятельность политических ссыльных в Северо-Восточном Казахстане (1890-1904). - Алматы, 2004. - 216 с.
4. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи.- Алматы, 1995. - с. 128.
5. Аманжолова Д.А. Алаш как этнополитический феномен: опыт исторической и историографической рефлексии // Материалы международной научно-практической конференции «Влияние идей движения «Алаш» на Евразийском пространстве: история и современность». - С.13.



*МҰХТАР ӘБДІКӘКІМОВ, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, саясаттану және философия кафедрасының оқытушысы. М.Әуезов атындағы Семей университетін бітірген. Кейінен, Семей мемлекеттік педагогикалық институтының магистратурасында оқып, «18-20 ғғ. аралығындағы ақын-жыраулар шығармаларындағы Тәуелсіздік мәселесі» тақырыбында магистрлік диссертациясын үздік қорғады. Ғылымға даралық көзқараспен келген жас ғалымның «Тарихтың қысқаша тарихы» мақаласын оқырман назарына ұсынамыз. Мақалада Тәуелсіздік кезеңінде Отан тарихының зерттелуі мен қазақ тарихының әлемдік өркениетте алатын орны жаңаша танымда қарастырылған.*

## ТАРИХТЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғаған, барлық жан-тәнімен, ой-өрісімен аңсаған егеменді еліміз, дербес мемлекетіміздің, тәуелсіз Қазақстанның өзінің көк байрағын, ашық аспанмен түстес бостандық туын көтергелі де жиырма жыл болып қалыпты. Міне, осындай айшықты кезеңде туып-өскен ең бақытты ұрпақтың алды жеке отау құруға да жарап қалыпты ғой.

Бүгінгі тәуелсіздіктің арғы жағында сан қилы тарихты, сан алуан белестерді басынан өткізген ұлтымыздың, халқымыздың қасиетті тағдыры жатыр. Осыған жеткізген ата-бабаларымыздың ерен ерлігінің алдында бүгінгі ұрпақ әрқашан борыштар болуы керек. Бірақ, көңіліне су сепкендей көңілінді басатыны - халқымыздың тәуелсіздікке қалай жеткені туралы, тарихты, ел басына күн туған заманда халықты артта тастамай күн болып жол көрсеткен, ер болып жанын берген Ұлы тұлғаларымыздың қазіргі жас ұрпақтың көпшілігінің санасында болмауы, - Абайдың: «Бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым жалма-жан» күйіне түсіретіндей. Ертең өз қасиетті ұлтының төл тарихын білмеген адамнан елім деп ерлейтін ұлтжанды шыға ма әлде, тілі мен тарихын білмейтін космополиттер шыға ма? Бұған бүгінгі заман өкілі-өзіміз кінәлі боламыз ба? Әлде кешегі заманның кеңестік идеологиясы кінәлі ме? деген ой туындайды...

Кешегі өткен қоғамдағы отарлау саясаты - төрт бағытта жүгізілді. Біріншіден, отарлаушы ұлтты тілінен айыру, екіншіден, дінінен айыру, үшіншіден-салт дәстүрінен айыру арқылы психологиялық өзгерту, төртіншіден-генетикалық даму жүйесін жою арқылы сол ұлттың көзін жоғалту. Бұған бір мысал келтірейік. Бір ғасыр бұрын Сібірде өмір сүрген 32 ұлттың бүгінде көршілес империяның кезінде істеген саясатының арқасында төрт ұлт қана отын жоғалпай өмір сүруде.

Мұны айтып жатқан себебіміз Республиканың бүгінгі барлық кеңселерінің басында ел басқарып отырған азаматтарымыз кезінде орталық атанған Мәскеуден, Петербургтен оқып келгендер екенін жасырудың қажеті жоқ. Олар толығынан отарлау саясатына бас иіп, мойындап әбден қанына бодандық мінез құлықты сіңіріп, енді өзінің ұлтының тілінен ғана емес, салт-дәстүрінен де жиренетіндей күйге түскенінде. Демек, бұлар үшін қазақтың ұлттық психологиясы деген ұғым жоқ, ондай атауды естімеген де. Ендігі жас мемлекетіміздің, азат ұлтымыздың ел болып одан әрі дамуы кейінгі толқын-келешек ұрпақтың қолында деп қана отырмау керек. Жас ұрпақтың бойына заманға сай білім мен тәрбие берумен қатар, ержүрек бабаларымыздың рухы мен елжандылық қасиеттерін насихаттайтын, жас буынның патриоттық сезімін қалыптастыратын шығармаларды таныстыру маңызды болып табылады.

Ал енді қолда бар алтынның қадірі жоқтың кебін кимей, ендігі жас ұрпақтардың қазіргі заманның мол мүмкіншіліктерін мейлінше пайдаланып, толығымен қамтып, білімін молайтып, халқының тарихын тереңнен меңгеріп, рухани байлығының дүниежүзінің ешбір елдімекенінен артып түспесе, кем емес екендігін аңғарып, түсінуі абзал. Содан біздің туған еліміздің елестеген болашағы кең байтақ даламыздың көкжиектеріндей алдымыздан ашыла беретіні хақ.

Өз жерінде өгейдің халін кешкен қазақтың кеңес өкіметі тұсында көрген қорлығы мен зорлығының бірі - төл тарихын жаза алмағаны болса керек. Шәкәрім осы түркі халықтарының шежіресін жазғандағы мақсатын осы жерде келтіруге болады, ондағы:

Жазғанда мақсатым көп менің тағы,

Қазақтың қараңғы еді арғы жағы...

Қалжың емес, қам үшін жаздым мұны,

## АЛАШТАНУ

Білсін деп кейінгілер түп атасын.

Атаны ағағанмен білім артпас,

Сөйтсе де білген адам құры жатпас,

- деп ой түюінде халқымыздың шайылып кеткен тарихи жадының қайта оралып түлеуін тілеген арманды ойы жатқандай [3; 76].

Оның алдында жеріміз патшалық өкіметтің «Римдік демократиялық принципі негізіндегі «Разделяй и властвуй»» саясатымен еліміз бөлініске салынды, тарих түгілі тарыдай шашылған, қырылған халқымыздан айрылып қала жаздадық. Осынау тарихи тағдырымыздан ой түйетін, сабақ алатын сәттер аз болған жоқ. Ал тарих бұл әр халықтың өз ұлттының ұлттық нысандарды сақтаушы негізгі қазынаның бірі деп те айтуға болады. Тарихқа жүгінсек, алғашқы мемлекеттілігін ерте замандарда қалыптастырған Қытайда тарих - мемлекеттің ең маңызды бес басқару институтының бірі ретінде қызмет атқарған екен. XVIII ғасырда Ресейдің алғашқы университетінде неміс ғалымдарының орыс студенттеріне Ресей тарихын неміс тілінде оқуына қарсы күрескен М.В. Ломоносов былай деген екен: «Халықтың санасын оятып. Оны дамытуда тарихтың атқарар рөлін ешбір қоғамдық ғылым атқара алмайды» - деген екен [1; 96].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасындың басында Қазақстанды зерттеу үшін құрылып жатқан Ресей императорлық қоғамдары бөлімшелерінің қызметкерлеріне орталықтан: «Шығысты зерттеу шығыс халықтары үшін емес, ресейдің шығыстағы саясаты үшін қажет» деген нұсқау берілген. Міне, осы жоғарыда келтірілген мысалдардан тарих ғылымының ел үшін, халық үшін, оның болашағы үшін қандай маңыздыға ие болып, қандай рөл атқаратынын байқауға болады. Жалпы менің ойымша, тарих - басқа да анықтамаларымен бірге, халқымыз бен мемлекетіміздің рухани байлығы болып саналуы тиіс. Тарихты жасайтын халық, сол себепті тарих - халықтың меншігі болып табылады. Ал, әзірге ой тоқтатсақ біздің ұлттық тарихымызда көп мәселелердің шындығы анықталып жатыр бірақ, бұл шындықтар ақиқаты анықталмаған шындық болып отыр.

Адамзаттың даму тарихының қатпар-қатпар беттерінде өркениеттің дамуына қай ұлт қаншалықты үлес қосты деген сауалдың жауабын іздесек, кез келген халықтың «әрине, бізбіз» деген дәлелдерін көптеп жинауға болар еді. Қазақ та солардың бел ортасында. Қазақ өзі қазақ екеніне, өзінің мәдениеті мен тарихына мақтана алатындай халықпыз. Қазақ халқы өте көне халық. Арғы аталарымыз сақ, ғұн деп аталатын түркі жұртымыз.

Бірақ әлемдік деңгейде тарихи салада зерделейтін болсақ бірнеше суперөркениеттер бар екенін көреміз: Ресейлік, Ислам, Латын-Америка, Рим өркениеті, Қытай мәдениеті, Мысыр мәдениеті, Үнді мәдениеті т.б. мәдениет бар да түркі өркениеті не мәдениеті жоқ. 300 жылдық бодан кесірінен кезіндегі саясат-өркениетімізді көлеңке

қараңғылығында қалдырды. (Батыстық ғалымдар да біздің қай өркениетке жататынымызды ажырата алмады. Тек Ресейлік мәдениетке жақындатады. Олардың пікірінше, түріміз-қытайға, тіліміз түрікке, дініміз арабқа, ішкі-жан дүниеміз-орысқа ұқсайтындықтан бізге жіп тағу қиынға түскен көрінеді-мыс) [2; 36].

Ұлттық тарихымыз әлем тарихында ойып тұрып үлкен орын алатын тарих, тіпті өркениет бастауларын жасаған халық деп айтуға болады. Соңғы бірнеше онжылдықтарда мәдениеттанушылар мен археологтардың сенсациялық ашылулары көрсеткендей, сондай-ақ, көптеген атақты әлемдік түркологтардың еңбектерінен біз түркілердің әлемдік деңгейдегі бай өркениеті, тарихы бар екендігін енді ғана біліп жатырмыз. Еуроцентристік және таптық концепциялардың ұзақ жылдар бойы үстемдік құруынан біз бұл ақиқатты білуден кешеуілдетіп қалдық. Бірақ қазіргі біз оқитын ресми тарихқа келетін болсақ, онда да төл тарихымыздан гөрі басқалар туралы көп жазылған. Бұл турасында Мұрат Уәли былай деп: «Бұмын қаған мен Кенесары қағанға қарағанда біз көне Рим императорлары мен Киев Русінің княздары жайлы көп білеміз» ақиқатын жазады.

Мәдениет саласында бүгінгі күні белгілі болып отырғандай, түркілер сол заманда алдыңғы қатарлы өркениетке ие болып отырып, әлемдік өркениет пен мәдениеттің дамуына өз үлесін қосқандығы жайлы ресейлік тарихшы-түріктанушы, академик А.П. Окладников мойындап былай деген: «Көне түркілік Сібірдің Батысқа қарағанда, Шығыспен байланысы тығыз болған. Оның тарихы терең. Байкал мен Ленаның жағалауында Шығыс пен Батыстың көне мәдениеттері біте қайнасып жатты, осының арқасында сол кездегі күшті мәдени ошақтар өмір сүрді. Байкалдан табылған археологиялық мұралар бұл байланыстарды Дон мен Дунайға дейін алып барады» [6; 46]. Қытайдың б.д.д. 2614 жылы құрылған алғашқы мемлекеті мен өркениетінің негізін салған Хуанди бастаған көне түркілер екенін фразцуздың ұлы ғалымы Тьер де-Шардан, жапон, фин ғалымдары осыдан бір жыл бұрын дәлелдесе, Үндістанның біртұтас мемлекет болып қалыптасуында түркілердің шешуші рөл атқарғандығын Дж. Неру мойындады. Сонымен қатар түркілер Ресей, Болгария, Египет, Украина т.б. мемлекеттердің қалыптасуында белгілі рөл атқарды [5; 96].

Кемшіліктерді болашақта қалпына келтіру процессінде тарих ғылымының атқаратын рөлі маңызды орында. Ал, ұрпағымыздың санасын тарихпен сусындау, тәрбиелеу өз орнында ерекше мәселе. Өзін қазақпын деп санайтын әрбір азамат қолға алған қандай да ісін халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан жасауы керек. Бабалар тәрбиесінен нәр алған ұрпақ та іргелі елдің ой-санамен, туған елі және әсері үшін қажырлы қайрат, жан қияр жауынгерлікпен елін, жерін, жұртын қорғаштады. Дәл солай бүгінгі жас ұрпақ та өз мемлекетін, халқын қорғай білуі керек. Ол үшін бабалар

## АЛАШТАНУ

дәстүрінен тағылым алып, ұлттық салт-санамен сусындауы қажет. Сондықтан да әрбір жас ұрпақ ұлтын тәлім-тәрбиенің маңызын сезініп, бұл бағытта өзін тәрбиелей білуі тиіс. Өйткені, жаңа ғасырдың жастары ана тілін, тарихын біліп, қазіргі заманға сай озық біліммен қарулануы, отаншыл болуы керек. Яғни, алдымен Қазақстан Ұлттық мемлекеттілігі идеясы алдымен сол мемлекет қоғамының субъектілерінің жүректерінен басталып орын алуы тиіс.

Жалпы білім беру мекемелерінде ұлттық тәрбие идеялары еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың халыққа жолдауы- «Қазақстан мұраты» бөлімінде былай айтылған: «... Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар... күллі елге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады... олар ұрпақ тәрбиесінде дана болады: оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды...». Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлт жанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі, сондықтан да ұлттық тәрбие - ел болашағы [4;86].

Қазіргі жастардың бойындағы ұлтымызға тән инабаттылық, тәрбиелілік сияқты. Ғасырлар бойы қалыптасқан менталитеттің жоғала бастауы бәрімізді де ойландырады. Сондықтан да, Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін мына міндеттерді орындауға тиіспіз:

- ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- ұрпақ санасына халқына деген сүйіспеншілік,

мақтанш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;  
- ана тілі мен Ұлттық тарихын, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

Қазіргі Қазақстан - түріктің қарашаңырағы. Батыс түрік қағанатының астанасы Қаратауда болғаны белгілі. Осыдан 15 ғасыр бұрын түрік қағанатын құраған тайпалардың барлығына жуығы қазіргі қазақ руларында кездеседі. Қазақстан - туыстас түркі республикаларымен бірге ұлы түрік қағанаты кезінен келе жатқан «Мәңгі түрік елі» идеясын іске асыратын мемлекет. Тәуелсіз Қазақстанның мұрат-мақсаты мен мемлекеттік идеясы да - осы. Түрік туының астында біріккенде ғана Қазақстан мәңгі жасайтын ел болады. Осыған еңбек ету - барлық қазақстандықтардың міндеті деген сөбен ойымызды аяқтағымыз келеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Б. Кәрібаев. т.ғ.к., доцент. «Тарихты білу мен жақсы көру арасы». Қазақ Әдебиет №40. 15.10.2010.
2. Т. Ғабитов. «Дәстүрлі мәдениетті сақтап қалатын ұлттық идеология керек» Қазақ әдебиеті №34. 3.09.2010.
3. Ш. Құдайбердіұлы. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. -Алматы: «Ел-шежіре», 2008.Т-1.
4. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы- «Аруна», 1995 ж.
5. Ж. Әкім. Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. Алматы, 2007
6. М. Аджи. Азиатская Европа. М., АСТ. 2008 г., с 207
7. Т. Базарбегі. «Психология» ұлт тәрбиесінің өзегі. Қазақ әдебиеті. № 12 (278) 21.03.2003.



## ХАН АЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ



*ЕРЛАН СЫДЫҚОВ, тарих ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры. «Шәкәрім және Алашорда», «Алаш қаласының тарихы» тағы басқа еңбектердің авторы. «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясының бас редакторы. Жақында Мәскеу қаласында «Жайсаң жандар өмірі» (ЖЗЛ) сериясынан «Шәкәрім» атты еңбегі жарық көрмекші. Автордың «Тәуелсіз Қазақ Елі - түркі руханиятының ұйтқысы» атты мақаласында Отанымыздың бүгінгі тарихи, саяси мүмкіншілдіктері сараланған.*

### **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІ – ТҮРКІ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҰЙТҚЫСЫ**

Қазақстан Республикасы биыл тәуелсіздіктің жиырма жылдық мерекесін мәдени-тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық және халықаралық қатынастар аясында асқақ абыроймен, үлкен жетістіктермен қарсы алуда. Осы жиырма жылда Қазақстанды жақсы жағынан әлем таныды. Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың дана басшылығының арқасында Қазақстан әлемдік арена деңгейіндегі өз үні бар мемлекетке айналды. Қазақстанның алар биігінің, қосар үлесінің тағы бір парасы өткенді саралап, түрік дүниесіндегі өткен ғасырларда олқы соққан мәселелердің орнын толтыру болып табылады. Ол қандай ғылыми мәселе десек - тұтас түркі дүниесінің өткен тарихын түгендеу.

Бірден басын ашып айту керек, бұл салада бүгіннің өзінде ғылыми негізді жобалардың аясында іргелі жұмыстардың атқарылып жатқаны рас. Мәселен, мелекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Түріксои» халықаралық ұйымы және Түрік академиясы басым бағытты бағдарламалар аясында нәтижелі жұмыс істеуде. Біздің айтарымыз, арнайы ұмыттыруға ұмтылған ғасырларда тұтас түркілік идея кешегінің танымы ретінде танылатын бөлшектенген сана пайда болды. Сондықтан бұндай келеңсіздікті арнайы ұйымдарға артып қана қоймай, оны бүгінгі барлық, бүгінгі таным деңгейіне көтеру болып отыр. XX ғасырда солақай саясат «пантюркизм» деген жасанды ұғымды дүниеге әкелді. Соның салқынының ызғары бүгінге дейін әр жерден бас көтеріп қояды. Адамзат тарихына, Еуразия құрлығындағы ұлы өркениетке осы ұғымның орасан зияны тигенін дарынды түрколог Мұрад Аджи былай ашып көрсетеді: «Но что такое «пантюркизм» не скажет никто. И - чем плохой «пантюркизм» отличается от хорошего «панславизма»? Также не объяснить. Одинаково бессмысленно!.. Сколько

интереснейших работ осталось тогда за бортом науки из-за глупой политики! Например, не написаны труды казахского академика А.Х. Маргулана. Они восхищали бы. Ученый открыл десятки древнейших тюркских городов! С каналами, храмами, площадями... Он вынужден был оставить тему, потому что Москва и Алма-Ата желали видеть в Великой Степи не тюркские города, не достижения степного народа, а «диких кочевников» и орды «поганных татар»(М.Аджи. Европа, тюрки, Великая Степь/ М.Аджи. - Москва, «Издательство АСТ», 2004. -473 с.).

Солақай саясаттың түркі халықтарының ғана емес, сляван халықтарының, басқа да халықтардың тағдырына орасан зияны тигені бүгінде белгілі. Қандас бауырымыз, Әлкей ағаның жазылмай қалған кітабын армандайды. Бұл, шындығында қазақтарға аманат Олай болатын себебі Дешті Қыпшақтың шаңырағында, тұтас түркінің алтын бесігі Хан Алтайдың бауырында отырған бірден-бір тәуелсіз түркі мемлекеті - Қазақстан Республикасы. Қазақ Елінің кең байтақ ұлы даласының қойнауы қазба байлықтарға ғана бай емес, ең алдымен бұл тұтас түркінің кіндік қаны тамған аңсар Елі, алтын бесігі бұл.

Бүгінгі таңда Хан Алтайды жан-жақты зерттеуді қолға алу керек екені күн санап өзекті бола бастады. Қазақтың, жалпы түркінің саяси-этникалық тарихына бой ұрсаңыз Хан Алтай, оның асқақ биігі Мұзтау алдыңнан асқақтап шыға береді. Сондықтан Алтайды зерттейтін жүйелі ғылыми концепция, биік мәдениет, жаңа ғылыми методология қажет. Хан Алтай тек қана түркі мәдениеті мен тарихының өткенінен хабар беріп қана қоймай, адамзат баласына ортақ көптеген құндылықтардың басын ашуы мүмкін. Алтайдың ерекшелігі туралы түрколог ғалым Л.Н.Гумилев мынадай болжам пікір айтады: «По отношению к степным соседям Алтай -

крепость, «Крутой скать»(Эргене кун), где при любых переменах вокруг можно отсидеться, не сдаваясь противнику. Пищи там достаточно. Для скота есть прекрасные пастбища - северные склоны речных долин, опаленные южным солнцем, а для охоты - южные склоны, поросшие густым лесом, по которым солнечные лучи только скользят, не иссушая почву и не сжигая растения. В чистых реках много рыбы, на опушках леса - птицы. Короче говоря, Алтай - самое благоприятное место для сохранения культуры, даже зародившейся в совсем других местах; потому так богата и разнообразна археология Алтая»(Л.Н.Гумилев. География этноса в исторической период. Ленинград, «Наука», 1990, 280 с.).

Алтайдың адамзат тарихында орны ерекше екенін оның табиғатына негіздей отырып дәлелдеген. Қазақ танымындағы Жерұйық та осы Алтай. Алтайдағы Берел қорымы, Үкөк қырат үстіртінен табылған «Үкөк ханзадасы», Пазырық мәдениетінің жалпы көріністері, басқа да археологиялық қазбалар негізінде табылған мәдениет қабаттары Алтайға қаншалықты жауапты қараудың қажеттігін байқатып отыр. Барлық түркі халықтардың отаны, алтын бесігі Алтайда біздің бабаларымыз түркілердің алғашқы мемлекеті - Түрік қағанатын құрды. Әлемге бүгінде «Түркі жазба ескерткіштері» деген атпен тараған руникалық жазбалар отаны да осы Алтай. Бұл түркі мәдениетінің биігі, өз жазуының болғандығының айғағы еді. Түркология ғылымы саласындағы ғалымдар білгенімен бұл сала қоғамда кең насихатталмады. Шындығында оны мойындау, ол кездегі мемлекеттік идеологияға нұқсанын келтіреді деп ұқты. Ол туралы, қадірлі ағамыз Ақселеу Сейдімбек мынадай пікір білдірген екен: «XIX ғасырдың өзінде-ақ, әлемдік ауқымда жетекші орынды еншілеп үлгерген Ресейдегі түркология XX ғасырдың ортасына қарай ғылыми сипатқа жетуден гөрі социалистік идеологияның қызметшісі болуға көбірек бой алдырғаны аңғарылады. Бұл орайда, түркі тектес халықтардың тарихи-мәдени болмысын біртұтас құбылыс ретінде қарастырмай, бөлшектеп зерттеуге баса ден қойған идеологияшыл методологияны алдымен айтуға болады. Әрине, сыр-себебі белгілі түркі тектес халықтардың этногенетикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани біртұтастығын мойындау деген сөз, түптеп келгенде Еуразия құрлығындағы мыңдаған жылдық тарихы бар ұлы мәдениетті мойындау болар еді».(А.Сейдімбек. Түркология және Орхон ескерткіштерінің атласы, -4-8 беттер.// Еңбекте: Көне түркі жазба ескерткіштері: жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары; Халықаралық конференция материалдары, «Информ-А», Алматы, 2005, -255б.).

Елордамыз Астананың төрінде орналасқан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне Күлтегін жазба ескерткішінің көшірмесі әкелінді. Оның символдық мәні бар. Түркология саласында зертеулер мен атластар дүниеге келді. Ендігі кезекте, түрколог ғалымдар бас болып, жазу мәдениетінің тағдырын, қай

бағытта жүруін батыл шешетін уақыт та жетті. Әлдеқашан өшіп қалған жазуларын еврей халқы мен моңғол халқы жандандырып алды. Басқа да мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бүгіннің өзінде жүз алпыс миллионнан саны асатын, қырықтан астам түркі халықтары өз мәдениетінің тағдырын символдық мәнде ғана емес, шынайы шешуге ұмтылуы қажет. Өскемен қаласында өтетін «Алтай - түркі халықтарының алтын бесігі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция осындай сүбелі мәселелерді көтергені абзал. Түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің өзегі - тіл, сондықтан әліпби мәселесін екенін қатты ескерген жөн.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның күншығыс жағында археологиялық зерттеу жұмыстары жанданып, соның нәтижесінде тарихи-этнологиялық бағыттағы ғылыми зерттеулер өз нәтижесін бере бастады. Атап айтсақ, Берел, Шілікті, және Сарыкөл ескерткіштерінің зерттеу барысында табылған құндылықтар тарих қойнауына тереңдеп баруға мүмкіндік беріп отыр. Алтай тау жүесі, Тарбағатай мен Қалбатау, сондай-ақ, Шыңғыстау өңірін зерттеудің жүйелі атласы жасалып, тұтас мәдени контексте қарастырылса зерттеу нәтижесі де жан-жақты болмақ.

Тәуелсіздікпен қатар жаһандану мәселесі ХХІ ғасырда елдің тағдырына қатар келіп араласты. Онымен жарыса экономикалық дағдарыстың да адамзат қоғамына бүгінгі таңда өз ықпалы бар. Осындай қиыншылыққа қарамастан Қазақстан ТМД елдері арасында өзінің даралық жолын байқатты. Әлем жұртшылығы Қазақстанды Демократия салтанат құрған ел деп мойындап отыр. Осы беделдің өзі бізге көп жауапкершілік жүктейді. Әсіресе, түркі әлемінің даму жолында көптеген басым бағыттарды айқындауға Қазақстан ерекше жұмсауы қажет. Түркі халықтыратын біріктіретін, ортақ мүддеге жұмылдыратын идеяларға жол ашылуы қажет. Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде осы мәселелерді өткір қойып, оларды шешудің жолдарын көрсетіп берген еді. Оған да аттай он жылдан асыпты. Енді сол тұжырымға назар аударайық: «Біздің ойымызша, түркі әлемінде бұл проблеманы табысты шешудің алғышарттары әбден жеткілікті. Тарихи дамудың ғасырлар бойы қалыптасқан алуан түрлі этностық-мәдени жүйелері, ұлттық бейнелер болмысының, әр қилы әлемдердің кезек күттірмейтін өзара тіл табысу, бәтуаға келу қажеттігі бұл проблеманы қазіргі тарих деңгейіне дейін көтеру керектігін көрсетіп отыр. Оған тәуелсіз түркі мемлекеттерінің барлығы да мейлінше тең құқықты жағдайда қатысуға мүдделі болуға тиіс. Түркі әлемі өкілдерінің қазіргі ұлттық сана-сезімінің деңгейі бұл міндетті ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді»(Н.Назарбаев. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. -296 бет.). Түркі әлеміне қатысты мәселелерді шешудің сабырлы да салтанатты жолы осы болса керек.

*СҰЛТАН ЖАНБОЛАТОВ, профессор, жазушы, кезінде Шинжяң университетінің проректоры, ШҰАР Білім Комитеті төрағасының орынбасары, Бүкіл Қытай Парламентінің депутаты, Ұлттар комитетінің мүшесі, Дүниежүзі Қазақтары III Құрылтайының Төралқа мүшесі болған қайраткер. «Үлес» (ҚХР) сықылды сыйлықтардың, «Достық» (ҚР) сықылды ордендердің иегері. «Үйсін хикаясы» (ежелгі түрік тайпалық одақтарының бірі Үйсін ұлысы жайлы тарихи трилогия) мен «Үйсіннама» (ежелгі Үйсін ұлысының тарихы) сықылды еңбектердің авторы. ҚР мен ҚХР жазушылар одақтарының мүшесі.*

## ТҮРІК ТІЛДЕРІ МЕН ЖАЗУЫ: АЛАҢҒА ТОЛЫ

Ана жылғы Түркістандағы конференцияға арнаған бір еңбегімде айтқан едім: Жапонның түріктер жасаған өңірді көп зерттеген тарих ғалымы Ханида Тоору: «Тарихтан бері бұл регион өз төңірегіндегі күштердің шапқыншылығына үнемі ұшырап, төрт жағының таласатын нысанасы болып келді» - деген деп. Иә, бұл жұртқа аян шындық. Сол тарихтың ащы салдарының бірі алдымызда жаюлы тұр: 200 миллионға жетпейтін түркі халықтары әлде неше мемлекетте, неше ондаған тіл не диалектімен, үш-төрт түрлі жазумен тіршілік етуде. Ал, Қытайда, бір миллиард 400 миллионға жуық халық бар тұра, бір елге сыйып, бір ғана тіл-жазуды қолданып отыр! Олардағы неше ондаған диалект те үкіметтің пәрменді саясаты арқылы негізінен жойылайын деді.

Бұл ащы салдардың себебі тарихта, бөліп жегіш бөтендер мен «онаша бұзаушыл» өз тоғышарларымызда жатыр. Мен, алдымен, тарихқа кеткен бұл есемізді түп түгел қайтарып ала қояйық дегелі тұрғаным жоқ. Тек, глобалдану желі қатайған мына заманда, енді есе жібермейік, енді алыстамайық демекпін. Ол үшін, бұдан былай, мейлі қай жағынан болса да, бір-бірімізге таяй беруіміз қабағат қажет. Соның бірі - жазу мен терминология жағы.

Бұдан дәл 21 ғасыр бұрын, Қытайдың ғұлама да шыншыл тарихшысы Сыма Чян түрік тілді ертедегі тайпалық одақтар (Ғұн, Үйсін, Қаңлы) туралы: «үш елдің арасында тарту-таралғы ұсыну, өзара барыс-келіс бұрынғы күйден аумай жүріп жатыр. Оның үстіне бірімен бірі аңдысып, пайданың шеті көрінсе-ақ соғыса кеткелі отыр. Бірлескен күнде де бірине-бірі сенбейді, бөлектенген күнде де бірін-бірі бағындыра алмақ емес». «Қияндарды (осы батыс өңірдегі тайпаның бірі - С.Ж.)

тізгіндеудің оңай болатын себебі - олардың руларының ақсақалдары өз іштерінен алты бақан ала ауыз болып, бірлікке келе алмай жүреді» - деген екен. Бейбітшілік пен даму басты беталыс болған мына бір тамаша жағдайда, Елдеріміз ара мәмілелерден, бір-бірімізге таяй түсудің орнына, Сыма Чян айтқан күйдің сарқыны көрінгенде ішім удай ашиды. Бірақ мына арада, айтарымызға бұл күйдің кесірі барын біле тұра, әзірше бұрылмайын.

Мәдениеттер бір елде сыйласып, енді бір елде қақтығысып жатыр. Мейлі бұның қайсысында болсын, «көп қорқытуда, терең батыруда». Талай ұлттың дүниеден көшіп, талайына қатер төнгенін көріп отырмыз. Қауіп алдымен тілге, сосын тіл иесінің өзіне қадалуда. Саны аз, жазуы мен терминологиясы ұрпағына ыңғайсыз ұлттар тіпті тез жойылуда. Саны аздар бөлінгенін қоймаса, бөтеннің оларды «жеуі» тіпті оңай болып барады. Жазуы мен терминологиясын, сезімге мінгізіп, бүгінгі өмірдің мейірімсіз шындығына қарсы апарғандардың ұрпағы өз ана тіліне қырын қарай бастады. Оның үстіне нарықтық экономика адамдардың өзіміздеулерін прагматизмге итеріп, мәдени селкостыққа, сол арқылы өзінен (өз тілінен, тіпті ділінен, дінінен) жеруге жетелеуде. Кей ел көсемдерінің немқұрайдылығына әлемдегі глобализацияның дәрекі түрі, интеграцияның қалыпсыз тұстары, мәдени сұғанақтық, т.б. қосылып, кей ұлттардың тілі мен жазуы табиғи қорықтағы өсімдіктер мен жаныуарлар құрлы емес күйге түсуде. Әрине, «дүниеге түркі мәдениетінің қажеті жоқ» - деп даурыққан зор ұлтшыл шовинистердің кесірін де, саны аз деп, елеусіз қалтыруға болмайды. Айта берсек, құр байбалам салғандық емес, барлық түрік ұлттарына да қауіп төбесі көрініп тұр. Егер дәл бүгіннен бастап әрі стратегиялық,

әрі тактикалық пәрменді де шұғыл шара қолданылмаса, әйтеуір «біреу ерте, біреу кеш бір құлайды!». Мұндай шараларды, біз түгіл, француздардың да әлде қашан қолға алғаны талайымызды ойландыруға тиісті. Осындай ойдан туындаған бір неше пікірімді ортаға салайын.

### **1. Ең басты міндет - тіл мәртебесін көтеру.**

Тәуелсіздік алған және алмаған түркі елдеріндегі тіліміздің күйі әр келкі. Қазақ «қалған іске қар жауады» дейді. Онысы рас. Ең жоғары мәртебеге өз уағында көтеріле алмаған мемлекеттік тілдің көрер күні белгілі. Ең жоғары мәртебеге шығару процесінің ұзаққа созылуы да, оны «қалған іс» секілдендіріп, елді жалықтыра барып, «қар астында қалтыруы» әбден ықтимал.

Бұл жағынан міндеті ең ауыр елдің бірі Қазақстан екенін түсінеміз. Осыны әбден білетін Қазақстан басшылары Қазақ тілін мемлекет тілі деп жариялап қана қоймай, 20 жылдан бері қыруар шаруа тындырды. Оған да куәміз. Олар алдағы міндеттің әлі ауыр екенін де көріп отыр. Сондықтан да президент Нұрекен (Нұрсұлтан Әбішұлы) әр жылғы халыққа Жолдауында: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі - еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін бұдан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек» - деген сықылды айқын нұсқауларын үнемі айтып келеді. Бірақ жасыратыны жоқ қазақ тілі мәртебесінің көтерілуі өгіз аяңмен кетіп барады.

Сіздер әбден білесіздер, бүгінгі Қазақстанға оралатын қазақтардың дені, бұрынғыша (аштан өліп, көштен қалып баратқандықтан, немесе саяси баспана қажет болғандықтан, т.б.) емес, ең бастысы өз ұрпағының ана тілінен айрылып қалмауын ойлағандықтан ат басын бұрып жатыр. Олар қазақ Елінің өздерінсіз де көркейе беретініне кәміл сенеді. Бірақ қалай көркеюіне келгенде, ойлана да, болжай қарайды. Егер ол көркею жалғасты орыстасу бағатындағы ілгерілеу болса, қазақ тілі заң мен ауызда қанша көтерілгенімен практикада құлдырар болса, онда олардың көбі үшін Елге оралудың маңызы төмендейтініне сене беріңіз. Ендеше қазақ тілінің дамуы (бізше оның ең бірінші сатысы өз мәртебесіне шынайы қол жеткізуі), әрі «барша қазақстандықтарды біріктірудің», әрі дүниедегі барша қазақтың басын құраудың «басты факторларының бірі» болып тұр деген сөз! Ол, сонымен бірге, бүкіл түркі мәдениетінің өміршеңдігіне де өз үлесін қосатын болады. Қазақстан сықылды түрік тілді ел басшыларының өздерінің бүкіл ел, сондай-ақ күллі адамзат тарихы алдында өте бір зор жауапкершілігі бар тіл мен ұлт тағдырының тамаша орайын ұстап отырғандықтарын әбден білетіні, оны қоя беру, ұлт алдында ғана емес, Адамзат алдында (кемінде экологиялық) қылмыс саналады деп қарайтыны шетте жүрген бізді қатты үміттендіреді.

***Ендігі арманымыз - осының шынайы да тез***

### ***атқарылуы.***

Қытайларда «қисықты түзеу үшін оны кері жағына асыра ию керек» - деген бар. Қазір өзге ұлтқа қысым жасамай-ақ, өз ана тілінің, өз ұлтының, өз Елінің болашағы үшін мемлекеттегі субъект ұлт өз ішіне қанша қысым жасаса да арзиды және келіседі. Бүгінде, кез келген елде, мемлекет тілін білу борыш, ал, білмегеннің білгенге орын бергені берген. Бұл ситуацияны билік жасайды!

**2. Түркі халықтарының жазуын жуықтатуға ұмтылу керек.** Бұдан бұрынғы тарихтағы бөлінудің қайда апарғанын да, бір-бірімізді жатсыну мен менсінбеудің төркінінің қайдалығы да, оның неге кіріптар еткенін де білерлік жерге жеттік.

Әйгілі физик Кюри ханым: «Орайды әлсіз күтеді, күшті жасайды» - деген болатын.

Түркі халықтарының бүгінгі жазуы бір-біріне жоламайтын күйде (латынша, кириллше, арабша немесе латыншаның әр түрлі нұсқасында) тұр. Бұл жағдай, бүгін біріміздікі біріміз оқи алмайтын халге салса, ертең ел арасының анағұрлым алшақтауына, сосын бөліне барып бөтенге айналуға апарып соғады. Бөтенге айналу дегендік - ұрпақтың шыбын жанынан басқасын түгел тастауы, ассимиляция дегендік.

Қазіргі кириллше жазуды төте жазуға, тіпті көне түркі жазуына өзгертуді ұсынушылар да бар. Әрине ұлттық сезімдеріне сүйсінеміз. Бірақ, бұл талқылауды да қажет етпейтін, «көк дөнен» емес, көңілдің ғана жобасы саналатын, заманы өткендіктен қайта оралмас дүние. Амал не, бармағымызды тістейміз. Өкінішті-ақ! Бірақ... тіпті солай бола қалған күннің өзінде де, ол бізді бір-бірімізге таятқаны сол, бір-бірімізден де, заман тынысынан да, ертеңгі ұрпағымыздан да алшақтатады. Демек шегінбеу керек!

Қазір әлемді латынша әліпбидің жаулап алғаны ақиқат. Мыңдап жыл өзі бір жершары болып жасай берерлік Қытай да соған зәру (компьютерге иероглифтерін соның көмегімен енгізеді; неше ондаған диалектті, алуан акцентті миллиард халықтың тілін соның жәрдемімен бірлікке келтіруде; ғылым мен техникада осы жазу, ағылшын тілі арқылы алға ұшып барады; ЖОО ларда студенттердің өзара ағылшынша сөйлесуі модьға айналған; бірақ бәрі де өз ана тіліне мықты; т.б.). Тәуелсіз түркі елдері ғана емес, көреген көсемі, жоғары менталитетті халқы бар автономиялы түрік халықтар да латыншаға көшуге бекіді. Талай республикада, тамыры бір түркі елдерінде латын жазуы жалпыласа бастады.

Әрине, біздің ұрпағымыз орысша, қытайша, т.б. тілдерді жақсы игеруі керек. Бірақ, орыс тілі мен жазуының бағы ССРО ның ыдырауы және Мәскеудің «дүниежүзі пролетариятының кіндігі» атағынан айрылуы салдарынан, тая бастады (оны үйренушілер азайды; ең соны информациялардың көбі ол тілдегі



әдебиеттерде емес; ә-хаттық мәтінінізді оның жазуымен дүниенің кез келген жеріндегі біреуге сол қалпында жіберу мүмкіндігі шекті, яғни оның компьютері сіздікін белгілі дайындықсыз танымайды; т.б.).

Мен - Қытай қазақтарындағы латынша жазуды құптайтын белсенділердің бірімін. Осы жолда көп арпалыстым. Өйткені ол елде кириллге көшу мүмкін емесі әбден дәлелденген. Енді оларды дүниедегі қазақтарға таяту үшін латыншаға көшуден өзге жол жоқ. Әрі қазіргі жастар, төте жазудың өзін менсінбей, хән (қытайшаның) иероглифіне және оны танудың құралы латынша жазуға (пиңң зымуға) қарай ауып барады! Мейлі қалайық, мейлі қаламайық, әйтеуір ертеңгі жастар жүйрік пен тәуірге құмар болады. Ал, Қытайдағы қазақтардың түп-түгел қотарылып қазақстанға келуі мүмкін емес (өткен 20 жылда Қытай қазақтарының екі жылдық өсімі - 50 мыңдайы ғана Қазақстанға оралды!) және ондағы қазақтардың таяуғы болашақта латыншаға көшері сөзсіз. Мәселе латыншаның қай нұсқасына көшуде тұр. Олар, неше ондаған жыл бұрынғы заманда жасалған, бүгінгі заман талабына үйлесе алмайтын жобаларға көшуге қарсы. Шынына келгенде, Қазақстан жақтың заман тынысына лайық, болашақта көшетін латынша жазуының жобасын жариялауын асыға күтуде.

Болашақта дейтінім, Қазақстандағы ағайындар егер тап қазір латыншаға дереу орала кетуі әрі мүмкін емес, әрі пайдасыз деп санаса, тез көшер болсақ, ең бастысы, өз мәртебесіне жете алмай тұрған қазақ тілінің қолданылу аясы тіпті тараяды, бір топ жаңа сауатсыздар пайда болады, жазу былығы туылып, тіл мәртебесін көтеру тіпті қиындайды. Бұл бәрінен де залалды! Қазақстанның латыншаға сөзсіз біртіндеп оралғаны, қазақ тілінің мемлекет тілі мәртебесіне толық жетуіне еш бөгет жасамайтын жол және қарқынмен жүргені дұрыс деп қараса, онда өзге елдердегі қазақ диаспорасының латынша жазудың әр түрлі жобалары бойынша бет-бетіне кетуінің алдын алғаны жөн.

Сондықтан, ең кемінде, латыншаға көшу туралы тек мықты бекім жасау мен оның жобасын тез арада жариялаудың өзі әзірше жеткілікті. Шетелдегі қазақтар сол жобаға көше береді де, ҚР дағы көше бастауды тіл мәртебесін шынайы алып болғаннан кейінгі сатыға қоя тұрады және көше бастағасын да талайға шейін екі жазуды қатар пайдаланады.

Жазу өзгерту - өнер де, қызық та емес, заман талабы. Бір ғасырда әлде неше рет жазу өзгертуден құтылу үшін әрі сыртқы зорлықтан, әрі «аға-інілік» теңсіздіктен, әрі заман талабын ескермеуден арылу қажет. Заман талабы дегенде, қарапайым тілмен айтар болсақ, ендігі жазуымыздың функциясы мен ыңғайлылығы ағылшын жазуынан титтей де төмен болмуы, қалыспауы тиіс.

### 3. Атау-термин шаруашылығы, науқаншылықты доғарып, әр бір түркі тілінің басты мүддесіне бағынғаны жөн.

Кей елдердегі ішінара жандарда, бір сәт науқаншылық өріс алды. Жауларымыздың тілімізді кірмесі көп деп иянаттауына ызадан туылды ма, жоқ әлде архаизм мен диалектілер негізінде термин жасап көрініп қалудай пендешілік биледі ме, йә болмаса заман беталысын аңғарудағы жаңылудан ба, әйтеуір ұлт лексикасындағы кірме атауларды қуып шығып, бәрін (әсіресе, ғылым мен техникадағы терминдерді) қазақиластырсақ дегендей әсер беретін топ дүниеге келгендей сезінетін болдық.

Әлемде жылына бір мұншалаған тіл мен ұлттың дүниеден ғайып болып жатқаны Сіздерге аян. Олардың көбі, жан саны аз ұлттар ғана емес, сонымен қоса өз ұрпағы үшін лексикасы мен жазуы жайсыз ұлттар. Кешегі заманда, ұлттар өз тілінің байлығымен, атап айтқанда, өзге ұлттардікіне ұқсамайтын лексикалық, әсіресе атау-терминдік байлығымен мақатанушы еді. Бұл заман алыста қалды. **Қазір қасқайып тұрған мына (бәсеке мен пайда тізгінін ұстаған; глобалдану дауылы үдейін деген; көңілі мейрімге кедей ; т.б.) заманда, ұлттар өз тілінің өміршендігімен ғана мақатанатын болды.** Ұлт тілінің өміршендігі, аға буынның аңсарына да, айғайына да қарап тұрған жоқ. Бұл өміршендіктің иесі де, оны ұзартатын не қысқартатын да - сол ұлттың былайғы ұрпағы. Сәл ашығырақ айтқанда, ұрпақтың былайғы тіршілік процесінде өз тілі мен жазуын жеңіл не ауыр, қыйын не оңай, ол игермесе болмайтын өзге озық тілге жуық не қашық сезінуіне тікелей қатысты. Тіршіліктің ауыр арпалысы оларды біз қалтырған, олардың заманына сай емес өсиетке құлақ астырмайды. Ашы да болса, біз бұл болашақты сеніммен елестетуіміз керек! Ендеше мен айтып отырған науқаншылық - атау-терминдерімізді болашақ ұрпақтан алыстататын, сол арқылы тіліміздің өміршендігін әлсірететін, ғұмырын қысқартатын, түрі ұлтжандылау, мазмұны ұлт жанына залалды шара. Өзін өзі билейтін ұлт болу деген - мына заманмен, мына жер шарындағы күймен санаспайтын ел болу дегендік емес.

Мұндай науқаншылық түркі халықтарының тіл жағынан жуықтауына да кері әсер етеді. «Сыймай жүргеніміз жоқ, сыйыспай жүрміз емес пе». Әуелі десеніз, тарихтағы кей ортақ аталарымызға «сенікі емес, менікі» - деп таласатын жайыт та басылғаны жоқ. Мұндайда, біріміздегі атауды біріміз пайдалануға тырысатын шақ әлі келмеген сияқты. Ендеше біздегі терминологиялық жақындасуды тек әлгі халықаралық делініп жүрген (көбіміз қолданып дағдыланған, ұрпаққа таныс) атаулар ғана ілгері тарта алады. Бұл да есте болғаны жөн шығар.

*АРАП ЕСПЕНБЕТОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің деканы. Көптеген ғылыми мақалалардың, «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Уақыт өрнегі», «Шәкәрім және Сұлтанмахмұт» тағы басқа монографиялық еңбектердің авторы. Қазақ әдебиеттану ғылымының әдеби өлкетану мәселесін зерттейтін саласын негіздеді. Сұлтанмахмұттану мен шәкәрімтану сияқты ғылым салаларының қалыптасуына ерекше үлес қосқан ғалымның «Ұлтты оятқан поэзия» атты еңбегін журналдың мерейтойлық санына ұсынып отырмыз.*

### ҰЛТТЫ ОЯТҚАН ПОЭЗИЯ

Таяу күндері баспа көрген толғанысында: «Сыпыра жырау мен Асан Қайғыдан бермен қарайғы жыраулық мектепті Махамбет пен Дулат аяқтаса, Абайдан басталған ақындық мектеп Мағжан, Сұлтанмахмұт, Ілияс тұсында салтанат құрып, көп ұзамай бәлду-бәлду бәдік дәуренге қайта тап болды», - депті Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы. Ұлттық санаға қозғау салған, шырты ұйқыдағы қазағын оятатын поэзия сардарларының бірегейі Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сұлтанмахмұт түркі жұртының алтын тәжі - Алтайдың қақ төрінде тұрып қазақтың тағдырына қатысты шерменді ойларын ақтарған ақын.

Ұлттың оянуы, жетілуі, өркениетті жұрт санатынан орын алуы қай халықтың болса да басты мұраты, ежелгі арманы. Қазақ халқы әзелден еркіндікті аңсаған, бостандыққа қол созған халық.

Қазақтың XIX ғасырдағы әдебиетіндегі отарлық езгіге қарсы күрес, ұлттық мүдденің аяусыз тапталуына қарсылық XX ғасырдың бас кезінде ағартушылық ағымның пайда болуына негіз қалады.

Алғашқы пайда болуында ағартушылық ағым-оқу, білімге үндеу сияқты көрінді. Барлық кереғарлықты оқу, білім арқылы шешудің мүмкіндігі қарастырылды. Екінші сатыда-ұзақ сонар ұйқыдан ояну, ұлттық ояну идеясы құнтталды.

Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,  
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай .  
Шамаңды қадари хал көрсетсеңші,  
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай,-  
деп қамшылайды.

Бұл халді жазғаным жоқ ақын болып,  
Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып.  
Қайғымен хал мүшкілін білдіргенім,  
Ұйқыда жұрт жатқан соң ғафыл болып.

(Міржақып)

Ұйқышыл жұртты,  
Түксиген мұртты,  
Обыр обыр, сорып тұр,  
Түн етіп күнін,  
Көрсетпей мінін,  
Оятқызбай қорып тұр,  
Обыр болса қамқорлық,  
Қайнағаны сол сорын!

(Ахмет Байтұрсынов)

Жаралы құба жонда кім зарлаған?  
Қансырап, қанын жұтып кім сарнаған?  
Қайғылы сар даланы күңіреткен,  
Зарына адам шыдап тұра алмаған?

Бұл - қазақ, тәңірге зар еткен қазақ!  
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ.  
Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп,  
Оқыған азаматын күткен қазақ.

(Мағжан Жұмабаев)

«Оян, қазақ!», «Масаға» ілесе Байбатыр Ержановтың «Тұр, қазақ!» (1911) Әбілқасым Арғынидің «Жатпа, қазақ!» (1918), Ғалимолла Ғалымжановтың «Есіл жұртым!» (1913) кітаптары дүниеге келді.

Қоршаған ортаға, азғындаған қоғамға, екіжүзді заманға өшпенділікпен, сенімсіздікпен қарау белең алды. Бодандық қамыты тырп еткізбей қылқындарғанымен азат ойға ұмтылу, күлліалаштық асыл идея төңірегіне топтасу ниеті айқындалып келе жатты.

Осы кезеңнің алтын бағанасындай ірі суреткер Сұлтанмахмұт Торайғыров еді. Бүгінгі күннің көрнекті тұлғасы Әбіш Кекілбаев: «С.Торайғыров тым ерекше

## ХАНАЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ

тылсым тұлға: мына дүниеге таң қалуға емес, таң қалдыруға келгендей», - деп қалай әдемі айтқан?!

Өзі өлсе де, сөзі өлмей, есімдері өлең өлкесінде мәңгі бақи қалып қоятын ақын мыңның бірі ғана. Уақыт алға қарай зымырай жүйткігенімен, ғасырлар тозаңы жасыра алмайтын, саф алтындай жарқырап, айналасына нұрлы сәулесін шаша беретін өміршен тұлғалар болады. Солардың бірі - қазақ өлеңінде мәрмәр тастан қашалғандай Сұлтанмахмұт ақын есімі.

С.Торайғыров - төтенше өзгерістер мен дүрбелең сілкіністер дәуірінде тарих сахнасына көтеріліп, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік жол салған, шығармаларына тұтас бір дәуірдің шындығын сыйғызған суреткер. Ол артына өлмес те өшпес мол мұра, қымбатты қазына қалдырған ұлы ақын. «Ақынның хаты өлмейді», - дейді халық нақылы. Осы дана тұжырымды Торайғыровтың өміршен шығармалары дәлелдей түспек.

Суреткер шығармаларын тұтастырып тұрған алтын дінгек- қазақ халқының төңкерістер дәуірінде өз орнын табуы, күллі әлемдік өркениет аяқасында жойылып, құрып кетпей елдікті сақтауы, сөйтіп тілі мен ділінен айырылмай рухы күшті жұрттар санатына енуі.

Алаш қамын естен шығармай, ұлттың рухани самғауын басты нысанда ұстап, еліне емірене қызмет қылуды өмірінің мақсаты санаған қаламгер мұрасы егеменді еліміздің зерделі, көшелі азаматына айналып келе жатқан бүгінгі буын үшін тіпті де қымбат, бағалы.

«Жан қайда әділетті іздейтұғын» деп шығармашылық сапарының басталуында жар салған ақын «басқалар жоғын тапқанда, біздер қайтіп қаламыз» деп толғанды. Уақыт озған сайын ояну жолын шарқ ұрып іздеді.

Анау қырда татар тұр,  
Басқалармен қатар тұр.  
Мынау ойда қазақ тұр,  
Қастарында азап тұр, -

дегенде қазақ тағдыры ұйықтаса түсінен шықпай, оянса есінен кетпей «дертті халқына» ем іздеушілік сипаты айқындала бастайды.

1917 жылғы 27-ақпанда Ресейде төңкеріс жеңіп, патшаның тақтан құлатылғандығы жөніндегі қуанышты хабарды Сұлтанмахмұт Томскіде естиді. «Мұндай заманда қазақ оқығандарының қазақ ішінде болмауы иттік», қараңғылық тұманы сейіліп, ел өмірі тұтастай өзгеріске түскен заманда халқыммен бірге боламын деп 1917 жылдың 10 наурызында Семей қаласына келіп жетеді.

Бөліп, астын сызып айтуды керексінетін шындық күні бүгінге дейін Торайғыров өмірбаянының дәл осы кезеңі «Алаш» партиясымен байланыстырыла қарастырылды да, пікір қозғаушылар бүгежектеп, жан-жағына жалтақтай қарап, қаламгер «адасты», «аяғын шалыс басты», «ұлтшылдар әуеніне ерді» сияқты ерқашты тіркестерді асығыс тізбектеп, сыдыртып өте

шығуға әзір тұрды. Жазушы өмірбаянындағы аталмыш кезең, әңгіме желісіне тартылғанда қара бояуды молырақ жағуға бейімділік - қоғамдық даму мен ғылыми ізденісіне ізін қалдырған тоқырау заманының зардабы. Әйтпесе, Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы халықтың ең ізгі мұраттарын, көксеген арман-аңсарларын - ұлттық теңсіздікке жету идеясын ту етіп көтергені анық.

Ақпан төңкерісі жеңгеннен кейін Қазақстанның жер-жерлерінде облыстық қырғыз (қазақ) комитеттері құрылды. Сұлтанмахмұт Семейде ұйымдасқан қазақ комитетінің кіші хатшысы қызметін атқарады. Комитет бастығы Райымжан Мәрсековпен көп мәселелерде келісе алмай, ұзамай комитет жұмысынан шығады.

1917 жылдың жазында «Алаш» партиясының құрылғандығы Орынборда өткен бүкілқазақстандық съезде ресми жарияланған еді. Ұлттық автономия құруға ұмтылған қазақ зиялыларының талпынысын С.Торайғыров та қостады. Бұл ретте оның «Алаш ұраны», «Таныстыру», тағы бірен-саран шығармаларының жазылуы кездейсоқтық емес, қайта елде болып жатқан ұланғайыр өзгерістерге сергек ақынның үн қосуы деп ұғынуымыз шарт. Ал «Алаш» партиясы, «Алашорда» үкіметі ұғымдары кеңес заманында құбыжық етіп көрсетіліп келді. Ертеректегі А.Бочагов, Н.Мартынченко, С.Браинин, Ш. Шафиро еңбектерінде «Алаш» партиясының ұстанған жолы мен қызметі сыңаржақ бағаланып келсе, соңғы уақыттағы В.Григорьев, Ғ.Ахмедов, Қ.Нұрпейісов, Т.Кәкішев, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Б.Дәрімбетов, Б.Қойшыбаев мақалаларында жаңа толғамдар белең алды. Жалпы, «Алаш» партиясы мен Алашорда тарихы объективті бағасын алар сәт туды. Тарихшы ғалымдардың толайым тиянақты пікірлері көп жәйдің басын ашып, С.Торайғыров тектес қазақ халқының адал ұлдарының бетіне жабылған шырмауды айқара ашары сөзсіз. Сонда ғана өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілмек. 1917 жылдың жазында Сұлтанмахмұт біраз уақыт қымыз ішіп емделуге еліне барады. Онда да жайбарақат жата алмай, Семей қаласына кері оралып, «Сарыарқа» газетіне өлең, мақала, очерктерін жазады.

«Алаш ұраны» - Алашорданың гимні. «Алаш ұраны» - «Алаш» партиясының, адамзат баласының көзі көріп, құлағы естімеген өзгерістерді басынан өткеріп жатқан исі қазақтың ұраны еді. Сұлтанмахмұт елін емірене, жұртын тебірене сүйген ұлтжанды азамат. Атар таң, батар күнде тек қана ел қамын ойлап еңіреген, ұлтына жан-тәнімен қызмет жасауды мұрат еткен Торайғыровтай перзенттің аласапыран уақытта бұлқынып тарих сахнасына көтерілуі заңды құбылыс. «Алаш ұраны» - 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін іле шала жазылған шығарма. Рухы биік, мақсаты ізгі, бітімі оқшау туынды.

1917 жылдың 20 наурызында Петроградтан Әлихан, Мұстафа, Міржақып «Алаш ұлына» атты мақала жолдап, онда: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай

## ХАНАЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ

жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті», - деп көңілдегі қуанышты зор шаттықпен хабарлады. Осы қуаныш лебі Торайғыров өлеңінде де жалғасқан.

Сұлтанмахмұт қуанышты хабарды құшақ жая қуанып қарсы алды. Патшаның тақтан құлауын бостандыққа, теңдікке жету деп ұқты. «Алаш ұранындағы»:

Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған,  
Қолымызды байлаған,  
Елімізді лайлаған,  
Ерімізді айдаған,  
Жерімізді шимайлаған,  
Өшті залым қарасы  
Жасасын, алаш, жасасын! -

деген шаттыққа толы тіркестер дүйім жұрттың көңіл-күйін өрнектейді.

Төңкерістен соң қазақ жерінде кеңінен өріс алған автономия алу, өз алдына жеке ел болу идеясы «Алаш ұраны» өлеңінің өзекті түйіні, кесікті байламы.

Алаш туы астында,  
Күн сөнгенше сөнбейміз!  
Енді ешкімнің алашты  
Қорлығына бермейміз!  
Жасасын, алаш, жасасын! -

деп ақынның жігерлене жыр кестелеуі сол заман ақиқатын көз алдымызға елестетеді. «Жасасын, алаш, жасасын!» рефрені бостандық, азаттық идеясының жасампаздығына ақынның қалтқысыз сенетіндігін көрсететін жанды айғақ.

С. Торайғыров «Алаш ұранын» жазумен шектелмей өмірінің соңғы жылдары дүниеге келген «Таныстыру», «Айтыс» поэмаларында ұлттық ояну жөніндегі асыл ойларын жетілдіре, шымырландыра түсті. Алаш арыстары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, сондай-ақ қазақтың кеменгер ақыны Ш.Құдайбердіұлы бейнелерін ғажайып

суреткерлік құдіретімен көркемдік әліміне алып шықты.

Алаш қайраткерлерінің ұлтжандылығы олардың ортақ айрықша қасиеттерінен саналады. 1918 жылы «Алаш» журналында жариялаған «Ұлтты сүю» мақаласында уақыты үшін батыл ой тастады Жүсіпбек Аймауытов.

«Қазақтың аты орыстың атынан озса, балуанын жықса, шешенін шешені сөзден тоқтатса, мардамсып бар қазақ сүйсініп қалады.

Қазақ жеңілсе, орыс та дардияды. Ноғай мен қазақ, сарт пен ноғай егессін, олар да солай. Бұл әр жұрттың қанына біткен өзімшілдік, тұрған жерін, өскен елін, өз тұқымын басқадан артық болса екен деген құрғақ тілек, құрғақ сезім ең төменгі дәрежедегі надан адамда да бар. Бұл қасиетті сезім емес; үйірін сағыну, жеріне тарту хайуанда да бар. Үйренген тамақ жеген жерін жақсы көру-табиғаттың еріксіз қаноны. Ұлт сүюдің ең төменгі дәрежесі осы.

Ақылы, сезімі ұстарған қазіргі мәдениеттің төрінде жүрген адам баласын алсақ, әр ұлт өзінің өскенін, өзінің көркейгенін, жетілгенін, өзінің қожалығын көксеп, жанын салып, қанын судай ағызып, дүние мүлкін ортаға салып, алысып жатыр. Бұған қарағанда адам баласының өз мешелділігі мәдениет өрлеген сайын күшейіп келеді. «Өзіңе тілегенді біреуге де тіле», «адам баласын бауыр тұт» деген көркем тілек далада қалып, тұрмыс күресі, қанішерлік майданда тұр. Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық- ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі», - деп батыл көсілуі заманы ұсынған тосын ой еді. Осы ұлтжандылық мінез Алаш арыстарының баршасына ортақ еді. Ұлтын сүюдің өзгеше өлшемін Сұлтанмахмұт шығармашылығынан танимыз.

Бір сөзбен түйгенде, біз бүгін Алаш арыстары армандаған егемен елде өмір сүру бақытына иеленіп отырмыз. Еліміз арысты, ойларымыз өрісті, жастарымыз намысты болғай!

«Бізде тұтас түркілік сана бұлыңғыр тартқан ба деп ойлаймын, ата-жұртын, кіндік қаны тамған құдіретті Алтайын сағынбау, Мұзтауды асқағым демеу, Үкөгі мен Берелін бабамның құтқоныс Ергеноқоны деп іздемеу кейінгі кезде мені шынымен де ойландыра бастады», - депті талантты шәкіртім Тұрдықұл Шаңбай. Тауып айтқан.

Ойланайық ағайын!...



*ЖҮНІСХАН АЙДЫН , тарих магистрі, М.Қозыбаев атындағы тарихи және әлеуметтік саяси ғылыми зерттеулер орталығының жетекші ғылыми қызметкері. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетін, кейіннен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистратурасын бітірген. «Ерте Сақ кезеңіндегі мәдени кешендердің қалыптасуын» мәселесін зерттеп жүрген дарынды жас ғалымның «I мыңжылдықтағы Алтай - Тарбағатай өңірлерінің бұғытастары» атты еңбегін оқырман назарына ұсынамыз.*

## І МЫҢЖЫЛДЫҚТАҒЫ АЛТАЙ-ТАРБАҒАТАЙ ӨҢІРЛЕРІНІҢ БҰҒЫТАСТАРЫ

Археология ғылымындағы ақтаңтақтар бетіне Алтай-Тарбағатай өңірлеріндегі ерте сақ кезіңіне жататын бұғытастарды атап өтуге болады. Соңғы жылдардағы Алтай-Тарбағатай өңірлеріндегі археологиялық ізденістер нәтижесінде көне заманның керемет өнер туындысы болып табылатын, ғылыми әдебиеттерде «бұғытастар» деп аталатын жәдігерлер табылып тіркелді.

Сондай бұғытастар Тарбағатай ауданына қарасты, Түйемойнақ тауының оңтүстік етегіндегі Мешел елді мекенінде табылды. Зерттеу жұмыстарына Семей мемлекеттік педагогикалық институтының «Семей археологиялық» жасағының жетекшілері А. Исин мен Сайлаубай Е. зор үлестерін қосты.

Бұғытас жартылай сынған. Сақталымы орташа. Жоғарғы жағының екі бетінде дөңгелек «күн» мен «түн» бейнеленген. Сәл төменірек айналдыра белдеу тәрізді ұңғымалар салып, одан төмен бұғымүйіздері қиғашталып, қатарымен бедерленген. Болжаммен бұғытас қола дәуірінің соңы және ерте темір дәуірінің басымен мерзімделеді. Ескерткіштің алғашқы орнатылған орнын табу бүгінгі таңда өзекті мәселе. Өйткені ол жерде бұғытас пен бірге тұрғызылған кешен «керексур» болуы тиіс. «Керексурлар» ерте темір кезеңінде сақ тайпаларының діни-ғұрыптық салттарын атқаратын идеологиялық орталығы болған.

Басқа да, бұғытасар осы Тарбағатай ауданына қарасты Ойшілік ауылының маңайынан

археология институтының ғылыми қызметкерлері тарапынан табылып тіркелді. Бұл бұғытастар «керексурлардың» маңынан табылды. Жалпы Ойшілік маңынан табылған «бұғытастардағы» салынған суреттер Мешел елді мекенінен табылған бұғытастардағы суреттердің салыну дәстүріне сәйкес келеді. (б. 296 б).

Ал Алтай тауларынан табылған бұғытастар негізінен облыстық археологиялық ескерткіштерінің тізбесін жасау барысында зерттеліп, тіркелген [8]. Алайда бұл тізбеге өкінішке орай көптеген ескерткіштер енбей қалған.

Айта кетерлік жайт Алтай-Тарбағатай таулы аймақтарынан табылған бұғытастардағы салынған бедерлер Савиновтың классификациялауы бойынша Моңғолия, Тува жерлеріндегі осы тектес ескерткіштерге жақын және бұғытастардың классикалық үлгісіне жатады.(5).

Жалпы археология ғылымында Саян-Алтай мен Моңғолия, сондай-ақ соңғы жылдары Шыңжан өлкесіндегі және Қара теңіз жағалауындағы бұғытастар жақсы зерттелініп, классификацияланған. Алайда Еуразия кеңістігіндегі осы екі аралықты байланыстырып жатқан Қазақстан территориясы соның ішінде Саян-Алтай мен Монғолияға және Шыңжанға іргелес жатқан, ерте кезеңнен этномәдени көші-қон үдірісінің қайнаған ортасы болған Шығыс Қазақстан аймағы жете зерттелінбей отыр.

Бүгінгі күнге шейінгі ерте темір дәуірінің зерттеушілері бұғытастардың шығу тегі,

семантикасы туралы біршама еңбектер жазғанымен де, әлі күнге шейін шешуін күткен түйіткілді мәселелер баршылық.

Бұғытастар күрделі құрлымды археологиялық ескерткіштер қатарына жатады. Көп жағдайда оларды керексурлармен және О-Б бағыты бойынша созылып жатқан тізбекпен, тас қалаулармен және қоршаулармен байланыстырады. Алынған мәліметтерді қосымша талдап түсіндіруде этнография, эпиграфика және тағы басқа қосалқы тарих пәндерінің маңызы зор. Бұғытастар, сондай-ақ оған бедерленіп салынған суреттер өнер саласына жатқандықтан, оны тәпсірлеп түсіну үшін өнертануда қабылданған стилистикалық сараптама әдісін қолдану қажет. Ерте көшпелілер қоғамының дүниетанымдық көзқарастарын жаңғыртуда бұғытастардың діни-эфсаналық мәнін түсіндіруде құрылымдық-семантикалық әдісті пайдаланған жөн. Баса назар аударуға кететін жайт, бұғытастарды зерттеу ісінде аталмыш екі әдісті кешенді түрде пайдалану аса маңызды [4]. Зерттеушілердің зерттеу барысында тек бір әдіске жүгінулері, зерттеу нәтижесінің қортындыларының дәлдігіне күмән келтірмеді. Археологиялық контексты есепке алмай тек стилистикалық сараптамалық әдіске жүгіну барысында А.В. Варенов пен А.А. Ковалевтың бұғытастардың генезисіне қатысты айтқан пікірлерінің кемшіл тұстары бар, бүгінгі таңда тарихнамалық дерек болып үлгерген авторлардың пікірлерін өзгеде әдістерді пайдалана отыра саралап өткен жөн деп санаймыз. Айтылған ойларға тағыда қосып айтарымыз тек стилистикалық әдісті пайдалана отырып жасалған қортындылар көп жағдайда керіғарлыққа толы болады. Мысалы А.А. Ковалев Шыңжандағы бұғытастарды зерттей отыра, бұл ескерткіштердің басы сонау қола дәуірінен басталады деген тұжырымдама жасаған еді [3]. Дәл осы бұғытастарды зерттеген Ю.С. Худяков олардың біразын көнетүркілік дәуірге жатқызады. Біз осы мысалдан бұғытастардың генезисімен мерзімделуі хақында тоқтаусыз пікір қайшылықтары бар екендігін аңғара аламыз.

Бұғытастардың генезисі туралы зерттеушілер арасында тоқтамға келген бір шешім жоқ. Жалпы бұғытастардың стилдік мәнерінің бастау қайнар көзі Монғолия территориясындағы қола дәуірі петрогилфтерден екендігін Э.А. Новгородова атап өткен болатын.

Кезінде М.П. Грязнов бұғытастардың бастауы домалақ ағаш бөренелерге салынған әдімі суреттерден бастау алып, кейіннен тасқа қашау әдісіне көшкен деген болжам айтқан болатын [2]. Ғалым болжамының дұрыстағандай Саян-Алтай өңіріндегі қола дәуірінің қорғандарынан бұғылардың тұғыр тастар мен ағаш тақтайшалардың беттеріне бедерленіп салынған суреттері табылған болатын [1]. Бірақ әр дайым қорғандардан органикалық заттардың табыла бермеуі М.П. Грязновтың болжамын ары қарай дамытуға кедергі келтірген еді. Соңғы жылдардағы Қазақстандық архологтардың зерттеулері нәтижесінде Шілікті алқабындағы қорғандардың бірінен майлы бояумен салынған бұғының, еліктің суреттері бар белгісіз ағаш заттың бөлікше тақтайшалары табылған болатын [7]. Мұндай ашылым сақ археологиясында алғаш рет жасалып тұр. Шілікті қорғанынан табылған жәдігер сақ археологиясының өзекті мәселесі болып табылатын қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өту кезеңіне және сақтардың генезисі мәселесіне жаңа қырдан қарауға мүмкіншілік ашады.

Алтай-Тарбағатай өңірлеріндегі бұғытастарды зерттей отыра ерте сақ кезеңіндегі мәдени миграцияның ендік және бойлық бағыттағы жолын анықтауға мүмкіндік туады.

Алтай-Тарбағатай өңірлеріндегі бұғытастар антропогендік әсерлерден күннен-күнге бүлініске ұшырауда. Сондықтан мұқият зерттеулер жүргізіп, аймақтағы ескерткіштердің толық жинағын жасау, бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселе болып отыр.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Бобров В.В. К проблеме вертикально установленных объектов в погребениях эпохи бронзы Сибири и Казахстана // Северная Евразия от древности до средневековья (тезисы конференции к 90-летию со дня рождения М.П.Грязнова). - С.-Пб.: ИИМК РАН, 1992. - С.54-57.
2. Грязнов М.П. О монументальном искусстве на заре скифо-сибирских культур в степной Азии // АС ГЭ. - Выпуск 25. - Л.: «Искусство» ЛО, 1984. - С.76-82.
3. Ковалёв А.А. Каменные изваяния Чёрного Иртыша (ещё раз о Джунгарской прародине скифов) // Скифы. Хазары. Славяне. Древняя Русь. СПб., 1998.
4. Комиссаров С.А., Прокофьева И.В. Каменные

## ХАНАЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ

изваяния Синьцзяна (перспективы изучения)//  
Общество и государство в Китае: XXXVIII  
научная конференция. М.: 2008. С. 38-42.

5. Савинов Д.Г. Оленные камни в культуре  
кочевников Евразии. - СПб.: Изд-во СПбГУ, 1994.  
- 208 с.

6. Оралбай. Е.Қ. Тарбағатай теріскейінің  
бұғытастары // Шежірелі өлке тарихы: тың  
деректер, жаңа ұғымдар, соны зерттеулер  
аймақтық ғылыми-практикалық конференция

материалдары. Семей 2010.- 296-299 бб.

7. Омаров Ғ.Қ. Алтай-Тарбағатай аралығындағы  
ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері  
(кезеңделуі, мерзімделуі және мәдени  
атрибуциясы) Тарих ғылымдарының кандидаты  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертацияның авторефераты. Алматы-2010.

8. Шығыс Қазақстан облысы археологиялық  
ескерткіштерінің тізбесі.-Өскемен. 2006.-  
карталар, ил.-264 б.





**ТҰРДЫҚҰЛ ШАҢБАЙ**, Қазақстан Республикасы мәдениет қайраткері. Соңғы онжылдықта, Хан Алтайды мәдени-танымдық деңгейде жүйелі зерттеп жүр. Ресей Федерациясы, Алтай Республикасына қарасты Хан Алтайдың төрі Шүй даласында тұратын қандастарымыз туралы «Қосағаш қазақтары» энциклопедиясын шығарды. «Алтай - түркі әлемінің алтын бесігі» атты жинақтың шығарушы редакторы болды. Қазіргі таңда, «Алтай - горная страна» атты халықаралық энциклопедияны дайындау үстінде. Автордың Алтайдың ақмаңдайы Үкөкке арналған мақаласын оқырман назарына ұсынамыз.

## ҮКӨК - МӘДЕНИ-СУБСТАНЦИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН

(Түркілер мәдениеті контексінде)

Мен өмірімде бір рет Үкөкте болдым. Соңғы жеті жылда Алтайға мақсатты түрде үзбей жиырма сегіз рет барыппын. Сондықтан өздеріңізбен ойымды бөліспекпін. **Алтай - тұтас түркілердің алтын бесігі.** Анадолы түркілерімен Алтай жайында сөйлессең, алыстағы атажұртым деп тебіреніп, ерекше толқынысты күй кешеді. Сібір түркілеріне ұйқтап жатқанда Алтайды атасаң, Хан Алтайым деп жастанып жатқан мылтығын қолына ұстап атып тұрады. Қазақ поэзиясында да Алтай негізінен сағыныш сарынында ерекше көрініс тапқанын ешкім теріске шығармас. Дегенмен, Қазақстандағы қандастарымызға Алтай туралы айта бастасаң, «е-е, Шығыс Қазақстандағы тау ма» дейді, Мұзтау туралы айта бастасаң «әлгі, Оралхан Бөкей жазатын Мұзтау ма?» дейді. Сырт көз болып сөйлейді. Сонда мен ойлаймын бізде тұтас түркілік сана бұлыңғыр тартқан ба деп, атажұртын, кіндік қаны тамған құдыретті Алтайын сағынбау, Мұзтауды асқағым демеу, Үкөгі мен Берелін бабамның құтқоныс Ергеноконы деп іздемеу кейінгі кезде мені шынымен де ойландыра бастады... Бүкіл адамзат баласы «рюкзагін» арқалап Алтайға ағылса, біз теріс қарап батысқа ұмтыламыз. Бізде **алтын тамырға** деген құштарлық жоқ сияқты.

Кейде мен ойлаймын, Алтай туралы жазсақ «қарашекпен» мен «кержақтан» асырып өрісті әңгіме айтпаймыз. Қымыз ішіп, алтын тәж киген, адамзатқа өркениеттің төресін қалдырған бабаларымызды асқақтатқанның орнына, сарымсақ жеп, шайтан су

ішкен улы кезеңнің пәтуасыздығын Алтайдың тынысы ретінде суреттедік пе деп қорқамын. Одан қалса маралдың өзін айтпай, мүйізін айтамыз... Ол - Алтайдың рухы емес, қаңғып келген індеттің жұғындысы болатын.

\* \* \*

Үкөкке тоқталмас бұрын, біртұтас Алтай жайында бірер сөз. Алтай туралы саяхатшылар, ғалымдар, өнер адамдары жүздеген еңбектер мен көркем шығармалар жазған, әр қырынан келіп, әр ғасырда жазған. Кезбелер мыңдаған естеліктер жазған. Суретшілер асқақ Алтайды бейнелеген. Мәселен, П.Паллас, Г.Миллер, И.Георги, В.И.Вербицкий, В.В.Радлов, Г.И.Спасский, А.Бунге, К.Лебедур, Г.Н.Потанин, Н.К.Рерих, Н.М.Ядринцев, С.П.Швецов, И.Ф.Бобков, М.В.Певцов, В.В.Сапожников, С.С.Сорокин т.б. тамсанып, қасиетті Алтай туралы сұқтана жазды. Алтайлық ақын Гюзель Қыпшаққызы «Алтайым» деген өлеңінде көп дүниені аңғартқан:

Рерих писал твой облик,  
Но не открыл твоей тайны, Алтай.  
Хемингуэй мечталъ тебя увидеть,  
Но не достиг твоих дебрей, Алтай.  
«Жемчужные долины слишком хороши...» -  
С завистью писал о тебе Радлов.  
Кровно был связан с тобою Гуркин...



## ХАНАЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ

Г. Чорос-Гуркин атакты алтай суретшісі, 1917 жылдары Таулы Алтай думасының төрағасы, 1937 жылы 67 жасында атылып, 1956 жылы ақталған. И.И.Шишкиннің шәкірті. Алтай түркілердің кіндік кескен құт қонысы екені поэзияда әсемдікпен берілген. Алтай - ерте заманнан барлық түркілер үшін субстанциялық дүниетаным болса, адамзаттың болашақ тағдырына тікелей қатысы бар біртұтас экожүйе екені бүгінде әлемде мойындалып отыр. Оған біртұтас Алтай-Саян экоаймағының (Ресей 62%, Моңғолия 29%, Қазақстан 5%, Қытай 4%) құрылуы да дәлел. Дегенмен, айтар ойымыз тиянақты болу үшін біз Алтайды өзімізше беске бөліп қарастырамыз: Төр Алтай (Кенді Алтай), орманды Алтай, таулы Алтай, малды Алтай және өр Алтай деп. **Бұл әрине шартты бөліс.** Төр Алтай Қазақстан жағы, орманды Алтай Ресейге қараған Алтай аймағы, Кемерево облысы т.б., яғни, сібірдегі орманды етек Алтай, малды Алтай деп Моңғолияға қарасты жағын, ал, өр Алтай деп Қытай жағын атаймыз. Ал, таулы Алтай Ресей Федерациясы құрамындағы Алтай республикасына қарасты жағы. Үкөк - сол таулы Алтайда... Ол бөлек әңгіме. Таулы, малды, орманды және өр Алтай да Қазақстанмен шекаралас. Ол заңды да. Бір кездегі біртұтас Алтай ғой. Қазақстан мен Ресей арасын Мұзтау бөліп жатыр. Асқақ Мұзтау жүрек тұсынан бөлінген... Ол да бөлек әңгіме. Мұзтау мен Найрамталдың екі ортасындағы Бұхтарманың бастау биігіндегі Үкөк асуынан асып түскендегі қасиетті бөртек сар дала, сол - Үкөк. Жылдың он екі айында жайылым, бұлт үстіндегі жерұйық, биік шындар қоршаған тау үсті тегістік, үстірт. Қазақстан, Қытай, Моңғолия елдерінің шекарасы ентелей барып Ресейде қалған ақмаңдай Үкөкке барып тіреледі. Тоқтайды. Осы Үкөк туралы «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында (9-том) Үкөк(?) үстірті, Ресейдегі Таулы (?) Алтай Республикасы аумағында», - деп басталып, «Ү. ү. көбіне мал жайылымына пайдаланылады», - деп аяқталатын бейтарап ақпараттық мақала берілген. Онда Үкөк археологиялық мәдениет контекстінде қарастырылмаған. Елдің, үстірттің аты кате берілген.

\* \* \*

Алтайды айтқанда Мұзтаудан аттап кету тексіздік. Осы біртұтас Алтайдың асқақ таулары мен қалың орманы Мұзтауға қарыздар. Мың өзен, миллион бұлақ, жүздеген сарқырама бәрі сол бабам ту тіккен Мұзтаудан бастау алады. Асқақ Мұзтаудың бауырын мұздықтар қоршаған. Қазақстан жағында үлкен Берел мұздығы, арғы бетте Меңсу мұздығы, Қатын мұздығы, Ақкем мұздығы, т.б. мұздықтар. Жалпы Мұзтаудың бауырында 160 астам мұздықтар бар. Жер ананың суалмаған уыз бастауы. Алтайдағы ең биік шыңды қазақтар Мұзтау десе, алтайлықтар Қатын Басы, Үш Сүмер дейді, кейіннен орысша Белуха деп жүр. Мұзтау

әлемге Белуха (Қатын басы, Үш Сүмер) атымен танымал бола бастады. Үш Сүмер, немесе үш сүре... көне түркіде тәңір тұрағы, қазақ жайлауда құрт-ірімшік жаятын үсті тегіс тасты сөре дейді. Алтайдағы асқақ қатар тұрған үш шыңды кейде жеке-жеке атап Ақ сөре, Мұзтау, Қатын басы деп айтады. Бұл болашақта арнайы зерттейтін намыстық мәселе. Өйткені Ресей Федерациясында, оның ішінде Алтай республикасында қасиетті шыңға құрмет ерекше. Алтай республикасының мемлекеттік гербінде осы шың үш өркеш болып бейнеленіп, әнұранында аты аталады: «Көк теңгери жылдыстар, Улу, жайым Кан-Алтай. Үч-сүмер, ыйық тайгалар, Ағару, жебрен Алтай...». Соңғы он жылда Ресейде қасиетті шыңды әспеттеген жүзден астам кітап жарық көрді. Соның бірін ғана атап, біріне ғана сілтеме жасайық. Мәселен, Андрей Романовтың «Путешествие к Белухе», (Барнаул, 2002) деген кітабы жарық көрді. Немесе, И.В. Данилевичтің редакторлығымен жарық көрген "Иллюстрированный атлас «Республика Алтай». ( - Новосибирск: Изд-во «Арта», 2006. -368с.) кітабында: «Гора Белуха одна из крупнейших горных вершин России, достигающая 4506 м над уровнем моря. Во внутриконтинентальной области России ей нет равных, и только в тихоокеанском поясе гор ее высоту превосходит Ключевская сопка на Камчатке (4750м)», - деп жазды. ЮНЕСКО аясында сан жүз ғалым, зерттеушіні шақырып мынау біздің Алтай, мынау біздің Белуха деді. Адамзаттағы тамсанды. Үкөкті зерттеуші ғалымдары ұлттық батыр деңгейінде марапатталды, атақтың атағы берілді, материалдық қолдау жасалды, мініп жүруге тікұшақ беріліп қойды. Сондықтан, әрбір сарқырама, бұлақ, флора-фауна терең таныммен, ерекше ықыласпен зерттеле бастады. Бізде сол Пазырық мәдениетімен бір жүйе құрайтын атакты Берелді халықаралық экспедицияға жетекші болып зерттеген З.Самашев тіпті ұлттық энциклопедияға да енбеген. Ал орманды Алтайда жылда түркологиядан жоғарғы сынып оқушылары арасында дәстүрлі конференция өтеді. Нәтижесі жылда жинақ болып басылады. Бізде түркология екі-үш адамның иелігінде қалғандай әсер қалтырады. Тіпті студенттер арасында түркологиядан жүйелі түрде дәстүрлі конференция өтпейді. Бұл ғылыми жағы, ал, практикалық жағынан да ағайындар оқ бойы озық тұр. Саны жүз мыңға жетпейтін алтайлық ағайындар өз республикасының денін қорыққа айналдырып, бір бұтақ сындыртпайтын күшке айналды: «Алтай мемлекеттік табиғи қорығы», «Қатын мемлекеттік табиғи қорығы», «Сүмілті республикалық кешенді қорығы», «Шебалы республикалық кешенді қорығы», «Қосағаш республикалық кешенді қорығы», «Үкөк» тыныштық аймағы» (табиғи резерват) дені ЮНЕСКО аясында. Үкөкке тек сол Қосағаш жағынан барасыз. Қазақстан жағынан Үкөкке құлып салынған. Сондықтан маршрутыңыз Семей - Ауыл - Веселоярск - Алейск - Рубцовск - Барнаул - Бийск - Майма - Горно-Алтайск - Черга - Шебалы - Тұйықты - Онғұдай -

Күпчеген - Иня - Чибит - Акташ - Курай - Қосағаш - Жазотыр болып, сол арқылы Үкөкке жетесіз. Атақты Шүй тас жолымен мың шақырым тайганы жарып өткенде сыңсыған орманның бір бұтағының сыңғанын көрмейсіз. Ал, Семейге Ресей жағынан поезбен кірсеңіз де, Павлодар жағынан автобуспен келсеңіз де сұлап жатқан қарағай қалдықтары, кесілген ағаш түбіртектері, өртенген ағаш қазақ орманына өлім сеуіп тұрғандай. Ұялғаннан бетті басасыз. Астана қолдан орман жасап жанталасса, Семейдің мың жылдық орманы он бес жылда оталды, өртенді... Әрине, «Семей орманы» қызметкерлері ерлікпен жанталаса қалпына келтіруде. Оларға ел деңгейінде үлкен қаржылай-техникалық қолдау керек. Біздегі Қатонқарағай Мемлекеттік ұлттық табиғат паркіне ерекше қолдау қажет. Арнайы безендірілген ұлттық таныммен астасқан кітаптар шығару, барлық қазақстандықтар әр бұлағын, әр бұтағының тағдырын білетіндей ақпараттық кеңістік қажет. Алтай орманын, Семей орманын тұтас ерекше қорғалатын қорыққа айналдыру керек. Қазақстандағы тұтас Алтайға да қорған керек. Кейін кеш болады. Балқарағай, қарағай, самырсын, шырша т.б. мың сан ағаш Алтайдың ерекше байлығы. Мысалы, Қатонқарағай Мемлекеттік ұлттық табиғат паркінде марал саны шамамен мыңға жуық болса, таулы Алтай қорықтарында жиырма мыңнан асады, бұлан саны бізде жүзге жуық болса, ол жақта мың бес жүзден астам, аю саны екі жүзге жуық болса, таулы Алтайда үш мыңнан асады, т.б. т.с.с. Ең алдымен **Алтай ұғымына** ұлттық санада ерекше құрметті көтеру қажет. Жаңа жылдық открыткаларға Қазақ Алтайы, Мұзтау т.б. бейнеленіп, ерекше бейнеленіп сатылымға түсуі керек. Бізде Алтай ұғымы санадан көше бастаған. Не бір қала, не бір облысқа Алтай аты берілмеген. Облыстық газет неге екені белгісіз «Дидар» аталады, орыс тілінде шығатын газет қана «Рудный Алтай» деп аталады. Бұл санадан қасиетті Алтайды, қалың орманды өшірудің ең бір төте жолы. Оны көршілер де байқаған: **«Когда мы говорим о феномене Алтая, посмотрите там, где нас нет там, Алтай уже не Алтай. Западный Алтай, Рудный Алтай сегодня называется Восточным Казахстаном. Что там осталось от духа Алтая? Там нет ничего. Там территориально производственный комплекс. Они уже с той стороны заходят на Белуху. Там уже леспромхозы все вчистую очистили»** (Б.Я.Бедюров, «Значение работы «Тенгри» в Республике Алтай», в книге: Духовная культура Алтая - экология жизни, Горно-Алтайск, 2003.). Хан Алтай ағайын үшін ғана емес, қазақ үшін де қасиетті атау. Соны тәуелсіз ел жағдайында жаңғыртудың жаңа өрісті жолдарын іздестірген абзал. Ал елімізде осы Алтайдың катастрофалық жағдайын айтып, дабыл қаққан жазушы Қалихан Ысқақтың дауысы мемлекеттік деңгейде өз дәрежесінде қолдау таппады. Әйтпесе, леспромхоздың бәрін жауып, Қазақстандағы Алтайды түгел қорыққа айналдырып, әлемдік туризмнің отанына айналдыруға болар еді. Алысқа бармай-ақ,

алтайлық ағайындарды жақын тартып тәжірибе алмасуға болар еді. Ағайынға жоңғар кезінде ептеген өкпе болса оны жұмсартатын кез болды, қазір заман басқа. Ресей мен Германия қазір қандай жақсы қатынаста. Елдік мүддеге қажеттінің бәрі пайдалы. «Алтай - алтын бесігім» деген Өскемен (Хан Алтай) қаласында жылда экотанымдық мәдени-кешенді шара ұымдастырылып, насихатталуы қажет.

Алтайдан қос бұрым болып ағып шығып мұхитқа бірігіп құятын алып екі өзен Ертіс пен Қатын (Катунь) бар. Ертіс - Ер түбірлі өзен. Бастауын өр Алтайдан, Найрамталдан алып Қазақтың мұхитқа құяр дарабоз өзені. Алтайдың екінші мінезді өзені Қатын бастауын Мұзтаудан алып, Би өзенімен қосылып келіп, ол да Обьқа құяды. Ертеде осы алып Обь өзені - түркілік мағынасы Үлкен Өмір дегенді білдіреді болжам бар. Мұзтауды алтайлық ағайындар Қатын басы (Қатын бажы) деп те атайды. Онысы «ақ жаулықты ана» дегенге дегенге саяды. Осы асқақ Алтайдың екі өзенін бүгінде салыстырсақ, Қатын өзені «балығы тайдай тулаған» қалпы арнасынан асып, ернеуі толып ағады. Көрген көз қуанады. Қай жерінен қармақ салмаңыз бекіре, таймень, форель, хариусь, шортан, сазан т.б. балықтар түседі. Ал, Ертіске салынған түрлі бөгесіндерден балықтардың табиғи жүрісіне орасан зиян келген. Бұқтырма жақ бастауы болмаса, тұтас өзен бойының экожүйесі шаршаған. Сондықтан Семейде Ертіске қармақ салсаңыз ұсақ балықтар, бақа-шаян және қалбыр-салбыр ғана ілінеді...

\* \* \*

Алтайдың ақмаңдайы - Үкөк Қосағаш ауданы орналасқан Шүй даласымен қолтықтас. Ресейдегі Алтай Республикасының ең биігіндегі сол Қосағаш ауданында он мыңнан астам қазақ тұрады. Ұлттық дәстүрді терең таныммен, қазақ тілін мәйегімен сақтаған ағайындар өздері туралы энциклопедия дайындауға мені шақырды. Ондағы мақсаттары жастарымыз Мәскеу мен Петербордан тартып Сібірдегі қаншама қалаларда оқып жатыр, солардың шашылып кетпеуі үшін қажет деді. Қазақстаннан тыс жердегі қазақтардың тұңғыш «Таулы Алтай қазақтары» энциклопедиясы осылай дүниеге келді. Қосағаш қазақтарын олар қоныстанған Шүй даласына байланысты «Шүй қазақтары» деп те атайды. Олардың ұлттық санаға, ана тіліне деген құрметін ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Онда қазақ мектебі жоқ. Соған қарамастан бір-бірімен олар басқа тілді білмейтін адам құсап сөйлеседі. Шындығында барлығы орыс және алтай тілін еркін біледі. Үшінші дүниежүзлік Қазақтар құрылтайында елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Асқақ Алтайдың биігінде, Қосағашта дәстүрін, тілін сақтаған шоқтай он мың қазақ тұрады» дегенде осы қазақтарды айтқан болатын. Мерейі үстем, өр мінезді ағайынның Қазақстан Республикасы президентінің сөзінен кейін қанаттанғандарын көрсеңіздер екен. Сол

## ХАНАЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ

Қосағаш ауданының басшысы қандасымыз Өуелхан Жазитұлы Шүй қазақтарының шежіресін жазғанда мынадай өлең жолдарымен бастапты:

Шүй бойы туған жер тұрағымыз,  
Шындық мәңгі өшпейтін шырағымыз.  
Тегінді біл, құятын көлінді біл,  
Қазақ атты дарияның бұлағымыз.

Осы Шүй даласы әлемге танымал шын басындағы құт мекен Үкөптен жалғасып жатыр дедік. Сол Үкөктегі жалғыз елді мекен Жазотырда (Джазатор, Жазықтөр) негізінен қазақтар мен теленгіттер тұрады. Ол Қосағаш ауданына қарайды. Үкөк қоныс-шатқал кезінде Шыңғыстай болысына, кейіннен де біз жаққа қарап тұрған, алайда жер қатынасы қиын деген желеумен бір кездерде Алтай өлкесіне өткен деген жазбаларды кездестірдік. Көптеген қариялардың құжаттарындағы Шығыс Қазақстан облысы деген жазуды көзімізбен көрдік. Алтай сияқты аз ағайынды ренжітпей сабырмен қарастыратын мәселелер бұлар. «Елдестірмек елшіден...» деген менің дана бабаларым. Түбі бір туыс халықтардың тату тұрғанын қаламайтын империялық көзқарастың да бар екенін ұмытпауымыз керек... Мұхан, Мұхтар Өуезов қандай дана адам болған... Сол кеңестік дәуірде, қызыл идеологияның қылышынан қан тамып тұрған шақта, сол таулы Алтайдан С.С.Каташты Алматыға шақыртып, Алтай халықтарындағы «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» эпосын негізгі қазақ нұсқасымен, басқа да түркі халықтарындағы нұсқасымен салыстырып зерттеуіне, докторлық қорғауына өзі ғылыми кеңесші болып, қамқор болған ғой. Бұл да бір бөлек әңгіме. Ал, жоғарыда айқан, Жазотыр қазақтарының жаз жайлауы, күз күзеуі, қыс қыстауы болған жерлерде, кейінгі ғасырлардың белгісіндей болып қазақ қоныстары мен зираттары «бәйшөгел» болып бүгінге дейін Үкөкте сақталған. Бүгінде Үкөк Ресей Федерациясында республикалық статус алған Алтай республикасына қарайтыны белгілі. «Алтай принцессасы» табылғаннан кейін Үкөк Ресейдің, оның ішінде Алтай Республикасының ең қасиетті жеріне айналды. Үкөкке 1998 жылы ЮНЕСКО аясында әлемдік маңызы бар табиғи мұра статусы беріліп, ерекше қорғауға алынды. Алтайлық ағайындар өте сенімді түрде қалың орыс пен көрші қазақ аралас-қоралас отырғанына қарамастан өткір жазып, өздерінің ертеден қоныстары екендігіне басқаларды сендіре жазды: «Плоскогорье Укок издавна было местом обитания теленгитов - этнографической группы современных алтайцев, имеющих особенности этнического происхождения, языка, традиционных форм культуры, образа жизни» (Государственное учреждение Республики Алтай. Природный парк «Зона покоя Укок». Буклет.). Барсаңыз осы буклетті қолыңызға ұстады. Ал, Мәскеуден шыққан іргелі еңбекте Үкөк жағында халықтардың орналасуы айқын көрсетілген. Онда

негізінен қазақтар тұратыны ғылыми негізді бейнеленген (Тюркские народы Сибири/отв. ред. Д.А.Функ, Н.А.Томилов; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н.Миклухо-Маклая РАН; Омский филиал Института археологии и этнографии СО РАН. - Москва. : Наука, 2006. - 678с. Серия «Народы и культуры»). Сондықтан Үкөкті Алтай республикасына қарасты жердегі тұтас түркінің мәдени-субстанциялық құндылығы деп танып, оны қорғауға барша түркі елдері, оның ішінде Қазақстан қолдау жасауы қажет деп түсінеміз.

\* \* \*

Тұтас түркінің бұлт үстіндегі жерұйығы Үкөктен «Үкөк принцессасы» табылғаннан кейін әлемнің назары сонда ауды. Мына бір жолдар біздің айтқанымызды негіздей түседі: «Сенсационные открытия археологов на плато Укок в 90 годах потрясли научную общественность. Сбылось пророческое предвиденье Н.К.Рериха. Действительно, прекрасно сохранившиеся в мерзлоте высокогорной до лины захоронения представляют собой высочайшую научную ценность и по праву относятся к выдающимся открытиям 20 века. Благодаря этим находкам, и главным образом, захоронению знатной женщины, названной принцессой Укока, удалось восстановить многие черты материальной и духовной культуры людей, населявших Горный Алтай в древности». (А.Н.Рудой и др. Укок(прошлое, настоящее, будущее): монография. Барнаул: Изд-во, Алт. ун-та, 2000. 174 с.). Үкөк болмысы жағынан Алтай тауының мұз басқан асқақ шыңдары қоршаған тау-шың биігіндегі бөртек сар дала, тауүсті тегістік, үстірт. Үкөк, яғни шатқалдағы қоныс. Сол Алтайдың ақмандай Үкөгінен, бұлт үстіндегі түркілердің құт қонысынан «Үкөк принцессасын» тапқан Наталья Полосьмак ол жерді ата қоныс еткен халықтар үшін ерекше мекен болғанын өз еңбегінде атап көрсеткен: «Обилие погребальных памятников, в частности, богатых «княжеских» захоронений, может свидетельствовать только о том, что пазырыкцы воспринимали эту горную страну как свою родину, место жизни и смерти, земное и «небесное» пастбище. Немалую роль в сакрализации территории играла неповторимая красота природы» (Полосьмак Н.В. «Стрегающие золото грифы». Ак-алахинские курганы. -Новосибирск: ВО Наука, 1994. Сибирская издательская фирма. -125 с.). Үкөктегі сақ, ғұн, түркі дәуірінен сақталған көп қорған-обалардың бірінен табылған ғылым үшін сенсациялық жаңалық болған ашылымнан кейін дүниежүзі ғалымдарының назары сонда ауды. Табылған, ондағы бұзылмай сақталған мүрде - сақ бекзат ханымының мүрдесі болып шықты. XX ғасырдың аяғында Ресей Ғылым Академиясы Сібір Бөлімшесі, Новосибирск Археология және этнография институты сақ-ғұн-түркі дүниесінің төрі Үкөкте үзбей

археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Ғылыми ортада, мерзімді баспасөзде Үкөктен табылған әйел мүрдесін «Алтай принцессасы», сол жердің тұрғылықты халқы, қазақтар «Бибі ханым» деп атап кетті. Ғылыми-археологиялық экспедиция 1991-1995 жылдар арасында бес жыл қатарынан академик В.И.Молодин мен тарих ғылымдарының докторы Н.В.Полосьмақтың басшылығымен жұмыс істеген. Тау шатқалындағы Үкөк даласында аспан өзені Ақалақа ағып жатыр. Мұзтаудан бастау алатын Бұқтырма алып Ертіске құйса, ал Ақалаха атақты Қатын өзеніне құяды. Үкөк - Тәңірге жақын түркілердің қасиетті жері. Ресейде осы сөздің этимологиясын, шығу тегін, сөз-ұғымның мәнін тануға деген ұмтылыс ерекше: «Слово ук в тюркском языке имеет значение - род, что позволяет нам сделать следующий вывод: слово Ук-кок может иметь значение священный, небесный, голубой род. Легенды о голубых тюрках отмечены многими исследователями Центральной Азии. Считается, что кок тюрк («голубые тюрки») - название тюрков, ставших ядром военно-политического союза племен во времена Тюркского каганата. В монгольском языке слово кок сохраняет свое значение, а ук означает буквально слово. То есть, другими словами, Ук-Кок может быть переведено как Слово Неба. Оба этих варианта - и Небесный род, и Слово Неба - имеют явно сакральный характер и во многом объясняют выбор древними жителями Алтая Ук-Кока в качестве храмового комплекса» (А.Н.Рудой и др. Укок (прошлое, настоящее, будущее): монография. Барнаул: Изд-во, Алт. ун-та, 2000. 174 с.). Бабалардың құтты қонысы Үкөктен «Бибі ханымды» кезекті экспедицияға 1993 жылы шығып жұмыс істеп жатқан ғалым Н.В.Полосьмақтың тобы тапты. Қорықтағы обадан тағы бір жауынгер еркек адамның мүрдесі табылған. Пазырық тайпаларымен қатар өмір сүрген кара-қобылық жауынгер «Бибі ханымнан» екі ғасыр кейін жерленген. Ертеректе қорымдағы осы қабір тоналған. Тонаушылар кара-қобылық жауынгермен бірге қойылған темір пышақ, үш атты алтын жапсырмалармен әшекейленген әбзелімен, тағы басқа заттарды алған соң ары қарай қазбаған. Сол жауынгердің ғана қабыры деп ұққан. Сөйтіп «Үкөк принцессасы» аман қалған. Жиырмалар шамасындағы табыттағы әлеуметтік мәртебесі өте жоғары әйелдің мумияланған мүрдесі жақсы сақталған. Қиып, текшеленген бөренелер соншалықты шебер қиюласқан. Астында ретімен жиылған тастың үстіне кара киіз төселіп, бас жағы жастық жасталып, үстіне тері көрпе жабылған. Оның бәрі алтын жапсарлармен көмкеріліп, безендірілген. Мұзбен жабылған, балзамдалған әйел мүрдесі, киімі, әшекейі жақсы сақталған. Екі қолына салынған татуировка сол күйі сақталған. Жібек көйлегі, басқа да киімдері жақсы сақталған. Осы ғылыми ашылымнан кейін Үкөк жайында көп еңбек жазылып, көп әңгіме болды. Тіпті В.И.Ленин мавзолейде сақталуын қадағалап отырған ғылыми-зерттеу институтының мамандарына

дейін «Үкөк принцессасын» зерттеп, сақталу құпиясын тануға ұмтылды. Қазірде «Үкөк - тыныштық аймағы» деп жарияланып, ерекше қамқорлыққа алынды. ЮНЕСКО дүниежүзлік табиғи мұра тізіміне кірді. Алтайдың биігіндегі Үкөк даласы теңіз деңгейінен 2200-2500 метр биіктікте. Пазырық сайынан 160 шақырым оңтүстікке қарай орналасқан. Қазақстан Республикасындағы Берел қорғанына шекара ассаң қол ұшы жететін жер. Ресей Федерациясындағы Алтай Республикасының оңтүстігінде атақты Үкөк төрт мемлекеттің Ресей, Қытай, Моңғолия және Қазақстанның шекараларының түйіскен жерінде орналасқан Мұзтаудың Ақмандайы. Тау басындағы ақмандай Үкөкті айнала Алтайдың мұзарт шынды таулары қоршап тұр. Ол шындыр Үкөк ойпаңынан 600-800 метр шамасында биіктеп айнала шынжырланып қоршап тұр. Үкөк жергілікті халық үшін қыстық жайылым да болған. Үкөктің оңтүстік жағын қоршай көсіліп асқақ Алтайдың Табын-Богда-Ола шыңқыраттары жатыр. Осы тау жүйесінің ең биігі Найрамтал, немесе Наймантау (Қытын). Қазақстан жағы Мұзтау, Берел, Бұқтарма, Қытай жағы Қанай. Осы шекарасы түйіскен төрт елдің жерінде де негізінен қазақтар тұрады. Бұлар тұтас бір ел. Түрлі заманда шекара бөліскенде тағдырдың талайымен бөлініп қала берген. Үкөкке ең жақын орналасқан ауыл, жоғарыда айтылғандай - Жазотыр (Жазықтөр) ауылы. Халқы туралы тағы бір деректі зерттеу еңбектен келтірейік: «Постоянного населения на плоскогорье нет. Единственный населенный пункт, приближенный к нему -Белеши (Джазатор), расположен в долине одноименной реки, которая отделяет Укок от Южно-Чуйского хребта. Временное население представлено стоянками пастухов и пограничными заставами. Большая часть коренного населения - казахи, которые появились здесь в XIX веке. Они составляют 5,6% населения Республики Алтай, проживают в основном в Кош-Агачском районе, занимаясь овцеводством, коневодством и верблюдоводством.» (А.Н.Рудой и др. Укок(прошлое, настоящее, будущее): монография. Барнаул: Изд-во, Алт. ун-та, 2000. 174 с.). Қосағаштан, Шүй даласынан Үкөкке бет алсаңыз, алдымен осы аталған Жазотырға соғасыз. Әрине, ондағы қазақтар басқа да ХХІ ғасырда бар барлық мамандықты игерген. Сонымен қатар мал шаруашылығымен де айналысады. Дүние жүзін дүр сілкіндірген Үкөк олардың бүгінгі күні де жаз жайлауы, күз күзеуі, қыста жайлы жайылымы. Оны жоғарыдағы сілтемедегі «временное население представлено стоянками пастухов» деген тіркес анық білдіреді. Үкөктегі қазақтардың Ақ бейіті мыңдаған ғасырлардан бері сақталған сақ, ғұн, түркілер қорымдарымен қатар жатыр. Ол туралы белгілі археолог-тарихшы әділетті жазған: «Укок в этот период (Шәуешек шарты кезеңі, 1864 - Т.Ш.) по-прежнему является транзитным путем караванов, связывающим Прииртышье с Северо-Западной Монголией и Чуйской степью. Унификация

## ХАНАЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ

землеустройства в России обострила проблему кочевых угодий. Казахи Чингистайской волости Усть-Каменогорского уезда активно продвинулись на восток, в том числе на Укок и далее, в пределы Чуйских волостей. В середине 80-х годов XIX века группы казахов были зафиксировано на Акколе. В это время казах Тахтамыс с довольно значительной группой чингистайцев (родовые подразделения самаев, каратаев, кара-кереев племени найманов) переселился в Китай, однако через 10 лет они вернулись, начав перекочевку на Укок, в район Калгуты, а также Джазатора, Джумалы и еще дальше, в земли теленгитов. К концу XIX века в этом регионе насчитывалось около 130 кибиток казахов, под предводительством Нурсильхана Токтамысова и Атчабака Ухаева. На кабинетных землях, и к которым относился и Укок, проживали казахи, подданные Китая, возглавляемые вольным зайсаном Абдульдо Сарыкалдыковым. Весьма вероятно, что именно остатки этих кочевий мы обнаружили в различных местах плоскогорья. Это развалины каменных фундаментов строений, загонов, хозяйственных построек на правом берегу Ак-Алахи и в среднем течении Кара-Чада. Этим людям, вероятно, принадлежало казахское кладбище «Ак-бейты», а также многочисленные этнографические рисунки, обнаруженные на плоскогорье.» (Молодин.В.И. Древности плоскогорья Укок: тайны, сенсации, открытия: Научно-популярные очерки. - Новосибирск: ИНФОЛИО-пресс, 2000. -192 с.: ил.). Үкөктегі қазақ зираттары, қазақ халқының тұрмысымен астасқан басқа да «бәйшөгелдерді» зерттеушілер петрогливтерден байқаған. Маған Үкөк түркілердің қасиетті қонысы «Ергенекон» сияқты болады да тұрады. Қазіргі Алтай қазақтарына Үкөк даласының әрбір тасы таныс. Үкөкке арналған қаншама жыр-ән бар десенізіші Шүй қазақтарында. Жазотырда тұратын қандасымыз рухы биік ақын Амантай Дәлелқанұлының «Үкөкке» арнаған өлеңінде жоғарыда аталған ғылыми деректерді негіздей түседі:

Бөртөк-бөртеп сар даланы,  
Үкөк дейді біздің ел.  
Қорымдары шашыраған,  
Қысы-жазы сызды жел.  
Күн сәскеге келген кезде,  
Жылтырайды Мұзтауы,  
Сар даланы аралайды,  
Ақалақа жол тауып.  
Қарашат пен Қанас сайы,  
Қара үңгір текелі.  
Ғасыр бойы үркітпеген,  
Аң мен құстың мекені.  
Көк айдынды көлдері көп,  
Аққу қаздар жүзетін,  
Қалжың көлдің балығы көп,  
Торлап-торлап сүзетін.

Су жағалай ақ топырақ,  
Дәрі дейді мұны да,  
Ешкім оны зерттемеген,  
Түсініксіз шынында,  
Бүгін ғана сөзге ілініп,  
Аты шықты Үкөктің.  
Тауып алып Бибі-қызды,  
Шымыратты жүректі.  
Бас кезінде ду-ду болып,  
Таласқандар көп болды,  
Қорғайтындар Үкөк жерін,  
Күні бүгін жоқ болды.  
Мың шақырым жерде отырған,  
Таласы ғой бұл көптің,  
Арасынан табылар ма,  
Қамын ойлар Үкөктің,  
Үкөк біздің мекеніміз,  
Үкөк біздің жеріміз.  
Сенбесеңіз қазақ жатқан,  
Ақ моланы көріңіз.

Үкөкте қазақша жер атаулары бүлдіргендей тұнып тұр. Оны Вячеслав Иванович Молодин де байқаған: «Кальджин - это маленькая речка, левый приток Ак-Алахи. Тоненьким ручейком он вытекает из удивительно красивого горного озера Кальджин-кол. С казахского Кальджин переводится как «насмешник» или «смеющийся». И это очень метко сказано! Удивительные метафоры происходят с Кальджином в разные времена года. Из небольшого ручейка, который местами можно перепрыгнуть, не замочив ног, весной он превращается в бурный, стремительный поток, перекачивающий с места на место огромные многотонные валуны и сокрушающий все на своем пути. Когда минует весна, грозный смех Кальджина сменяется на добрую улыбку, он становится чистым и кристально прозрачным.». Ғалымның танымы ақынның суреттеуімен қандай сәтті үндескен. **Қазақ ақыны... Қай жерде болмасын алдымен салмақ сенің жаралы жүрегіңе түскен...** Мен кейде ойлаймын, туған жері Үкөкке осындай жүрекжарды тебіренісі бар ағайындардың балаларын, яғни, жастарды Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарында арнайы грантпен тарих, археология, география, биология т.б. мамандықтар бойынша оқытса деп. Сол елдің азаматы ретінде құқы бар олар Үкөкті еркін зерттер еді...

\* \* \*

Әрине, Үкөк Ресейге, оның ішінде Алтай Республикасына қарасты жер екені бүгінде түсінікті. Сонымен қатар, Алтай тұтас түркілердің алтын бесігі, ортақ мәдени-сакральды құндылық екені де анық. Берел - Пазырық - Үкөк тұтас мәдени жүйені құрайтын субстанциялық феномен екенін де ешкім теріске шығармас. Сондықтан ол болашақта тұтас контексте қарастырылуы тиіс деп түсінемін. Ол үшін **алтын**

## ХАНАЛТАЙ ЖӘНЕ ТҮРІК ДҮНИЕСІ

**тамырға** деген құштарлықтың оянуы аса қажет. Гюзель Қыпшаққызы «Алтайым» өлеңін мына шумақтармен аяқтаған:

Состарившиеся наши отцы и матери,  
Почему беспокоятся, где будут их могилы?  
О случайно погибшем в другом краю,  
Почему скорбят всю свою жизнь?  
Почему так боятся, расстаться с тобою, Алтай?  
Как малые дети, за подол матери, за тебя  
держатся?

Осы өлең жолдары М. Аджидің «Да, наша родина -  
Степь, но колыбель - Алтай» терең танымын еске  
түсіреді (М.Аджи. Европа. Тюрки. Великая степь. -  
Москва, АСТ, 2004, -473 с.).

Иә, Хан Алтай сенің саянда өмірге келіп, сенің  
құшағыңда өмір сүрген, сенің бауырыңда өмірден озған  
қазақ-сақтүрікте не арман бар екен... Сакральді Үкөк...  
Мұзтау Алтайдың тәжі болса, сен Ақмаңдайысың.  
Алтай, Хан Алтай...! Сенің атыңда бізде не қала жоқ, не  
басқа жоқ. Қайтейін қадірінді білмесек.

**P.S.** Тағы бір сыр өзінің пердесін ашқандай болды...  
Сакральді Үкөк даласы Ресей Федерациясындағы Алтай  
Республикасының территориясында шекара бойымен

ғана жүріп, пышақ кескендей тиылмайды екен. Үкөк  
асуының арғы беті ғана емес, бергі беті де, яғни, Қазақстан  
жағы да Үкөк даласы деп аталады екен... Тек екі жаққа  
бөлініп қалған. Бұқтарманың бастау бұлағы да соған  
кіреді. Келешекте ЮНЕСКО аясында қорғалатын «Үкөк»  
тыныштық аймағы» (табиғи резерват), тек Алтай  
Республикасына (Ресей Федерациясындағы) қарасты  
жағы ғана емес, Қазақстан Республикасы жағынан да  
ресми қорғалғаны жөн болар. Осындайда «Өр Алтай,  
мен қайтейін биігінді...» деп Қорқыт бабам құсап  
күңірене ой толғаған Әлібек аға Асқаров есіме түседі.  
Өзіне қаратып айтылған ащы метафора, бәрімізге  
арналған философиялық рефлексия. Рас, біз бүгінде  
«Алтай түркі ұлыстарының Афинасы» деген  
Л.Н.Гумилев танымының да қадіріне жете алмай  
отырмыз. Әзірге, мәңгірттік сана бетке шіркеу болып  
тұр...

Дегенмен, ойтолғауымызды М.Аджидің асқак  
ойымен түйіндегеніміз жөн болар: «Культуру Алтая не  
замечали, ее скрывали, но уничтожить не могли...»  
(М.Аджи. Тюрки и мир: сокровенная история. -Москва,  
АСТ, 2004. -649 с.).



*ЖҰМАҒҰЛ САҒЫМБАЙ, филология ғылымдарының докторы. Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры. «Сын сардары», «Әдебиетші әлемі», «Ғұмар Қараш шығармашылығы», «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы» оқу құралы, монографиялардың, «Ұлттық әдебиеттанудағы Шәкәрім мұрасының зерттелуі», «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті және Шәкәрім, тағы басқа мақалалар авторы. «Ғабит Мүсірепов Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасы хақында» мақаласында жазушы Ғ.Мүсіреповтің Шәкәрімнің әдеби мұрасын ақтау, шығармашылығын эстетикалық таным биігінде бағалауы хақында ой қозғайды.*

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МҰРАСЫ ХАҚЫНДА

Ғабит Мүсірепов - Шәкірім Құдайбердіұлының тоталитарлық жүйе қысымындағы әдеби мұрасын, шығармашылығын ақтауға күш салған жазушы. Алаш ақылманы 1958 жылы алғаш ақталған тұста туындыларының ұлт әдебиеті тарихындағы көркемдік-эстетикалық биік тұғырын әділ бағалап, үздік шығармаларын баспаға әзірлеу барысында рухани өмір арнасына сіңіре отырып ғылыми айналымға түсіру, шығармашылығын жоғары оқу орындары мен мектептерде оқытылатын әдебиет тарихы курсына енгізу керектігіне қатысты батыл көзқарас ұстанды. Қазақстан Жазушылар одағы хатшысы ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығына орай Қазақстан КП ОК-ға жолдаған хаты ақынның дүниетаным иірімдерін, сан салалы көркемдік ізденісін тануда үлкен маңызға ие.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ұлттық және әлемдік әдебиет пен мәдениет, тарих пен өнерді игеру арнасындағы әдеби ізденісіндегі кемелденуі, ақындық тұлғасының рухани толысуындағы Абай ықпалы мен өрісін дұрыс екшеген суреткер ақынның түрлі тақырыптағы өлеңдермен қатар этика, дін мәселелеріне қатысты трактаттар, сондай-ақ қазақ халқының тарихынан шежіре жазғанын баса көрсетеді. Абай мұрагері поэзиясының басты да негізгі тақырыптық-идеялық өзегі адамзаттық гуманизм болып табылатынын түйіп, адалдық пен әділдікті ту етіп ұстанған ақын мұраты туған халқын білім-ғылымға үндеген, шенқұмар ел билеушілері, жебір әкімдерді айыптаған озық оймен нәрленгенін «Ей, көп халық», «Адамшылық», «Кәрілік туралы», «Жастық туралы», «Ашу мен ынсап», «Мақтау мен сөгіс», «Мінеу мен күндеу» сынды өлеңдері негізінде айқын дәлел деп ескейді.

Ақын қаламынан «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» поэмалары, «Әділ Мария» прозалық туындысы туғанын айта келіп, «Еңлік-

Кебектің» қазақ әдебиетіндегі поэма жанрын дамытудағы көркемдік қуаттағы маңызын ерекше атайды. Поэманы «композициялық құрылымы, тілінің бейнелілігі, дәстүрлі тақырыпты жаңғырта жырлаудағы жаңашылдығы, басты кейіпкерлер мінезін суреттеуі» даралайды деген сындарлы пікір түйеді. Сөз зергерінің Физули, Хафиз, А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой көркем туындыларын аударудағы хас шеберлігін де назардан тыс қалдырмайды. Әсіресе Шәкәрім тәржімасындағы Шығыс классикалық дастаны «Ләйлі-Мәжнүнді» осы дастанның қазақ топырағындағы төл тума сипаттағы ғажайып көркемдік үлгісі деп қарастырады.

Шәкәрімнің Абайдың жаңашыл ақындық өлең өрнегін, сөз кестесін шеберлікпен меңгергенін түйіп, қазақ әдебиетіне айрықша үлес қосқанын баса көрсетеді. Ақын дүниетанымында өз дәуірінің күрделі қоғамдық болмысынан туындайтын қайшылықтар философиясынан, көсемсөздерінен көрінетініне сол кезеңнің саяси талабы тұрғысынан көзқарас білдіргенімен, Ғабит Мүсірепов Шәкәрім қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі ағартушылық, гуманистік ұстанымына адалдығын сақтап қалды деп байыптайды. Қаламгер Қазақ КСР ҒА-ның әдебиет секторы Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығын мұқият зерттеуі керектігіне екпін жасап, оның үздік туындыларын баспаға дайындау, шығармашылығы мектеп пен жоғары оқу орындарындағы әдебиет пәні курсына енгізілуі қажет деген талаптарын жеткізеді.

Ғабит Мүсірепов Қазақстан ОК-ға жолдаған хатын Ш.Құдайбердіұлының үздік туындылары оқырмандардың рухани игілігіне айналуға лайықты деп тұжырымдайды.

Сөз өнеріндегі пір тұтар қаламы күдіретті ұстазы Жүсіпбек Аймауытұлы деп білген Ғабит Мүсіреповтің Тұрсынбек Кәкішұлымен 1974 жылдың 25 шілдесінде

жүргізілген сыр-сұхбатында да әдебиетіміздегі «ақтандақтар» мәселесі келелі толғаныс, сындарлы ой-пікір алысудың басты өзегін құрады. Т.Кәкішұлының «...Шәкәрімнің, Мағжанның, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларына бір қозғау салатындай жағдайды ойластырса қайтеді» деген өзекті сауалына суреткер «Оған қозғау салынбай жүрген жоқ. Бір кезде мен Одақта отырғанда Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың мәселелерін қойып, тіпті комиссия да құрғанбыз. Іріктеп алуға, жауапты бір редколлегия құрып, түсіндірмелерімен, алғысөздерімен басқымыз келіп еді. Оған тиісті жоғары орындар ризашылық та берген. Соны енді жүзеге асыруға келгенде, баяғы өзіміздің тарапымыздан, жазушылардың тарапынан көлденең тұрушылар көп болды, яғни жазушыларымыздың бір жағы басамыз десе, енді бір жағы құбыжық көріп, қарсы шықты. Сонымен бөгеліп қалған бір жағдай болды» деген замана ақиқатынан суарылған әрі талай қиямпұрыстың шыңырауына жетелейтін толғамын бүкпесіз жеткізді. Ал Тұрсынбек Кәкішұлының Ахмет Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми мұрасына қатысты қойылған көкейкесті сұрағына да объективті жауап беріп, («Қазақ тілінің теориясына» орай) қазіргі ахметтанушылар тарапынан жіті зерттеуді талап ететін мәселелерді алға тартады.

Ғ.Мүсіреповтің «Тегінде, мен өзімді бақытты екенмін деп ойлаймын, өйткені менің алдымдағы алыптар тобының жазушылық, азаматтық, адамгершілік, қоғамдық дәстүрлерінің өнегелерін көрдім. Солардың жақсы өнегелерін үйренуге, бойыма жинауға тырыстым. Ол мен үшін де қымбат мұра болып қалған сияқтанады» деген пікірі көркемдік дамудағы дәстүр мен жалғастық арнасын тұтастықта танытуды дйттеген мұратын аңғартады. Ал «...Тарих, әрине, өзі айтады. Біржола ұмытылып кетпейді ғой енді. Дүниеде ой айтылуы қиын, айтылған ой өлмейді. Бірде болмаса, бірде шығады» деп келер күннің ақ таңы ақиқат нұрымен қоғамда сілкініс туыратынына зор сенім, үмітпен қарады.

Ғ.Мүсіреповтің суреткерлік тұлғасындағы ой ағымының талай сырына қанықтырар «Қойын дәптеріндегі» толғаныстарынан тоталитарлық жүйеге деген наразылығы айқын танылады. «Ақын-жазушыларын жазалап, соттап, айдаптып, атқызып жіберетін өкіметі болған елдің маңдайындағы соры бес елі ғой. Ақын-жазушыларын жәбірлеген өкімет адамдары ше? Өне, халқының жауы солар! Солар! Солар! Халқының жүрек отын сөндіріп, ой жарығын өшіріп тастаған хайуандарға рахым болмау керек». «Біз жарты ғасыр бойында бастық не айтса соны мақұлдап келеміз. Осының өзі ойлану-ойлау дегенді өсіру орнына өшіре бермес пе екен? Әй, солай ететін болар!». «Қазақ елі өз мұңын өзі ойлап, өзі ізденіп, тіршілік деген кең майданда сыналған ел». «Ұсақ ұлттарды ықтата берсең, иықтай берсең, жүн болып кетеді. Өзіндік тоқсан тоғыз жақсы қасиетінен айрылып, өзгенің тоқсан тоғыз түрлі

кемшілігін үйреніп, оның биік ойларына өресі жетпей ит әуре болады. Енді ол халықтың беті хош есен болға бұрылып кетеді» өзге де түйіндері соны айқын танытады.

Ұлт тағдырына, руханият әлеміне (тіл, әдебиет, мәдениет) қатысты бүкпесіз сыр, ашық та астарлы ой толғамдарының да танымдық-тағылымдық, тәрбиелік-өнегілілік маңызы зор. «Біздегі ең үлкен трагедия басшыларымыз әдебиетімізді ана тілінде оқи алмайды, орысша аудармадан оқиды. Орысша арқылы бағалайды» деп қазақ қоғамын дендей бастаған басты қасіретті еш бүкпесіз жеткізді. «Әдебиет тілі жайында» («Социалистік Қазақстан». 1962. 16.09), «Асқындырып алмайық, достар» («Қазақ әдебиеті». 1971.8.11), «Авгейдің ат қорасынан бастайық» («Социалистік Қазақстан». 1976.28.11) мақалаларында әдеби тіл тазалығы, ана тілінің даму өрісі туралы өзекті ойлар айтылды.

«Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» (1984.11-12. 12) тақырыбындағы шығармашылық конференцияда қазақ көркем шығармаларының тіліне қатысты сөз алған Ғ.Мүсірепов «Көркем әдебиет, ең алдымен, қай тілде жазсаң, сол тілді жақсы білуді талап етеді. Соңғы жиырма жылдың ішінде бізде ана тілімізді жақсы білуден гөрі «білемін!» деушілер көбейіп барады. Сөйте отырып, ана тілін менсінбейтін, қалай болса солай бұрмалай беретін жауапсыздықтарын жасыра да алмайды» деп өзекті мәселені күн тәртібіне өткір қойса, ҚЖО партия ұйымының жиналысында да суреткер тіл мәселесіне орай «Ақын-жазушы боламын деген адам ең алдымен ана тілін өте жақсы білу керек. Ана тілін ақын-жазушының бірінші құралы екенін қайталап жатудың керегі де болмас. Дегенмен, ана тілін аяққа басуға тиым салыну керек-ақ. Бұл асқынып болған мәселе» деген толғамымен ана тілінің даму өрісіне кедергі болып отырған келеңсіздіктерді әлеумет талқысына салды, ұлттық рух өлшемі ана тілін ардақтау мәселесіндегі жауапкершілік намысын қамшылады («Азаматтық пен суреткерлік». «Қ.Ә». 1985. 16.08).

Суреткер ұлт руханиятының ділгір мәселелеріне үлкен жауапкершілікпен қараудағы намысты қамшылап, туған халқының рухани кемелденуін дйттеген мұрат-мақсаттарын еш бүкпесіз жеткізіп отырды. «Көркем әдебиет өз халқының рухани аттестаты болады» деген өрелі ойын білдіре келіп: «Қазақ совет әдебиетінің алдыңғы беті құлама емес, биік-биік қырқалар деп сенуіміз керек. Қазіргі күннің өзінде ондаған романистеріміз, ондаған ақындарымыз, ондаған драматургтеріміз әдебиетіміздің әр жанрына рух бере бастады. Бұл өсу беталысы. Туады жаңа Абайлар! Тек танымай қалып жүрмейік, жаңа Абайларды ескі іздерден іздемейік, материалдық жаңа рухани еңбек майдандарынан іздейік» деген ұлағатымен жастарды береке-бірлікте тәрбиелеу, сол арнаға жұмылдыруды айтып, қоғамдық өмірде орын алып отырған кейбір келеңсіздіктерден арылу қажеттігіне ой салды. Мәселен,



«Өнерінді өсіре беру жарысы үйіршілік бәсеке-бақастыққа көбірек ұқсайды. Қызғаншақтық, күншілдік жасыра алмайтын дәрежеге айналып бара жатқаны сезіледі. Осындай өрескел мінез күншілдік әр тасадан бой көрсетіп қалады» деп рухани бірлікке, парасат пайымындағы асқақтыққа шақырды. Іргелі елдің кемел әдебиетінің өркенін өсірер заңғар бағытты нұсқады. Ал «Туған елге соңғы сөзінде (Соңғы қоштасу хаты)» «Жаңа Қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық, бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінін ұмытпайықшы. Үлкен өнердің үлкен таза мінезі болуға керек... Мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақты тілегімді еске алындаршы» деген аманатын айтты («Жалын».1987.№1).

Қаламгердің сөз өнеріне қатысты түйген сыншылдық-эстетикалық ой-пікірлері де үлкен маңызға ие. М.Әуезовтің «Абай» романын «Өткен заманның оң-терісін, үлкендігі мен болымсыздығын, қараңғысы мен жарығын, жұдырығы мен ойын, қысы мен жазын барынша толық көрсете алған роман бізде осы ғана» екенін бағалап әрі классикалық мұраны игерудегі нигилистік әсіре саясатшылдықты «Халық шығармаларын жауқып тастап, Абайдың өзін көп қатын алған феодал, аға сұлтан болған Құнанбайдың баласы деп, жиырма жыл бойы маңымызға жақындатпадық» деп эстетикалық сын тезіне салды. Ал Абай шығармашылығының тұтас ұлт әдебиеті тарихындағы

асқақ тұғырын «Абай» романы туралы», «Абай және орыс классиктері» («Социалистік Қазақстан». 1945.21.08), «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» («Социалистік Қазақстан». 1954.27.05), «Жол жөнекей» («Қазақ әдебиеті». 1981.11.IX), «Дәстүр мен жаңашылдық (Әдебиетіміз туралы ойлардың бір сәті)» («Социалистік Қазақстан». 1978.12.02) мақалаларында терең екшеді. «Қазақ әдебиетінің ұлы атасы Абай» болып табылатынын терең ой, сарабал пікірлерімен әр кез нығырлап отырған жазушы «Абай қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнерін оң жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, ұлы ұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін шындау осы ұстазымыздың қолынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған аталық тәрбиесі Абайдан келеді» деген эстетикалық түйін жасайды.

Ғабит Мүсірепов «Жер бетінде ой зираты, поэзия зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес». «Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтанбақ. Өйкені өлең де адамның есінде сақталады» деп ұлт әдебиеті мен мәдениет қайраткерлері есімдері, әдеби мұраларының түптің түбіне әділ бағасын алатынын суреткерлік түйсікпен болжай білді.



*БАУЫРЖАН ЕРДЕМБЕКОВ, абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі. «Абайдың әдеби ортасын, ақындық мектебін» жүйелі түрде зерттеп жүрген ғалым. Ғалым Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының іргелі жұмыстарының барлығына қатысып, «Шәкәрім» журналы арқылы өз ойларын ортаға салып келеді. Ғалымның «Әдеби орта және Абай» атты мақаласы әдеби орта ұғымының аясын талдап түсіндіруге арналған.*

## ӘДЕБИ ОРТА ЖӘНЕ АБАЙ

Әрбір қаламгерді әдеби ортасынан жеке-дара алып қарау, тану мүмкін емес. Ақын, немесе жазушы өз ортасында өсіп, шыңдалып қана қоймай, біте қайнасып, сол қауымның бір бөлшегіне айналады. Рухани дүниесі толысқан шақтан бастап айналасына ықпалды болған тұлғалар өз әдеби ортасын қалыптастырады. Демек, белгілі бір әдебиет өкілінің шығармашылық өсуіне ықпал ететін үрдістер және сол тұлғаның кемеліне келгеннен кейін өз айналасына, кейінгі буынға әсері деген мәселелер әдеби орта ұғымын тудырады.

Абайдың әдеби ортасын сөз еткенде оны ақындық өнерге баулыған, рухани өсу жолында темірқазық бағдар бола білген ақын-жырауларды, би-шешендерді, кейіннен нағыз ақындық кемеліне жеткен тұлғаның өнеріне сусындап, әдебиеттегі дәстүрін жалғастырған ақын шәкірттерін, оның мұрасын халыққа насихаттаған өнерпаз буынды айтамыз.

Әдеби орта ұғымын мейілінше кең тұрғыда алу да бар. Ол өлшемге салсақ, ақынға әсер еткен рухани қайнар көздерге ұласатын алғышарттарды есепке аламыз. Бұл тұрғыда әдеби ортаны абайтанушы ғалымдар атап көрсететін ақынға әсер еткен шығыс, батыс және қазақтың төл әдебиеті сияқты рухани қайнар көздерімен байланыста қарауға болады. Осылайша әдеби ортаның құлашын кеңейтіп, ақын сусындаған әдеби дереккөздерге қатыстылығын ескерсек, Абайдың кітапханасы деген тақырыптың да әдеби ортамен бөлінбес бірлікте екенін аңғару қиын емес. Әдеби орта тек өзіне ықпал еткен ілгерідегі әдебиетпен ғана шектелмейді, енді ақынның өзгеге берген нәрі деген тұста қазақ әдебиетіндегі үлкен арна - Абайдың әдебиеттегі дәстүрі мәселесін қоса қамтиды.

Демек, үш қайнар көздің бірі - төл әдебиет пен ақын арасындағы байланыс Абайдың әдеби ортасының

нақты шеңберін белгілеп, ақынның айналасы (ақындығының айналасы емес, бұл тіркес әдеби ортаны кеңірек алуға жетелейді), онымен тікелей қарым-қатынаста болған әдебиет өкілдерінің рөлін айқындайды. Жас өреннің өлеңге алғаш қадам жасаған шағынан бастап, ақындық жолда рухани толысуына алдымен әсер еткендер - оны қоршаған, қаумалаған жанындағы сөз майталмандары. «Абайдың үзік тұлғасын, арнайы арнасын, қазақы қалпын» (М.Әуезов) жасаған дәл осы ортаның, айналасының бағасын беру - бүгінгі абайтанудың негізгі міндеттерінің қатарынан.

Дәл осы тұрғыдан алғанда, әдеби орта ұғымы кез-келген әдебиет өкілінің, оның шығармашылық жолының қалыптасуында айтарлықтай рөл атқаратын өскен орта, яғни туған өлке деген ұғымдармен де аса жақын келетінін ескерген жөн. Туған топырақтың қасиеті қаламгер атаулының кіндігін өзінен бір сәт ажыратпай, оның шығармашылық жолына табиғи бояуын сіндірер үзілмес желі боп тартылады. Кіндік қаны тамған туған жер адам болмысының қалыптасуына өз әсерін тигізери анық болса, рухани дүниеге ұмтылысы ерекше өнерге жақын жандардың табиғаты сол туған топырақтың құнарына да тәуелді. Қазақ даласын шалқытқан өнердің сан алуан түрі - ән мен күй, өлең мен жыр әр аймақтың сипатына қарай өзінше шырқалып, түрліше күмбірлейді. Жер табиғатының өзгеше өрнегі әр өлкедегі өлең-сөзге де өзіндік мақам-бояуларын сіңіреді. Шығыстың шертпе күйі батыс қазақтарына аса тән емес, оларда күйдің төкпе түрі кең жайылған. Жетісу ән мәнері де арқаның әндерінен бөлекше. Ақындық өнерде дәл мұндай ерекшеліктер анық байқалмағанмен, әр аймақтың өзіндік ақындық дәстүрі қалыптасып, дамып-жетілді. Қаратау шайырлары, Сыр сүлейлері немесе арқа ақындарының сал-серілік дәстүрі тағы басқаларды алсақ, әр аймақтың

ақындық сөйлеу тілінде көзге ұрып тұрған айшықты айырмашылықтар болмады десек те, табиғат-тылсымы тереңге тығылған әр өлкеге тән ақындық дәстүр сақталған. Осы арады белгілі бір аймақтың ақындық дәстүрін, ерекшелігін, даралық сипаттарын зерттейтін әдеби өлкетану мәселесінің қазақ әдебиеттану ғылымында кенжелеп жатқандығын айта кетуіміз керек. Бұл сала, яғни, «Литературное краеведение» орыста да, батыста да әлдеқашан алдыға кеткен. Бүгінгі күннің өзінде де бұл тақырыптың астарында жершілдік, руға бөлінушілік жоқ па? - деген сияқты қате ұғым-түсініктің қалыптасуынан болар, сірә, аталмыш сала ұлттық әдебиеттану ғылымында соншалықты назарға ілінбей келеді. Ал, анығында қазақ жеріндегі қоғамдық-тарихи дәуірлердің ерекшеліктеріне орай, әсіресе ХХ ғасырдың басына дейінгі еліміздегі көшпелі мәдениетке тәуелді әдеби ахуалды ескере отырып, әр аймақтың әдеби дәстүрлерін жеке-дара зерттеп, екінші бір өлкенің әдеби үрдістерімен салыстыра қарағанда жалпы қазақ әдебиетінің тарихи жолын, көркемдік сипатының даму ерекшеліктерін толық тани түсуге мүмкіндік аламыз. Л.Толстойдың шығармашылық өмірбаянында Ясная Полянаға қаншалықты екіпін түсіріліп назар аударылса, қазақ әдебиетіндегі тұлғалар туралы зерттеулерде Махамбеттің Нарынына, Шоқан дүниеге келген сұлу Сырымбетке де соншалықты мән берілу керек сияқты. Бөрілінің сұсты табиғаты М.Әуезовтің әңгімелеріне арқау болса, «Өмір мектебінің» алғашқы беттерін парактағанда С.Мұқановтың туған жеріне саяхат жасайсың. Бірақ, туған жер мен сол өңірде, аймақта өскен тұлғаның арасын байланыстыра қарау ұлттық әдебиеттану ғылымында солғын екенін жасырудың реті жоқ.

Абай өмір сүрген дәуірдегі әлі де жазба поэзиясы қалыпты жолға түсе қоймаған көшпелі елдің әдебиетін сөз еткенде, айшықты мәселенің бірі ретінде белгілі бір аймақтың әдебиетін, ондағы әдеби ортаның рөлін баса көрсетсек, ең алдымен ұлттық әдебиетіміздің сол уақыттағы даму жолдарын айқындауға септігін тигізері анық.

Ақынды қоршаған әдеби орта, оның ішінде тікелей қарым-қатынаста болған айналасы туралы айтқанда батыс, орыс әдебиеттану ғылымы «контактные отношения» деген мәселеге көңіл қойған. Мағынасын қазақшаласақ - бір-біріне жолығып, түйісіп барып әдеби байланысқа түсу. Ф.Достоевский мен В.Соловьев, Л.Толстой мен Д.Мамин-Сибиряк сынды жазушылар арасындағы әдеби байланысты осы тұрғыдан қарастырған еңбектер де бар. Олай болса, әдеби орта дегенде ақынның туып-өскен ортасы, аймағы деген мәселені де естен шығармаған жөн. Ақындыққа көтерілу жолында өз ауылының, өлкесінің әдебиет өкілдерінен құнар жинаса, толысып, кемеліне келген шақта да алдымен өз айналасына рухани нәрін септі. Сол себепті де Абайдың әдеби ортасы туралы сөздің бісмилләсі оның айналасынан басталуы заңды.

А.Құнанбайұлы Ертіс бойындағы Семей шаһары мен Шыңғыстау тауының аралығында ғұмыр кешті. Біз білетін тарихы Майқы билерге баратын қасиетті Шыңғыстың суын ішіп, топырағын еміп өсті. Ес біліп, ақыл тоқтатқан шаққа дейін өлең-сөздің, ақындықтың әліппесін Абай өз әулетінен, маңайындағы үлкенді-кішілі ақындар мен би-шешендерден үйренді. Дәл осы Шыңғыстаудың бауырынан шықпай отырып, қазақ өлеңін шырқау биікке аспандатса, сол өлең-сөзге алғаш баулыған әдеби ортаның орны айрықша. Кейіннен ақынның маңайына сөз ұғарлық өнерлі топ үйірілсе, олар да сол өңірдің жас өрендері-тін. Демек, қазақ әдебиетінде кеңінен қанат жайған Абай дәстүрінің бұлақ көзі алдымен осы ақын айналасына шоғырланған ақындардан бастау алады. Ал, Абайдың әдебиеттегі дәстүрінің қазақ даласында кеңінен сипат алуы ақын дүниеден өткеннен кейін барып жүзеге асты. Жасыратыны жоқ, көзі тірісінде Абайды жаңағы өзі өмір сүрген өлкесінен басқа алыстың қазағы танымады. «Біздің жұрт әлі күнге шейін мәдениет басқышының ең төменіне аяқ баса алмай тұр. Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде тарихта аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында 60 жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі Тобықтыдан басқа қалың қазақтың көп жері білмей де қалды», - деп қынжыла жазған М.Дулатовтың сөзі - ащы шындық. Дәл осы қынжылысты Шәкәрім де білдірген болатын...

М.Әуезовтің: «Тегінде, Абай шығармаларының барлық қор нәрі үлкен үш арнадан құралады. Бұның біріншісі, ең молы - қазақтың халық әдебиетінің мұраттамалары, екіншісі - шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер. Үшіншісі - Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі-өрнектері»./1,259/ - деген құнды пікірді бүгінгі абайтанушылар темірқазық етіп келе жатқаны анық. Алайда осы пікірдің астарында ғұлама жазушының айта алмай кеткен сыры уақыт өткен сайын ашыла түскендей. Әуезов шығыстың әдебиетін Абайға ең аз әсер еткен деп салқындатып беруінде сол кездегі саяси қысымның салдары жатқандай. Әйтпесе, бүгінгі абайтану ғылымы орыс пен батыстың Абайға тигізген ықпалынан шығыстан келген қайнардың данышпан ақынға әсері аз болмағандығын дәлелдеді.

Абай және шығыс тақырыбы тәуелсіздіктің арқасында енді қарқын алып, зерттелу аясы кеңіп келеді десек қателеспейміз. Ал, алғашқы қазақтың төл әдебиетінің әсерін Әуезов «ең молы» деп тектен-тек нығыздап айтпаса керек-ті. Тағы да сол социалистік танымның құрсауынан шыға алмаған зерттеуші дәл осы туған әдебиетіміздің Абайға әсерін жеріне жеткізе айта алмай кетті. Әуезовтен кейін де осы бір қазақтың төл әдебиетінің Абайға әсері деген мәселе, одан туындайтын ақынды қалыптастырған әдеби орта (литературные окружение поэта) орыстарда, басқа еуропа елдерінде де баса ден қойылатын бұл тақырыптың Абайды

айналсоқтап, тиіп-қашып қарастырылып келе жатқандығын ашық айтуымыз керек. Соның салдарынан, кезінде Абайға, оның ақын болып қалыптасуына әсер еткен би-шешендердің Абаймен байланысы, дәл осы Абайға қатысы туралы деректер, естеліктер жылдан-жылға жұпыны тартып, сұйылуда. Қырқыншы-елуінші жылдарда Әуезов айтқан бірді-екілі деректерді талғажау етіп келгенімізді жасырғаннан ұтарымыз шамалы.

Тақырыптың зерттелмей келуіне себеп көп. Абайдың әдеби ортасы, яғни оның алдындағы, тұсындағы ақындар, билер мен шешендер кеңестік заманда «ескіліктің қалдықтары» есебінде болғандықтан Абайды олармен байланыстырудан еш пайда болмады. Сол себепті ақынның:

*Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,*

*Сөзінің бірі құрау, бірі жамау, -*

немесе,

*Ескі бише отырман бос мақалдан,*

*Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап, -*

деген сөздерін желеу етіп, Абайды өзіне дейінгі төл әдебиетіне қарсы қойып, алшақтатып, тіпті қызды-қыздымен таптық тұрғыдан «кедейшіл Абай» жасап алдық. Оның бәрі кешегімен кетті. Алайда осы Абайдың өзіне дейінгі ақын-жырауларға, замандас сөз зергерлеріне деген таным-таразысын әлгі айтылған тармақтардың аясында ғана қарау, яғни біржақты баға беру әлгі қалпынан сонша өзгере қоймай келеді. Оның астарында «Абайға дейінгі қазақ ақындарынан Абай үлгі алды, солардан үйренді десек, кеменгер ақынымызды төмендетіп, солардың дәрежесіне түсіріп алмаймыз ба?», - деген кеңестік танымнан қалған біржақты пікір қылаң беріп жатыр. Өзіне дейінгі төл әдебиетінен үйренбей, өз ортасынан қажетінше үлгі алмай Абай дәл біз таныған биікке жетпесі анық. Мейлі, Абайдай болмасын оның алдындағы және замандас болған үлкенді-кішілі ақын, жырау, би-шешен, әнші-күйшілердің Абайға тигізген әсері болды. Бір сөзбен айтқанда, Абайдың әдеби ортасы тақырыбы абайтану ғылымында әлі түндігі ашыла қоймаған тың тақырыптардың қатарында.

Абай ортасын сөз еткен, ақынның рухани өміріне зәредей қатысы болған әр өнер иесінің ғана емес, ақынмен таныс болған әр жұмыр бастының есімі қалыс қалмауы тиіс.

Бұл арада орыс әдебиетінен үлгі қылар тұстар жетерлік. Сөзді қысқарту үшін басқасын айтпай-ақ, Абаймен тең қоятын орыс ақыны А.С.Пушкин мұрасының зерттелуіне, яғни, пушкинтану ғылымына назар аударайық. Пушкиннің айналасы турасындағы сөз сонау 1912-1913 жылдары сөз бола бастаған. Сол жылы шыққан Н. Гастфрейдтің ақындық ортасы туралы еңбегі сөздің басы ғана-тын /2/. Пушкин және оның айналасы мәселесінің зерттелу деңгейі тереңге кеткені соншалық, ақынға қатысы бар әр адамға қысқаша деректер берілген. Сөздік мақала (словарная статья)

жинақтары жарық көре бастады /3/. Кейінгі жинақтың бірі Л.А.Черейскийдің «Пушкин и его окружение» деген еңбегі /4/. Автор бұл тақырыпқа қатысты мәліметтердің жиналуы 1930 жылдардан басталғанын айтады /қараңыз:4,6/. 1975 жылы Пушкинге қатысты 2500 кісі аты тіркелсе, кейінгі еңбекке тағы 200 адамның есімі қосылғандығы белгілі болып отыр /қараңыз:4,8/. Л.А.Черейский былай деп жазады: «Окружение Пушкина органически входят в его биографию и творчество, и наше понимание его наследия во многом зависит от того, насколько мы знаем среду, в которой он жил и работал. Изучение ее всегда шло параллельно осмыслению творчества поэта и продолжается по сей день. Поэтому неоднократно делались попытки привести в систему многочисленные, но разрозненные сведения об окружении Пушкина»/4,3/, - деген пікіріндегі Пушкин ортасы тақырыбы төңірегінде ізденулер - абайтану үшін, соның ішінде Абай ортасы деген мәселелерде үлгі болатын құбылыс.

Бұл тізімнің ішінде Пушкинге тікелей қатысты тұлғалардан бастап, хат арқылы хабарласқан, ақын туралы пікір айтқан, Пушкинге қызмет еткен тағы сондай үлкенді-кішілі әр адамға энциклопедиялық үлгіде анықтама берілген. Сондай-ақ, ақынмен таныс болды-ау деген адамдар да қалыс қалмаған...

Ғылым деректі жинаудан, соны ғылыми електен өткізіп, сарабал пікір қорытудан тұрады десек, Абайдың ортасын анықтауда ақынға қатысы бар әр-бір адам туралы дерек жинауды, жинап қана қоймай сол деректерді күн сайын толықтырып отыруды жүйелі түрде қолға алсақ абайтану саласындағы ақынның ортасы (би-шешен, әнші-күйші, ақын-жырау, жыршы тағы басқа өнер адамдары) одан барып ақындық ортасы (мұнда тек Абайдың заманындағы байланыста болған ақындар мен ұстаз-ақынның шәкірт ақындары) сияқты салалардан тұратынын ескерсек, бұл тақырыптың жеріне жете зерттелуі - абайтану ғылымын тағы бір белеске көтерері анық.

Ақындық орта деп сол ақынның шығармашылық жолында оның қалыптасып, нағыз сөз майталманына айналып шыңдалуына тікелей әсер еткен өнерлі адамдар тобын, әдеби органы айтамыз. Абайдың әдеби ортасы - ақын өмір сүрген уақытта ақынға өз әсерін тигізген, үлгі көрсеткен аға буын ақындар, би-шешендер, әнші-күйші өнерлі адамдар және сол Абайдан үлгі алған ішінде ақыны бар, әншісі мен күйшісі бар өнерлі жастар.

Кейінгі өкілден Абайдың ақындық айналасын құрап, олардың бірсыпырасы ақын шәкірттері қатарына кіреді. Әуезовтің де Абай айналасын, ақындық ортасын ақынның өзі алған нәрі және өзгеге берген нәрі деп екі салаға жіктейтіні бар. Осы екі саланың өзі тығыз бірлікте, байланыста. Абайдың өзі алған нәрі туралы М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы бойынша М.Мырзахметұлы талдау жасап, зерттеу жүргізген-ді /қараңыз: 5/.

Абай өзіне дейінгіден алып, кейінгіге берді десек, Абай тек дәстүрді жалғаушы, ұлттық әдебиетті

тасымалдаушы дәрежесінде ғана қалып қояды. Ал, Абай одан жоғары тұрған күрделі тұлға. Қазақтың төл әдебиетін классикалық дәрежеге көтеруші ғана емес, кейінгі әдеби буынға үлгі ұсынушы, өнер таратушы бола білді. Ақындық өнер күрделі ұғым. Абай алдыңғысынан тек алып қана қойған жоқ, соның маржанын ғана екшеп, арзанын сынға ала шындалды, өсті. Сол толыққан шағында өзінен кейінгі жастарды нағыз ақындық өнерге баулыды. Бұл арада да Абай тек өнер үйретуші ғана емес, сол үлгілі шәкірттердің кей өнеріне тәнті болды. Жақсы сөзіне сүйсініп, таңдана, қызықтай қарап бойына сіңірді, басқаға үлгі ретінде көрсете білді. Сөйтіп кемелденген кемеңгер ақынның әдеби айналасы осылайша қанаттанып, жетіліп үлкен бір «әдебиеттің Меккесіне» айналды.

Ал, Абай ақындық ортасы дегенде, Абайдың өзі нәр алған ақындар орны айрықша. Жастайынан өлеңге сусап өскен Бұхар жырау, Шортанбайлар легі, аса ірі ақын деп ерекше бағалаған Марабай жырларындағы «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» дастандарына қанып өссе, өзі жүзбе-жүз кездескен Дулат, Сабырбай, Жанақ, Шөже, Балта, Байкөкше, Қуандық қыз, Бодау жырау, Мұрынбай жырау, Біржан сал сынды өлең өркештілерінің қай- қайсысынан да Абайдың ақындық өнерінің қалыптасу жолын бөліп қарауға болмайды. Осы орайда академик С. Қирабаев былай дейді: «Абайдың ақындық жолы, ортасы күрделі болғаны белгілі, оның ақындылығы да сол ортада, өз дәуірінің шындығына орай қалыптасты. Сондықтан ақынның өзі туып өскен ортаның әдебиеттік үлгілерінен, қазақтың шешендік өнерінен (атақты би болғанын еске алыңыз!), атты белгілі (өзі атайтын Бұқар, Дулат, Шортанбай) ақындар өнегесінен тыс тууы мүмкін емес. Қайта Абай осылардың бәрін жақсы білді, жанына азық етті. Ұлттық рухани байлығын бойына сіңіре отырып, кейін шығыс, батыс үлгілерін еркін, меңгеру арқылы бүкіл халықтық, жалпы адамзаттық ой-пікір деңгейіне көтерілді. Халықтық әдебиет сарындарын үлкен европалық үлгідегі ақындық жинақтаушылыққа (обобщение) ұластырды. Мұның өзі қазақ әдебиетінің Абай арқылы адамзат мәдениетінің көркемдік биігіне шығуын дәлелдейді»/6, 14/. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары айтылған осы бір пікірді індетте зерттеп, Абайдың ақындық ортасы, сол ортаның Абайға әсері, ақындық жолына бағыт-бағдар болған үлгі өнегесінің қаншалықты екенін екшеп айтар кез келді.

Абай өзінің алдындағы әдебиеттің бәрін бірдей сынға алып, жоққа шығарды деп ақынның өлеңге, ақындыққа берген бағасын ашатын «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісі өлсе, қаралы - ол», сияқты өлеңдерін алға тартып біржақты түсіну дәл бүгінгі таңда басқаша ойлауды қажет етеді.

Абай - өз заманынан озық туған дана ақын. Ал дананың өзіне де, өзгеге де тіпті өткені мен болашағына да сын көзбен қарауы заңды. Болмысқа көңілі толмау - данышпандықтың белгісі.

*Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз, надан келіп  
Көр - жерді өлең қыпты жоқтан қырмап...  
Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап, -*

деген ақын сөздері кеңестік кезеңде, жасыратыны жоқ, Абайды «ескішіл, байшыл» ақын дегеннен арашалап қалған тармақтар. Ал, қазір Абай сөзінің тұңғығына бойламай, сыртқы қалыбымен қабылдай салу зерттеушілер үшін үлкен күнә. «Абай ескі ақын мен ескі биді сынға алды», Шортанбай, Дулат, Бұхарлардың өлеңі Абай үшін түкке тұрғысыз деп қабылдау, басқаларға қабылдану Абайды өзінен бұрынғы қазақтың төл әдебиетінен аластатып, сол замандағы ақын-жырауларға қарсы қойды. Сөйтіп, екі аяғы аспаннан салбырап түскен алды-арты тақыр революционер Абайды жасауға тырыстық.

Әсілі өлеңіне артық сөз қоспаған Абайдың:

*Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара, -*

дегеніне үңілмедік.

Абай сынын өзіне дейінгі поэзияны мүлде жоққа шығару деп түсінбей, ақындық биік талғам, талап қою тұрғысынан ұғынсақ ғана бағытымыз дұрыс болады. Әрине Абай жежені жоғары қойды, сондығымен қазақ поэзиясын сапасын бір демде биіктетті. Бұл бойға біткен шексіз дарын мен терең білімнің бір араға тоғысқан, бір адамның басынан табылған сирек құбылыстың нәтижесінен пайда болды. Абай бойындағы поэзия ұшқыны өз ортасының, айналасының жанасуы арқылы ғана ақындық жалынға айнала алды. Көне түркі әдебиеті мен шығыс шайырларының жырларына Абай бала кезінен қанық. Ахмет Риза медресесінде оқығанын еске алыңыз. Абайдың алдындағы ақындар легі аяқ баса қоймаған орыс, одан батыс әдебиетіне бой ұруы жастайынан ( Семейдегі орыс мектебі, Халиолла арқылы, кейіннен Михаэлис бастаған орыс достары арқылы) басталды. Екі жақты меңгерілген білім, сөз жоқ, Абайды өзіне дейінгі әдебиеттен жаңа дүние іздеуге жетеледі. Бұл жолда Абайға дәстүрлі қазақ өлеңдері әрине аздық етті. Өзінің алдындағы қазақ поэзиясының шоқтығы биік ең өркештілері деген Бұхар, Шортанбай, Дулат жырларынан толысқан, жан-жақты жарактанған талғамына сай өрнек іздеді. Ол үшін алдыңғы толқынды сөзге болмас. Ол қазақ поэзиясында ақындық міндеттерін адал атқарып, Абайдай кемел білімді ақынның биікке көтерілуіне алтын баспалдақ бола алды.

Әкесі Құнанбайдан естіп, өзі көріп, өсиет сөздерін, өлең өрнектерін көңіліне тоқыған Абай тұсындағы әрбір сөз зергері - биі, шешені, ақыны мен әншісі Абай бойына ақындықтың, шешендіктің дәнін егіп кетті. Абай солардан үлгі алды, үйренді, көбімен сөз жарыстыра жүріп шындалды. Бұл тұғыда зерттеуші Б.Сапаралы былай дейді: «Ибраһим мырза алты алаштың сөзін салмақтап, тілін түзеді. Ой-зердесін

жанаша қалыптап, тура жолға бағдар салды. Сөйте тұра: «Мен ескінің арты едім», - деді. Ешкім қалмағандықтан емес. Ескімен бірге болсам исі түркі тарихында атым өлмейді сөзім өшпейді дегендіктен де емес. Ескінің ортасында туып-өсіп, есіл ескінің көл-көсір қазынасына суарылып, ескінің тілін ұстартып, дінін бекемдеп, дінін байытып ертелі-кеш еңбектенумен жаңаға жол ашқандығынан да шығар-ау»/7,6/?! - деген байламын ғылыми тұрғыда індетте зерттеп, ғылым алдында дәлелдеп көрсету біздің негізгі мақсатымыз.

Абайдың әдеби ортасы тақырыбы кеңестік кезеңде мүлде қозғалмады емес. Әуезовтен кейін Қ.Мұхамедханұлы, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы сынды ғалымдар бұл тақырыпты әр қырынан ашуға күш салды. Р.Бердібаевтың «Абай және ауыз әдебиеті» мақаласында айтылған: «Абайға қатысты мақалалар мен зерттеулердің кейбіреулерінде ұлы ақынның өзінен бұрынғы ақындар шығармаларына айтылған бірен-саран сын пікірлері қайталана көрсетіліп, ауыз әдебиеті мен жеке ақындар мұрасынан тапқан баға жетпес байлығы екінің бірінде-ақ елеусіздеу қалдырылып келеді»/8,238/, - деген пікірі біз мәселе қылып көтеріп отырған тақырып көкейкестілігін дәл басқан тұжырым.

Кеңестік кезеңде қалыс қалып аталмай келген тұс осы Абайдың маңындағы ақын-жыраулар, би-шешендер. Абайдың ақын болып қалыптасуына үлкен ықпал еткен осы бір топтың абайтану ғылымындағы орны әлі өз бағасын ала алмай келеді. Кеңестік заманда Абайды «ұлы» орыс халқының жетегіне салып, Михаэлис, Гростарды Абайды Абай еткен бірден-бір тұлғалар деп таныдық. Дулат, Шортанбай, Бұхарларды әлгі Абай сынын желеу етіп іске татырмай тастадық. Бүгінгіміз де жырауларымызды жарылқап жатқаны шамалы. Бұхар мен Дулаттардан Абай үйренді дегенге тіксіне қарап, дана ақынды Бұхарлардың көлеңкесінде қалдырамыз ба? - деген соншалық таяз ұғымға шырмалып келе жатқанымыз жасырын емес.

Кезінде айтылған С. Мұқановтың: «...қазақтың халық әдебиетінсіз, Бұхар жыраусыз, Махамбетсіз, Шортанбайсыз Абай да болмас еді. Қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы - Абай емес, Абайды туғызған - халық»/9,153-154/, - деген ойымен келіспеуге болмайды.

Жақсы болсын, жаман болсын Абай соларға қарап сөз түзеді. Бұл арада, әсіресе, Дулат ақынның ықпалы ерекше. Дулат Абайға ұстаз болған ба, жоқ па? Немесе, керісінше Абай ұстаз болса Дулат өлеңдерін неге сынға алады деген сұрақтар төңірегінде дау туғызып, әдебиетке пайда әкелмес әңгімелер төңірегінде салғыласудың нүктесін қоятын кез жеткендей. Дулат Бабатайұлының Абайға игі әсері болғандығын екі ақын поэзиясын салыстыра зерттеген ғалымдардың еңбектері дәлелдейді.

Ал, ұстаз деген сөз жөнінде ұстасудың қажеті шамалы. Дулаттың Абайға ұстаздығы жалпы мағынада айтылған. Абай бұл арада шәкірт емес, үлгі алушы. Бұл ұстаздық ұғым Абай мен Шәкәрім арасындағы

ұстаздықтан анағұрлым жалпы, кең мағынада екендігін естен шығармауымыз керек. Ал, Абай мен Шәкәрім, Абай мен Көкбай арасындағы ұстаздық ұғым нақты. Сондықтан да Дулат Абайдың ұстазы дегенде оны шартты (соңғысының үлгі алушылығын ескеріп) кең мағынада қабылдап, Абайды кішірейтіп алдық-ау деп шошынбауымыз керек. Мәселен, Абай өзі нәр алған Шығыстың шайырлары Науаи, Хафиз, Сағдиларды ұстаз тұтқаны іспетті. Бірақ Дулаттың заманы Абаймен бір, сондықтан оның өлең үлгісі әлгі ақындарға қарағанда Абай поэзиясында айқынырақ көрінеді...

Абай сырттай танып, өлең-сөзін құлағына құйып өскен арысы Бұхар, Шортанбайлар, бар қазақты көзінің тірісінде тәнті еткен Шоқан, іргелес жатқан Сыбаннан Байғара-Ақтайлақтар, мына жақтан Сүйінбай, күйші Тәттімбет, Құнанбаймен сыйлас болған Балта ақын, Абайдың өзі жоғары бағалаған Марабай ақын тағы-тағылар болса, Абайдың өзі кездесіп, сұхбат құрған, жас та болса сөз қағыстырып, ақыл сынасқан әйгілі Шөже ақын, Шорманның Мұсасы, Абай қасында болған Байкөкше ақын, Жуантаяқ Тобықты Байғұлақ шешен, Жанғұтты би, Әуезов эпопеясынан жақсы таныс Қаратай шешен, Сыбанның қаракөк ұрпағынан Сабырбай ақын, оның ақын қызы Қуандықтармен тізімді тұйықтай алмаспыз.

Құнанбайдың заманында ел билігін айтып, аталы сөзді ұстаған небір шешендермен билердің Абайға да әсері аз болмағаны белгілі. Құнанбайдың өз қасындағы Тобықты елінің жаңағы Қаратай, Сүйіндіктерін айтпағанда, Наймандағы Шәкі би Құнанбаймен қатты дос болып, Құнекенді «Арғынның алтын басы ғой» деп ерекше құрметтеген жан. Ақыл - парасаты жағынан Құнанбаймен терезесі тең тілдесетін ата баласы Арғындағы Жанғұтты би Ботантайұлы, Абай Тұржан сұлу - Қаламқасқа ғашық болатын Найманның Тана мырзасы, Сыбандағы Құнанбайдың құдасы - Кенжеғұл шешен, Ақтайлақ бидің ұрпақтары Кеңесбай би, Жұмақан бай, сонау Қоңырат Сапақ би, Құнанбаймен нағашылы-жиенді дін жолын берік ұстанып, Меккеге барған Шал қажы, ел ішінде ақылдығымен, бойындағы қасиетімен ел анасы болған - Үйрек ана, Жауғашар батырдың немересі, сөзі ұтқыр, ойы өткір Шүршіт Құлбарақұлы, сыйлас дос екі елдің сөз билігі мен ел билігін қатар ұстап, кейіннен құда болған Алшынбай би, Керейдегі Біке шешен, Наймандағы атақты елші Ырғызбайдың баласы Кенжалы би тағы-тағылармен Құнанбай тек аралас-сыйлас болып қоймаған сан мәрте ел ішінің әр түрлі дау-шарларында немесе жеке бастарын сынап, бір-бірін байқасатын шақта сөз сайысына түсіп, шешендіктің небір үлгісін кейінгі ұрпаққа қалдырды. Абай бұл тұлғалардың көбін көрді, көрмегенінің есті сөз, кесімді билігін естіп, жадына жаттап өсті. Он үш жасар Абайды қаладан алғызғанда Құнанбай ел ішіндегі осынау дала даналарының тәрбиесіне берген-ді.

Қасына ертіп жүріп талай шешеннің шебер ой-

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛБІЛІМІ

түйіндеріне жас Абайды қанықтырды. Өз ордасында жанынан орын беріп, ел жақсыларының алдында сөз билігін де тындап, сыннан өткізді.

Ел дауы мен жер дауын екі ауыз сөзбен тоқтататын дала заңына зейінді жастың ойын суара отырып, енді ел ішіндегі дау-шарларға да сала бастады. Осылайша әкесі Құнанбайдың ықпалымен жас Абай жанағы Жанғұтты би, атақты Шорманның Мұсасы, Қаратай шешен, Алшынбай би, Құлжан қажы, Найман Бекбосын билермен сөз барымтасына түсетіні ел ауызында сақталған. Осындай ел ішіндегі би-шешендермен байланысы, сөз жоқ, Абайды шыңдады. Төрт аяғын тең басқан үлкен ақын дәрежесіне көтерілген шақта да, тіпті өмірінің соңғы сәтіне дейін Абай өз ортасындағы шешендік өнерден бір сәт қол үзген жоқ. Ақынның замандасы Байғұлақ шешен, Қаракесектегі Кенже қажы, «есіп тұрған қызыл жел» деп Абай аса қатты бағалаған Керейдің Бегеш шешені, Найман ішінде Қаракерей - Мұрын ел билегенде әділдігімен, даналығымен халқына жаққан Абайдың жақын досы Көкебай қажы Сейтұлы (1834 - 1931), (Көкебай мен Абайдың достығы туралы шежіре-қарт Қарпық Егізбаев «Тағлым» атты кітабында тоқталған /қараңыз: 10/, Мадияр Түсіпұлы сияқты сөз көсемдерімен аралас-құраласта болып, кейінгіге үлгі болар сөз жарыстары, оймақты ой, терең тағылымдары сақталып жеткен.

Осы топтың әрқайсысына жекелей тоқталып Абаймен араларындағы рухани байланысты анықтай түскен уақытта ғана Абайдың әдеби ортасы

тақырыбының жігі сөгіліп, көкжиегі көріне түсетініне сеніміміз мол.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер. -Алматы: 1967.
2. Гастфрейнд Н. Товарищи Пушкина по имп. Царскосельскому лицейу. Материалы для словаря лицейстов 1-го курса 1811-1817 гг. СПб., 1912-1913, т I-III.
3. Измайлов Н. Пушкин. Письма последних лет. -М, 1969.
4. Черейский Л. Пушкин и его окружение. -Л: Наука, 1989. -544 с.
5. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. -Алматы: Ғылым, 1986. -296 бет
6. Қирабаев С. Абайтанудың кезекті міндеттері туралы /кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы. - Алматы: Ғылым, 1994. -336 бет
7. Сапаралы Б. Байшөгел. Тарихи - танымдық зерттеулер. -Алматы: Ер-Дәулет, 1995. -368 бет
8. Бердібаев Р. Абай және ауыз әдебиеті // кітапта: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1986. -432 бет
9. Мұқанов С. Жарық жұлдыз. -Алматы: Санат, 1995. - 272 бет
10. Егізбай Қ. Тағылым. -Семей: Семей полиграфия, 2001. -235 бет





*ФАРИДА ЖАҚСЫБАЕВА, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі. Семей мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақ филологиясы факультетінің деканы. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің филология факультетін бітірген. Елуден астам ғылыми мақаланың, екі оқу-әдістемелік құралдың авторы. Ғалым Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының қалыптасуына ерекше қолдау көрсетті. Автор мақаласында М.Әуезовтың «Абай жолы» роман - эпопеясының тілдік ерекшелігін қарастырған.*

### М.ӘУЕЗОВТЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ МАҚТАП СӨЙЛЕУ АКТІЛЕРІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының тілі жан-жақты зерттелгенімен, прагматикалық аспект тұрғысына қатысты қарастыратын мәселелер көп. «Абай жолы» роман-эпопеясының тілін прагматикалық аспект тұрғысынан зерттеу объектісіне қатысты өзекті тақырып. Қазақ тіл білімінде бұрын арнайы зерттеу объектісі болмаған сөйлеу актілерінің ішінде мақтап, қошемет көрсетіп сөйлеу актілерінің прагматикалық ерекшелігін М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде қарастырудың маңызы зор.

Қай кез болмасын ұлт әдебиетінің ірі өкілдері сол ұлттың әдеби тілін дамытуға үлес қосады, ізін қалдырады. Дүниеге «Абай жолын» сыйлаған тума талант - Мұхтар Әуезов ұлт тілінің әдеби үлгісіне шығармаларының тілі арқылы қолтанбасын қалдырған жазушы.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаған А.Байтұрсынов: «Сөйлеу деген-біреудің екінші біреуге хабар беруі. Сөйлегенде, жазғанда кімде болса ойын айтады. Ауыздан шыққан сөздердің барлығы сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» (1,141) - деп анықтама бергенде прагматикалық тұрғыда тұжырым айтқандығы байқалады. Сонымен қатар сөйлеу арқылы қарым-қатынас орнап, тыңдаушыға әсер етіп, сөйлеу коммуникациясының жүзеге асуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан да қазіргі кезде лингвистикада сөйлеу коммуникатциясы теориясы немесе сөйлеу актісі жаңа бағыт ретінде қарастырылып жүр.

«Абай жолы» роман-эпопеясының сөйлеу тілінің коммуникативтік функциясы қарым-қатынас

қызметін атқарса, көркем тіл стилі оқырман мен тыңдарманға эмоционалды, бейнелі, эстетикалық әсер ету функциясын атқарады. Яғни, көркем бейнелі тіл айналасындағы әсемдікті, қайталанбас ғажап құбылыстарды суреттеу арқылы жазушы сезімге әсер етеді.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде мақтау мен қошеметтеуге мынадай түсінік беріледі: «Мақтау - біреудің зор еңбегіне, істеген ісіне берілген жоғарғы баға».

Мақтаудың негізгі мақсаты - мақтау объектісінің артықшылығын, жақсы қасиеттерін бағалау болып табылады. Адам бойындағы жағымды қасиеттеріне, оның іс-әрекетіне көңілі толудан, риза болудан, жағымды бағалаудан келіп сыйлау, құрметтеу, қошеметтеу туындайды.

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында мақтап сөйлеу актілері - біріншіден, адресатқа, оның іс-әрекетіне сөйлеушінің жақсы көзқарасын білдіруге, екіншіден адам арасындағы жақсы қарым-қатынасты дамыта түсуге септігін тигізеді, үшіншіден, сөйлеуші адресатты мақтап, қошеметтей отырып, оған деген өзінің жақсы пікірін білдіру арқылы, өзінің де адресаттың алдындағы сыйын көтереді, адресатқа сөйлеушіге деген жағымды пікір туындайды, төртіншіден, сөйлеуші өз мақсатына жету үшін мақтап, қошемет көрсетеді.

Мақтап сөйлеу актілерінің осындай ерекшелігі көркем шығарма үшін құнды нәрсе. «Абай жолы» роман-эпопеясында кездесетін мақтап, қошемет көрсетіп сөйлеу актілерінің қолдану ерекшеліктерін қарастырғанда, ең алдымен жазушының тіл шеберлігіне,



бермек әсерін дәл беретін сөзді іздеуге үлкен көңіл бөлетіндігі анықталады. Жазушы үшін ең маңыздысы, қиыны да осы болып табылады. Яғни, жазушының сөз таңдауының бір ұшы шеберлікке барып тіреледі.

Мақтап сөйлеу актілерінің ерекшеліктері М.К.Мурзағалиева (2), А.Т.Бақытова (3), Б.Ғ.Тамаеваның (4) еңбектерінде қарастырылған.

Көркем шығармадағы кездесетін мақтап сөйлеу актілерінің прагматикалық функциясын қарастырғанда мақтап сөйлеу актілерінің ерекшеліктерін білу жеткіліксіз болады. Мақтап сөйлеу актілері арқылы жазушының коммуникативтік мақсатқа қол жеткізудегі рөлін анықтау керек. Мақтап сөйлеу актілері арқылы жазушының коммуникативті мақсатқа қол жеткізудегі рөлін анықтау үшін, аталған сөйлеу актілерінің иллюкутивті мақсатын анықтаудың маңызы зор. Мақтап сөйлеу актілерінің мақұлдау, келісу, ризалық, алғыс, тілек, бата беру, құрметтеу, сыйлау, ізет білдіру сияқты иллюкутивтік мақсаты болады.

Тіл ауыз екі сөйлеу барысында ғана қатысымдық қызмет атқармайды, ол әдеби тілдің барлық саласында, оның ішінде біз қарастырып отырған «Абай жолы» роман-эпопеясында да, оның авторы - жазушы М.Әуезов пен көркем шығарманы қабылдаушы оқырман арасында тілдік қатысым құралы болар.

Р.Сыздықова «...жазушы суреттеп отырғанын алдымен өзі жан дүниесімен сүйіп, оны білдіретін тілдік - стилдік құралдарды дәл табу керек, сол күнде ол оқырман жүрегіне жол табады, оқырман сезіміне тиіп, оны ойландырады, толғандырады, күйіндіреді, қуантады, сүйіндіреді.» (5,51), - деген пікір айтады «Абай жолы» роман-эпопеясында да прагматикалық функцияның иллюкутивті әсерін тиімді қолданудың коммуникативтік мақсатқа жетудегі маңызы зор болғанын айтуға болады.

Негізінен «Абай жолы» роман-эпопеясында мақтап сөйлеу актілерінің бірнеше түрлері бар екендігі анықталды. Олар I жақта мақтап сөйлеу актісі, III жақта мақтап сөйлеу актісі, өзін-өзі мақтап сөйлеу актісі. I жақта мақтап сөйлеу актісі роман-эпопеяда мақтаудың басқа түрлеріне қарағанда көп кездеседі.

Тікелей көзінше мақтаудан келіп адамдардың арасында бір-біріне деген достық, жақсылық, сенімділік сияқты қарым-қатынастар туындайды. Мақтаудың бұл түрінің басқа мақтау түрлерінен ерекшелігі адресат сөзіне айтылған мақтауды өзі естіп, мақтаудың қандай мақсатпен айтылғанын сезеді. Адресат өзі туралы өзгелердің пікірін тыңдай отырып, белгілі бір ойға келеді, жақсы әрекетке ұмтылады. Мақтаудың бұл түрі арқылы адресант өзінің мақтап отырған адамына ерекше ықпал ету мақсатымен жағымды, жоғарғы бағасын береді. Мысалы:

*Абайдың жаңа танысы журналды Абайға беріп тұрып:*

*-Білмек талабыңыз жақсы екен. Мен сізді бұдан бұрын басқа бір жағдайда көріп едім. Областное правлениеде. Рас, ол кездесу қызықты жағдай емес болатын. Сізді мен сыртыңыздан бұрында білуші едім. Бүгін мынау орында сізді көруім, шынымды айтсам, артық әсер етті! - деді. Өзінің жөнін айтып, Абайға қолын созып, - танысайық, Михайлов Евгений Петрович! - деді*

*Абай оның қолын шапшаң алып, қатты қыса түсіп:*

*- Ибрагим Кунанбаевич! Мен сізді жақсы білемін. Достарыңыз маған сіздің жайыңызды көп айтқан. Танысқанымға қуаныштымын! - деді.*

*(М.Әуезов «Абай жолы» I том.417б)*

Бұл келтірілген үзіндіде жазушы Михайлов сөзі арқылы тікелей көзінше мақтап сөйлеу актісін қолдана отырып, Абайдың талантты, ынталы, білім құмар, ерекше қазақ азаматы екенін көрсетеді. Сонымен бірге Абай сөзі арқылы III жақтағы мақтау түрі қолданылған. Оқырманның білімге деген көзқарасын пайдалана отырып, жазушы М.Әуезов мақтап сөйлеу актілерін білімге деген құштарлыққа, өнегелікке, ізденімпаздылыққа тәрбиелену тұрғысынан қолданғандығын байқаймыз.

*«Абай Михайловтың бүгінгі мәжілісінен кейін, он өзіне бұрынғыдан да жақын көрді. Екеуін туыс ететін ағалық ойдың өрісін анықтады. Айрылысар шақта Михайловқа:*

*Бүгін сіз маған, ерекше бір қадірлі сипатта танылдыңыз Евгений Петрович! Мен сізді тек орыс халқындағы өнердің ойы мен тілі деп біліп едім. Өзімді бөлек бір өлкенің, сізден алыс жатқан сахара келгені деп біліп едім. Ал қазір сіз, бейне бір мені қолымнан жетелеп, биік бел үстіне шығарып тұрсыз. Бар замандардың, бар халықтардың қоныс-қонысын, өріс - жәйілісін көрсеттіңіз. Алыстан болса да бар адам баласын тұтас бір тайпадай аңғарттыңыз. Енді бақсам, дүниелік білімнен сырт жатқан халық жоқ сияқты зой... Өзімді қазақ баласы ғана емес сезінгендей бір қуанышта тұрмын. Осы менің үлкен олжам болса керек!» - деді.*

*(М.Әуезов «Абай жолы» I том. 426 б)*

Бұл мысалда мақтап сөйлеу актісі алғыс түрінде берілген. Бұл жерде Михайлов пен Абайды туыс ететін ағалық ой - білім. Жазушы алғыс түрінде айтылған мақтап сөйлеу актісі арқылы Михайловты білімді, жан-жақты орыс азаматын ретінде мақтан ете отырып, Абайдың өз бойына көп білім нәрін сіңіргенін жеткізуді мақсат еткен.

*Сонда Михайлов өзін ырзалықпен*

таңғалдыратын сахара жігіті жөнінде сөйлеп отырып:

*Құнанбаевтың білімге ұмтылу талабы аса зор. Жас елдің кейде білім-жарығына бар еңсесін салып, шынымен, барымен келетінін байқатады. Сусағандық құмарлығын білдіреді! - деп еді.*

(М.Әуезов «Абай жолы» 1 том. 426 б)

Бұл жерде жазушы Михайловтың Абайға айтқан мақтау сөзі арқылы оның білімге ерекше құштарлығының жоғары екенін көрсетеді.

*Алшынбайдың тойынан қайтқан кәрілер*

*«Қонақ үйлердің ішінде, әр жерге орнатылған емізіктеген сабаларды бұрап болып, жаңағы табақтарды құрғатқан кезде ғана тойшы халық аттарына міне бастады.*

*- Тойы - той-ақ болды!*

*- Әкелген қалыңмалына сай Алшынбай да көл-көсір қылды!*

*- Күйеу келген той дәл бір астай болды, не қыл дейсің?» - десіп мақтасып қайтқан.*

(М.Әуезов «Абай жолы» 1 том. 18б)

Жазушы бұл жерде мақтап сөйлеу актісінің прагматикалық мәнін «көл-көсір қылу» деген тұрақты сөз тіркесімен және «дәл бір астай» теңеуі арқылы берген. Алшынбайдың қыз ұзату тойына кәрілердің көңілі толып, жақсы көңіл-күймен қайтқандықтарын жазушы мақтап сөйлеу актісін шебер қолдана отырып берді.

*- Сен тілмен айтсаң, мен ділмен, жүрекпен айттым! Сол Абай ағамның ғашықтық өлеңін өлі аруақтарға бағыштап айтқан жерде-ақ сазым менен сезімім соларда екенін танытқанмын! Тәңірі-ай, біз ақын емеспіз бе? Үнемі сөзбен ұғындырып беру керек пе, емеруін де жетпей ме? - деп Дәрмен тағы да ұқты дау бастады.*

(М.Әуезов «Абай жолы» 1 том. 9б)

Жазушы «мен ділмен, жүрекпен айтамын» деген сөйлем арқылы прагматикалық мақсат беріп отыр. Шұбар өзін-өзі мақтау арқылы жұрт алдында өз сыйын көтеріп отыр.

*Өлеңнің сөзі Мағаш пен Дәрмен айта беретін, күндегі көптің құлағына сіңген сөз бола ма екен? Кейде айшықты сөз әлдеқайда алыстан кеп, осылай таңырқатып та кетуі керек. Мен білсем, осы төрттікті өлең ғып тұрған жалғыз менің жаңағы ұйқасым, - деді.*

(М.Әуезов «Абай жолы» 1 том. 5 б)

Жазушы бұл жерде өзін-өзі мақтау түрін қолдана отырып, Кәкітайдың өзінің өлең шығару қабілетінің жанындағы құрбыларынан жоғары екенін, сондай-ақ

тілге шебер, сөз тапқыш екендігін көрсетеді.

*«Жұрт Кәкітайдың күйгелек мінезінен тағы да бір оқыс нәрсе күтіп, даурыға түсті. Бірақ ол әлі мойындаған да, жасыған жоқ. Атын тебініп жіберіп:*

*- Ой, тәңірі-ай, жеріне жетпей Кәкітай жығылмайды. Анау Абай ағамға жүгінемін. Жұрт білгіштеріңді сонда көрермін, кәні! - деп жорта жөнелді.»*

(М.Әуезов «Абай жолы» 1 том. 5 б)

Өзін-өзі мақтау арқылы Кәкітай жұрт алдында өз сыйын көтеріп тұр. Жазушы жеріне жетпей жығылмау деген тұрақты тіркес арқылы оның өзіне сенімді екенін байқатады.

Қазақ тіліндегі мақтап сөйлеу актілерінің тілдік ерекшеліктері осы күнге дейін зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Кез-келген көркем шығарманың оқырманға прагматикалық бағытта әсері барын ескерсек, онда мақтап сөйлеу актілерінің әсіресі, оқырман үшін тілдік ықпалы күшті.

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында мақтап сөйлеу актілерінде адамның сезім мен санасына әсер еткізін сөздер мол. Осы орайда тіл, сөз құдіретінің адам психикасына әсері бірден байқалады. Яғни, мақтап сөйлеу актілері адамдар қарым-қатынасының бір компоненті ретінде қарастырылады.

Роман эпопеяда кездесетін сөйлеу актілеріне прагматикалық аспект тұрғысынан талдау жасау арқылы мақтап, қошемет көрсетіп сөйлеу актілерін прагматикалық қызметі, берілу жолдары айқындалды. Бұл өз кезегінде «Абай жолы» роман-эпопеясының тілін одан әрі кешенді түрде зерттеуге жол ашып, болашақта ізденушілерге тың бағыт береді. Қазақ тіл білімінде прагматикалық лингвистиканың дамуына үлес қосады.

#### Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. - Алматы: Ана тілі, 1993 - 141 б.
2. Мурзағалиева М.К. Контрастивно-прагматический анализ речевых актов похвалы в русском и казахском языках. Автореф. дисс. канд. наук. - Алматы: 1999-17 б.
3. Бақытова А.Б. Француз және қазақ тілдеріндегі бағалау сөйлеудің ұлттық мәдени ерекшеліктері. Автореф. дисс.канд.наук. - Алматы:2006 -18-21 б.
4. Тамаева Б.Г. Лексика-семантическая группа слов казахского языка с семантической уважительности-вежливости. Автореф. дисс.канд. наук. - Алматы: 1992 - 11 б.
5. Рәбиға Сыздық. Сөз құдыреті. - Алматы: Санат, 1997- 51б.
6. Әуезов М.О. Абай жолы - Алматы - Жазушы 1988



**БИБЕКОВ ҚАНЫШ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Семей педагогикалық институтындағы «Қазақ тілінің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі. Қазақстан Республикасының үздік оқытушысы. Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен тіл теориясы, ғылым методологиясы салаларын қамтиды. «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясын дайындау барысында Шәкәрім өлеңдерін тіл ғылымы аясында талдап ерекше еңбек етті. Ғалымның «Абай шығармашылығындағы мәтін түзу мәселесі» атты мақаласын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.**

## АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МӘТІН ТҮЗУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ жазба әдебиетін, ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастырудағы Абайдың атқарған қызметі, алатын орны ерекше екені белгілі. Абай өмір сүрген заманы артта қалғанмен, рухани мұрасы жалпы адамзаттық құндылыққа айналды. Сан ғасырды артқа тастағаннан кейін де тарих тұңғығына батып жоғалмай, жаңарып, жаңғырып мән-маңызы арта түсері анық. Абай шығармашылығы әдебиеттану, тіл білімі, философия тұрғысынан жан-жақты талдауға түсіп, лайықты бағасын алды. Әйтсе де абайтанудың өрісі тарылып, көкжиегі көріне қойған жоқ. Керісінше, сан-салалы ғылым ретінде зерттелуге тиіс күрделі мәселелерінің бағыт-бағдары енді ғана айқындалып келе жатқандай.

Абайтанудың өз зерттеушілерін күткен түйінді мәселелерінің бір шоғырын тіл білімінен көреміз. Абайдың қазақ тілін дамытудағы қызметі жайлы М.О.Әуезов былай деген еді: «Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында бұл тілдің барлық байлығы, орамдылығы, өрнектілігі табылған. Абайдың барлық өлеңі - қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш, қырдағы қалың қазақтың осы күнге шейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл - Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі»[1.230]. Қазақ әдеби тілінің өркендеп дамуына Абайдың қосқан үлесін асыра бағалау мүмкін емес. Жалпыхалықтық тілді асылдың кені деп қарасақ, Абай сол кенді қорытып, шын асылын айырып ала білді.

Осы ретте профессор Құдайберген Жұбановтың: «Абай біздің жазба әдебиеттің атасы болғанда, өлеңін, қара сөздерін тек қағазға жазғандығымен ғана емес, жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттің осы айырмашылығын ашқандығымен де

атасы болды. Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шығарып, неше мың жылдай көнігіп, етке, қанға сіңіп болған ескі ауыз әдебиет дағдысынан құтқарған адам - Абай. Ескі ауыз әдебиетіндегі артық қыстырмалардан алғаш тазартқан да Абай.

Абай сынаған «қазақтың ұзын сөзділігі», «ескі бидің сөз қосарлап, бос мақалдайтындығы», «ескі ақынның жоқтан қармап, көр-жерді өлең қылатындығы» дегендер - осы басы артық, қыстырынды әңгімелер болатын. Абай сөзінің «қиюынан қыл өтпейтін» ықшам, тығыз болатыны да осы басы артықтан аман болғаннан келетін-ді,»[2.267] - деген пікірін елеусіз қалдыруға болмайды. Ғалым жазба әдебиетінің негізін салушы ретіндегі Абай тілінің ауыз әдебиет тілінен басты ерекшеліктерін дәл көрсетіп, саралап береді. Өз шығармашылығы арқылы Абай қазақ әдеби тілін жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Абай поэзияны еріккеннің ермегі емес, сөз өнерінің ең жоғары көрінісі деп санады. Сондықтан да оған жауапкершілікпен қарап, өзіне де, өзгеге де биік талап қояды. Көркем өнер ретінде поэзия қандай болу керек деген мәселені де өз өлеңдерінде жеріне жеткізе айтып кетеді. Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» сияқты туындыларын көркем шығарма ретінде ғана емес, өлең сөздің теориясы деп тануға әбден болады.

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.  
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол - ақынның білімсіз бейшарасы.

Осы жолдарда өлеңнің көркемдігіне, тіліне қойылатын негізгі талаптар айтылған. Ақынның «Тептегіс жұмыр келсін» деп отырғаны өлең мәтінінің өлшемге сай құрылуы ғана емес, құрылымдық жақтан да, мағыналық жақтан да тілдік құралдардың өзара үндесіп, үйлесіп, шашау шықпай, жұмырланып, тұтасып тұруы екені күмәнсіз. Абай әсіресе өлеңнің «Бөтен сөзбен былғануын» кешірмейді. Бұл айтылған жайлар мәтін түзу мәселесімен тікелей байланысты.

Қазақ филологиясында мәтін түзудің теориялық мәселелеріне тереңдеп бара қойған жоқпыз десек те болады. Дегенмен бұл мәтін түзу туралы ойларды жекелеген ғалымдарымыздың еңбектерінен ұшырастырып қаламыз. «Абайдың сөз өрнегі» атты монографиясында профессор Р.Сыздықова бұл мәселеге арнайы тарау бөліп, мынадай пікір айтады: «Текст түзілісінің өзіне тән шарттары болады. Кез келген көркем шығармада немесе оның кез келген тұсында текст түзіле бермейді. Қазақ көркем сөзінде текст түзудің айқын көрінісі Абай өлеңдерінен басталады деуге болады. Текст түзілісінің бір белгісі - шығарманың бір бөлігінде немесе бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, модальдық реңкі біртектес сөздерді шоғырлап беру. Модальдық реңк дегеніміз сөйлеушінің (жазушының, ақынның) айтылған ойға жағымды, жағымсыз көзқарасын білдіретін мағыналық реңк...» [3. 74б.]. Ғалым мәтін ішіндегі сөздер, тілдік тұлғалар қалай болса, солай алына салмай бір стильдік мақсатқа қызмет ететіндей таңдалып алынатынына назар аудартып тұр.

Көркем мәтіннің түзілісі, тілдік ерекшелігі жөніндегі түйінді мәселелердің шешімін табуында профессор Б. Шалабайдың мына бір пікірінің мәні зор деп білеміз: «Көркем шығарманың тексі ондағы барлық элементтердің органикалық байланысты болуы себепті, көпқырлы қасиетімен, әртүрлі ендіктегі көптеген мағыналық қабаттасу, ұштасулармен ерекшеленеді. Сондықтан бір сөз не бір құрылым бір мезгілде әрі кейіпкердің (немесе бірнеше кейіпкердің), әрі оқырманның, әрі автордың көзқарасын білдіре алады.

Сөйтіп, көркем сөз зат, құбылыс, қимылды бір мезгілде әрі атайды, әрі көрсетеді, әрі бағалайды. Бұл оның ерекше, бейнелі түрде жалпылай алушылық қабілетіне байланысты. Көркем шығарманың тілі оқиға, құбылысты жалпылап беру арқылы біздің санамызда ондағы қатысқан сөздердің санынан анағұрлым көп түсінік туғызады. Көркем шығармадағы тілдің эстетикалық міндеті де осында.

Тілдік элементтер осылайша көркем мазмұнның компонентіне айналады, олар көркем мазмұнның сыртқы формасы болып қана қоймайды, оның құрамына табиғи түрде еніп құрамдас бөлшегіне

айналады. Ондай сөзді басқа сөзбен ауыстыру не көркем бейнені бұзуға алып келеді, не басқа бір бейне жасайды. Сөз бен бейненің тығыз байланысы осыдан көрінеді» [4. 37-38]. Ғалым көркем шығарманы ерекше заңдылықтары бар өзіндік жеке эстетикалық құрылымға ие деп санайды. Эстетикалық құрылымға ие көркем мәтінде басы артық шашау шыққан бірде-бір сөз, бірді-бір тұлға болмауы тиіс. Тілдік тұлғалар бір-бірімен тығыз астаса келіп көркемдік мақсатқа қызмет етіп тұруы керек. Әрине бұл айтылғандар суреткердің шеберлігіне, өресіне байланысты болады.

Абай мәтін түзуде осындай биік талап үдесінен шыға білген. Ақынның қай өлеңін алсақ та, ондағы тілдік құралдар ортақ көркемдік мақсатқа қызмет етіп тұрады. Айтқанымыз дәлелді болу үшін мына бір шағын үзіндіге талдау жасап көрейік:

*Мал мен бақтың дұшпаны,  
Кеселді пысық көбейді,  
Күшік иттей үріп жүр,  
Кісіден кеммін демейді.  
Қу тілменен құтыртып,  
Кетер бір күн отыртып,  
Қызмет қылған кісісін  
Құртуға таяйды.  
Қылып жүрген өнері:  
Харекеті - әрекет.  
Өзі оңбаған антұрған  
Кімге ойлайды берекет?*

Осы өлең жолдарында *дұшпан*, *кеселді*, *күшік иттей үру*, *қу*, *құтырту*, *құрту*, *оңбаған*, *антұрған* сөздері әр түрлі сөз таптарына жататындығына қарамастан, бірыңғай жағымсыз экспрессивті-эмоционалды мағынаға ие екенін көреміз. Сол арқылы ақынның өзі айтып отырған мәселеге теріс көзқарасын танимыз. Әрине ол сөздер оқшау-оқшау қалмайды, өзара селбесе келіп, мәтіндегі өзге сөздерге де әсер етіп, сөйлеуші бағасын білдіруде ғана емес, тыңдаушы пікірін қалыптастыруда да біртұтас эстетикалық құрылым ретінде көрінеді. Сондай-ақ әрбір сөз мәтін талап етіп тұрған мағыналық-стильдік жүкті арқалайтын болады. Соның нәтижесінде сөз «деформацияланып», мағыналық құрылымында бірқатар қайта құрулар жүріп өткен. Сөздің лексикалық мағынасының негізін құрайтын заттық мағына екінші қатарға жылжып, сигнификаттық, коннотативтік бөліктері маңызды орынға шығуы мүмкін. *Дұшпан* сөзі заттық мағынада **қас**, **жау** сөздерімен синоним болады. Өлең жолдарында «*Мал мен бақтың дұшпаны*» деп қолданылғанда *дұшпан* сөзінің заттық мағынасы көмескіленіп, керісінше, жағымсыз экспрессия барынша айқындала түскен. Тура мағынасында адамдар бір-біріне *дұшпан* болады, малға, баққа *дұшпан*

болмайды. Бір жағынан, *дұшпан* сөзінің лексикалық мағынасының өзегі **құртушы, жоюшы** деген сияқты ұғымдарға жылысқанын көреміз. Бұл ұғым, негізгі болмағанымен, *дұшпан* сөзінің лексикалық мағына құрылымында бар. Екінші жағынан, *мал, бақ* сөздерінің мағынасы метонимия жолымен ауысқан. Толықтырып айтқанда, *малы мен бағы бар адамның дұшпаны*. Бірақ ақын осылайша толықтырып айтса, сөздер бейнелілік қасиетінен айырылып қалар еді. Осы өлеңде сипатталушы субъектіні *пысық* сөзі білдірген. Ол тура мағынасында ширақ, еті тірі ұғымында жұмсалады. Өлеңде *пысық* сөзі басқа сөздермен тіркесу арқылы қосымша мағыналық реңктерге ие болады. *Мал мен бақтың дұшпаны* тіркесі *пысық* сөзінің күрделі эпитеті болса, *кеселді* сын есімі де эпитет ретінде жағымсыз экспессия үстеуге өз үлестерін қосқан. *Кеселді* сөзінің мағынасы кесепатты, залалды екені мәлім. Сондай-ақ *Күшік иттей үріп жүр* теңеулік құрылымының да сипатталушы мүшесі - *пысық*. Теңеудің образы - *күшік ит*, теңеудің негізі - *үріп жүр* сипатталушы мүшеге қатысты алғанда ауыспалы мағынада келгендіктен метафоралық теңеу болады. Осы теңеу арқылы *пысықтың берекесіз, шамасын білмейтін, еш нерсенің байыбына бармайтын, шатаққор* деген сияқты тағы бір қыры ашылады. *Қу тілменен құтырту* дегенде *құтырту* желіктіру, есірту, елірту ұғымын береді. Сол арқылы *пысықтың айлакер, қу, сұм* екендігі аян болады. *Отырту* өзгелік етіс тұлғалы етістігіне келер болсақ, жалпыхалықтық тілдік қолданыста *отырғызу* түрінде келеді. *Отырту* деп жұмсалуы тек ұйқас жасау қажеттігінен тумаған сияқты. *Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып* деп келгенде, *отырту* сөзінің мағынасы алдап кету екені белгілі болып тұрады. Бұл - *отырту* сөзінің тура мағынасы емес, *Тақырға отырғызып кету* деген тұрақты сөз тіркесіндегі фразеологиялық байлаулы мағынасы. Мәтіндегі сөздердің әсерінен осы мағынасы жанданып, *отырту* сөзі ерекше экспрессивдікке айналған. Сол сияқты *Харекеті - әрекет* қолданысы да көңіл аудартады. Бұлар арап-парсы тілінен енген бір ғана кірме сөздің дыбыстық варианттары бола тұра, мәтіндегі басқа сөздермен ықпалына түсіп, мағыналық дифференциацияға ұшырағанын көреміз. *Харекет* - кәсіп, шаруа, *әрекет* айла-шарғы, қулық ұғымдарын білдірген. Сонымен қатар *Харекеті - әрекет* деп қосарланып келуі арқылы тынышсыздық, мазасыздық сияқты ұғым қоса бой көрсетіп, жағымсыз көзқарас та аңғарылып қалады. Өлеңде тілдік құралдар қатаң өлшемге құрылып барынша сығымдалған сайын, көркемдік қуаты еселеніп, мазмұн жағынан ұлғая түсетіндей. Ақынның шығармашылық ойы логика-семантикалық байланыстарды ширата отырып, тосын тіркестер

арқылы сөзді ойната, құбылта қолданып, көп қырлы, сан салалы байланыстар нәтижесінде мағыналық құрылымы ұлғаяды. Мәтіндегі сөздер бір-біріне арқа сүйей отырып мағыналық сыйымдылығы артады.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында мәтіндегі тілдік құралдардың бәрінің тегіс бір көркемдік-стильдік мақсатқа жұмылдырылып, эстетикалық бүтіннің ажырамас бөлшегіне айналуы кездесе қоймайды. Абайға дейінгі қазақ поэзиясын шолып қарағанда, көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының басқалардан ерекшеленіп тұратыны бірден байқалады. Дулат пен Абай әлеуметтік тақырыптарды жырлауда көп ретте үндестік тауып жатады. Профессор Р.Сыздық: «Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгісін көрсеткен Дулат деп айтуға әбден болады»[5.582] - деп әділ бағасын берген болатын. Тілі көркем, мазмұны терең түйдектер Дулатта да бар. Мысалы,

Саудагер сарттай қайтты өмір  
Құмар ойнап ұтылған.  
Мөңіреп жұртқа ой қайтты,  
Бұзауы өлген сиырдай.  
Ләпсі - төбет қабаған  
Жемтік көрсе тұра ма  
Ырылдап танау жиырмай?  
Өзімнен-өзім қызғанып,  
Азын-аулақ жиғаным  
Өзіме де бұйырмай.

Өлеңдегі образдар сонылығымен бірден көңіл аудартады. *Өмірдің құмар ойнап ұтылған саудагер сартқа теңелуі, «Мөңіреп жұртқа ой қайтты, Бұзауы өлген сиырдай»* дерексіз нәрсені жанды бейнеге айналдырып, көз алдымызға келтіреді. Дегенмен үңіле түссек, өлең жолдары біртұтас құрылымға айналып кетпей, образдар өз алдына оқшауланып қалатындай әсер қалдыратынын аңғару қиын емес. Өзара ұласып, бүтін көрініс жасаудың орнына жеке-жеке фрагменттер түрінде елес беріп өтеді. Яғни мәтін элементтері сыртқы форма жағынан өлшемге құрылғанмен, ішкі мағыналық арқауы босаң. Өз шығармаларын ауызша жырлағандықтан Дулат ақынға жазба әдебиеттің қатаң талаптарын қоя алмаймыз. Мысалы,

Құрт жегендей қуарып,  
Дәнің тандыр суалып.  
Елдігің кетіп ыдырап,  
Алтын жағаң сөгіліп,  
Абыройың төгіліп,  
Барыңнан да жақсы еді  
Жоқ болғаның мұнан да -

деген жолдар жыраулар поэзиясын еске салады.

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛБІЛІМІ

Ақын тыңдаушысымен тікелей қарым-қатынаста болатындықтан, олардың қабылдау қабілетін, ойды түсіну мүмкіндіктерін ескермей тұра алмайды. Соған байланысты Дулат шығармашылығы да ауыз әдебиетінің белгілерінен толық арылып болмаған.

Өлеңдегі әрбір тілдік элемент эстетикалық құрылымға енгенде мағыналық жағынан да, стильдік жағынан да белгілі бір өзгерістерге ұшырайды, сөйтіп көркем мазмұнның компонентіне айналады. Абай айтқан «Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деп қойған талабы көркем шығарманың сыртқы түріне ғана емес, ішкі мазмұнның да бірлігіне, бүтіндігіне меңзеп тұрғандай. Мұндай эстетикалық мазмұн мен құрылымдық бүтіндікке тек жазба әдебиетте ғана қол

жеткізуге болады. Қазақ әдебиетіне оның жарқын үлгісін Абай көрсетіп берді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991. - 240 б.
2. Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1997.
3. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы, 1995. - 208 б.
4. Б.Шалабай Көркем әдебиет стилистикасы. Алматы, 1999. 197 б.
5. Рабиға Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы, 2004. 616 б.



*АЙЖАН АМАНЖОЛ, научный сотрудник литературно-мемориального музея Ф.М.Достоевского. Окончила магистратуру Семипалатинского государственного педагогического института. Занимается проблемами художественного перевода, проблемами сравнительного литературоведения. В статье рассматриваются особенности художественного перевода романа Достоевского «Бедные люди» на казахский язык. Ранее в журнале публиковалась статья автора, посвященная проблемам шакаримоведения: «Шакарим и Толстой: созвучие эстетического и художественного».*

## ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ПЕРЕВОД КАК ЧАСТЬ ИСТОРИКО-ЛИТЕРАТУРНОГО НАСЛЕДИЯ (НА ОПЫТЕ ПЕРЕВОДА «БЕЛЫХ НОЧЕЙ» Ф.М.ДОСТОЕВСКОГО)

Художественный перевод, а тем более перевод величайших подлинников, безусловно, сохраняет значительный историко-культурный интерес и должен изучаться хотя бы в целях практических. Искусство перевода, как и всякое искусство, можно понять, только если мы будем изучать его как явление историческое. Талантливый опыт первого казахского перевода «Белых ночей» в этом смысле очень убедителен.

Достоевский является одним из самых трудных авторов для перевода. Трудность эта заключается в поразительной глубине, емкости, многоплановости почти каждого его слова. Не только каждое слово, но и каждый звук поставлен писателем сознательно и способствуют общему впечатлению. Поэтому, переводя Достоевского необходимо учитывать не только содержание, сюжет, но и всеми силами стараться передать художественную форму. К переводу творчества Ф.М.Достоевского на казахский язык начиная с 30-х годов обращались С.Талжанов («Бедные люди», 1935г.), М.Жангалин («Преступление и наказание», 1972г.), Нияз Сыздыков («Идиот», 1983г., «Братья Карамазовы», 2004г.), Д.Исабеков («Белые ночи», 1971г.). На сегодня это - все из 30-ти томного собрания сочинений писателя.

Среди переводчиков имя Дулата Исабекова стоит особняком. Он не просто переводчик. Но и сам является известным современным казахским прозаиком, драматургом, публицистом, автором книг «Гар», «Транзитный пассажир», «Старшая сестра», «Гаухаргас», «Записки квартиранта», «Страж покоя», «Смятение» и мн.др., затрагивающих проблемы аула, урбанизации, культуры, народных традиций. Сборники

его произведений неоднократно выходили в издательстве «Советский писатель», рассказы печатались на страницах «Литературной газеты». Для творческого стиля Д.Исабекова характерны сложность тематики и многообразие интонаций. В его произведениях можно встретить и острую психологическую драму, и едкую сатиру, и лирические, философские раздумья.

В работе попытаемся рассмотреть особенности перевода одного из первых произведений Достоевского «Белые ночи». Надо отметить, что Исабеков никогда не был профессиональным переводчиком. Он, прежде всего писатель, драматург. В этой связи интересен тот факт, что Исабеков в самом начале своего творчества выбирает для перевода произведение раннего творчества Достоевского.

Переводная художественная литература в разное время выполняла разные функции. Если в 19 веке она носила функцию просветительско-ознакомительную, то есть была приближена к народному восприятию и пониманию (переводы Абая, Шакарима и др.), то в 20-м веке она была направлена на понимание индивидуального стиля писателя, на особенности его творчества. Об этом очень точно свидетельствует цикл статей Мухтара Ауэзова, посвященный теоретическим вопросам художественного перевода: «Перевод предложений в точности с оригиналом, является основой передачи подлинного стиля писателя» (1, 296). Произведение Достоевского, избранное Исабековым для перевода, относится к тридцатым-сороковым годам девятнадцатого столетия, периоду противостояния двух направлений в искусстве: реализма и романтизма.

«Промежуточные годы» - так охарактеризовал литературовед Кирпотин данный период. Отчаяние, разочарование, оцепенение, вызванное поражением декабристов, еще полностью не прошло, силы, определившие подъем 60-х годов, еще не созрели. Люди, чувствовавшие необходимость новой борьбы, были немногочисленны. Передовые люди поколения, даже сходясь в кружки и находя известный отклик своей проповеди, чувствовали себя одинокими (2, 111).

Целая серия произведений, составляющих первый период литературной деятельности Достоевского, посвящена теме противоречия мечтательности и действительности. Это «Хозяйка», «Неточка Незванова», «Маленький герой». Художественной разработке той же идеи и того же общественного типа (мечтателя) посвящен сентиментальный роман «Белые ночи». В повестях обозначенного периода Достоевский воспроизвел собственные переживания и размышления по теме действительности. Он осуждает безвольную пассивную мечтательность, показывает, что самоизоляция от других неизбежно делает человека несчастным. Писатель жалеет задавленного социальными условиями человека, он хочет пробудить его от обессиливающих мечтаний и повернуть лицом к действительности. Герой «Белых ночей» - Мечтатель, поставлен в рамки окружающей его действительности, он одинок, живет в многолюдном Петербурге, как в пустыне, он не действует, у него нет биографии, он пребывает вне действительной жизни. В «Белых ночах» писатель осуждает тип мечтателя. «Выработайте в себе сознание своего достоинства, своего права, силу характера, твердость убеждений и поступков, элемент необходимого (то есть разумного) эгоизма - и вы добьетесь своей цели» (2, 98), - вот что хотел внушить Достоевский своим читателям.

По мнению литературоведов, «Белые ночи» - «совершенное художественное произведение». Замысел его воплощен полно, идея сливается с формой, все ясно, нигде нет ничего недоговоренного (2, 97).

Что послужило причиной перевода Исабековым повести Достоевского. Думается, потребность в переводе возникла, прежде всего, с попытки понять его творчество. Произведение переводится тогда, когда оно тебя захватывает, заражает. Потому что перевод - это не только озвучивание оригинала средствами другого языка, но способ пройти путь мысли писателя, проникнуть в его психологию и творческую лабораторию. Для Исабекова, как начинающего писателя в 60-е годы, безусловно, перевод Достоевского был очень важен. Для него перевод воспринимался, прежде всего, как способ быть в диалоге с «великим

знатоком человеческих душ», так назвал Достоевского Дулат Исабеков в одном из интервью телевизионной программы «За и против» (3).

Основное достоинство перевода в том, что Исабекову удалось передать нервную стремительность слога, торопливую взволнованность, присущую Достоевскому и исповедальную манеру изложения, характерную для данной повести.

Сравнение перевода с оригиналом обнаруживает ряд неточностей. Первая, существенная, скорее типографская ошибка - в оригинале герой живет в Петербурге восемь лет, у переводчика же восемь месяцев. Достоевский очень скупо использует эпитеты и сравнения. Читаем у Достоевского: «вот уже восемь лет, как я живу в Петербурге, и почти ни одного знакомства не умел завести». Сравним это выражение в переводе: «Петербургте тұрғаныма сегіз ай бопты, содан бері бір жанашыр таныс таппапын». (Восемь месяцев как живу в Петербурге, и до сих пор не завел ни одного сочувствующего, душой переживающего знакомого). В приведенном примере герой не нуждается в сострадании, сочувствии со стороны. А между тем перевод допускает совсем иное толкование. Исабеков добавляет эпитет «душой переживающий» знакомый. С самого начала герой Достоевского вызывает определенную жалость у читателя. Но Достоевский не использует для передачи этого состояния средства художественной изобразительности. Его герой не претендует на сочувствующего ему знакомого. В переводе же жалость к герою передается посредством названного эпитета.

В переводе не редко встречаются моменты, в которых сказывается тюрко-исламское сознание Исабекова. Выражение «С самого утра...» переводится почти буквально «Таң азаннан...», но с одним но. Азан считается самой ранней молитвой у мусульман, то есть с Азана начинается утро. Переводчик данным сравнением усиливает качество утра, не просто «с утра», а с самого раннего утра.

Большинство исследователей, изучавших стиль Достоевского, полагают, что писатель не стремился насыщать язык своих произведений тропами. Он избегал ярких, эффектных метафор, сравнений, красивых эпитетов и т.п. Тропы Достоевского сугубо функциональны: «Девушка же шла, словно стрелка, торопливо и робко» - «Қыз болса сымдай тартылып...» (девушка шла натянутая как струна), или «Она шла как ветер...» - «Бой жеткен де құстай ұшып келеді...» (Девушка летела как птица...), «тоненькие, белые, как сахар, пальчики...» - «ақша қардай аппақ қолдары...» (белые как снег руки). Данные сравнения, используемые Достоевским для создания портретной характеристики



своей героини, отличаются краткостью, малооригинальностью. В них использованы главным образом зрительные образы. До конца повести читатель так и не получает представления о наружных чертах ни Мечтателя, ни Настеньки. Возникает вопрос, почему портреты и вообще внешние облики персонажей создаются столь слабыми словесными средствами? В.С.Нечаева в статье «Сравнения в ранних повестях Достоевского» утверждает, что не этим интересовался писатель, не на это было направлено его внимание. Выразительные средства становятся богаче и разнообразнее, когда он от описания внешности переходит к описанию психологических состояний: «Есть что-то неизъяснимо трогательное в нашей *петербургской природе* ... Как-то невольно напоминает она мне ту *девушку, чахлую и хворую*, ... которая вдруг, на один миг, как-то нечаянно делается неизъяснимо, чудно прекрасною...». Посмотрим как это выглядит в переводе: «Біздің *Петербург табиғатында* тіл жетпейтін тамаша бір қасиет бар, көктем шыға бастағаннан - ақ ол аспан әлемі сыйлаған бар күш-қуатын, қадір-қасиетін танытып, әртүрлі гүлдері шешек атып, жасыл желек жамылып, құлпырып шыға келеді... Ол менің есіме *аурушаң, дәрменсіз қызды* еріксіз түсіріп өтеді. Оған кей кезде жаныңыз ашиды, кейде аяп жақсы көресіз, ал енді бір сәтте оның кенеттен, қас қағмының ішінде құлпырып шыға келіп, кереметтей сұлуланып кеткенін көресіз». Данное сравнение устанавливает точки соприкосновения между разными планами изображения (петербургской природы и хворой и чахлой девушки), сближает разные уровни бытия. Исабеков нашел блестящий эквивалент, адекватный оригиналу.

Или еще один пример развернутого сравнения «молодой старухи» Матрены и комнаты Мечтателя: «Не знаю отчего, мне вдруг представилось, что *комната* моя постарела так же, *как и старуха*». Сравнение удачно воспроизведено переводчиком: «Неге екенін қайдам, кішкене *бөлмем* де сол *кемпір сияқты* кенет тозып кеткендей болды». В данном сравнении основная сема, точка сопоставления - это ощущение, душевное состояние героя.

Часто можно встретить в тексте перевода эпитеты, сравнения, добавленные переводчиком. Так, Достоевский пишет: «Намедни, когда мы не видались *целые два дня* и на третий день встретились, *мы уже было и схватились за шляпы*, да благо опомнились вовремя, опустили руки и с участием прошли друг подле друга», а Исабеков переводит: «Қызық-ау, егер екеуміз *табаны күректей екі күн бойы* кездеспей, үшінші күні көрісе қалсақ *бас киімімізді аспанға лақтыра жаздап*, әбүйір болғанда есімізді тез жиып, көтерілген қолды төмен түсіріп бір-біріміздің жанымыздан етене жақын

адамдардай өтуші едік», то есть самостоятельно вводит сравнение табаны күректей, что передает значение полного, целого. Если у Достоевского герои при встрече чуть было не спохватились за шляпы, то у переводчика они чуть не подбросили их к небу. Далее в русском тексте: «Она кажется, не слыхала шагов моих, даже не шевельнулась, когда я прошел мимо, затаив дыхание и *сильно забившимся сердцем*». В переводе читаем: «Әсте, ол менің жүрісімді естімесе керек, *жүрегім тайдай тулап*, демімді ішіме тартып жанына өтіп бара жатқанымда орнынан қозғалмады да». В данном случае «сердце» Достоевского «сильно билось», «сердце» у Исабекова «стучало как цокот копыт».

Чем объяснить столь широкое использование в переводе Исабекова средств художественной изобразительности? Это явление, на наш взгляд, заключено в самой сущности процесса художественного перевода. Ведь при переводе переводчик не пассивно транспонирует образы и идеи с языка на язык, а активно познает их, истолковывает - сначала для себя, а затем и для читателей перевода. В каждом конкретном, отдельно взятом случае они не искажают образы оригинала, но взятые в совокупности, становятся яркой чертой стиля произведений Дулата Исабекова. Манера использования ярких, запоминающихся сравнений, эпитетов, метафор является характерным компонентом словаря оригинальных произведений Исабекова. Менее значительные детали в тексте Исабекова могут подвергаться различным изменениям с целью придать большую компактность («Я не обвиняю вас за то...» - «*сізді унедей де жазғырмаймын...*» - я не обвиняю вас даже с иголки (сравнение вины с размером иголки)).

Или еще один пример, предложение «весь Петербург поднялся и вдруг уехал на дачу» Исабеков переводит как «Барша Петербург *тайлы-тұяғымен* дачаларына көтеріле көшіп бара жатқанда...». Уточнение «тайлы-тұяғымен», которое отсутствует в оригинале, на казахском же языке это устойчивое выражение буквально означает «со всей живностью», подразумевается со всем скотом. Уместно ли использование данного выражения, которое характеризует психологию казаха-кочевника? Возможно, оно закономерно в контексте соответствующей культуры. Не вредит ли эта трансформация образа стилю оригинала. Это тот случай, когда будут уместны замечания Мухтара Ауэзова, сделанные в процессе перевода «Дворянского гнезда»: «романның геройларының аузына, немесе автордың аузына қазақтың мақал-мәтелі сияқты және тағы басқа талай түрлі тіл кестесі, сөз айшығы, өрнегі сияқты ерекше, қазақша әшекей бояуларды салмауға

тырысу керек» (1, 296).

Еще один пример вольного использования слов-образов. При переводе повести на казахский язык главная фраза - «пожелтел как канарейка» - оказалась утерянной и введена произвольная ассоциация - «үйтілген бастай сап-сары», буквально - пожелтел как смоленая голова. Желтый цвет - это основной цвет у Достоевского, который ассоциируется с образом Петербурга. Наличие желтого связано с самим ощущением города, его общего колорита. И это ощущение прослеживается во всем творчестве (в «Преступлении и наказании» - это цвет того мира, того пространства, где было задумано и совершено убийство). Достаточно безобидная деталь вроде канарейки, которая в русской литературе является символом мещанства, у Достоевского приобретает символичное звучание разоблачения мещанского быта. Поэтому, не оправдана замена переводчиком образа «желтой канарейки» специфически казахской народной «желтой смоленой головой».

Исабеков очень внимателен к передаче ключевых понятий произведения «что такое делал в

*своем углу наш герой*» - «біздің геройдың ... өз тупкірінде не тындырып, не бітіріп жүргенін...», или «завешанный паутиной» - «өрмекшінің ұясы», оксюморон «молодая старуха» - «жас кемпір» и т.п. Эти примеры показывают а) тонкое знание переводчиком текста, над которым он работал, б) умение проникнуть в глубинные связи слов и увидеть, какие понятия стоят за этими словами.

Таким образом, первый и пока единственный перевод «Белых ночей», при всех неизбежных потерях, - живое и яркое произведение переводческого жанра, воссоздающее художественную структуру и эстетическую целостность оригинала.

#### Литература:

1. Әуезов М.О. 20 томдық шығармалар жинағы. 14 том. Аудармалар. Алматы, «Жазушы», 1983. - 376 б.
2. Кирпотин В.Я. Достоевский. Т.2. М., Худ. лит., 1978. - 485с.
3. [www.camonitor.com](http://www.camonitor.com) //Central Asia monitor от 17 сентября 2010 г. //Интервью Д.Исабекова в ток-шоу Б.Габдуллина «За и против».



# МӘДЕНИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ

*ҒАРИФЛЛА ЕСІМ, көрнекті философ-ғалым, жазушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаторы. «Даналыққа құштарлық», «Қазақ философиясының тарихы», «Қазақ Ренессансы», «Данышпан Шәкәрім», тағы басқа еңбектері қазақ философиясы мен ғылымындағы ірі мәдени құбылыс ретінде қабылдануда. Абайдың қара сөздерін даралықпен талдап, отандық ғылымда Хакім Абай ұғымын негіздеді. Ғалымның хакім Абайдың туғанына 165 жыл орай Семейде 2010 жылы өткен «Абай мұрасы - адамзаттың асыл қазынасы» атты халықаралық конференцияда жасаған «Абай рухани әлемінің кеңістігі» атты баяндамасын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.*

## АБАЙ РУХАНИ ӘЛЕМІНІҢ КЕҢІСТІГІ

Абай туралы белгілі, айғақты болған мәселелерді әсіресе осындай биік ғылыми конференцияларда қайталай бермеуіміз керек. Заман озып, ел кемелденген сайын бірге-бірге Абай тану тереңіне түсе берген жөн. Абай туралы тың айтар сөзің болса айт, айтылғанды қайталама демекпін. Сонда, Абайдың ойшылдық әлеміне еніп рахат сезімге бөленбекпіз. Осы бағытта, мен сіздерге Абай ойшылдығының бір арнасы, оның **ол лә мәкан** туралы тұжырымдамаларына сөзімді арнамақпын.

\*\*\*

Адамның нағыз мекені - рух. Рухани әлем нағыз шындық. Физикалық әлем, оның сыртқы көрінісі. Сыртқы шындықтан рухани әлемге өту қиынның қиыны. Рухани әлемге өткендер дүниенің тұтастығын өзгеше қабылдамақ. Сондай адамның бірі – хакім Абай. Мұндай адамдар адам-зат тарихында сирек кездеседі. Мегафораға салып айтсақ, олар астың дәмін келтіретін тұз секілді. Астың дәмін келтіргенмен тұз мөлшері асқа карағанда аз болады. Осы азшылық адам-зат баласының рухани әлемінің асыл тұлғалары, грек мифологиясындағы иықтарымен әлемді көтеріп тұрған Атланттар.

Абайды мұқият оқығандар біледі, ол кісі физикалық әлем мен рухани әлемді зерттеушілерді бір-бірінен бөліп қарастырған. Ол физикалық әлемді зерттеушілерді ғалымдар, ал одан әрі кетіп, рухани әлемді зерттеушілерді хакімдер деген. Абай қарасөзінде «әрбір хакім ғалым, ал әрбір ғалым хакім емес» - деген түйін жасаған. Әрине, әрбір ғалымның хакім болуына мүмкіндігі бар, бірақ, сол мүмкіндіктің іске асуы осал шаруа емес. Мысалы, физиктер Исаак Ньютон, Альберт Эйнштейн сияқты ғалымдар хакімдік сатыға жеткендер

деуге болады. Ресей ғылымы тарихында Владимир Вернадскийді айтуға болады. Орыс әдебиетінен сөзсіз Лев Толстой мен Михаил Лермонтовтарды атау әбден орынды.

Адам-зат, адам баласы адасады. Сонда оған көмекке көшбасшы боп үш тайпа адамдар келеді дейді Абай, олар: пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер. Пайғамбарлар мен әулиелер туралы арнайы әңгіме. Хакім дегенге тоқталсақ, Абайдың айтуынша хакімдер болмаса дүние ойран болмақ. Сонда ақын қай дүниені айтып отыр дегенге келсек, әрине осы дүниені және оның ақыреттің егіні екендігін қоса айтып отыр. Ізгілік екі әлемге тән. Соны тең ұстайтын, әрине хакімдер.

Хакімдік ғылымнан биік нысана. Оның кеңістігі - рухани әлем. Рухани әлем мазмұны - ізгілік. Білім сапасы ізгілікпен анықталмақ. Рухани білім өлшемі туралы Абай нақтылы айтқан. «Алланың сөзі дыбыссыз, харіпсіз» - дейді ол. Дыбыс пен харіп біздерге ғана қажет, онсыз білім жоқ. Ал, Алланың білімі дыбыссыз, харіпсіз. «Алла ішімді айтқызбай білуді ойла». Дұғаны айғайлап оқудың қажеті шамалы, ішің, ниетің таза болуы керек, ол Аллаға белгілі болмақ. Мұхаммед пайғамбар, біздің түсінікке салсақ, сауатсыз болған, ол кісі харіп танымаған, бірақ оның білімі аян білім яғни, рухани білім еді. Абай пайғамбар емес, бірақ оның да білімі рухани білім. Ол біз сияқты университет, аспирантура, доктарантура оқымаған, бірақ оның біліп айтқандарына, бүгінгі зиялы қауым басымызды иіп отырмыз. Демек, Абай әлемінің рухани кеңістігі - ғарыштық мазмұнда. Бұл хакімдерге тән қасиет.

Абай рухани әлемнің мекені «ол лә мәкан» туралы айтқан. Ақын айтады:

«Мекен берген, халық қылған, ол лә мекан,  
Түп иесін көксемей бола ма екен?  
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,  
Өзге мақсат ақылға тола ма екен» - деп, Абай ол  
лә меканды үш мағынада қолданған.

**Біріншіден**, ол лә мекан адам-затты жаратқан,  
оған мекен берген құдірет. Адам баласына осы қара  
жерде ғұмыр кешуіне мүмкіндік берген - қуат, діни  
лексикаға салсақ - құдірет.

**Екіншіден**, ол адам-заттың Түп Иесі. Біздің  
жаратылысымыз ол лә меканнан бастау алмақ. Адам  
деген идея, мәңгілік болса, оның жаратылыс құпиясы ол  
лә меканда. Сірә, Абайдың «Мен» өлмекке тағдыр жоқ  
әуел бастан» - деуі, осы ол лә меканға қатысты болса  
керек. Ол болса ол лә мекан тұрақтылық пен мәңгіліктің  
мекені, бізше, ғылыми тілмен айтсақ - символы.

**Үшіншіден**, ол лә мекан, біздің уақытша  
мекенімізден жалған ғұмырдан қайтатын мекеніміз. Абай  
"және оған қайтпақсың, оны ойламай" дегенде, біздің  
дүниеден қайтқанда барар мекенімізді айтып отыр.  
Алайда, ол мекеннің қайда екені ешкімге беймәлім. Бұл  
рухани әлемнің ерекшелігіне, субстанциясына қатысты  
әңгіме. Мекенді анықтау физикалық әлемге тән. Рухани  
әлемде мекеннің адресі болмақ емес. Ол сонысымен  
рухани тылсым әлем деп аталады.

Тағы қосарым, Абай үшін ол лә мекан өмірдің  
мәні туралы ой-сана. Қорқыттың жан жұбанышының  
сыры да осында болатын. Европада бұл өмір  
философиясы деп аталады, оның өкілдері өздеріңізге  
белгілі Фридрих Ницше, Артур Шопенгауэр тағы  
басқалар.

Өмір жолы - тар соқпақ, бір иген жақ,  
Иілтiп, екі басын ұстаған хақ.  
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.  
Имек жолдағы тиянақ, ол Рух, ол Дiн!

\*\*\*

Абай рухани әлемнің мазмұны **ізгілік** туралы  
өз формуласын ұсынған. «Адамзаттың бәрін сүй  
бауырым деп» - бұл күллі адам баласы тәжірибеде қолы  
жете алмай отырған биік **мақсат**. Бұл Біріккен Ұлттар  
Ұйымының кіреберісіндегі маңдайшасына жазылып  
қойылатын сөз. Әлі оған да жетерміз. Осы биік мақсатты  
орындау үшін қандай міндеттер атқарылуы керек?

Жаратушы пендесіне тіл, сана, ақыл берді.

Демек, тілге келу керек. Сұхбат керек. 1-2 желтоқсанда  
ЕҚЫҰ (Еурпадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық  
Ұйымы) саммиті Астанада өтпек. Бұл Абай арманы,  
Мұхтар Әуезов айтқан «Абай жолы». Осы ізгілік  
жолында Егемен елдің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев  
тарихи теңдесі жоқ ерлік жасап, Астана төріне, бір-  
бірімен көп істе келісе бермейтін ел басшыларын жинап  
саммит өткізуі баға жетпес саяси жеңіс қана емес, ғажап  
рухани қазына болмақ. Елу алты ел бір стол басында  
отырып, бірін-бірі бауыр санап тілге келсе, одан асқан  
ізгі іс бола ма?

Абай ізгілікті әр адамның жеке түсінігінен іздейді.  
Жалған өмірде мағмұрлық жеңіп кеткенде, адамға желік  
пайда болады. Шәкәрім айтқандай «билік пен байлық  
адамзатты мас қылады». Сондай жағдайға түскен жанға  
қарата Абай былай дейді: «Алды үміт, арты өкініш,  
алдамшы өмір, желігін жерге тығар кісің бар ма?». Қандай  
адамның болмасын желігі жерге тығылған, одан  
қашып құтылған жан жоқ. Сондықтан Абай әркімге  
қарата тағы да былай деген: «Қай қызығы татиды қу  
өмірдің, татуды араз, жақынды жат қыларға». Әрине, қу  
өмірдің еш қызығы бұған татымайды. Тату болу, бауыр  
болу, жақыныңды жат қылмау бұл оның рухани өсиеті.  
Осы өсиетке берік болайық ағайын!


\*\*\*

Қадірлі ағайын, мұсылман қауымы бетін  
қыбылаға қарата намаз оқығанда, оң жағына бұрылып,  
«Ассаламаләйкүм Рахметолла» деп, содан сол жағына  
бұрылып «Ассаламаләйкүм Рахметолла» деп тағы  
қайталайды. Сол сияқты әркім оң жағына бір қарап, сол  
жағына бір қарап алып барып Абай айтқан «Түп иесіне»  
басын иген абзал.

Оң, солға қарап сәлем берудің адамшылық  
негіздегі мәнісі оң жағындағыданда, сол  
жағындағыданда кешірім сұрау, тазару. **Ол лә меканнан**  
таза рух болып келіп, тәнге ендік, жалған ғұмырымызда  
есепсіз пендешілік жасадық, қара жерді басып жүріп,  
өмір қызығына белшеннен батқан соң, адам алдында  
кінәлі, Алла алдында күнәлі болмай қоймайсың,  
сондықтан енді жерде қайтадан тазарып Рух болып **ол**  
**лә меканға** қайтуды ойға алған жөн.

Ол лә меканнан таза келіп ең, тазарып қайтуың  
керек. Ол үшін пенделікпен атқарған істерің үшін Түп  
иесінен кешірім сұра, соған ғана Абай айтқандай «өзге  
мақсат ақылға толар ма екен» сірә толмас, бірақ ниеттің  
дұрыс болғаны ләзім!





**БАҚЫТЖАН РАҚЫМЖАНОВ**, философия ғылымдарының кандидаты. *Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті. Ғылым - философ Шәкәрім дүнетанымын зерттеуге даралық көзқараспен келді. Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының қалыптасуына, «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясының, басқа да орталықта дайындалған ғылыми басылымдарға ерекше қолдау көрсетті. Ғалымның «Шәкәрімнің үш анығы» және «Шәкәрім сынаған «затшылдық ғылым» қандай ғылым» атты танымы терең екі мақаласын оқырман назарына ұсынуды ретті санадық.*

### ШӘКӘРІМНІҢ ҮШ АНЫҒЫ

Шәкәрімнің әлем, адам, жаратылыс жайындағы философиялық ой-толғамдары оның «Үш анық» атты философиялық трактатында жүйеленген. Шәкәрім Сәбит Мұқановқа жазған хатында «қырықтан соңғы ойым философия жағына салынып» деген пікірлер айтады. Сондағы философиясы осы «Үш анық» турасында болып отыр. Шәкәрім қырықтан асқан соң отыз жылдай «Үш анықты» жазуға көптеген ізденістер жасап, өмірінің соңында «отыз жылдай жиғаным»- деп өзінің тапқан, анық деп таныған «Үш анығын» жүйелейді.

Қырықтан аса бергенде,  
Ақылым қылды шерменде:  
«Дінім қалай, жаным не,  
Жоғалам ба өлгенде?  
Әлемді кім жаратқан,  
Осынша түрлеп, таратқан?  
Көрінген сансыз планет,  
Бірінен-бірін бөлген бе?  
Ақырет деген немене,  
Шыққан жан қайта келе ме,  
Кіреме осы денеге,

Дәлелі қайсы сенгенде»-деп «Үш анықтағы» өз ізденісінің негізі болған сұрақтар жайында осылай ой түйеді [1]. Жоғарыда біз айтып өткен *келдім қайдан, барам қайда, не етсем пайдам* деген сұрақтарды осылайша Шәкәрім «Үш анық» трактатында жан-жақты зерттеуге тырысады. Бұл сұрақтарға жауап іздеу барысында адамзат тарихында, рухани ілімдер саласында екі жолдың қалыптасып келгендігі туралы пікірден өзінің «Үш анық» трактатын бастайды. Шәкәрім бұл зерттеуінде өзінің жоғарыда айтып өткен «сау ақыл» қағидасын ұстанады. «Үш анықта» Шәкәрім дүниенің жаратылысы, өсіп өркендеп жетілу жолы туралы екі жол, бірі дүние өз бетімен жаратылып жатыр, оны жаратқан

белгілі бір ие жоқ деген затшылдық ғылым жолы мен бұл сұрақты шешуде пайғамбарлар үйреткен дін жолының бар екендігін айтады. Енді осының қайсысының анық екендігін «сау ақылмен» табу керек деп ойшыл өз мақсатын айқын көрсетеді.

«Ноктасыз оймен тексердім,  
Бояулы діннен сескендім.  
Дін шатағын көп көрдім,  
Қатесін сынап тергенде.  
Іздедім, таптым анығын  
Тастадым ескі танығын.  
Хақиқат нұрдың жарығын  
Жарылды жүрек көргенде»-деп «Үш

анықта» өзінің негізгі мақсатына жеткендігін де айтып өтеді [1,339].

Шәкәрім қандай анықтарды тапты, «Үш анық» дегеніміз не? Енді соған тоқталайық. Жоғарыда өзі қойған әлемнің жаратылуы туралы, ақирет, жанның өлгеннен соңғы өмірі туралы сұрақтардың айналасында ізденіс жасаған Шәкәрім қандай шешімдерге келгенін түсіндіріп көрейік. Шәкәрім «Үш анықта», «Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі, дене өлсе де жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке тіпті ұқсамайтын, бір түрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақырет-өлгеннен соңғы өмір жолы дейді. Енді бірі, бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді. Менің ойымша осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу - ақылы сау адамға қатты міндет. Неге десең адамды түпкілікті бақытқа жеткізбек болсақ, біліп жаратушы ие бар, өлген соң да бір түрлі өмір бар

деген жолдың шын, өтірігін білуіміз керек»- деп аталмыш тарактатын жазуының негізгі мақсатын көрсетеді [2].

Бұны тексеру үшін әртүрлі діндер жайынан, ғылым жайынан, білімділердің сол туралы айтқан сөздерінен хабардар болу керек деп түсінген ойшыл сонау грек философиясынан бастау алып, Еуропада қайта өрлеу мен жаңа заман жаратылыстану ғылымдарына негіз болған идеялардың барлығымен таныс болған. Бұл жолдағы атомдар туралы, жалпы дүниенің субъстанциясы (алғашқы бастамасы) жайындағы пікірлердің шығу тарихы мен даму тарихы жайындағы ғылым тарихын да Шәкәрім жақсы игергендігін өз тарактатында байқатады. Шәкәрім бұл сұрақтарға байланысты рухани және жаратылыстанымдық ғылымдардың өз заманына дейінгі тарихын біраз межелеген. Ешкімнің пікіріне ақылын құл қылмай, ақыл таразысын тең ұстап, сау ақылмен ізденген. *«Және қатты керек бір шарты - өзінің тұтқан діні, оқыған ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп наньп қалған сөзіне біржолға байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері Һәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноқтасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек. Әйтпесе, адам әдет, құмар нанымнан шыға алмай, арқандаулы ат сияқты болады»* [2,20] - деп Шәкәрім бұл жолдардың анықтығын тексеруде, ғылымда сау ақылдың жетекшілік етуі қажет екендігін баса ескертіп өтеді де, өзі де сол қағиданы ұстануға тырысады. Бұны анығына жетуде ең қажет ұстаным деп таныған.

Шәкәрім «Үш анықта» жаратылыстанымдық қағидалар мен дін жолындағы көптеген әдебиеттерді межелеген. Ондағы жинаған білімін қорытындылап, оларды «Үш анықта» талқыға салып, салмақты идеялар ұсынған еді. Шәкәрімнің өз тарактатында қандай қортындыға келгендігін, оның көз жеткізген *үш анығын* талдап көрейік.

Ойшылдың ойынша барлық табиғат құбылыстары, дүниенің даму заңдылықтары, белгілі бір тәртіппен іске асады және бір жүйелілікте. Табиғаттың кез-келген құбылысын алыңыз, оған көз жеткізесіз. Әлемнің бірде-бір артық, не кем жаратылған жері жоқ. Бәрі мақсаттылықта, өз орнымен дамып жетілуде. Осы тұрғыдан алғанда әлем зор мәшине тәрізді. Оның әрбір бөлшегінің қызметі бар, себептілік арқылы қозғалысқа түсіп, белгілі анықталған сабақтастықта іске асып жатыр.

«Себепке,  
Кезекке  
Тамам жан көнбек.  
Әлсіз бен күш тағы себептен,  
Кім құтылар кезектен?  
Жақсылық,  
Жамандық,  
Бәрің себеп билеп алған зат.

«Мен білдім,  
Іс қылдым

Өзім билеп», дегеніміз, тіпті ұят!»-дейді Шәкәрім[1,215]. Әр нәрсенің себебі бар, сол себептің де бір себебі бар, ең соңғы себеп түпкі бастама деп таныған ойшыл;

«Жаралыс басы қозғалыс,  
Қозғауға керек қолғабыс.  
Жан де мейлі бір мән де,  
Сол қуатпен бол таныс.

Әлемді сол мән жаратқан»- деп түпкі бастама *жаратушының* әлемнің пайда болуының ең негізгі себебі екендігін айқын көрсеткен [1,230]. Осыдан келіп ойшыл, бұдан түп жаратушының шеберлігін көреміз дейді. Сондықтан дүниенің ешқандай кездейсоқсыз белгілі бір заңдылықта дамуының негізінде құдайдың, жаратушының жаратқандығы Шәкәрім үшін ол - **бірінші анық**. Бұл жайында Шәкәрім «Үш анықта», *«барлықтың түп себебі жаратушының білім, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ. Дәлелдерім: ғылым жолында бұл барлықтың еш нәрсесі өздігінен бар бола алмайды да, қозғала алмайды. Бұған себеп керек. Егер ол себепке де бір себеп керек болып, себептің түбі жоқ болады делінсе, ең түбі себепсіз, бар себеп болмаса болмайды. Сол себепсіз бар болу себеп жаратушы болады. Егер сол себепсіз бар болған атом, нұр сияқтылар делінсе, олар себепсіз бар болған нәрсе емес, дәлелім - оларда қозғалыс бар, қозғалуда, жүрісінің өлшеуі бар. Өлшеулі нәрсе өзі бар болған, егер қозғалыс притяжение, отрицание өзіне тарту, әрі итеру заңымен делінсе, ол қозғалысқа да себеп керек. Ол заңды салушы керек... Сондықтан олардың түп себебі себепсіз бар себеп, түп жаратушы»*- деп ойын ашық білдірген [2,36-37]. Түпкі жаратушыда себеп жоқ, бірақ ол барлық себептердің себебі. Ол - жаратылмаған. Ол - түпкі негіз.

Шәкәрім дүниенің негізіндегі бастапқы заңдылықтарды, үйлесімділікті тану, білу адам үшін негізгі міндет деп санайды. *«Ол түп себептің білім құдірет шеберлігінде өлшеу жоқтығы мынадан анықталады. Барлықтың не нәрсесіне қарасаңыз да мақсұтсыз, керексіз жаралған емес. Бәрін айтпай-ақ өз көзіңізде ойлаңыз: құлақ, мұрын, ауыз сияқты мүшеңіз мақсұтпен жаралғанын көресіз. Ғылым жолымен өсімдік ағаштардың тамыры, өзегі, қабығы, жапырағы, гүлі сияқтылардың бір де бірі бұл мақсұтсыз деп айта алмайсыз. Бұлар нені көрсетеді? Түп себептің бүйтіп салған жолына қарағанда, оның білім, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқтығын анықтайды. Егер осының бәрін істеп шығарып тұрған түк сезбейтін соқыр табиғат болса, онан мұндай мақсұт, білім, ерік, гармония тартып жарасым таңдау, жоғарылау шыға алмайды»*- дейді Шәкәрім «Үш анықта» [2,37].

Бұл заңдылықтар мен үйлесімділіктердің негізінде, Шәкәрімнің ойынша жаратушы жатыр. Осыдан

келіп ол XIX-XX ғасырларда дүниенің түпкі бастамасы туралы сұрақта адамзат баласының санасына үстемдік еткен Дарвин ілімін сынға алады. Адам маймылдан жаратылды деп, дүниенің бастамасын меңіреу табиғатқа апарып телитін Дарвиннің ілімін Шәкәрім қабыл алған жоқ. Осы жерде бір назар аударарлық жағдай Шәкәрімнің Дарвиннің ілімін терең зерттегендігі. Ол Дарвиннің көзқарастарының бастауының қайдан шыққандығы туралы бұрын соңды көп айтылып келмеген ойға барады. Шәкәрімнің ойынша Дарвин ешқандай жаңалықтың иесі емес, ол көне грек ойшылы Маиен деген адамның «таяғын ұстап жүр». Яғни, Дарвинизмнің бастауы сонау көне грек ойшылдарында жатқандығын ғылыми тұрғыдан зерттеп білу Шәкәрімнің қаншалықты терең ізденгендігін аңғартса керек. Шәкәрім Дарвиннің эволюциялық теориясын сынай келе, *«Егер Дарвин мен Маиеннің сөзі дұрыс болса, ол өсімдіктер де бірінен-бірі туып өзгерген болып табылады. Меніңше, жылқы мен есектен қашыр туса да, екі жылқыдан қашыр тумайды. Бұл сөзімнің қорытындысы тамам барлықтың ата-анасы бір екені рас. Сонан туып өзгеріп жатқаны да рас. Бірақ ұқсасы, бәрі бірінен-бірі туып өзгергені жоқ. Жаратылған себептердің ыңғайына қарай біріне-бірі ұқсас, не ұқсаңқырап, не тіпті ұқсамай жаралып жатыр. Бұл сөзді маймылдан туғанға арланып айтып отырғаным жоқ, қайта жаманнан жақсы туғанға қуанатын орным бар. Бұл кезде бүкіл Еуропа мойындап отырған сияқты Дарвин сөзіне қарсы дау айтқаным а орысша ғылым оқыған жастар тексермей, үстірт қарап, мені сөгуі мүмкін. Оларға айтатыным: Дарвиннің нәсіл туралы, сайлап жоғарылау туралы айтқан сөздеріне сын жазған Германия ғалымы Дидвар Догртманның дарвинизм туралы жазған кітабын оқып, Дарвин мен Дидварды салыстырып салмақтап, сонан соң мені сөгулерің қашпас деймін»*- деп өзінің дарвинизмге қатысты әдебиеттерді меңгеріп олардан дәйек тапқанын да тілгі тиек етеді [2,42-43]. Шәкәрім дарвинизм және оған қатысты сыни әдебиеттерді де салмақтағандығын айқын аңғартады.

Үш анықтағы қай қорытындысы болса да Еуропа ғалымдарының таласты сөздерімен қатысты екендігін Шәкәрім өз трактатында айта кетуді ұмытпаған.

Дүниенің себептілік заңына аса назар аударған ойшыл «Үш анықта» машиненің жасаған нәрселерін айтып, оған себеп болған адамның қолы екендігін, адамның қолын машинеге жүргізген оның ақылы екендігін, ал ақылдың себебі жаратушы екендігін айта келе, өзінің себептілік туралы идеясын осындай мысалдармен сабақтайды. Шәкәрім жаратылыстану ғылымдарындағы заттардың қатты, сұйық және газдар деп үш түрлі күйі жайындағы қағидалармен таныс болып, ол турасында мысал келтіріп, «Үш анықтың» жану мен шіру деген бөлімінде осы көзқарасқа баса назар аударып, дүниедегі бар заттар ешқашан жоғалмайды, тек түрін өзгертіп барлықтың ішінде бар болып жүреді дейді. Бұл әлемнің

зат алмасуының заңдылығы турасында;  
 «Шымды жерде көресіз қара топырақ  
 Шіріген шөп, тозаңнан болған құрақ.  
 Егер оған дым тиіп, күн жылытса,  
 Жан кіріп, шөп шығады гүл-жапырақ.  
 Өлген шөптің күле еді тозаң тозаң  
 Онан тағы не шықты, байқа бірақ.  
 Әлемде жоғалатын ешбір зат жоқ,  
 Өзгеріп, түрленеді, ойла шырақ»[1,200]-деп ой түйген.

Барлық заттар Шәкәрімнің ойынша осы қайта айналыс жолымен түр ауыстырып, бір күйден екінші күйге өтеді. Яғни, ойшылдың тілімен айтсақ «барлықтың ішінде бар болып жүреді». Жоғалатын зат жоқ дейді. Жану мен шірудің мақсаты бір. Екеуі де заттардың құрауын шешеді. Бірақ жануда бұл тезірек іске асады дейді Шәкәрім. Шәкәрімнің «Үш анықтағы» көтерген мәселелері оның өлеңдерінде де жауап ретінде айтылып отырады. «Үш анықтың» қара сөзбен жазылса, Шәкәрім жырлары оның өлеңмен жазылған нұсқасы сияқты ма деп кейде ойға қаласын. Ол «Үш анықтағы» көзқарастарын үнемі өлеңмен де жазып қалдырған ғой.

«Ей жастар, қалай дейсің бұл дүние?  
 Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе?  
 Білімсіз мақсұтсыздан шыққан болса,  
 Мақсұт, білім, ой шықты мұнан неге?  
 Керексіз жаратылған бір тозаңы жоқ,  
 Тәртіпті, таң қаларлық зор мәшине.  
 Алыстан іздемей-ақ, ойласаңыз,  
 Көру үшін жаралған көзіңіз де.  
 Себебі, толымдының ісі толық  
 Ең түпкі жаратушы - мінсіз ие.  
 Күш, білім, шеберлікті іс білгізер,  
 Есті, мінсіз - шебердің ісі емес пе?»[1,201].

Міне, осылайша түпкі жаратушыны анық деп Шәкәрім оған ғылым арқылы, сау ақылмен көз жеткізген. *«Біз естінің ақылын, күштінің қуатын, ұстаның шеберлігін ісінен танимыз. Менің ойымша, бүтін барлықтың бәрі бізді осындай болмақ салған түп жаратушының білім, құдірет шеберлігінде»*- дейді Шәкәрім[2,37]. Осылайша түпкі жаратушыны анық деп таныған Шәкәрімнің тапқан анықтары бұнымен шектелмейді.

«Үш анықтағы» Шәкәрім көтерген ең басты келесі сұрақтардың бірі ол жан туралы. Жан өледі ме, денеден шыққаннан кейін жан әрі қарай өмір сүреді ме деген мәселе Шәкәрімнің шығармашылығындағы ең көп айтылатын, тіпті оның дүниетанымын құрайтын түсініктердің бірі болып саналады. Шәкәрім жан туралы өте көп айтқан. Шәкәрімнің «Үш анықтағы» екінші анық деп отырғаны осы жанмен байланысты. Жанның ажалсыздығы, оның дене деп аталатын киімін тастаған соң да өмір сүретіндігі, мәңгілігі Шәкәрім көрсеткен анықтардың бірі болып саналды.

Шәкәрімнің ойынша адамның барлық рухани қасиеттері жаннан шығады. Сондықтан адамның жаны

өледі ме, жоқ па соны анықтау «Үш анықтағы» басты мәселе. Барлық заттардың «қайта айналыс жолымен» «барлықтың ішінде бар болып жүретіндігі» тәрізді Шәкәрім жанның да өлетіндігіне еш дәлел жоқ дейді. Бұған байланысты ойшыл «Үш анықта» төмендегідей ой білдіреді: *«Жан менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құрғана өзгертін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді. Мен бұл араға шейін жанның бірінен-бірі артылатын қасиеттерін бөліп анықтап айтпай, бәрін де жан деп келдім. Жан әр түрге түседі. Мәселен, инстинкт-сезімді жан, сознание-аңғарлық жан, мысль - ойлайтын жан, ум - ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады. Бұлай әр түрлі болуы, менің ойымша, дене бітіміне, себептеріне қарай болады. Дене әр түрге түскен сияқты жан да өсіп, өніп, жоғарылайды»*[2,39]. Осылайша Шәкәрім жанның әр түрлі болатындығына да тоқталған.

Жанның ажалсыздығы бұл Шәкәрімге дейін басқа ежелгі мәдениеттерден талай айтылып келгендігін біз білеміз. Шәкәрім жанның ажалсыздығы туралы ой қозғағанда ол ежелгі мәдениеттер мен діндердегі пікірлерге сүйенбейді, оны дәлел ретінде алға тартпайды, олардың онсызда белгілі және баршаға аян екенін жақсы түсінген тәрізді. Шәкәрім жанның ажалсыздығы туралы мәселеде XIX ғасыр, Еуропадағы спиритизм, магнетизм, телепатия ілімдерінің көзқарасын алға тартып, бұл мәселеде жаңа дерек көздерін іздегенін байқатады. Яғни, бұл мәселеге өз заманы тұрғысынан қарайды. *«Жан жоқ деушілерге қарсы дәлел қылынып тұрған магнетизм, спиритизм, телепатия, фахризм, лунатизм, түс сияқтыны көбірек жаздым. Оны көп жазғаным қызықты ертегі айту емес, әр түрінен біреуін көрсетпекпін»*-деп Шәкәрім «Үш анықта» ол жайында да айтып өткен [2,39]. Сонымен, жанның мәңгілік өмірі жайындағы идеялар Шәкәрімді айтарлықтай дәрежеде өте қатты қызықтырған.

«Келдім қайдан, нетсем пайдам?

Өлгеннен соң не болам?

Мен деген жан-ақыл, айнама,

Жоғалам ма сол шын-ақ?»-деп Шәкәрім бұл сұрақтардың айналасында өмір бойы ізденіс жасаған.

Шәкәрім ойының өзіне дейінгі жан туралы көзқарастардан ерекшеленген тұсы ол жанның бір денеден екінші денеге көшіп жүретіндігін қабыл алмауы болды. Бұл жайында ол *«Жан туралы тағы бір ой бар. Ол су суга, топырақ топыраққа қосылып кеткендей жан-жануарларға қосылып, араласып, әбден былжыр сияқтанған соң ол жан өзге жандардан қайтып айырылып шыға алады дегенмен мұны саяз ойлағандық деймін. Себебі жанның бар екеніне жаннан шыққан ерік, талап, ой, мақсат, сезім, білім арқылы көзіміз жетсе де. Оның денелерге қосылып*

*кетуіне ешбір дәлелім жоқ»*-деп жазды[2,40]. Шәкәрімнің ойынша жан дене тәрізді бір бұзылып, бір түзелмей, бірте-бірте жоғарылап, келесі айналыста мұнан да зор қасиетке ие болады.

XX ғасыр басында Шәкәрімнің бұл сұрақтарды ғылыми тұрғыдан көтеруі ерекше құбылыс болды дер едік. XX ғасыр батыс ғылымы мен өркениетінің затшылдық ғылым жолында шарықтап дамып, шырқау шегіне жеткен кезеңінде, қазақ ойшылы Шәкәрімнің жан туралы сұрақты ең негізгі философиялық мәселе деңгейіне көтеруінде мән бар. Өйткені батыс ғылымы дүниенің болмысы жайында онтологиялық пікірлерде көбінесе Дарвинизмге сүйеніп, біржақтылық танытқан еді. Біз де кешегі кеңес дәуірінде ата бабамыз, шыққан тегіміз маймыл деп сол ілімдерге санамызды құл қылып келмедік пе. Бұл әлі де бар құбылыс. Дүниені затшылдық тұрғыдан түсіндіру руханилықтың тұралап қалуына жол ашқанын енді айқын байқап отырған жайымыз бар. Шәкәрім «Еуропаны білімді жұрт, бірақ айуандықтан шыққан жоқ ол да мүлде» - деп тектен-тек сынға алмаған ғой. Айуандықтың негізгі көрінісі XX ғасыр әлем халықтарының, әсіресе Еуропа халықтарында, қоғамдық қатынастардың қозғаушы күші, рухани емес материалдық құндылықтар болуында жатыр емес пе. Тіптен әлі күнге дейін әлем халықтарын жаһандастыруға, белгілі бір іс-қимылға баруға итермелейтін күш, осы материалдық құндылықтар болып отыр. XX ғасырда да әлемде болған қанқұйлы соғыстардың түп негізінде материалдық байлық жатқан болатын. Жанын ойламай, тәнін ойлаудан шыққан қақтығыстар, зұлымдықтар қаншама адамдардың өміріне бақытсыздық, қауіп-қатер әкелді. Жанды кім ойлайды? Жан үшін қажет қоғамды кім құрады? Бұл туралы ойланғанда Шәкәрімнің сол қауіпті ертерек аңғарғандығына көз жеткіземіз.

Мысалы, көне грек мәдениетінде тәрбиенің екі түрі бар екенін Платон өзінің Мемлекет шығармасында тілге тиек етеді. Оның бірі-гимнастикалық, екіншісі-мусикалық болған. Гимнастика бұл тәнге арналған тәрбие, ал мусика бұл жанды тәрбиелеу. Немесе қазақ халқының бесік жыры, балаға ертегі айту дәстүрінің адамның жас күнінен жанын тәрбиелеуге бағытталғандығын көреміз. Ал өркениетті қоғамда бұл іске асып отыр ма? Мәселе сонда болып тұр. Сондықтан, Шәкәрімнің XX ғасыр басында жан мәселесін аса маңызды мәселе ретінде көтеруі, айтулы маңызға ие емес пе?

Жоғарыда айтқан жан мәселесіне затшылдық тұрғыдан қарауды Шәкәрім дұрыс деп танымаған. Оларды Шәкәрім пәншілдер дейді.

«Қасыңа қылыш қайтарқан,  
Досыңа гүлдей жайнатқан,  
Ерік пен талап, ой беріп,  
Ойынды сөзбен сайратқан  
Жан емес дейді "білгіштер".  
Осыған нанған есерлер,



Ойы кем, сөзге шешендер,  
Ақылмен жанды тексермей,  
Денешіл, пәншіл кеселдер  
Дәлелсіз сөзбен ілгіштер»[1,226].

Жан бұл адамға ғана тән емес ол дүниедегі барлық заттарға тән. Оларды жаратып тұрған жан дейді Шәкәрім. Оның ойынша «Жел мен су, тас, топырақ, шөп пен ағаш, ғаламда не бар болса бәрі жанды»[15,98]. Бірақ осы дүниедегілердің бәрінің жаны бірдей емес. Олар әртүрлі. Жанның қуаттысы, әлсізі бар, ең күшті жан адамда. Жан туралы сұрақтың затшылдық ғылымда ескерусіз қалуын дүниеге дене көзімен қараудан деп білді Шәкәрім.

«Жан жолдан қосылды деп, пән де дін де,  
Ақылды байлап қойған соған мүлде.  
Ең басты зат жаны бар ақылды зат,  
Оны ойлаған адам жоқ осы күнде.  
Бар нәрсе жоғалмайды, өзгереді,  
Жан жоғалмас деп ойла, соны біл де.  
Жан тән жасар, тән жанды жарата алмас,  
Терең ойлап, сөзімді құлаққа іл де»[1,139].

Бұнда Шәкәрім жанның жоғалмастығын, жанның тәнге ие екендігін, тәннің алдында жанның басымдылығын айтып, өз ұстанымын анық аңғартып отыр емес пе.

«Жан - қожа, тән дегенің - жаның құлы,  
Нәпсі неге білмеген бұрын мұны.  
Ойлашы жан тапты ма, тән тапты ма  
Жоғарғы кереметті неше қилы?  
Тән-терезе, қарайтын жан - иессі,  
Жаннан шығар ақыл мен ойдың шыны.  
«Жолдан шыққан жан жолда жоғалар»-деп,  
Сандырақтап айтқанмен, жоқ дәлелі,  
Дәлелсіз сөз - соққан жел, ұшқан тозаң,  
Таза ақылдың алдында жоқ қой құны»[1,139].

Жан жоқ деушілерге қаратып айтқан Шәкәрім сөзі осындай. Дәлелінді айт деп отыр. Шәкәрім пәндер жүйесіндегі жанды зерттейтін ғылым психологияны да бұл мәселеде сынға алып өткен.

«Тіршілік - жоғалатын жан сипаты,  
Жаным жоқ деп болады масқара адам.  
Жалам емес, жазыпты пән деп мұны,  
Не демес ойы жетпей сасқан адам.  
Жанының бастан барын байқамапты,  
Психология ғылымын ашқан адам»[1,138-139].

Жанды дене түйсіктері арқылы зерттеуге тырысқан психология ғылымының әдісін Шәкәрім дәрменсіз деп таныған. Бірақ психологияның қазіргі парапсихология деген тармағына бұл пікірдің қатысы жоқ дер едік. Жан мәселесі туралы сұрақта Шәкәрім француз ойшылы Огюст Конттің позитивизмін де сынға алады. Себебі Конт адамның жан дүниесі туралы сұрақты сырып қойып затшылдық жолындағы жаратылыстану ғылымын асыра дәріптеген болатын. Шынымен Еуропадағы позитивизм затшылдық ғылымға сүйеніп, олардың танымдық ізденісі адамды

тануға емес, табиғатты тануға бағытталған еді.

«...Ойменен тапқан бұлдыр деп,  
Дене мен пәнге байлаған  
Баяғы Конттың сөзі еді.  
Жаңаны көрсе жүгірген,  
Ақылдан мүлде түнілген,  
Осыдан дұрыс жол жоқ деп,  
Бұл уды судай сімірген

Дененің соқыр көзі еді»- деп, Шәкәрім Конттың ілімінің сынаржақтығын сынға алады. Ондағы басты ой жан туралы ойламаған затшылдық ғылымның алға шығуын сынға алу болатын. Шәкәрімнің позитивизмге сыни көзқарастары туралы мәселеге келесі бөлімдерде арнайы тоқталатын боламыз.

Сонымен, Шәкәрімнің ойынша жан өлмейді, ол да тән тәрізді өзіне азық қажет етеді. Жан тәннің қожайыны, тән өлсе шіріп басқа түрге ауысады, ал жанның заты ғарыштан. Жанның ажалсыздығы, аса маңыздылығы Шәкәрім көрсеткен **екінші - анық**.

Дүниенің түпкі мақсаттылығы, ондағы жанның жаратылысы туралы біршама қорытындыға келген Шәкәрім үшін адам туралы ендігі айтылар ой өзі анықталған тәрізді. Дүние мақсатсыз емес, өмір мен тіршілік те мақсатсыз емес, барлығының барар жері, мақсатты шешімі бар. Бұндай тұжырымдарға жоғарыдағы анықтар арқылы көз жеткізген Шәкәрім үшін жан өте нәзік ұғым. Ол барлық тіршілік атаулының көзі. Ол дененің иессі. Денені жаратушы осы - жан. Жан денені жасайды, денеден кетеді. Жанның пәни кеңістігі мен бақилық уақытты жалғастыратындығын алдыңғы бөлімдерде айтып өткенбіз. Осы екі жақта да жанға керек азық Шәкәрімнің ойынша ол-ұждан. Ұжданның неге екі дүние де қатысы бар деген сұраққа жауапты Шәкәрімнің өзінен іздеп көрсек, «Мен ұждан қайдан шығып тұр десем оған жауап жоқ сияқты. Меніңше, совесті - жанның тілегі. Неге десеңіз, жан жоғалмайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, толық мінез, ой істер керек қылады. Соның қатты бір керегі совесті-ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Себебі, егер бұл өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады. Мәселен, атым қалсын, пәленше мені сондай кісі деп халық мені жақсы көрсін деген болады. Онан басқа жоруы жоқ. Себебі, ол совестің иесі жан жоқ, артқы өмір жоқ деп отырса, соқыр табиғаттың жансыз жаратқан бір машинасы совестімен іс қылды не, қылмады не?»-деп жазды [2,41].

Шәкәрім ұжданды үш қасиет құрайды деп санаған. Ол - әділет, мейірім, ынсап. Шәкәрім жан туралы өзінің ізденісінің анығына көз жеткізгеннен кейін жанға екі дүниеге де керек азық ұждан деген байламға келген. Бұл «Үш анықтағы» қорытынды ой. Шәкәрімнің үшінші анығының да шешуі осы - **ұждан** деген дұрыс. Шәкәрімнің ұсынған жүйелі идеясы - үш анық арқылы оның ар білімі турасындағы көзқарастары қалыптасты. Ар білімінің қажеттілігін, маңызын түсіну үшін осы үш

анықтың бір-бірімен байланысты екендігіне көз жеткізіп, оны терең ұғынып алған жөн. Ар білімі туралы идея Шәкәрімнің үш анықты жүйелеу арқылы қол жеткізген адам туралы қортқан тоқтамы деу керек. Үш анық имани білімге, ар біліміне жол ашады. Ар білімі, имани білім, илләхи махаббатқа апаратын жол іспетті. Ол - тіршілікте таза болу, адам баласына қылдай қиянат жасамай, баратын шын үйдің қамын ойлау.

«Жаныңа қызық жалғанда,  
Неменен қалды арманда.  
Бұл жалғанда не серік,  
Тәңірі алдына барғанда»

немесе

«Несін сүй, несін сүйме ерік өзінде,  
Нәпсің де ақылың да тұр көзінде.  
Сынау үшін жаратқан бір Иен бар,

Тексерілмей қалмайсың бір кезінде» - деп Шәкәрім бабамыз Тәңір алдындағы дұрыс жол ар-ұждан деп ашық айтқан. *«Ұждан-совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай болса нанбай ұждан-совесть құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек»*-деп ұждан жайындағы ойын Шәкәрім осылайша түйіндейді [2,43]. Шәкәрімнің ар біліміне байланысты жүйелі көзқарастарының бірі *«өлген жан өміріне нана алмай ұждан, жанға екі өміргеде бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды»*-деген ойында жатыр. Шынымен де адамның жүрегін тазартуда кез-келген ғылым саласының, өнердің, заңның дәрменсіздігін ойласақ, оған қол жеткізуде Шәкәрім көрсеткен ар білімінің қаншалықты маңызды екендігін аңғарар едік. Сондықтан да **ұждан** Шәкәрім үшін ғылымнан да, өнерден де, білімнен де жоғары тұратын, адамшылыққа тән бірден-бір болмыстық қасиет, **үшінші анық** болып саналады.

«Сыртқы сөзің шын болса,  
Ішің толған жың болса.  
Жүрегінде мін болса.  
Айтқан сөзің ем емес.  
Жүрегі таза адамдар,  
Зұлымдықтан амандар,  
Қиянатсыз надандар,  
Әулиеден кем емес»- дейді данышпан Шәкәрім.

Ұждансыз адам басқа қасиеттердің барлығын зұлымдыққа пайдалануы мүмкін. Ұждан тек адамдарға бұл тіршілік кеңістігінде ғана қажет емес, адам ұжданға сай өмір сүру арқылы бақидың алдында да өзінің таза болмысын ақтап ала алады. Шәкәрімнің ұжданды екі дүниеге бірдей қажет азық дейтіндігі осыдан.

«...Есің барда елің тап,  
Барғанда кірер жерің тап.  
Жаратқанның құлысың,  
Жағатұғын ебін тап.

...Жалаңдамай сөне қал,  
Алла ісіне көне қал.  
Бәрінің дәмін таттың ғой,  
У ішкендей өле қал!»[1,84].

Адамға ең пайдалы іс - дүниеге салқынқандылық таныту. Олай болмаса нәпсінің қызуы жанды күйдіріп, одан шығу қиын болмақ. У ішкендей өле қалдың мәні осында жатса керек. Шәкәрім дүниеге деген құмарлығыңды сөндіріп, баратын жағыңды ойла, жаратқан иене жағатұғын ебін тап, ол үшін ардың жолында бол деп отыр.

«...Жоқ, шырағым! Жанымыз жоғалмайды,  
Екі өмірдің азығы - осы ұждан!  
Әйтпесе оған бұл өмір төлеу емес,  
Төлеуі: түпсіз рахат, тозбас заман.  
Ар, ынсаптың пайдасын жан сезеді,  
Өлген соң бәйге аларын біліп тұрған.  
Ақ жүрек, адал ниетті бола алмайды,  
Ұжданның бұл сырына шын нанбаған»[1,203].

Адамшылықтың ең басты белгісі ретінде ұжданды атаған Шәкәрім ұжданға осылай баға берген. Алдыңғы жақты ойлау адамға өз жаны үшін керек. Әйтпесе дін үшін немесе өзінді әдепті көрсету үшін емес. Ұжданның мақсаты шын, жарқын болашақты қамтиды. Шәкәрімнің ар білімінің мақсаты ішкі тазалыққа жету арқылы хақтықты тануға жол ашу. Үш анықты зерделеу арқылы біз осындай ойларға көз жеткіздік. Үш анық дегеніміз осы болса керек. Шәкәрім өзі көтерген сұрақтарды зерделеуде ғылымның зор қиын жолынан өту қажеттігін аңғарта отырып, «кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық»- дей келе **«әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар. Жан екі өмірде де азығы-ұждан, совесть деумен еш кемдік көрмейді. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі, үш анық дегенім осы»**-деп «Үш анық» трактатын қорытындылайды[2,44]. Шәкәрім үш аныққа аз уақыттың ішінде қол жеткізбеген. «Үш анық» оның ғұмыр бойғы ізденісінің, қасықпен жылым ашыған еңбегінің, сау ақылының қол жеткізген дүниетанымдық көкжиегі дер едік. Жоғары да біз атап көрсеткендей Шәкәрімнің өзі де жаратушы бар, жанда өлген соң бір түрлі тіршілік бар, екі өмірдің керекті азығы осы ұждан, үш анық дегенім осы деп ой қорытып отыр. Бұл біздің жоғарыда үш анық деп атап көрсеткен анықтарға нақты дәйек боларлық түйіндер емес пе. Шәкәрімнің «Үш анықта» айтар ойы осы. Бұл қазақ философиясындағы Шәкәрім қалыптастырған концептуалды идея дер едік.

#### Әдебиеттер:

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары /Өлеңдер, дастандар, кара сөздер/. Алматы, 1988. - 339 б.
2. Ш. Құдайбердіұлы. Үш анық. // Әлем альманах. Алматы, 1991. -19 б.

## ШӘКӘРІМ СЫНАҒАН «ЗАТШЫЛДЫҚ ҒЫЛЫМ» ҚАНДАЙ ҒЫЛЫМ

Затшылдық ғылым деген не? Затшылдық ғылымға қандай ғылымды жатқызамыз? Міне, бұл сұрақтар Шәкәрім шығармаларымен кеңірек танысқан адамның алдынан шығатын заңды сұрақтар. Себебі Шәкәрім затшылдық деп, оған аса мән бере, әрі сақтықпен қараған. Айта кету керек Шәкәрім затшылдық ғылымның қағидаларын дұрыс деп танымаған, оны керісінше сынға алған. Ойшылдың затшылдық ғылым жайындағы пікірлері негізінен оның «Үш анық» философиялық тарақатында жүйеленеді.

Біз «Үш анықтағы» затшылдық ғылым ұстанымдары турасындағы Шәкәрімнің көзқарастарына тоқталмас бұрын оның затшылдық ғылымды өз өлеңдерінде «пән» деп атағандығына оқырман назарын аударма кеткенді жөн көріп отырмыз. Шәкәрім осы «пән» ұғымы арқылы затшылдық ғылым турасындағы өз көзқарастарын білдіріп отырады. «Пән» ұғымы Шәкәрім шығармашылығында, әсіресе өлеңдерінде өте жиі кездесетін ұғымдардың бірі. Пәнге байланысты ойшыл келесідей ойлар айтқан: *«Пәнші мен дінші тыңдамас, жиреніп мұны ұнамас. Өйткені олар бір езу, әдетін тастап шыдамас», «Пән мен дін деп қор болар, ойында өзі зор болар. Ноқтадан басын ала алмас, жетекшіі айуан сол болар»*[1]. Күн аязда терезеге деп басталатын өлеңінде *«Шала дін мен қате пәннің, соңына ерме шыңға ер» десе, «Қасыңа қылыш қайтарқан»*- деп басталатын өлеңінде *«Ойы кем, сөзге шешендер. Денешіл, пәншіл кеселдер»*-дейді. Осы өлеңінде Шәкәрім тағы да *«Пән айтты зой деп сенбе»*-деген ойларға барады [1,180]. *«Жан жолдан қосылды деп пән де, дін де, ақылды байлап қойған соған мүлде»*-деп олардың адасқанын айтса, ал «Тура жолда қайғы тұрмас» атты өлеңінде Шәкәрім *«Шынды таптым, қайғы басты. Шын сырымды айтайын. Дін де, пән де қатты адасты, дау сабасты барқырап»*-деп пәнді тағы бір түйреп өтеді [2].

Міне, осы тәрізді «пәнге» байланысты Шәкәрімнің ойларын тізбектей берсек толып жатыр.

«Адасып діншіл азғанын,

Пәншілдер ғылым қазғанын,

Философ ойшыл жазғанын,

Сынауға енді бұрдым бас»-деп Шәкәрім өзі айтып өткендей осы пәншілерге үнемі сыни көзқараспен қараған[1,67]. Шәкәрім философтардың ішінде де пәншілер бар екенін айтып отыр.

Жоғарыда біз пән мен затшылдық ғылым екеуі үндес деп айтып өттік. Осы пән жайындағы Шәкәрімнің негізгі ойын түсіну үшін затшылдық ғылым тарихы және оның негізгі қағидалары туралы мәселеге назар аударған жөн деп ойлаймыз. Затшылдық ғылым дүниенің түпкі бастамасы туралы сұрақтың айналасында адамзат баласының жасаған ізденісінің нәтижесінде пайда

болып, дамып келеді. Бұл турасында Шәкәрім «Үш анық» трактатында түпкі жаратушыны іздеуде екі жолдың бар екендігін айтып өткенін үш анық туралы жазғанда айтқан болатынбыз. Олардың бірі түп жаратушы бар деген пайғамбарлар болса, екіншісі түпкі жаратушы жоқ, әлем өз бетінен жаралып, дамып жатыр, оны былай қылайын деген ие жоқ деп түсіндіретін затшылдық ғылым. Затшылдық ғылым осы екінші бағытты ұстанатындардың жолы болып саналады. «Үш анықта» бұл жайында ол *«Енді біліп жаратқан ие де жоқ, өлген соң өмір де жоқ деген жолдың түбінде осы барлық әлем неден бар болды деген ойдан шыққаны төменгі сөзден мәлім болды. Ескі заманның білімділері әр нәрсенің негізгі түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Онысы - от, су, топырақ, ауа. Олардан кейінгі білімділер ол төрт нәрсенің әр біреуі әлденеше негізден жаралғанын таба-таба жақынырақ кезде түп негізі сексен шамалы екенін тапты. Әр дененің көзге ілінбейтін кішкентай тараулардан қосылып жаралғанын тауып, ол кішкентайды қанша ұсақтаса да ақырында тіпті бөлуге келмейтін болады. Сол бөлінуге келмейтін түп негіздердің атын Европаша атом деп атады»*- деп жазды[3]. Бұл жерде Шәкәрімнің дүниенің түп негізі су, от, ауа деген грек ойшылдары, Милет мектебінің өкілдері Фалес, Анаксимен және дүниенің бастамасы от деп таныған Гераклиттің философиясы жайында айтып отыр. Кейін, Демокриттің атомдар туралы ілімі пайда болып, алғаш рет дүниені құраушы ең ұсақ бөлшек атомдар екені мәлім болды. Шәкәрім ол жайында *«...Гректің Эпикур, Демокрит деген білімділері сол атомды дәлел қылып, барлық әлем атомнан өрісіп, жаралып жатыр, оны былай қылайыншы деп біліп жаратқан ие жоқ деген бір жолға негіз салды»*-деп жазып, затшылдық ғылымның алғаш қалай жүйеге түскендігін аңғартқысы келеді[3,21].

Ойшыл затшылдық ғылымның әрі қарай даму тарихын да жіліктеп береді. Жоғарыдағы ойын Шәкәрім әрі қарай былайша сабақтайды: *«Соңғы кезде Европаның Гасенди, Декарт, Ньютон, Линней сияқты ойшылдары бұрынғы Эпикур, Демокриттерден қалған жаратушы ие жоқ дегенді қайта жаңғыртып, Европа арасында сол ойдың жайылуына себеп болды. Және атомдар бірін-бірі тартып қосылуына бір күшті дәлел табылды. Ол әр нәрседе бірін-бірі тартатын қуат барлығы. Оны орысша притяжение деп арабша тажазип дейді. Мұны алғаш тапқан Англияның Исаак Ньютон деген ойшылы. 17 ғасырда алманың үзіліп жерге түскенінен ойлап тапқан. Бұл біліп жаратқан ие жоқ дегенді ұғымдырақ айтсақ, әлемдегі бар нәрсенің негізгі сексен түрлі атом, солар бірін-бірі*

*тартатын притяжение заңымен қосылып, дене жасап, бірінен-бірі өсіп, өзгеріп жатыр, оны былай қылайын деп әр қайсысын әр бөлек жаратып жатқан ие жоқ және жан деген өз алдына бір нәрсе емес, сол атомдардан жаралған дененің бір қозғалысы, өзгерістерінен шыққан сипат»[3,21].*

Сонымен Шәкәрімнің ойынша грек жерінен бастау алып, XVII ғасыр Еуропада өрлеген затшылдық ғылым тек дүниенің түпкі себебі жаратушыда емес екендігін айтып қоймай, атомдар өзгерісінен шыққан сипат деп жан туралы да өздерінің ұстанымдарын көрсеткен. Затшылдық ғылым өрлей келе атомдардың да электрондар мен нейтрондарға бөлінгенін ашады. Сөйтіп жоғарыдағы сексен шамалы негіздің түп негізі нұр, жарық болған дейді. Енді олар жарықтың жылдамдығын өлшеп, әлемнің механикалық заңдарын аша бастайды.

Міне, бұл затшылдық ғылымның даму тарихы. Шәкәрім затшылдық ғылым қанша себептерді қазса да соңғы себеп өздігінен бола алмайтындығын түсіну керек дейді. *«Бұны жазғандағы мақсұтым білінген әлемге қарағанда, білінбегендердің есеп өлшеуге келмейтіндігі оқушының ойында болсын дедім»-* дейді Шәкәрім. *«Жоғарыдағы айтылған барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп біліп жаратқан ие жоқ деген жол әлдеқашаннан айтылып келе жатса да, әсіресе 17-18-19 жүз жылдардың аяқ шеніне шейін Европа ішінде көбірек жайылды»-* деп Шәкәрім осы затшылдық ғылымның дәлелдерінің күштірек дегендерінен төмендегідей мысалдар келтіреді [3,22]. Затшылдық ғылымдардың қанат жайып дамуындағы ұстанымдар төмендегідей (қысқартып береміз. Б.Қ.):

**1. Қайта айналыс жолы.** *Барлық дененің түп себебі бұрыннан бар қуатты дене атом. Әр нәрсені өсіп өндіретін сол, дүниеде еш нәрсе жоғалмайды, бірақ өзгереді. Заттар қатты, сұйық, газдар болып үш түрге түседі. Осылайша заттар бір күйден екінші күйге ауысып, өзгеріп отырады. Адам да өлген соң сезім кетіп еш нәрсе сезбейді. Осы заңдылық бойынша алмасып отырады.*

**2. Жаратылыс жолы.** *Мұқым барлықтың бәрін бар қылып тұрған - жаратылыс жолы. Сондықтан біліп жаратушы ие деген бекер сөз, ол жаратылыс жолы осы жаратылғандардың өзінен бөлек нәрсе емес. Осыдан бөлінбейтін заң барлықтың бәрі сол заңнан еріксіз жаралып жатыр. (Философ Литерие сөзі).*

**3. Тұқымдастық жолы.** *Құрғақтағы хайуандар, адамдар, өсімдіктер, құстар - бәрі теңізден туған. Теңіз жерді орап алғандықтан су хайуандары, өсімдіктері құрғаққа шыққан. Жер жүзіндегі өсетіндердің, жандылардың бәрі басында су хайуаны. Сондықтан бұларды бөлек-бөлек жаратқан ие жоқ дейді. (Маиеннің сөзі). (Дарвиннің ілімі осы қағиданы ұстанғанын еске саламыз. Б.Қ.).*

**4. Дене сезімі.** *Біз әр нәрсені денедегі сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаралыс*

*жолымен еріксіз бар болып жатқанын көріп, біліп тұрмыз. Егер біліп жаратушы ие бар болса, бұл жаратылыс себептерінің түк керегі жоқ болар еді. Неге десең, бір жаратушы білімді құдірет бар болғаннан соң бұл себептердің керегі не? Сондықтан біліп жаратушы жоқ дейді. (Бұл - Бюнхер сөзі).*

**5. Әр түрлілік.** *Барлық дүниеге қарасаң тасы, ағашы басқа өсімдіктер, хайуандар, адамдар, су, от сияқты, тіпті біріне-бірі ұқсамайды. Бұл нені көрсетеді? Бұл әр нәрсе қалай болса солай кезі келгендіктен себебіне қарай жаралып жатыр. Оны былай болсын деп жаратушы жоқ екені осыдан мәлім дейді. (Демокрит сөзі) [3,22-23].*

Жоғарыдағы жаратушы жоқ деген затшылдық ғылым жүйелерінің дәлелдері осы. Бірақ Шәкәрімнің ойынша Еуропада XIX ғасырда затшылдық ғылым аша алмайтын, түсіндіре алмайтын құбылыстарды куәландырған телепатия, спиритуализм, магнетизм деген ағымдар болған. Бұлар дүниенің астарында басқа бір құбылыстардың, күштердің бар екендігіне адамдарды тәжірибелер арқылы куәландырған. Кейін затшылдық ғылым жолдағылардың біразы осы күшті мойындап, олардың тәжірибелеріне өздері де аң-таң болған. Бұған байланысты дәлелдерді Шәкәрім «Үш анығында» көптеп келтіреді. Біз оған тоқталып жаптаймыз.

Сонымен Шәкәрімнің затшылдық ғылым тарихынан көрсеткен мәліметтеріне қарап тоқтам жасауға болады. Ол тоқтам затшылдық ғылымның басты ұстанымы бұл жаратушының хақ екендігін терістеу. Олар заттар әлемінің заңдарына сүйенеді. Пән дегеніміздің өзі осы. Бұл құдай жоқ дегендердің ілімі. Кезінде жетпіс жылдан астам біздің санамызға билік жүргізіп келген марксистер насихаттаған Маркстің, Лениннің, Энгельстің көзқарастары да, метафизиканы жоқ деп танытуға тырысқан, заттар әлемін ғана мойындауға шақырған позитивизм де, әлі күнге дейін жаратылыстану ғылымдары ту қылып ұстап келе жатқан Дарвиннің эволюциялық теория жайындағы ілімі де, Шәкәрімнің дүниетанымдық түсінігімен қарасақ пәншілдер іліміне жатады. Яғни, бұлар - «пән» болып саналады.

Шәкәрім үшін затшылдық ғылым мен пәннің не екенін осылай түсіндірер едік. Бұларға тән Шәкәрім сынға алған ең негізгі ұстаным бар. Олар: 1) Құдайды, жаратушыны жоқ деп тану. 2) Жанды жолдан қосылды деп тану, жанды мойындамау, жанның денелерді жаратушы екендігін түсінбеу. Бұған жанның қабілеттері мен тілеуіне, азығына сенбеу де кіреді.

Енді Шәкәрімнің осы турасындағы көзқарасына тоқталсақ. Шәкәрім құдайды бар деп жүрген діншіл молдалардың да құдай болмысын дәлелдеуде біржақты кететіндерін жиі айтады. Шәкәрім пәншілдерге құдайды мойындамағандықтан молдаларды оларға қарсы қойған екен деп түсінбеу керек. Молдалар да «көрініске шоқынған, көр сопы бізді не қылсын» дегендей құдай болмысын дәлелдеуде көрініс қуып, *тауіліне ғылымы*

шақ (Абай) болып жүр.

«Молдалардан дін сұрасаң,  
Сандырақтар сандалар.  
Пәншілермен бас құрасаң,  
Жан, құдай жоқ, дер тұрақ.  
Біз хақиқат елегіне  
Осы екеуін елесек.  
Түкке тұрмас керегіне,  
Екеуі де қалжырақ.  
Пәнші дейді: «қайда тәңірі?»  
Дінші дейді: «менде тұр!».  
Екеуі де сөзге нанды,  
Таза ақылдан жоқ сұрақ.  
Пәнші нанды бес сезімге  
Дінші адасты жолынан.  
Сал ақылға, дұрысы не?  
Дәлелін тап жақсырақ»[2,204-205].

Шәкәрімнің ойынша жаратушы жайындағы сұраққа қалай болса солай қарауға болмайды. Жаралыстың жұмбағы өлшеусіз, адамның білдім дегені, білмедім дегенге есеп. Жаратушыны тану үшін жанды таны деген қағида ұсынады Шәкәрім. «Шынды білмек ойласаң сен, алдыменен жанды біл»-дейді Шәкәрім[1,272]. Немесе «Жанға көнсем, жан иессі - тәңірге де көнгенім»-деп ойын түптей түседі [1,274]. Жанға сенбеу жан иессі жаратушыға да сенбеуге әкеледі. Осы мәселеде «пәннің» қатарына Шәкәрім психологияны да жатқызған.

««Жаным жоқ» - деп болады маскара адам.  
Жалам емес, жазыпты пән деп мұны,  
Не демес ойы жетпей сасқан адам.  
Жанының бастан барын байқамапты,  
Психолог ғылымын ашқан адам»[1,210].

Затшылдық ғылым, пән жайында Шәкәрім оларды дәһрилер деп атаған. Ойымыз дәлелді болу үшін оның өз пікірін келтірейік: «Дүние бұрын бар нәрседен жаралады десең, оны бар қылатұғын бір ие керек. Егер иессіз өзі бар болды десең, онда дәһри деген әр діннің сөзі сықылды бір теріс ақымақтық болады. Дәһрилер дүние өздігінен бар болып, ескірген сайын бір нәрседен бір нәрсе жаралады дейді. Бұл тіпті теріс жол»-деп жазды Шәкәрім [4]. Дәһрилер - құдай жоқ, дүние өздігінен дейтіндер. Осылайша Шәкәрім затшыл ғалымды, пәншілерді - дәһрилер деп атаған. Абай атамыздың да осы түсінік аясында бір өлеңінде:

«Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі,  
Өзіңе құмар қылған соның әмірі.  
Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,  
Оймен білген нәрсенің бәрі - дәһри»-деп өтетіні бар[5].

Оймен білген деп затшылдық ғылымның танымын айтып отыр. Жаратушыға дәһрилер арқылы жете алмаймыз деп отырған жоқ па. Халиққа махұлық ақылы жете алмайды дейді. Яғни, халиққа-жаратушыға, махұлық-жаратылған ақылы жете алмайды дейді. Жаратушы үшін бар болғаны жаратқан пендесі ғана

болып саналатын адам баласының жаратушыға ақылы жетпейді деп отыр Абай. Міне, дәһриліктің мәні осындай.

Дәһриліктің бар ғылымы суық ақылмен жасалады. Олар материалды әлемді көрумен ғана шектеледі. Олардың алған білімі іштеріне енбей, сырттарында жүреді. Сол сырттарында жамылған затшылдық білімін олар қорған қылады. Оны пайдаланып, жалған тіршіліктің қызығын көру керек деген ұран таратады. Заттар әлемімен ғана байланысты дәһрилер ілімі заттар әлемінің қызығын көруге шақырып, жанды мүлдем ұмытып, денеге бас ұрады. Осыдан келіп адамзат баласының хайуани деңгейдегі білімі оның ішін тазарта алмай, жан дененің құлына айналып, түп иессін мүлдем ұмытады. Таза ақыл өлді демек деген осы. Затшылдық ғылым ішке бармайды, ол адамның сыртында жүретін жамылғысы сияқты. Олай болған соң имани білім болмай адам еш нәрседен қаймықпай дүниенің сөзін сөйлейді. Оларға бәрі жеңіл. Күнә деген олар үшін өмір сүрмейді. Затшылдыққа әбден маталған адамдардың қылығы да адамшылыққа ұқсамай кетеді.

«Пән жамылған әлімдер,  
Дін жамылған зәлімдер,  
Бере берсең, бәрін жер,

Сол жалмауыз паңнан без» -дейді Шәкәрім [1,229]. Жаратушыны жоққа шығарған, жүрегінде иманы жоқ адам үшін ешқандай қасиетті нәрсе жоқ. Ол қанша ғылым жолында болсын оның білімі ішіне қонбағандықтан ол хайуандықтан биік көтеріле алмайды. Ол бәрін жұтып қоюға дайын. Сонда әлгі ғалымның ғылымы оны неге адамшылыққа апармады? Ол неге хайуани деңгейден көтеріле алған жоқ? Ондай адам екі жүзді келеді. Кез-келген заманның ығына жығыла салуға бейім. Кеңес дәуірінде дамыған осы дәһри ғалымдар үшін кеше сол заманның сөзін сөйлеп, бүгін оны теріске шығарып жаңашыл болуының да себебінде осы түпкі тиянақтың, басты бағдардың, иманның - ұяттың жоқтығы демеске амал жоқ. Бұндайлар жайында «адасып әлім шатылды, ол шатасқан шаңнан без»-дейді Шәкәрім. Жанға, жаратушыға ілікпеген пәншілердің жүрегі қатты, оларда жанашырлық жоқ.

«Күн көре алмай жақының жатыр өліп,  
Шіміркенбей жемтігін жейсің бөліп.

«Ғылым деген бұл болса, адыра қалсын»

Демеске бара жатыр ішім толып»-дейді Шәкәрім бұл жайында [1,85]. Шәкәрімнің пәнді үнемі сынға алуының себебі осында. Затшылдық ғылым Шәкәрімнің ойынша тек әлемнің құбылыстары жайында айтып, оның түп себебін көре алмай отыр.

«Ғылым деп боқты жегізді,  
Денесіз зат жоқ дегізді.  
Пайдасыз пәнмен перделеп,  
Тапқызбай қойды негізді».

Пайдасыз пәнмен перделенген ақылдың көзін ашып ал деп отыр. Ол ананы бір, мынаны бір айтып

түпкі негізді тапқызбай қойды дейді. Шәкәрім олар дәлелді тек заттан ғана іздеді деп отыр. Жер бетіне ауадай тараған затшылдық ғылым жайындағы Шәкәрімнің ойы осындай.

«Айла, күш - айуандықтың ең жаманы,  
Бокты бокпен жуғанмен ел түзелмес.  
Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,  
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес»-деп

Шәкәрім затшылдық ғылымға, пәнге карама-қарысы ар түзейтін бір ғылым қажет дейді[30,86]. Бұл адамшылық үшін қажет ғылым.

«Ар түзер адамның адамдық санасын,  
Ақ жеңіп шығады, арамның қарасын.  
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,  
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын»[2,186].

Шәкәрім енді адамның санасын түзейтін ар білімі керек дейді. Сол ғана адамды құтқара алмақ. Бізге дәһрилікке қарысы рухани имунитет қажет деп отыр емес пе.

«Көрінер ғылымды елдің сырты таза,  
Тексеріп терең ойға салмағанда.  
Ақымақ пен айуанның иісі аңқиды,

Істерін әбден сынап талдағанда»-деп ойшыл тексеріп терең ойға салмағанда ғылымды елдің сырты таза көрінер дегенде затшылдық ғылымға белшесінен батқан Еуропаны айтып отыр[2,179]. Шәкәрімнің затшылдық ғылым, пән турасындағы ой-толғамдарынан концептуалды идея шығады. Ол концептуалды идея - пайдасыз білім деген ұғым. Яғни, бұл адамшылық жолында пайдасыз деген сөз. Пайдасыз білімді беру адамды адамшылыққа әкеледі ме? Мәселе осында. Еуропадан бастау алып, орыс отаршылығы арқылы қазаққа келген ағартушылықтан не таптық. Ол ағартушылық өзіміздің ұлтымызды, халқымыздың мәдениетін терістеуге, имансыздыққа үйретті. Себебі сол ағартушылықтың қайнар көзінде затшылдық ғылым жатқан еді. Ағартушылық біздің ішімізді түзей алмады. Сыртқы сөзіміз ғана түзелді. Ел болу үшін ол жеткіліксіз.

Ал Шәкәрім не дейді бұл турасында. Құлақ асайық.

«Сыртқы сөзің шын болса,  
Ішің толған жын болса,  
Жүрегінде мін болса,  
Айтқан сөзің ем емес!  
Жүрегі таза адамдар,  
Зұлымдықтан амандар,  
Қиянатсыз надандар  
Әулиеден кем емес!»[2,159].

Қазаққа жүрегін дерттен емдейтін, ішті жыннан тазартатын ар түзейтін, имани ғылым қажет деп таныған Шәкәрім даналығы осындай. Ойшыл неліктен «қиянатсыз надандарды әулиеден кем емес» деді екен деп қайран қаласың. Олай болса Адамшылық ең алдымен білім арқылы емес қиянатсыздық арқылы қалыптасады деп отыр ғой. Ағартушылықта ең алдымен білімді бол демеуші ме еді. Ал Шәкәрім білім ғана адамды адам қылмайды деп отыр. Қиянатсыз бол дейді. Олай болса пайдасыз білімнен сақ болу керек. Шәкәрімді ендеше неге *ағартушы* деп келгенбіз? Ол қиянатың бар болса иманың жоқ демеп пе еді. Шәкәрім Қиянатсыздық арқылы имандылықты өлшейді ғой. Адамның жүрегін дерттен сауықтыратын да осы имани білім деген оймен, Шәкәрім затшылдық ғылым орнына ар түзейтін ғылым қажет деп таниды. Затшылдық ғылым турасындағы ойы осы.

#### Әдебиеттер:

1. Шәкәрім. Иманым. Алматы: Арыс, 2000. - 117 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары /Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. Алматы, 1988. - 206 б.
3. Ш. Құдайбердіұлы. Үш анық. // Әлем альманах. Алматы, 1991. -20 б.
4. Ш. Құдайбердіұлы. Мұсылмандық шарты. //Жол табалық ақылмен. Халықаралық Абай клубы 2006.-671 б.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961. -227 б.



**ШАҢБАЙ ТҰРДЫҚҰЛ, филология ғылымдарының кандидаты. Алаштану және Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталықтарының директоры, «Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналының жауапты редакторы. Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен әдебиет теориясы, өнер философиясы және ғылым методологиясы салаларын қамтиды. Автордың «Шәкәрім танымындағы ұғым мәдениеті» мақаласы ұғым мәселесін мәдени-философиялық контексте қарауға арналған.**

## ШӘКӘРІМ ТАНЫМЫНДАҒЫ ҰҒЫМ МӘДЕНИЕТІ

*Ұғым мәніне бойлау үшін ұғым мәдениеті қажет.*

*Автор*

Өнер сөздің жанын өлтірмейді, өрістетеді, ғылымда басқаша, ол - белгілі бір сөзге мазмұн қосып, ұғым жасайды. Ұғым - субстанцияның мәні. Ғылымның сапасын, оның ұғымдар жүйесі айқындайды. Ұғым қалыптастыру барысында сөздің пайда болу себептілігін қатты ескеріп, сөзді қисынымен пайдаланбаса тілдің құты қашады. Тілдің құтын қашырмай, сөздің қадірін түсірмес үшін ғылымға сол ұғымды қалыптастыратын мәдениет қажет.

Ұғым мәдениеті - жауапкершіліктің көрсеткіші. Ұғым мәніне бойлау үшін ұғым мәдениетінің қажеттілігіне бір мысал келтірейік. Отандық ғылымда, нақты айтсақ, қазақ өнер философиясы мен мәдениетінде әсемдік пен сұрықсыздық, асқақтық пен құлдыраушылық деген ұғымдар қолданылып, қалыптасқан болатын. Кейінгі жылдары философия, культурология (мәдениеттану) бойынша бағдарламалар, оқулықтар жазылып, осы саладағы әлем классиктері еңбектері қазақ тілінде жақсы сериялармен жарық көре бастады. Соларда жоғарыда аталған, әсемдік пен сұрықсыздық ешқандай дәлелсіз, бірінде әсемдік пен тұрпайылық, екіншісінде әсемдік пен ұсқынсыздық, үшіншісінде әсемдік пен ақымақтық т.б. болып беріле бастады. Соның бірінде құлдыраушылық ұғымы тіпті арсыздық деп алынып, оған: «Арсыздық - зат пен құбылыстың эстетикалық құндылығын бейнелейтін қоғамдық мәні жағымсыз категория» деген дефиниция берілген. Арсыздық тек адам бойында кездесетін «дерт» екенін ойламаған. Ал, әлем классиктері аудармасының көбінің тілі жансыз, сондықтан мәні өлі болып шыққан. Өкінішті.

«Сөз Алладан шыққан бу...» дейді Шәкәрім. Сөздің жаны қайдан бастау алатынын өлшеулі ақыл танымайды, бірақ сезінеді. Сөз - жанға қатысты феномен. Тіпті, сол

сөзді бедерлейтін таңбаның өзі Жаратушыдан деген таным бар: «...вначале был знак и его устное описание - слово. Это были эмблемы Бога и имена Его»(1,10). Сол таңба сөзінің өзіне, яғни, таңба ұғымына қазақ ерекше ықылас қойған, мәніне жеткен, маңызын түсінген. Тіршілікте көп салада, кеңтарапта пайдаланған. Мәселен, шекарадағы мекеме атауына жұмысына, харекетіне қатысты бабаларымыз таңба ұғымын қолданған. Оны орыс, т.б. дерек көздері растайды: «Таможня (от тамга), гос. учреждение...», немесе «Тамга (тюрко-монг.) - знак собственности (тавро), имевший распространение...», т.б. (2,1178). Таңба ұғымын философия, мәдениеттану, логика, лингвистика, психология және семиотика салалары қарастыратыны белгілі. Тек, өкініштісі, жоғарыда аталған контексте Қазақстанда қазақ ұғымы таңбаның орнына кеден ұғымы берілген. Айналымға солай түсіп кетті. Неліктен? Тарихи таным тұрғысынан қалай түсіндіреміз? Ойланатын мәселе.

Қазақ ғылымы мен мәдени-философиялық таным жүйесіне ұғым мәдениеті бүгінде аса қажет. Тәуелсіз Ел болған кездегі ұғым жүйесіндегі «алаңғасарлық» абырой әпермес әрекет. Қазақтың мәдени-философиялық санасына сырттан таңылған антропологиялық апат кезеңінің өзінде ұлттық танымда ұғым мәдениетінің төрінен көрінген екі тұлға болды.

Бірі - халық Қажы деп құрметтеген Шәкәрім, екіншісі Ахаң деп аялаған - Ахмет Байтұрсынов.

Ахмет Байтұрсыновтың ұғым мәдениеті басы ашық мәселе. Бір өзі - бір ұлттың Ғылым академиясы. Қазақ филологиясының ұғым жүйесіндегі еңбегі өлшеусіз. Ал, Шәкәрім болса қазақ мәдени-философиялық ұғым жүйесін қалыптастыруға өз шығармашылығында саналы түрде мақсаттап барған. Шығармашылығында деп отырғанымыз, философиялық

трактатында ғана емес, өнерінде, әсіресе, поэзиясында бейнелі мәдени-философиялық жүйе құрған. Осындайда Мартин Хайдеггердің «Болмыс (барлық), ақынның тілінде көрініс табады» деген сөзі есіне түседі. Шындығында адам мен екі дүниенің тұтастық болмысын (онтологиялық антропология) сезінетін ақындықта құдырет бар. Осы құдырет Сократтың сұхбат өнеріндегі сияқты, Шәкәрімнің философиялық лирикасында (әсіресе, антропологиялық философия) дарындылықпен көрінген. Сократтың өнері - философия, философиясы - өнер болатын. Шәкәрімнің поэзиялық антропологиясындағы алтын желі - адамдық қасиет те сол ағындағы даналыққа құштарлығымен ерекшеленеді. Адамдық қасиет адамда о баста бар, бірақ оны азғындау арқылы жоғалту мүмкіншілігі де бар екені ақын поэзиясында көрініс тапқан: «Еріншектен - салақтық, Салақтықтан - надандық. Бірінен-бірі туады, Жоғалар сүйтіп адамдық...». Еріншектік - адам бойына енсе зорайып өсе берер жағымсыз сипат. Асқынса салақтыққа айналып, түбі емделмейтін надандыққа жеткізеді екен. Ал, өз кезегінде надандық адамның адамдық болмысын толық теріске шығаратын, адамшылығын іштен жоятын, адам бойындағы талай кесепатқа жол ашып беретін әлеуметтік індет. Олар адамдықтың басты жауы, денеге бір кірсе шықпайтын, еселеп өсетін дерт екенін Шәкәрім көркем философиясында анық ашып көрсеткен. Көркем философияда ұғымдар жүйесін қалыптастыру арқылы адам метафизикасына бойлаған. Шәкәрімнің философиялық лирикасында насихат бар, бірақ, ол поэзияда кеңестік идеология тудырған «үгіттік насихат» емес, ар іліміне негізделген адамдық (гуманистік) насихат. Поэзиядағы насихат-метафора кісілік биіктік пен ақындық аңсардың нәтижесі. Шәкәрімнің философиялық лирикасында субстанция мен акциденцияның бірлікте көрініс табу феноменін көркемдік-эстетикалық, мәдени-философиялық, діни-теологиялық ұғымдар байқатады: ақыл, ақиқат, абырой, ажал, ар, адамдық, әдеп, әділет, рахым, ынсап, ұждан, ұят, сабыр, сақтық, мән, бейіс, ғашықтық, махаббат, насихат, құштарлық, құмарлық, көңіл, жан, тән, өмір, тіршілік, жаралыс, жаратылыс, т.б. Шәкәрімде осы ұғымдардың әрқайсысы түрлі реңкте қолданылып тұтас жүйе құрайды.

Сол ұғымдардың бірі, ақылдың қолданылуына, ақын шығармашылығында көрініс табуына, яғни Шәкәрімнің ұғым мәдениетіне тоқталайық. Шәкәрім ақыл ұғымын түрлі контексте, кеңтарапта қолданған: жанды ақыл, ақылды жан, таза ақыл, арлы ақыл, ақыл көзі, толық ақыл, терең ақыл, аз ақыл, анық ақыл, арақ ақыл, мас ақыл, ақыл құсы, сау ақыл, ақыл - нұр, хайуандар ақылы, саяз ақыл, ақылды зат, азат ақыл, мол ақыл, шын ақыл, ақыл-айна, өз ақыл, еркін ақыл, жайлы ақыл т.б. Шәкәрім ақыл туралы «Пайғамбар қыл ақылды», «ақылдың шолғыншысы - ойқұмарлық», «ақылына сынат», т.б. тіркестерді жиі қолданады, оның статусын көтереді. Демек, Шәкәрім ақылдың мәнін ашуға аса күш салған. Ойқұмарлықтың өзі ақыл емес екен, ол оның шолғыншысы екен. Шәкәрім анықтаған ақылдың әрбірі жеке зерттеуді, танып білуді талап етеді. Алдымен,

ақылдың өзіне, зерттелу тарихына тоқталайық. Дін мен философияда, ғылымда ақыл көп қарастырылған, өрістете зерттеліп жүрген ұғым. Адамзат ойының түйіні, ғылымның танымы, діннің сенімі - ақыл адамның негізгі сипаты, маңызды қасиеті дегенге келеді. Адамның ақыл арқылы әлемді тануға ұмтылысын философияда рационализм деп атаса, ал метафизикалық рационализм деп сол ақылға деген сенімді айтады. Адам танымының кеңістігі ақылмен шектелмейді, сезімдік таныммен өзгеше өріс табады. Ақыл мен сезімнің үндескен жерінде Жаратушы, Жан және әлем идеяларының жүйелік принциптері қалыптасады. Онтологиялық деңгейге көтеріледі. Философия тарихында ақылды танудағы ізденістер толастаған емес: ақыл - абсолютті шындық, ол - барлық(болмыс), өмір оның айнасы деген панологизм; ақыл адамның сипаты, қасиеті деген натурфилософтар, грек тілінде қолданылған «Нус» ұғымы да ақыл туралы, бүкіл ғалам «жанды» дейтін діни-философиялық сенім мен танымның да ақылмен байланысы бар.

Шәкәрімдегі ақыл ұғымының мәні ерекше, берілу тәсілі аса өрісті. Мәселен, «Үш анық» философиялық трактаты: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...» деп басталады. Шәкәрім ақыл деп қоя салмай, «бас көзі», «ақыл көзі» дейді және адамның ақиқатты ақыл көзімен көретінін анық айтқан. Бұл кездейсоқтық емес, Шәкәрім танымының бастауы, тұтас Ар ілімі концепциясының негізі - ақыл көзі. Кейіннен, осы еңбекте, өзінің жаралыс, жаратылыс, жаратушы, жан, ұждан сияқты адамзат баласын толғандырып келе жатқан мәселелерге ақыл көзімен(жүрек көзімен) жету туралы сырын ашады. Бәлкім, Шәкәрімнің ақыл көзі Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылды тануға ұмтылған сыр-айнасы болғандықтан да ақиқатты танитын жол деп сенімді айтып отыр. Қалай болғанда, ақылға ерекше мән берілген. Шәкәрімнің осы ойы философиялық лирикасында жалғасын тауып жатады: «Ақылдан ойға сыр тарап, Үміттің шамы жанған күн. Жар есіркеп бер қарап, Нұрына жүрек қанған күн». Шәкәрімнің ақыл көзі - антропологиялық философияға, теологияға әкелген ұлттық танымдағы концепткатегориясы. Шәкәрімнің «Үш анық» философиялық трактатында ақыл ұғымына ерекше орын берілгені, осы ұғымды жүйелі әрі түрлі контексте қолданғанынан байқаймыз. Мәселен, Шәкәрім барлық тіршілік иесінің өсіп-өнуге қам қылатынын айтып, бұл - барлық таласы екенін, яки жаратылыстың берік жолы екенін айтып келіп, былай дейді: «Сондықтан барша адам шамасына қарай, қай бірі өзі үшін, қай бірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады». Сөйтіп, толық адамның ғылыми дефинициясын береді. Толық адам барша адамзатты ойлайды екен. Толық адам болудың негізгі факторы «барша адам үшін жақсылық бақ іздеу екен». Толық адам ақылдың қарауында болуы да бір белгі екен. Осы еңбегінде Шәкәрім сау ақыл ұғымын да қолданады. Және ерекше мән беріп қолданады. Сау ақыл жоқтасыз және науқассыз болуы керек. Сау ақылдың үнемі қозғалыста, ізденісте



болатынын да аталған екі жол туралы ой толғағанда атап өтеді: «Бұл екі жолдың түбі қайдан шыққанын тексерсе, адамдардың біз хәм әлемдегі барша нәрселердің қайдан бар болғанын, мұны кім жаратқан деген ойынан шыққан. Неге десен, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жана бір нәрсені көрсе мұны кім жасаған, бұл неге керек демей қоймайды? Сондықтан жаратушыны іздеп әркім әртүрлі ой жүргізген». Ақылдың субстанциялық түпнегізбен бірлігін, соған ұмтылысын ашып көрсетеді. Шәкәрім осы еңбегінде екі жол туралы білімділер сөзімен таласқа түсіп, қорыта келіп өзінің тұңғыш ойы екенін айтады. Басқа біреудің ойымен үндес шығуы мүмкін екенін де, реминисценциялық табиғатының болуын да теріске шығармайды. Қорытындысында, «Барлықтың түп себебі жаратушының білім, құдырет шеберлігінде өлшеу жоқ» деп айтып келіп, Жаратушының барлығы туралы өз ойын толық ашу, дәлелдеу барысында ақылға қатысты «есті ақыл, естінің ақылы» ұғымдарын қолданады: «Біз естінің ақылын, күштінің қуатын, ұстаның шеберлігін ісінен танымыз. Менің ойымша, бүтін барлықтың бәрі, бізді осындай болмақ жолды салған түп жаратушының білім, құдырет шеберлігінде. Өлшеу жоқ деп бізге секунд сайын айғайлап тұр: Бізге дүние түпкі сырын, Көрсетіп те айтты ғой. Елемеді оны біздің, тіпті өзімшіл мисыз ой» деп көркем философиямен тұжырымдайды. Шәкәрімнің осы еңбекте Жанды - субстанция, ақылды соның акциденциясы ретінде қарастыратын сәті бар: «Жан менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгеретін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына еш дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді. Мен бұл араға шейін жанның бірінен бірі артылатын қасиеттерін анықтап бөліп айтпай бәрін де бір жан деп келдім. Жан әр түрге түседі. Мәселен, инстинкт-сезімді жан, сознание-аңғарлық жан, мысль-ойлайтын жан, ум-ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады». Яки, ақыл субстанцияның өзі емес, субстанцияның қасиеті болып тұр, және ақылды жан бір ұғым болса, онда субстанция. Шәкәрім ақыл туралы ойын Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылмен ұштастырып түйіндейді: «Аңғару, ойлау ерікті хайуанның бәрінде бар. Бірақ олардың да бірінен бірі есті, бірінен бірі шебер, оны теріп жазбасақ та әркімге белгілі. Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық терең ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам да табиғаттан шебер емес». Табиғат - Шәкәрімде мәңгілік ұғым. Шәкәрімнің ой түйіні осы жерде байқалған. Ол толық терең ақылдың тек адамнан шығатыны, солай бола тұра адамның өзі табиғаттан (Жаратушыдан) шебер емес. Ар іліміне негізделген, имандылыққа, ұжданға шақырар ең дұрыс жол мұсылман жолы екенін де осы еңбегінде атап айтқан: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар,

өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар».

Ақыл ұғымы көркем шығармада қалай көрінісі қандай? Шәкәрімнің философиялық лирикасында, жалпы көркем философиясында да ақыл ұғымы жүйелі әрі түрлі контексте мол қолданыс тапқан. Солардың ішінде ерекше орын берілгендері - таза ақыл мен жанды ақыл. Таза ақыл мен жанды ақыл ұғымдарын қалай қолданған, соларды мысалға келтіріп барып, ой қорытайық: «Бар ғылымның түп атасы, Таза ақылмен ойлану». Шәкәрім таза ақыл ұғымын бұдан да басқа оншақты өлеңінде келтірген. «Осы әлемде барша барлық, Жанды ақылдың табысы». Шәкәрім ақыл ұғымын барлық қырынан тексеріп, оның сипатына терең барған. Соның басты бір қабаты осы таза ақыл мен жанды ақыл. Қасиетіне, болмысына қарай анықтаған осы екі ұғымды Шәкәрім жай ғана келтірмей жүйемен берген. Оның әрбірі жеке-жеке санаға салып өлшеуді талап етеді. Мынаны айтып отыр деп шолақ қайыруға келмейді. Контекстен бөлек алып қарастырсақ та түп негізі тереңде екенін байқаймыз. Біз оған екі сілтеме келтірейік. Бірі, Шәкәрімнің өзі келтірген сілтеме: «Құранды оқы нанбасаң». Екіншісі, Ғарифолла Есімнің «Жаралыс басы - қозғалыс» өлеңін талдау барысындағы айтқан ойына сілтеме: «Шәкәрім жанды ақыл дегенде ақылдың генезисі туралы айтып отыр. Ақыл қайдан шықты немесе қайдан пайда болды дегенде, ол оны жаннан шығарған, содан барып «жанды ақыл» деген түсінік қалыптастырған». (4,46). Осыдан белгілі болды, бар ғылымның түп атасы таза ақыл ойлану, соған сынату екен. Әлемдегі барша барлық та, еш нәрсе бос қалмақ емес, бәрі мейлі шөп пен топырақ жанды ақылдың табысы екен. Шәкәрім неге Құранды оқы дейді, бәрі жанды ақылдың табысы дейді, ақылдың генезисі қай жерде? Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылдың өзі ме, жоқ әлде содан нәр ала ма? Шәкәрім, осылай ой жарысына өріс ашады, таным көкжиегін көркем философияда кеңейтеді. Шәкәрім адресатты қашан да ақылға бағыттап отырады: «Пайғамбар қыл ақылды, Сол табады мақұлды». Мұсылман әлеміндегі пайғамбардың статусын білетін данышпан, ақылды сол дәрежеге көтеріп отыр. Ал, қандай да ұғымды түпкілікті қарастыруы Шәкәрімнің ұғым мәдениетінің анық көрінісі.

#### Әдебиеттер:

1. Сулейменов О. ЯЗЫК ПИСЬМА. Взгляд в доисторию - о происхождении письменности
2. Большой энциклопедический словарь. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: «Большая Российская энциклопедия»; СПб.: «Норинт», 2001. - 1456 с.: ил.
3. Даль, В.И. Большой иллюстрированный толковый словарь русского языка: современное написание: ок. 1500 ил. / В.И. Даль, - М.: Астрель: АСТ: Хранитель, 2006. - 348,[4] с.:ил.
4. Есім Ғармфолла. Данышпан Шәкәрім. - Алматы: 2008. - 336 бб.

*ШАРИПОВА РУФИНА, магистр философии, старший преподаватель кафедры философии, основ права и экономики, директор социологического центра при Семипалатинском государственном педагогическом институте. Окончила Карагандинский государственный университет имени Е.Букетова. Автор более 15 научных-исследовательских работ, принимала участие в различных республиканских и международных конференциях. Проблематика статьи отражена в его названии.*

## РОЛЬ ДУХОВНОГО НАСТАВНИКА ХАКИМА АБАЯ В ФИЛОСОФСКОМ СТАНОВЛЕНИИ ШАКАРИМА

Известно, что выдающиеся личности, рожденные в тот или иной период Истории, острее других чувствуют связь с непрерывным потоком Времени и передают ощущение его текучести и неумолимости своим потомкам.

В истории тюрков, истории нашего народа было немало выдающихся мыслителей Коркыт, Асан Қайғы, Ахмет Яссауи, Махмут Кашгари, Жусуп Баласағуни, Ибрай Алтынсарин, Шокан Уалиханов, Абай Кунанбаев.. И этот список можно продолжать именами, которые у всех на слуху, а сколько ргенов, К. Жанатаев, Н. Орманбетов. О почтительном отношении Шакарима к Абаю, родстве их душ говорят стихи поэта об учителе, написанные как при его жизни, под свежими впечатлениями от общения с ним, так и после смерти Абая. Шакарим одним из первых оценил творчество Абая, его вклад в культуру как великого представителя своего народа:

Абай - торговец, он торгует своим умом,  
Много драгоценностей у него залежалось.  
Можешь взять, он отдаст даром,

Нет никого, кто в силах взять весь товар сразу[1,с.3].

Шакарим же знал ему цену, потому многому научился у своего учителя. Знания даются даром, Абай делится ими, но при условии, замечает Шакарим, что у тебя есть стремление идти его дорогой. В те времена, когда писалось это стихотворение, никто еще целиком не постиг Абая, не взял товар целиком, говорит Шакарим, и, следовательно, он сам и является первым абаеведом - исследователем. Именно потому, что он постиг, изучил, понял и принял, он пишет о нем. Он был первым, кто признал Абая хакимом. Академик Гарифолла Есим в одной из своих работ «Шакарим. Диалог с Шакаримом» разъясняет подлинный смысл понятия хаким: «Хакимы - не священнослужители, а прогрессивные люди своего

времени, личности принадлежащие всему человечеству, такие, как например, Сократ, Платон, Аристотель. Это ученые, но не просто ученые, а ученые более широкого толка. Хакими - земные люди, все их помыслы обращены к земной жизни. Цель их деятельности - процветание людей, их благополучие, они показывают людям дорогу к счастью, учат, как достичь зрелости ума» [2,с.68]. В своих высказываниях, мыслях об Абае Шакарим предстает перед нами как глубокий мыслитель, философ.

В семилетнем возрасте лишившись отца, Шакарим воспитывался у деда Кунанбая. Хотя Шакарим и не разделил горькую судьбу обычных сирот, все же ранняя смерть близкого человека отразилась на психике мальчика, росшего впечатлительным и слишком серьезным для своего возраста. Об этом свидетельствует случай, рассказанный им самим позже. Дело было во время панихид по умершему отцу. Маленький Шакарим сидел на холме. Было солнечно. Дул слабый ветерок. Мальчик, ковыряясь в земле, увидел ползущую по камню гусеницу. Раздавлив ее, он неожиданно для себя разрыдался. Ему так стало грустно, что захотелось излить свои чувства на бумаге. Он от имени гусеницы сочиняет стихотворение, которое заканчивается вопросом: «Зачем ты оставил моих детей сиротами,- ведь ты же видел, что такое смерть? Где теперь мой отец, который еще вчера смеялся, шутил?» [3,с.119]. И редко выпадает счастье, когда такой вот с тонкой душой смысленный мальчик оказывается на воспитании поэта, да еще такой величины, как Абай, который вовлекал Шакарима на свой Олимп, где царил совершенно другая жизнь: мир прекрасных образов, муз, вдохновения. Не менее очаровывало и захватывало стремление окружения Абая к знанию, к источнику мудрости - книге. Шакарим считал Абая своим духовным учителем.

В 1904 году, летом, произошло событие, потрясшее казахские степи. В окрестностях Чингистау ушел из жизни разочаровавшийся во многом, усталый, но великий, Абай. Журналист, писатель и историк Сабыржан Габбасов в своей статье «Об истории казахов», опубликованной в журнале «Айкап» за 1915 год (№6, с.95), писал об Абае и Шакариме следующее: «Ибрагим, то есть Абая, знает абсолютное большинство населения. Мырза Абай - истинный гений, крупный шайыр и философ. Хотя при жизни его люди достаточно не знали, но сегодня каждый по нему тоскует. Скончавшихся немало лет назад мырзу Кунанбая и покойного Абая сегодня представляет перед глазами публики уважаемый аксакал Шакарим сын Кудайберды. Когда берешь в руки книги этого человека и просматриваешь их, то невольно думаешь, что если дедом писателя - аксакала был сам хаджи Кунанбай, то как мог выглядеть его старший брат Абай...

Почитаемый, очень уважаемый Шакарим, который сегодня трудится пером для своего миллата, является лучшим примером для тех, кто довольствуясь серебряными уздечками и седлом, непомерно толстым брюхом, из - за обращения «хаджи» чуть ли не достает темень до небес... Да будет благословенной жизнь таких аксакалов, как Шакарим, чтобы наша обучающая молодежь становилась такою»[4, с.8]. Шакарим написал стихотворение, которое посвятил сверстникам, где призывал учиться лучшим манерам и брать пример с Абая:

Давай, молодежь, мы найдем свою отдельную дорогу.

Добудем скота без хитрости, коварства и насилия.

Жизнь впереди, где должно быть много добра.

Надо найти всезнающую гениальную душу.

В таком случае кого мы выберем,  
Кто есть среди казахов достойный внимания?

...Хоть сто раз взывай, все остальные - невежды,

Будем умолять Абая, идемте к нему.

Поищем знания у этого человека,  
Скажем, что для этого мы пришли к вам,  
Обучи нас, чтоб жизнь не прошла впустую.  
Не жалея от нас своих разумных познаний.

Также скажем, чтоб к плутам не приглядывался,  
Не сомневался, что мы не пойдем.  
Нечестивцы, обучая законам, сбивают с пути.  
Укажи нам праведную тропу.

... Это Абай - один ученый с правильным путем.  
У него не было внимающего современника.  
Безысходность заставила его к нам обернуться.  
Взошла заря, хватайтесь за его подол.[4, с.15]

Шакарим один из образованнейших людей своей эпохи. Свои увещания поэт одинаково обращал к

богатым и бедным. В стихотворении «Насихат» («Исповедь») он обращается к богатым: «чем бесцельно пускать по ветру богатство, лучше обучи своих детей», а бедным он говорит: «не бездельничай, задумайся». Молодых предупреждает: «Поменьше играй, побольше думай для того, чтобы потом не пришлось сожалеть, когда молодость пройдет». В конце 90 - х годов XIX века, Абай, выделявший Шакарима среди его сверстников за его тягу к знаниям, говорил: «Как только достигнешь, сорока лет, я отправлю тебя за границу, чтобы ты мог пополнить и расширить свои знания в области религии и истории народов. Труды древнегреческих ученых ты найдешь в Стамбуле, Святая Мекка и Медина обогатят тебя наследием арабской науки старых времен, в Египте ты побываешь в построенной еще Александром Македонским библиотеке и познакомишься с произведениями ученых разных эпох и народов. Вот эти четыре места надо будет тебе посетить. Все расходы я возьму на себя» [5, с.172]. Но последние годы жизни Абая и всех сыновей Кунанбая были отягощены безвременной кончиной Оспана, Абдрахмана, Шаке и других, они умирали один за другим. 13 дней по пути к Каабе и столько же на обратном пути книгочей - эрудит из далекой казахской степи провел в библиотеках Стамбула. Все, почерпнутое из этой кладези человеческой мысли, акын - ученый спешил донести до родного края, сделать все увиденное и услышанное достоянием собственных слушателей и читателей. Свое путешествие в мусульманскую святыню Шакарим совершил не ради получения высокого титула, а с целью изучить религиозную философию, познакомиться с литературой Востока, обрести истину для себя. Визу в Египет Шакариму не удалось получить. Но состоялось его знакомство с учеными - работниками Александрийской библиотеки, с которыми было проведено много часов в беседах, спорах. С их помощью был составлен список книг, позднее заказанных и выписанных в Семипалатинск. После возвращения написал родословную тюркских народов, опубликовал ряд работ, в которых всесторонне разъяснял основы шариата, анализировал труды европейских ученых - теологов. Во многом его творчество в этот период было основано на тех мыслях и идеях, которыми делился с ним в свое время Абай.

Шакарим, следуя идеям Абая написал «Ақылды жанның мүлкі - әлем» («Мир - достояние умного человека»). Анализируя слова Шакарима, академик, философ Гарифолла Есим отмечает «Этот афоризм, на мой взгляд, должен быть высечен на стенах каждого учебного заведения. Если ты умен, мир в твоих руках - лучше не скажешь»[1, с.5].

Как и Абай, Шакарим не рассматривал мечты и надежды своего народа в отдельности от жизненных ценностей, идеалов народов Востока и Запада. Поэт воспевал добродушие людей и дружбу между народами. Понимая это всем сердцем, в стихотворении

## МӘДЕНИЕТТАНУЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ

«Что такое человек?» он заканчивает свои поэтические мысли строками:

А подумать - вроде б братья все народы на земле,

Почему ж тогда враждуют все народы, все края?

По мнению Шакарима, человек никогда не должен быть врагом человеку, какой бы нации он не был. Все люди должны жить в мире и согласии. Вот, в чем смысл предложенной Шакаримом великой идеи. Здесь он встает наравне с Абаем. Предвидя духовно - нравственное сближение народов, он воспитывал читателей в духе взаимопонимания, взаимного искреннего интереса представителей различных рас и наций к традициям и культуре друг друга. Не случайно Шакарим считал себя сыном человечества, хотя место его рождения - казахская степь.

### **Литература:**

1. Есим Гарифолла. Мудрость Шакарима. - Алматы:

Атамұра, 2008. - 344с.

2. Есим Гарифолла. Шакарим. Диалог с Шакаримом. - с.13-84 // Вопросы шакаримоведения. Научный серийный сборник. (Составитель - Шанбай Т.) - Новосибирск: Талер - Пресс, 2007. - Том 5, 584с.

3. Елеукенов Ш. Задумаемся, внимая его словам... - с.118-137 // Вопросы шакаримоведения. Научный серийный сборник. (Составитель - Шанбай Т.) - Новосибирск: Талер - Пресс, 2007. - Том 5, 584с.

4. Казах в зеркальном отражении. Стихи и поэмы. - Семей, 2008. - 264с.

5. Сапаралы Б. Пасквиль на поэта. - с.172-188 // Вопросы шакаримоведения. Научный серийный сборник. (Составитель - Шанбай Т.) - Новосибирск: Талер - Пресс, 2007. - Том 5, 584с.



# ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕТОДОЛОГИЯСЫ



*ӘБІКЕНОВ МҰХИТ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Семей мемлекеттік педагогикалық институты қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы. Ғалым Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы жылда өткізетін дәстүрлі «Шәкәрім оқуларына» қатысып, өз ойларын ортаға салып келеді. Автордың «Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы болжам және болжау концептілерінің қолданылу ерекшеліктері» мақаласы ұсынылып отыр. Ғалымның бұл еңбегі ұғым мәдениетіне арналған.*

## **МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БОЛЖАМ ЖӘНЕ БОЛЖАУ КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақ елінде болжау және болжам бағзы заманнан келе жатқан түсінік. Өлшем және мөлшерлеу ұғымдарын ата-бабаларымыз нақты есеп ретінде емес болжамды күйде пайдаланғандықтары белгілі. Ал, болжам мәселесі мөлшер мен өлшемге тікелей қатысты екендігі, тіпті оларсыз өмір сүруге де қабілетсіз екендігін жокқа шығаруға болмайды. Негізінен алғанда ата-бабаларымыз ауызша есептеуге өте шебер болғандығы шындық. Күні бүгінге дейін халық аузында ертеден қалыптасып, ұмытылмай айтылып жүрген ауызша немесе жұмбақ есептер түрін жиі кездестіруге болады. Ауызша есептер нақтылықты білдірсе, болжам екіштылықты білдіреді, немесе жауаптың тұп-тура екендігін ашып көрсетпейді.

Ертегілерден не болмаса ауыз әңгімелерден жұмбақ есептердің айырмашылығы оның нақты жауап талап ететіндерінде екендігі белгілі.

Өлшем және мөлшерлеу немесе ара қашықтықты шамалап белгілеуге ат қою қазақ даласында көне заманнан -ақ қалыптасқан. Басты себеп, алыс жолдар не болмаса баратын жерлерді белгілі бір межеге алу-адам баласынның өмір сүруге қажеттіліктерінің бірі болып саналған.

Өлшеу және мөлшерлеу жөнінде ғалым Е.Жанпейісов: «В далеком прошлом в повседневной речевой практике казахов сложилось определенное количество собственно народных нумеративов», - дейді. (Этнокультурная лексика казахского языка, Алматы, 1989, 131- бет).

Демек, өлшем, мөлшер қазақ елінде ұлттық негіз ретінде көнеден қалыптасқан. Сонымен қатар салыстырмалы тұрғыда қолдану дәстүрге айналған.

Салыстыру - тек іс-тәжірибе жүзінде ғана болуы мүмкін, сол себепті «нақтылық» ұғымы бұл жерде екінші қатарға сырғытылған. Осы арада болжам және болжау мәселесінің салмақ артқандығын байқаймыз.

Мұндай халық дәстүріндегі ерекшеліктерді Мұхтар Әуезов шығармаларынан жиі кездестіреміз. Мәселен, Әуезов еңбектерінде қашықтықты шамалау, мөлшерлеу, өлшем ұғымдары қазақ даласында алғаш қалыптасқан түрін өзгертпестен сол қалпында берілген. Осы ерекшелік жөнінде ғалым Н.Уәлиұлы: «Әуезов әңгімелерінде қазақи өлшемдер ешқандай өзгеріссіз, қоспасыз, нақты түрде яғни қазақи негізде, бастапқы қалпын сақтаған күйінде берілген», - дейді. (Сөз төркінін барласақ // Қазақ әдебиеті. 1982, 14 май).

Осы аталған негізге мысал келтірсек, үш күндік жолдың бүгінгі соңғы күйінде шәкірт бала барын салды. (Абай жолы, 7 -бет). Нақтылық жоқ, тек болжалдық мәселесі орын алған. Дәлелдейік, егер астындағы аты мықты болса(жүрдек, шыдамды, күйлі, т.б.), онда шамамен үш күн, егер аты осал болса жүретін жол ұзақ болары сөзсіз шындық.

Жол қашықтығын жылдап мөлшерлеу тек қазақ ертегілерінде кездессе, айлап, апталап, күндеп (күн арқылы) анау ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетіні белгілі. Кейбір жағдайда мұндай ерекшелік «мезгіл-уақыт» деп те аталып жүр. Өйткенмен, бұл аталған ұғым атаулары- «мөлшерлеу» немесе «шамалау» сөзіне әбден сиып-ақ тұрғандығы белгілі.

Ғалым С.Кенжеахметов: «Қазақ даласында мезгілді мөлшерлеу әр түрлі жағдайда кездеседі. Мәселен, сағатты шамалау бие саууға қатысты болса, кейде тамақтың пісіп-түсуімен де сабақтас айтыла береді», -

дейді. (Қазақтың салт-дәстүрлері, 39 -бет).

Қазақ мәдениетін зерттеуші С.Кенжеахметов сөзіне сүйенсек, онда, мөлшерлеу және шамалау ұғымдары егіз. Дегенмен, қазіргі уақытта осы ұғымдарды ой елегінен өткізген біршама айырмашылық та, ұқсастық та бар тәрізді. Кейінгі уақытта мөлшерлеу -осы жақын қашықтыққа, сұйықтықты өлшеуге немесе кесіп-пішуге арналып айтылса, шамалау ұзағырақ қашықтықта яки болар іс-қимылға арналады.

Мәселен, «оқ бойы», «арқан бойы» т.б. сөздері халық аузында жиі қолданыста болады. «Арқан бойы» - терендікті өлшеуге арналып, «оқ бойы» сөзі -алға оқшау, және дара шығып кету ұғымын береді.

М.Әуезов шығармаларында көп қолданыстағы сөздері - «оқ бойы» жай қашықтық арасы, кек артпа, өкпе тұс, қоян -қолтық т.б. Мысалы: Күн ұзын аттан да түспей, өзге жүргінішілерден оқ бойы алда отырған. (Абай жолы, 7-бет). Тағы да дәлдік жоқ әдетте «оқ бойы» сөзі қалың ел арасында алдыға ұзақ озып кетуді айтқандығы белгілі болса, онда оқты(егер садақтан атса) атушы адамның күшін де ескерген жөн. Мәселен, әлсіз адам мен әлді адам арасындағы «оқ ату» екі түрлі қашықтықты білдіреді де даусыз мәселе. Демек, бұл арада да тек болжау бар.Әуезов шығармаларында кездесетін тағы бір ерекшелік, мөлшер-шама ұғымдарын қос-қостан пайдалану.

Мысал келтірсек, тақ иек артпадан, өкпе тұстан жүргінішілерге жауды қоян-қолтық, құшақтастыра түсіретін ұры сай, жасырын жыралары бар. (Абай жолы, 8- бет).

М.Әуезов шығармаларында қашықтықты мөлшерлеу -дай, -дей салыстырмалы жұрнақтары арқылы немесе «шамалы, таман» көмекші үстеулері арқылы берілген. Мәселен, «қоян өрісіндей, жиырма шақырымдай, түске таман, кешке таман» сөздері біршама көп қолданылған. Ал, бұл мәселе тұрғысында, ғалым Ысқақов: «Болжалдау, тұспалдау қазіргі қазақ тілінде көбінесе, сан есімдерге тән,- дей келе, - Болжалдық сан есімдердің жасалу жолдары морфологиялық немесе синтаксистік тәсілдер арқылы іске жұмылдырылады», - деп тұжырымдайды (Қазіргі қазақ тілі, 204-бет). Демек, М.Әуезов шығармаларында кездесетін болжам және болжалдау концептілерінің де жасалу жолдары екі түрлі тәсілдер арқылы жасалған. Морфологиялық тәсіл негізінде: -дай,-дей, -тай, -тей жұрнақтарының жалғануын алсақ, синтаксистік тәсіл негізінде деп, шақты, шамалы, қаралы, жуық, астам сөздерін айтуға болады.

Мысалы, кейде бір жұма, кейде тіпті он күндей айықпай, ақ боран боп түтеп бұрып алған кездері болған. (Абай жолы, 14-бет) «Бөжей қыстауы қозы өрісіндей жерде тұр». (Абай жолы, 99- бет). Жидебайдай жиырма шақырымдай жердегі Шыңғыс кешкі шақта, ымырт

жабыла, көкшілденіп, суық тартып алыстай береді. (Абай жолы 103-бет )

-ап-еп көсемше жұрнақтары шамалау мөлшері:

Қос сөздердің көмегі арқылы жасалуы мүмкін. Мысалы: Арғында біреу өкшелеп қуып келеді. (Абай жолы, 104-бет). Онда қарсылық, шаппа-шап келген соғысқа айналмақ (Абай жолы,99-бет)

Шамалы үстеу арқылы қолданылған мөлшерлеу: Жиыны жүз шамалы кісі боп, біраз тоқырап тұрысып, ақыры: «Қош, қош, мырза!...» (А., 143-бет).

...Құшан бойдың отыз шамалы тобы тобықтыға қарай тартты. (Абай жолы, 141-бет).

Жолаушылардың маңдай алдында Құнанбайдың өзі. (Абай жолы, 144-бет).

Кейбір тілші ғалымдардың еңбектерінде «оқшау» сөзі мөлшерлеу ұғымына сәйкес келеді деген пікірлер айтылып жүр. Әйткенмен, «оқшау» сөзі оңаша, жеке қалу ұғымын білдіреді. Десек те, ғалым Р.Сыздық: «оқшау» сөзінің түбі оқ-салу-жеке даралау деген ұғымға сәйкес,- дейді. Ғалымның айтуынша бағзы замандарда жебенің ұшы жеке-жеке қалташаларға яғни оқшантайларға салынған. Осыдан келіп, «оқшау» сөзі пайда болған деген ұғымға әкеліп саяды. Ал, ғалым М.Дүйсенов: «оқшау» сөзі белгілі бір мөлшерде алыстау ұғымы деген пікірді ұсынады. (М.Дүйсенов «Бір аспан астында», 99- бет).

Әуезов еңбектерінде де «оқшау» сөзі жеке даралықты меңзеген.

Қорыта келгенде, М.Әуезов шығармаларында қазақтың байырғы тап қалпын сақтаған мөлшерлеу, шамалау тұжырымдамаларын көптеп кездестіруге болды. Сонымен қатар бұл ерекшеліктерді - мезгілге, уақытқа да бөліп көрсетуге, қашықтықты, жақындықты шамалайтын өлшем түрлерінің атауларын айқындауға да қолданылған деп атауымызға толықтай негіз бар.

Белгілі бір қашықтықты яки мезгіл мөлшерін шамалау адам баласына үміттілікті (стимулдық ерекшелікті) жергілікті туындатқы сөзсіз. Ал, осы орайда «шексіздік» ұғымына да белгілі бір мөлшерде тоқтау салуы әбден мүмкін. Егер «шексіздік» ұғымы адамдар арасында белгісіздік тұңғиығына батырса, мөлшерлеу, шамалау керісінше алға жетелеп, белгілі мақсатқа жетуге көмектеседі деп айтсақ, тақырып негізінен артығырақ кете қоймаймыз.

Мөлшерлеу, шамалау концептілерін қолдану арқылы жазушы М.Әуезов кейіпкерлер тілін шебер түрде шындаған әрі тек қазаққа тән ұлттық нақыш бейнесін саралаған.

Уақыт мәселесі кез келген адам өмірінің сәтін әрі мәнін белгілейтіндігі де қоспасыз шындық. Ал, уақыт - мөлшерлеу мен шамалаудан тұрады.

Бұл тұрғысында орыс ғалымы Маслова: «Время

## ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

в наивной картине мира мыслится как жидкость, причем часто густая (течет время, тянется), как ценная вещь (его можно тратить), как человек (оно не идет, может торопить) и т.д.», - дейді. (В.Маслова. Когнитивная лингвистика, 75-бет).

Демек, М.Әуезов шығармаларында қолданылған «шамалау, мөлшерлеу» ұғымдары роман-эпопея кейіпкерлерінің қайнаған өмірлерінің ең бір қажетті сәттерін ашатын тұжырымдар (концептілер) есебінде де қолданылған. Сонымен қатар, «болжау және болжам» мәселелері Әуезов шығармаларының кейіпкерлерінің сөйлеу ерекшелігін анықтауға, кейіпкердің бейнесін сомдауға әрі жазушының өзіндік стилін танытуға көп

септігін тигізген. Сондықтан, «болжау және болжам» концептілерінің жазушы тілінде алатын орыны өзгеше десек, көп қателесе қоймаймыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Абай жолы, -Алматы, 1973- 450-б.
2. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. -А., 2004.-272-б.
3. Уәли Н. Сөз төркінін барласақ//Қазақ әдебиеті, 1982 14 май
4. Кенжеахметов С. Қазақ салт-дәстүрлері. А., 2000.-270-б.
5. Дүйсенов М. Бір аспан астында. А., 1986.-430-б.
6. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. А., 1999.-280-б.
7. Маслова В. Когнитивная лингвистика. Минск, 2005-255 с.





*КОЛМОГорова ГАЛИНА, кандидат педагогических наук, и.о.доцента кафедры русской филологии Семипалатинского государственного университета имени Шакарима. Предметом научных интересов ученого являются валеологические аспекты образовательного процесса. Активно работает в области нового междисциплинарного направления - экологии языка, чему и посвящен представленный материал. В статье «Экологический подход к вопросу формирования социально успешной личности» проблема личности рассматривается в контексте экологического подхода образовательного процесса.*

### ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИАЛЬНО УСПЕШНОЙ ЛИЧНОСТИ

Вопросы формирования личности остаются актуальными на всех этапах развития общества. И родители, и педагоги должны помнить об ответственности перед человеком формирующимся, поскольку подрастающее поколение - это, как правило, слепок с родителей, воспитателей, учителей - старшего поколения.

Существуют различные определения личности человека. Например, в словаре русского языка С.И. Ожегова понятие личности в одном из значений - это «человек как носитель каких-нибудь свойств» [3, с.281]. В энциклопедическом словаре личность определяется в двух значениях: «1. Человек как субъект отношений и сознательной деятельности. 2. Устойчивая система социально значимых черт, характеризующих индивида как члена общества или общности. [5]. Разработано понятие личности с точки зрения философии, психологии, педагогики и других наук. Среди основных характеристик данной дефиниции хочется выделить наличие устойчивых свойств и социальную обусловленность человека.

В числе устойчивых свойств личности можно назвать речевое воплощение, поведение. Личность формируется в определенной языковой (речевой) среде, которая неотделима от каждого члена общества. Поэтому процесс формирования полноценной личности должен заботить каждого педагога независимо от предмета преподавания.

В последнее время активно развивается такое направление в лингвистике, как экология языка. Экологический, или духовно-метафизический, подход к языку понимает его как духовный плод вещественной

деятельности человека, как завершение культурного строительства, «очеловечения» мира и изучает во всем многообразии и богатстве связей с миром [4].

Среди проблем, исследуемых экологией языка, выделяют следующие:

целостность языка, его связь с культурой, с семиосферой;

энергетика слова, его творящая сила, связь с биосферой, с языком живой природы;

духовная сущность слова, его связь с личностью, с характером, судьбой народа [4].

Исследования энергичной природы слова показывают взаимосвязь человека и окружающего его мира; призывают к пониманию и учету механизма взаимодействия энергии, вырабатываемой при произношении слов, с энергией человека как энергоинформационной структуры.

При всех неоднозначных оценках научной деятельности П.П.Гаряева привлекательна мысль о том, что слово воздействует на вещественный мир, восстанавливая его либо разрушая. Творящая сила слова связана не только с его информационной составляющей, с его эмоциональной и этической наполненностью, но и с энергией, которая освобождается и действует иногда помимо сознания человека. Слово есть соответствующая мысли энергия, скрытая в каждом смысловозначителе. Она возникает при переходе от слова «внутреннего» к слову воплощенному, при усилии поиска нужного выражения, строительства речи. Вокруг звучащего слова, вокруг мысли организуется целая «энергетическая симфония». [4].



## ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Биологическая наука экспериментально доказала, что агрессивная речевая среда, «грязный логос» оказывают сильнейшее воздействие на живую клетку, они меняют структуру поля в организме, влияя тем самым на его генетический аппарат, вызывая мутации, подобно радиационному облучению в десятки тысяч рентген. «... живая клетка не безразлична к грубым акустическим вибрациям слова. Но «тонкая» (волновая) структура ДНК отзывается не на звук, а на «тонкую» энергию мысли. Для мысли, «упакованной» в более грубую оболочку, преград нет: она становится снарядом, который пробьет любую броню. Начиненный негативной мыслью, такой «снаряд» буквально взрывает организм изнутри» [1].

Наблюдения над словом, его энергетикой, негативной и позитивной, позволяет человеку формировать свою жизнь в полноте, единстве, стремлении к лучшим образцам, идеальным образам или наоборот, разрушать собственную жизнь, наполняя ее негативной энергией, исходящей в том числе и от слова. Можно смело говорить о Саде Слов, который формирует человек в своей жизни.

Следует обратить внимание, например, на слова, сакральная суть которых лежит на поверхности и легко узнается нами:

*Обострять (вопрос, проблему) - в основе острый;*  
*попытка, пытаться - подвергать пытке;*  
*волноваться - пускать волну;*  
*загадка, гадание - в основе гад;*  
*украсть минуточку - воровство времени;*  
*восхитительный - хищение;*  
*любопытство - пытка любовью;*  
*возмущаться - мутить;*  
*худеть - худо;*  
*испытывать (уважение) - пытать;*  
*покорный - по корню .*

Такие примеры приводятся легко, так как активно употребляются в речи многих людей.

Достаточно употребительны следующие фразы:

*потратил жизнь;*  
*потратил время ;*  
*потратил деньги (на обучение);*  
*столько лет отдала (работе, семье);*  
*попался мне такой (о человеке, муже);*  
*время кончилось;*  
*нет времени;*  
*заострить проблему, вопрос;*  
*волноваться по всякому поводу;*  
*добиваться цели;*

*можно украду у вас минуточку;*  
*уделите мне ваше время;*  
*взять на вооружение;*  
*как дела на личном фронте;*  
*бороться с весом;*  
*болеем за тебя;*  
*страшно красивый;*  
*безумно люблю;*  
*дико понравилось;*  
*испытываю уважение.*

Возникает закономерный вопрос о качестве формирующейся личности, речевое окружение которого включает подобные слова и выражения. Такие примеры активно употребляются в речи взрослых: родителей и учителей. Энергия, вырабатываемая подобными словами, не гармонизирует человека, скорее, наоборот, воздвигает трудности и препятствия. Трудно говорить о Саде Слов в такой ситуации. Если педагог - личность, которой **всегда** не везет, у которой **вечно нет** денег или **нет** или **не хватает времени**, которая **страшно любит**, **безумно волнуется**, **дико радуется** и проч., то формирующаяся личность (воспитанник, ученик) будет «впитывать», несомненно, данную энергетiku, а значит и сам будет подобным образом организован энергетически

Напротив, слова с положительной энергией способствуют гармонизации личности:

*Радость - ра - солнце ; счастливый, довольный*  
*Благодарный - творящий благо;*  
*Благодарный - благо дарящий;*  
*Отчий - отеческий;*  
*Счастье - соучастие;*  
*Творчество - творящий;*  
*Объединиться - единый*  
*Правда - правый;*  
*Родной - род*  
*Милый, любимый, нежный, ласковый - певучие,*  
*нежные слова*  
*Целую - желаю оставаться целым;*  
*Смирный - с миром.*

При произнесении этих и подобных слов человек получает положительный заряд энергии. Он создает свой Сад Слов, и жизнь очищается и гармонизируется.

Значит, «суть скрыта в Слове и словах языка. И мы определяем суть, исходя из значения самого слова, как сумму творений, бывших прежде нашего, которая внесена во все вещи нашего Мира» [2].

Необходимо осознание неустанной работы по формированию положительной энергетики через

## ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

словесные образы, например, замена (там, где это возможно) фраз одной энергетики на противоположные и постепенное формирование своего Сада Слов:

*потратил время - посвятил время;*  
*потратил деньги (на обучение) - вложил деньги*  
*в образование;*  
*попался мне такой (о человеке, муже) -*  
*(не)встретился;*  
*добиваться цели - достигать цели;*  
*бороться с весом - строить новое тело;*  
*худеть - стройнеть;*  
*болею за тебя - поддерживаем тебя;*  
*испытываю уважение - уважаю.*

Думается, экологический подход к вопросу формирования личности должен быть принят всеми взрослыми, особенно педагогами, которым, на наш взгляд, необходимо поработать над своим образом

мышления и сформировать свой собственный Сад Слов, гармоничный, позитивный, созидающий.

Обратим внимание на слова **образование** и **воспитание**. По сути в основе слова образование корень **образ**: **образование** - это **ваяние образа**. В основе слова **воспитание** корень **питание**: **воспитывать** - значит **питать**. Чем взрослые «напитают» и какой образ создадут, такой и будет личность формирующегося человека.

### Библиографический список

1. Гаряев П.П. Волновой генетический код. Москва, 1997. - 108с.
2. Гоч В.П. Метод Гоча работы в Причине // Деп. В ДААСП Украины - 1999 - ПА № 2196.
3. Ожегов С.И. Словарь русского языка. - Москва, 1984. - 797с.
4. Русинова Л.А. О духовной сущности слова - электронная версия.
5. Энциклопедический словарь. - Москва, 1982. - 1600с.



## РЕЦЕНЗИЯ

*АРАП ЕСПЕНБЕТОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің деканы. Автор «Ой өзегі - алаш әдебиеттануы» атты мақаласында филология ғылымдарының докторы АЙГҮЛ ІСМАҚОВАНЫҢ «Алаш әдебиеттануы» және «Асыл сөздің теориясы» еңбектері туралы ойларын ортаға салады.*

### ОЙ ӨЗЕГІ - АЛАШ ӘДЕБИЕТТАНУЫ

Тәуелсіздік туының тігілуі әлеуметтік даму мен қоғамдық ой-санаға сілкініс әкеліп, ұлттық мұрат-мүдделер тұрғысынан рухани қазыналарымызды сараптауға ұланғайыр мүмкіндіктер туғызғаны анық. Қазақ әдебиеттануында ескі соқпақ таптауырынан арылып, әдебиетті тап күресінің құралы ретінде ғана емес, шынайы көркемдік ізденістер мен күрделі эстетикалық дамудың жемісі деңгейінде қарастыруға ойысу бой көрсете бастады.

Кеңестік жүйенің тал мойынға батқан қыл шылбыры сөз өнерінің тың серпін алып, даму даңғылына түсуге мұрсат бермеді. Ұлттық әдебиеттану ғылымы кеңестік қоғамның дауылы мен сұрапылын басынан кешірді, бұтағын от шарпыса да, өзегін өрт шалмады. Ұлт рухымен қайта серпіліп, қайта көктеді, адақтап, үзілгенімізді сабақтап, отаршылдық сананы аластадық. Тәубә! Рух еркіндігі ел еңсесін тіктеді, сөз өнері дамуға бет алды. Асыл сөз арнасы мен астарын жаңаша пайымдау - күн тәртібіндегі кезек күттірмес мәселелердің бірі де бірегейі екендігі ақиқат.

Ірі мұраттарды міндетіне алған ғалым, көрнекті әдебиеттанушы Айгүл Ісімақова алғашқылардың бірі болып алаш әдебиеті теориясын зерделеуге ден қойды. Танымал ғалым осыған дейін де «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность)» және «Возвращение Плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш.Кудайбердиева, А.Байтұрсынова, Ж.Аймауытова, М.Жумабаева, М.Дулатова и М.Ауэзова» сынды ғылыми мәні мен маңызы жоғары еңбектер жазып, алаш әдебиеттануы тақырыбына үлкен ізденіс, мол тәжірибемен келді.

Ғалымның жақында ғана тұсаукесерін жасаған «Алаш әдебиеттануы» және «Асыл сөздің теориясы» атты қос туындысы қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымының батыл қадамы екендігі шүбәсіз. Кітаптың аңдату сөзінде: «Алаш әдебиеттануы ұлттың тарихымен тығыз байланыста дамыды. Бұл әдебиеттанудың негізгі ерекшеліктері қандай? Ұлттық әдебиеттану ғылымын ХХ ғасыр басында қалыптастырып берген зерттеулер несімен құнды? «Жаздым сөз жаным ашып Алашыма» сөзін ұран етіп алған қазақтың алғашқы әдебиетшілері әдеби сын, әдебиет тарихы, әдебиет теориясының басты, іргелі зерттеулерін бізге аманат етіп жазып кетті. «Алаш әдебиеттануы» атты хрестоматия оқулықтың жазылуына осы мәселелер себеп болды», - деп еңбектің асыл тіні, түп негізінде Алаш ардақтыларының әдебиеттану жөніндегі таным-тұжырымдары жатқанын ашып көрсетеді.

Еңбектің «Қазақ әдебиеттануының бастау көздері» аталған алғашқы тарауында алаш асыл сөзінің тарихын он ғасырға алға жылжытып, әдебиет теориясының тарихын әл-Фарабиден, әріден таратуы, ұлттық танымның тұтастай теориялық тұғырнамасын жасауға ұмтылыс жасауы ғалым ұстанған концепциясының өміршеңдігін байқатса керек. «Алаш әдебиеттануы» атты еңбегінің алғашқы тарауында-ақ Әбу Насыр әл-Фарабидің ұлттық әдебиеттану теориясын қалыптастырып, көптеген ғылыми терминдер енгізгенін зерделеп, сонымен қатар хакім Абай мен Ахмет Байтұрсынов сынды алаш тұлғасының әдеби ой-танымдарына азық болған алтын арқау, қазық болған ой-тұжырымдарын талдап, айқындап берген. Түркілік әдебиет теориясының тегеуріні мен тағылымы,

## РЕЦЕНЗИЯ

тереңі мен тектілігі әл-Фарабиден тамыр алса, ұлы сөздің ұлығы болған, ұрпаққа үлгі болған, ұлыстың уызы болған ұлттық әдебиеттану ұлағаты Абайдан басталады деген ұғымды да шегелеп өрнектеген. Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» туындысын өлеңмен жазылған теориялық тұжырымдама десек те, асылында, суреткерге қажетті қасиеттерді саралап, тіл тазалығы, әдеби өлшем, өлеңге қойылар көркемдік талап, «іші алтын, сырты күміс» мазмұн мен пішін бірлігіндегі сұлу гармонияны өлеңмен өріп беруі шын мағынасында да шеберліктің шыңы емес пе?! Тіпті:

Өзгеге көңілім тоярысың  
Өлеңді қайтіп қоярысың.  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярысың, -

деп тыңдаушысын шексіз әсерге бөлейтін өнердің эстетикалық құдіретін бір шумақпен жеткізе білуі өлеңді зерттеуге арналған монографияға бергісіз тұжырым емес пе?! Еңбекте XIX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымының дамып, жетілуіне өзіндік үлесін қосқан Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, М.Ж.Көпеев сынды ғалымдар мен ақын-жазушылардың сөз өнері туралы айтқан ой-тұжырымдарына объективті баға беріп, осы кезеңдегі көркемдік ойдың дамуына алтын көпір болғандығын ерекше атап, үлкен мән бере әңгіме өрбіткен.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті - ұлттық әдебиеттану ғылымының классикалық кезеңі десек артық айтқандық емес. Осы кезеңнің қайнаған қаны, толғатқан көңілі, толқытқан жүрегі болған аяулы ақын - Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алдыңғы көштегі әдебиетке жеткізуге жол іздеген, дертіне ем іздеген Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетіне жаңа түр, жаңа мазмұн енгізу жолында түрлі көркемдік талпыныстар жасағаны ақиқат. Алаш жанды ақынның «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең һәм айтушылар» атты қос туындысы қазақ поэзиясын көркейтудің, гүлдендірудің концептуалды бағдарламасындай. Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Негізі ақылмен сонша үйлесер,  
Мін іздеп қозғай алмас ешкім тілін...  
Байқасаң қазақтықтың өзінде бар,  
Дүниенің генийлігі, пайғамбары, -

деп жырлағанындай, қазақтың кара сөзінің құдіретінде пайғамбарлық дүниетаным да, бар дүниенің ой данышпандығы да қамтылған. Сөз құдіреті, сөз энергетикасы, сөз сарасы - бәрі-бәрі қазақтың сөзінде. Сұлтанмахмұттың әдебиет турасындағы көзқарасы туралы автор былай дейді: «Сондықтан әдебиетші С.Торайғырұлы үшін «Бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді. Сәні кетсе жаны кетеді» деуі - бүгінгімізге қажет теориялық қағида». Шын мағынасында,

қазақ өлеңі - қазақ әдебиетінің әні де, сәні де. Поэзия - сөз өнерінің алтын қазығы. Оған қойылар талап қашаннан да биік болған һәм бола бермек.

Автор «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының кәсіби қалыптасу кезеңі (1905-1930)» атты екінші тарауда Алаш зиялыларының жаңа заманғы ғылымды қазақ топырағына егудегі ерен еңбектері, сонымен қатар алаштың көсемдері мен тұлғалары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабай, Халел Досмұхамедұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Қошке Кемеңгерұлы сынды ардақтылардың ұлттық әдебиеттану ғылымының кемелденуіне, көркем ойдың гүлденуіне қосқан қажыр-қайраттарын айқындап, мұрат-міндеттерін нақтылаған. Сонымен қатар Илияс Жансүгіров, Смағұл Сәдуақасұлы, Құдайберген Жұбанов, Мұхтар Әуезов сынды қайраткерлердің қазақ әдебиеттануының қанат жайып, қарыштауына, эстетикалық таным көкжиегінің кеңеюіне қосқан өлшеусіз еңбектеріне жаңа заман тұрғысынан лайықты баға берген.

Қазақ әдебиеттану ғылымы даму жолында ой-пікірлер қақтығысын, жолсыз бұрмалаулар мен объективті зерттеулердің ымырасыз тартысын, заман ағысы тудырған саяси қысымдарды бастан кешіре отырып өрістеді. Айтыс - тартысқа құрылып, қателіктерге ұрынып, жіберілген сыңаржақ тұжырымдарды түзеу арқылы өркендеу әдебиет тарихында кездесетін құбылыс. Бүгінгі таңда күрделі сыннан өткен абайтану ғылымы қазақ әдебиеттану ғылымының айдынды арнасына айналып, үздіксіз даму тарихын бастан кешіріп, мол әдеби зерттеулер тәжірибесін жинақтады.

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, академик С.Қирабаев: «Абайтану ғылымы ұзақ жолдан өтті, қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы болып қалыптасты. Оның қол жеткен табыстарын бекіте отырып, дәуірдің жаңа міндеттеріне сәйкес дамыта беру, Абайды бүгінгі заманның игілігіне айналдыру - бәріміздің абыройлы борышымыз», - деп түйіндейді. Айгүл Серікқызы «Алаш абайтануы» атты тарауда кеңестік кезеңде халық назарынан жасырылып келген абайтанудың қым-қуыт келелі мәселелері жөнінде сала-сала кенеулі ой өрнектейді. Зерттеуші ғалым кеңестік кезеңде абайтану ғылымына қысым мен қауіп саяси цензор тарапынан болса, бүгінде сол қатер-қауіп әлі сейілген жоқ, қайта басқаша түрге еніп сұрқиялығын асыра түскендігін аса қиналыспен жеткізеді. Автор: «Бүгінде Абайды қришнаит жасап, оның хакімдігін теріс айналдырушылар жоқ емес. Мұндай әрекет өткен ғасырда да болғанын ескеруіміз қажет. Сондықтан XX ғасыр басындағы Абайды қорғау осылай іске асқанын бүгінгі тәуелсіз кездің ғылымы білуі шарт екені осы зерттеулерден анық аңғарылады», - деген салмақты

## РЕЦЕНЗИЯ

қорытындыға келеді. Абайтануға жасалған қиянат қазақ халқын елдігінен айыруға, алаштық аңсарынан қайыруға бағытталған аярлық пен екіжүзділіктің белгісі екендігін емеурінмен білдіреді.

Бұл еңбекте автор Алаш аяулыларының қазақ еліне адастырмас жол іздеп, жұртына жаратушысының жар болуын тілеп, сөз өнерінен дертіне ем, еліне медет тапқан ғалымдар еңбектерін жүйелеп, тұтастырып, тұңғыш рет алаш әдебиеттану ғылымының тарихын тиянақтап, ұлттық сөз өнерінің бел-белестерін нақтылаған. Сонымен қатар ғалым А.Ісімақова еңбегі ұлттық әдебиеттанудың алғы бастаулары мен профессионалдық деңгейге жеткен кемелденген тұсын, алаш қаламгерлерінің өмір сүрген ортасы мен тарихи кезеңдерді сабақтастыра отырып, кең жоспарда қарастырған. «Жасасын, Алаш, жасасын!» деп ұран салған Алаш қайраткерлерінің аңсаған арман-мүддесін, мақсат-мұратын бүгінгі азат таңда өз алдына жеке ғылым ретінде жүйелеген ғалымның табандылығы мен қайсарлығы қуантады.

Алаш тілегін, арыстар аманатын өзінің ғалымдық парызы етіп алған ғалым туралы кемел суреткер Әбіш Кекілбаевтің: «Айгүл айналайын, сені қазақ әдебиеттануы мен ұлттық эстетикалық ойдың ең тұрлаулы тұлғаларының бірі ретінде қатты қадірлеймін. Алаш әдебиеттануы ұлттық дамуымыздың жаңа дәуірі енді шымылдық түріп жатқан тұста, қазақ қауымына темірқазықтай адастырмас бағдар сілтей алатын, тағылымды, ұлтқа аса құнды зерттеу деп білемін», - деп ағынан жарылуы Ісімақованың парасат-парқын ғана емес, «Алаш әдебиеттануының» арқалаған жүгін де көрсеткен. Аталмыш зерттеу алаш әдебиеттану ғылымында толайым еңбектердің алғашқы қарлығашы ретінде даралана бермек. Ғылыми, тарихи таным шежіресіне айналып үлгеруі де сондықтан.

Айгүл Ісімақованың «Асыл сөздің теориясы» еңбегінде қазіргі әдеби үрдіс пен ұлттық әдебиет теориясы заңдылықтары әлемдік әдебиеттану ғылымы контекстінде қарастырылып, бүгінгі уақыт талабына сай еркін де жаңашыл ой-тұжырымдармен байытылған. «Әлем әдебиетінің теориялық мәселелері», «Қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері», «Замана тынысындағы асыл сөз» атты іргелі үш тараудан тұратын бұл еңбекте әдебиеттанудың теориялық негіздері мен қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі хал-ахуалы, ұстанған методологиялық бағыт-бағдары, теориялық тұғырнамасы, сондай-ақ, қазіргі қазақ прозасының жаңа мазмұн мен ұлттық түр табу жолындағы ізденіс жетістіктері тілге тиек болған.

«Ф.М.Достоевскийдің соңғы романы» мақаласында көрнекті орыс жазушысының «Ағайынды Карамазовтар» романындағы әлеуметтік теңсіздік,

қоғамдық әділетсіздік негізінде туындаған бір әулеттің трагедиясын әңгіме ауанына тартады. Жеке отбасының трагедиясын жалпы Ресейдің қайғы-мұңына айналдыра алған суреткердің шеберлігін өнегеге ұсынады.

Митя, Иван, Алеша сынды үш ағайынның кешкен тұрмысы, таным-түсінігі ХІХ ғасырдың соңындағы іріп-шіріген қоғамның типтік бейнелері десе де болғандай. Бірі Иса пайғамбарға табынған жалған ілімінің құлы болса, бірі нәпсі деген сайтанның құлы. Рухани азғындық - трагедияның кілті ретінде дәріптелген.

Ағайын араздығының бас себебі, романның идеялық лейтмотиві - имансыздық. Автор имандылық қоғам саулығының басты кепілі екендігін басты назарда ұстап: «Бүгінгі рухани вакуум кезінде Ф.М.Достоевскийді оқу - таза ауа жұтқанмен бірдей. Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымында жазушының шығармаларына қатысты «экология нравственности» деген ұғым қалыптасуы да тегін емес. Адам мал емес, сондықтан оның жаны әр сәт имандылық күзетінде тұратынын анықтап беріп кеткен жазушының туындыларындағы басты қағидаларды әрдайым есте сақтау біз үшін қажет», - деп ой түйеді. Қазіргі заман аңғарының бұзылуы, қоғамның азғындауы рухани нәрсіздіктен, ақыл құнарсыздығынан екендігі ешкімге де құпия емес.

Әлемдік әдебиеттегі имандылық категориясына ерекше мән берген сыншы «Эрнест Хемингуэй - «Lost generation» - «жоғалған ұрпақтың» ең ірі өкілі» мақаласында американ жазушысының «Қош бол, қару!», «Килиманджаро қарлы тау», «Шал мен теңіз» сынды шығармаларындағы бұрынғы баба дәстүрінен, ұлттық нәрден, халықтық танымнан тамыр үзіп, жалпы адамзаттық ізгілікке ұмтылған, «ұлтсыз ұрпақтың» үнін таразылаған. Әрине, жалпы адамзаттық құндылыққа ұмтылу, қол созу ізгілікті іс, алайда адамзаттық мұратқа бет бұрамыз деп ұлттық бет-пердемізді жоғалтып «ұрықсыз ұрпақ» атанудың да қауіпті тұстары мол екендігін автор орынды ескерткен.

Әлем әдебиетінің түрлі теориялық мәселелеріне ерекше мән берген зерттеуші «Натурализм және ХХ ғасырдың көркемдік құндылығы», «Бүгінгі постмодернизм», «О критическом реализме», «Бүгінгі әдебиеттің басты міндеті», «Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері», «Бүгінгі компаративистика: жаһандану - интертекст - мәдениеттер диалогы», «Классический стиль: Абай - Пушкин», «Ахмет Байтұрсынұлы и Михаил Бахтин», «Общность теоретических мыслей» мақалалары қазіргі жаһандану кезеңіндегі сөз өнерінің тұлға қалыптастырудағы мән-маңызы, имандылық тәрбиесінің алғышарттары, адамзаттың эстетикалық мұраты сияқты күллі планетарлық күрделі проблемаларға өзіндік пікір-

## РЕЦЕНЗИЯ

ұстанымын білдіруімен құнды. Сондай-ақ, орыс тілінде жазылған зерттеу мақалалары да жұғымды, әрі ой нақтылығымен ерекшеленген.

Қазіргі қазақ әдебиетінің түйткілді тұстарын тамыршыдай тап басып, жаңа заман әдебиетін жасаудың ұтымды жолдарын көрсетер тағылымды зерттеулері қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі қол жеткізген табысының көрсеткішіндей. Қазақ әдебиеті теориясының классикалық үлгісін жасаған Ахмет Байтұрсынұлы, Қажым Жұмалиев, Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов сынды әдебиет теоретиктері еңбектерінің қашан да өз құнын жоймас өміршендігін ашып көрсетіп, алаш ардақтыларының көркемдік әлемі туралы ғылыми сыншылдық парасатын соқырға таяқ ұстатқандай сараптаған.

Алыс - жақын шетелдерге танымал, Америка биография институтының «Ғылым адамы - 2004» сыйлығы мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Саңлақ автор» (2008) медалінің иегері, әдебиеттанушы ғалым

Айгүл Ісімақова қандай тақырыпты қозғаса да сөз өнерінің ар - ұят өлшемі екендігін дәлелдеуден танбайды.

Оның ғалымдық еңбегіне тереңірек үңілген сайын ұлттық әдебиеттану ғылымының даму, өсу, өркендеу жолында елеулі іс атқарған алаш аяулыларының ғалым қаламынан тыс қалмағандығын көреміз. Туған әдебиеттің жетістіктеріне сүйінеді, кемшін тұсына күйінеді.

Әдеби сын мен әдебиеттанудың тар жол, тайғақ кешулі қиын жолы адамзат ұрпағының бүгінгі талап - талғамымен үндесіп, уақыт алдыға қойған мақсат - мұратымен іштей орайластық тауып, буыннан буынға ұласар алуан сырлы шындықты кемел суреттеуге мұрындық болса ғалым төккен тердің зая кетпегендігі.

Алаш әдебиеттануының қалтарыста қалмай, тәуелсіздік туы желбірегеннен бергі тұста жүйеленіп, өлшемді қалыпқа түсуіне әріптесіміз Айгүл Ісімақованың ұланғайыр еңбегі сіңген. Айтылуға лайық еңбек.



## РЕЦЕНЗИЯ

**ТҰРДЫҚҰЛ ШАҢБАЙ**, филология ғылымдарының кандидаты. Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры, «Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналының жауапты редакторы. Автор «Хакімдік таным болмысы» атты мақаласында философия ғылымдарының докторы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Сенатор **ҒАРИФOLЛА ЕСІМНІҢ** «Адам-зат» кітабы туралы ойларын ортаға салады.

### ХАКІМДІК ТАНЫМ БОЛМЫСЫ

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Сенатор Ғарифолла Есімнің «Адам-зат» кітабы туралы ойлар.*

Философ Ғарифолла Есімнің мәдени-философиялық еңбектеріндегі даналыққа құштарлықтан қазақ дүниетанымының Мені нұрын шашып тұрады. «Адам-затта» да солай. Еңбектің аты туралы автор: «Кітаптың «Адам-зат» аталуы туралы бірер сөз. Адам және адам-зат деген ұғымдарды жеке-жеке, дербес мәндерінде түсінемін. Адам деген идея, ол реалдық шындық емес. Адам-зат деп отырғаным адам деген идеяның заттық қасиетке ие болатын көрінісі. Араб тіліндегі философияда (фалсафада) және сопылық дүниетанымдағы әдебиеттерде субстанцияны «зат» - дейді. Олардың зат дегені материалдық және рухани қасиеттер тұтастығын білдіретін ұғым. Осы мәнде, Адам-зат дегенде оның таза заттық қасиеттерімен қоса (тән, нәпсісі), оның рухани қасиеттерін (ақылы, рухы, көңілі, жаны, ары) бірге айтамын». Еңбекте адамға қатысты ұғымдар жүйе құрған, соны мәйектеп келіп автор Адам-зат дейді. Басқаша айтсақ, еңбекте антропософия, яғни, адамзатқа құштарлық көрініс тапқан, бұл ғылым тілімен айтқанда анық философиялық антропология. Яғни, еңбектің атауында ғылыми-философиялық мән бар. Адам болмысы, басқаша айтсақ онтология, яғни, бар болудың мәні. Адамның адамдық қасиетінің мәні тұтас адамзат контекстінде қарастырылған. Адам метафизикасы.

Философияда ұғымды қалыптастыру деген ұғым бар. Ол ұғымды анықтаудың, қалыптастырудың методологиясы. Ғылым методологиясы сол ғылымның танымдық-құрылымдық болмысын анықтайды. Ол - күрделі құбылыс, бейнелеп айтсақ сол ғылымдағы

мұзжарғыш. Мұзжарғыш болғанда, жаңаруға жол салушы, бұзушы емес. Ал, философиядағы методология ғылыми таныммен шектелмейді, адамдық өріске шығып кетеді, басқаша айтсақ, **танымның хакімдік болмысы** көрініс табады. Бұл қай этнос үшін болмасын берекенің басы, сол этностың адам-зат алдындағы өзіндік - Мені. Осы мағынада «Адам-зат» әлемдік философиядағы қазақ танымның Мен деп ХХІ ғасырдың басындағы үн қатуы. Анарыс, Асан Қайғы, Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім т.б. қазақ философтарының осылай үн қатуы әр ғасырда болған. Мәселені осылай қойсақ, онда бұл дәстүр жалғастығы.

Әуелі, философия бүкіл әлемді, ондағы адамның орнын тануға ұмтылады. Сол, адамның адамдық қасиеті осы еңбектің басты танымы. Адам маймылдан жаралған деген танымнан басқаша таным. Еңбекте автор жаратушы, жаралыс ұғымдарын терістемей, соның негізінде адам болмысына қатысты сегіз жүйені ұсынады: тән жүйесі, жан жүйесі, нәпсі жүйесі, ақыл жүйесі, көңіл жүйесі, рух жүйесі, ар жүйесі, тылсым жүйесі. Осы жүйелер жеке-жеке қарастырылған, автор әрбір сөз-ұғымның онтологиялық мәнін ашқан. Жалпы қазақ танымында сөз о бастан философиялық мәнге ие, ұғымдық мағынаға толы. Мәселен, қазақ «сөзге құлақ түр» дейді. Тыңда дегенді ғана емес, мәнісіне бойла дегенді білдіреді. Философтың парасатымен әрбір сөз «қатқан» терминге емес, «бүр жарған» жанды ұғымға айналған.

Автор кітаптың алғы сөзінде оқырманға мынадай ескертпе айтқан: «Кітапқа енген эсселер әлдекімдерге

## РЕЦЕНЗИЯ

ұқсау, не еліктеу үлгісінде жазылмаған, **ой тәуелсіздігінен** туған дүниелер». Әлемдік философиялық ойдың алтын қорының төрінде тұрған «Метафизикасын» Аристотель: «Адамзат табиғатынан білімге құштар» деп бастайтыны бар. Білімге құштар адам-затта ой тәуелсіздігінің болуы керемет бақыт. **Ой тәуелсіздігіне еркіндік берген елде философқа құрмет бар.** Олай болмаған жағдайда, ой матаулы болған жағдайда ойшылды, ой иесін оққа байлаған. Оған мысал көп.

**Ой тәуелсіздігі, философқа құрмет дегенде авторға қатысты ерекше елеулі оқиғаны атап өткім келіп отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2007 жылы философ Ғарифолла Есімді 60 жасқа толуына орай құттықтау жедел хатында «ойы озық тұлға» деп атап көрсеткен болатын. Өз тарапынан философ «Қазақ Елі - мәңгілік» идеясын ұсынды. Саясат пен философияның даналық гармониясы елдің берекесі. Даналығы бар саясаткерге адам-затта құштар. Оған дәлел Нұрсұлтан Назарбаевтың ОБСЕ-ге басшылығы.**

Жалпы, Ғарифолла Есімнің «Адам-заттан» басқа осы жылдары «Данышпан Шәкәрім», «Ар білімі», «Даналыққа құштарлық» деген іргелі еңбектері жарық көрді. Олардың әрқайсысы дара бөлек әңгіме. Дарабоз еңбектер. Ал, «Адам-заттың» өзіндегі әрбір ұғымға еркін тоқталу да мүмкін болмай тұр. Себебі, оның әрқайсысына философия тарихында 2500 жыл бойы данышпандар ой жарыстырған, сұхбатқа түскен. Бұл жағынан жаңалық емес. Ал, осы ұғымдар туралы философ Ғарифолла Есім қалай айтқан десек, әңгіме басқа. Методология деген сөзді өз шығармашылығына қатысты автор айтпайды, эссе дейді, т.б. дейді. Сабыр сақтайды. Біздің пайымдауымызша, философтың танымында мақсатты жүйе бар. Нағыз философиялық методологияның алтын желісі үзілмей өрістей дамыған. Ұлттық философия, әлемдік философия және ондағы философтардың орны деп жатамыз. Философияның тарихы үшін, белгілі ғылым ретінде оқыту үшін осылай айту ретті. Анығына келсек, философия деген жеке тұлғаның дүниетанымы. Тұлғаның дүниетанымы, яғни, Ғарифолланың философиясы болып шығады. Бұл, сірә, болашақтың тақырыбы болса керек?!

Байыптап қарасак, автордың айтып отырған ой тәуелсіздігі, философия дегені. Ой тәуелсіздігі деген ұғым мағына жағынан философияның синонимі. Автор еңбегінің шағын алғысөзінде көп нәрсені аңғартқан. Мәселен, еңбектің алғысөзінде автор былай дейді: «Бұл философиялық эсселердің басым көпшілігінде Жаратушы деген идеяны тек мойындап қана қойғаным жоқ, сол идея негізінде өз ойларыма өріс алдым». Шындығында, философия дегеніміз даналыққа құштарлық дедік, бірақ даналықтың өзі емес. Бұлай

болғанда, даналық субстанциялық мәнде Жаратушыға тән қасиет болса керек. Бірақ, сол даналыққа құштарлық адамның болмысында бар құбылыс болып отыр.

Философ еңбегінде «менің түсінігімде адам болмысына қатысты сегіз жүйе бар» дейді. Соның бірі ақыл жүйесінде: «Даналық - ақылдың жоғарғы формасы. Даналықты айтушы адамды біз дана дейміз, хакім дейміз. Хакім мен дана бір мәндегі ұғымдар» дейді. Байқаймын, философ даналықты адам-зат контекстінде қарастырып айтып отыр. Дегенмен, автор кесіп айтпаған, даналық ұғымына өріс қалтырған: «Даналық болмысында тылсымдық та, әулиелік те бар». Олай дейтініміз, даналық - ақылдың жоғарғы формасы болса, хакім Абай айтатын «өлшеусіз ұлы ақыл» не? Даналыққа құштарлық бәрін білем деу емес, соған деген қуатты құштарлық. Ал, даналық өлшеусіз ұлы ақылдың иесінің субстанциялық сипаты ма екен?! Ойы тәуелсіз философ үнемі ой ізденісінде. Өзіне берген жауабынан, өзіне қойған сауалы көп. Хакім Абай сияқты өзіне сауал қойып, ізденіске түскен. Қараңыз: «Өлшеусіз ұлы ақыл деген не? Ол жан иесі және адамды Жаратушы ма? Өлде Жаратушының бізге беймәлім қасиеті ме? Немесе жан мен ақылдың тәннен айырылған соң барып тұрақтайтын мекені ме? ...Мүмкін, аян деген өлшеусіз ұлы ақыл мен мен өлшеулі ақыл арасындағы қатынас формасы емес пе екен?!». Философ сұрау белгісі мен леп белгісін қатар қойған. Ендеше, даналық Жаратушыға тән қасиет емес пе екен дегенде, біз де сұрау белгісі мен леп белгісін қатар қойғанымыз жөн. Автор қай ұғымды қарастырмасын үнемі ізденіс үстінде қалдырады дейтініміз сондықтан. Ақыл жүйесін қарастырғанда, ақылдың субстанциялық және акциденциялық мағынада да көрініс табуын айту ерекше. Яғни, ақыл субстанция - жеке мән, акциденция - туынды мән. Ақылдың екі мәндегі көрінісі. Ақылдың ұлттық ойлау мәдениетіндегі метаұғымдық болмысына тоқталады: «Ақылға қатысты ана тілімізде мынандай ұғымдар бар, олар: ақыл, парасат, зейін, даналық, зерде, зеректік, пайым». Ақыл ұғымының сыйымдылығын айту арқылы, оның метакатегория екенін көрсетіп отыр. Қазақ философиясындағы ақыл кең өрісте зерттелуі қажет екеніне жол ашып отыр. Осы орайда Шәкәрімнің «Пайғамбар қыл ақылды» деп ақылдың статусын көтеретіні еске түседі.

Жалпы, еңбектің құрылымына келсек, екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде, адам-заттың сегіз жүйесіне қатысты тән, жан, нәпсі, ақыл, көңіл, рух, ар мен тылсым ұғымдарына талдау жасалса, екінші бөлімде халық дүниетанымында жиі қолданылатын философиялық лексикаға арналған. Еңбектің екінші бөлімінде көптеген ұғымдарға қазақ танымы тұрғысынан түсінік беріледі. Мәселен, көп адам аңғармаған Шәкәрімнің «Үш анық»



## РЕЦЕНЗИЯ

еңбегінің «Три истины» деп сәтсіз аударылып кеткенін философ нақты байқаған: «Истина» - деген Ақиқат. Сонда анық дегеніміз не?». Солай сауал тастап ойын өрістетеді. «Анық деген ақиқат емес, ақиқаттың адамға белгілі болуы» деп автор тұжырым жасайды. Мәселен, «Жаман адам кім?» эссесінде ізгілік ұғымының табиғатын тану барысында философ «Ізгілік жаман адамда болмайтын қасиет» деген. Ой антологиясына ойып жазатын сөз. Немесе, «Кім жаман адам? Біз жаман адамды іздегенде жан-жағымызға қараймыз. Өзімізді көрмейміз. Демек, жаман адам бізден өзге жан. Осымыз жамандық па, жақсылық па?!». Ал, осыған қалай жауап бермекпіз? Бұған, арнайы герменевтикалық түсіндіру қажет болады. Бір еңбек, бәлкім көп еңбек жазылуы керек. Не болса да өзімізден бастағанымыз жөн. Практикалық тұрғыдан да, теориялық тұрғыдан да. Осындағы «қилы заман» ұғымы жастарға мол түсіндіріліп оқытылуы қажет, болашақ деген ол үміт қана емес, белгісіздік екенін де. Әрине, ақыл тоқтатқан жастарға. Ал, жалпы халық даналығы, жастарға жақсылықтың нышаны бақыт туралы айту ниеті де жарасымды. Жақсы ниет, жарым ырыс. Осының өзі аз емес. Бақыт туралы айту қажет, ол адамға қажет азық. Ол мына жолдарда көрініс тапқан: «Көпшілік үшін бақыттың дәстүрлі қалпындағы түсінігінде қала бергені шындыққа да, тұрмысқа да жарасымды». «Адам-затта» асқақтық пен адамдық биіктен әйел-зат ұғымы туралы айтылуы еңбектегі басты кереметтің бірі. Философ: «Бақыт әйел-затына ауадай қажет сана» дейді. Менің ойымша, елдің азаматтарына осы сананы құрметтейтіндей сана қажет. Олай дейтінім, философ «Әйел дүниенің ақиқаттығын, дүниеге адам әкелуімен дәлелдейді» дейді. Сондықтан, адам-затқа(ер-азаматқа)

әйел-затына қызмет ететін үлкен ниет, жауапкершілік керек. Әйел-заты баланы адам-зат соғысқа, қырғынға салсын деп әкелмейді.

Ғарифолла Есімнің осы «Адам-зат» еңбегінің екінші бөлімінің соңында, тағы бір бөлім бар. Оған автор: «Түсіну үшін жазу керек» деген тақырып қойған. Мен бұл бөлімді «Ой антологиясы» деп атар едім. Бәлкім, ой тәуелсіздігінің сентенциясы шығар. Шындығында, ол бөлім философтың даналық ойлары жинақталған сыр сандық сияқты. Соның біразын келтіріп өтейік: «Ақиқат айтылған емес, айтылмаған сөзде», «Тәуба - тоқтық өлшем», «Жақсы адам өзгеге пана, өзіне пана бола алмайды», «Қуаныш деген - қасыретті бір сәтке естен шығару», «Шатасу көп, адасу аз», «Адам өзін-өзі сағынғанда әке-шешесін іздейді», «Білім дән, оны өнім берер жерге шаш», т.б. Бұлар философ ойларының гүл шоғы сияқты, тереңдеп таныған адамға - ақылдың кені.

Кітаптың қайдан, қашан жарық көргені туралы бірер сөз. «Адам-зат» алдымен 2008 жылы Астана қаласында «Ақарман» баспасынан 2000 данамен жарық көрді. Кейіннен, 2009 жылы Түркияда Стамбул қаласында «Да Уауинсиль» баспасынан жарық көрді. Түрік тіліне аударған - Ләззат Уракова. Белгілі түрік тілінің маманы, қазір Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде қызмет істейді. 2010 жылдың ақпан айында «Адам-заттың» Стамбул қаласында тұсаукесері өтті. Оған автормен бірге бір топ қазақ зиялылары барып қайтты. «Адам-зат» атажұрттан анадольға осылай жол тартты. Жақында орыс тілінде жарық көрмек. **«Сүйер ұлын болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ол» деген хакім Абай. Ұлттық дүниетанымы биік, даралық стилі анық ағаның еңбегі туралы ой қозғауды өзімізге парыз санадық.**



## «ШӘКӘРІМ» ЖУРНАЛЫ

---

*Мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы. Глинка көшесі, №20 «А». Бас ғимарат, 106 бөлме. Байланыс телефоны: 8 (7222) 35 48 52;  
E-mail: shakarimtanu\_semey@mail.ru*

Беттеуге тапсырылған күні -30.11.2011жыл. Басуға қол қойылған күні - 07.12.2011жыл.  
Форматы - 60x84 1/8. Таралымы 200 дана. Бағасы келісімді